

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**  
**Мамандық: Құқықтану**  
**Шифр: 6В04205**  
**Пән: Адвокатура және адвокаттық қызмет**

**ПӘН: АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ**

**ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ**

## КІРІСПЕ

Демократияның аса маңызды сипатты белгісі мынада, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жарияланып қана қоймай, оларға әртүрлі кепілдіктерде беріледі. олар экономикалық, әлеуметтік, саяси және заңдық кепілдіктер болып бөлінеді. Осылардың ішінен заң кепілдігіне тоқталатын болсақ, алдымен кепілдік дегеніміз – қамтамасыз ету деген мағынаны білдіретінін білеміз. Ал заң кепілдігі дегеніміз қолданылып жүрген заңдар арқылы мемлекеттің субъективтік құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыздандыру құралдары мен тәсілдері. Бұл ең алдымен әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, білікті заң көмегін алу құқықтары т.б.

Бұзылған құқықты қорғау үшін өкімет билігі немесе басқару органына өтініш жасау, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, құқық қорғау туралы талап қойып сотқа жолдануға кедергі жасалмайды. Ол үшін әрбір адам заң тұжырымдарын біліп қана қоймай, оны қолдана алатын болуы қажет. өкінішке орай әзірше азаматтардың құқық сауаттылығы жоққа тән.

Сондықтан адвокаттардың (қорғаушылардың, өкілдердің) көмегіне жүгінуге әкеп соқтырады.

Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі» - деп жазылуы кепілдіктің тағы да бір көрінісі.

Көмектің түрі әртүрлі. Ол – конституция (заңдарды түсіндіру) ретінде, не адвокаттардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге байланысты сот істеріне қатысып, заң көмегін беруі ретінде болуы мүмкін. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Адвокатураның қызметі көмек сұраған азаматтар мен ұйымдарды білікті заң көмегін көрсету жолымен құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге тиіс, ондай көмек, мысалы, сотта қылмыстық, азаматтық және өзге де істер бойынша олардың мүдделерін білдіру, негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау және т.б. арқылы көрінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы адвокат дегеніміз - заңгерлік жоғары білімі бар, заңгерлік мамандық бойынша жұмыс стажы 2 жылдан кем емес, адвокаттық қызметті іске асыруға құқық беретін лицензиясы бар және адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын Қазақстан республикасының азаматтарын айтамыз.

Оқу құралының мақсаты - заң қызметінің бір түрі ретінде адвокатура адвокаттық қызмет және адвокат ұғымдары нені білдіреді және Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың ұйымдық және құқықтық негізі ретінде Адвокаттар алқасының құрылу тәртібі, оның жоғарғы органдары, заң консультациялары мен адвокаттардың қызметтері қандай, осыларды жете зерттеуге ден қойылады. Болашақ заң мамандарына адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлерін, олардың өзін-өзі қаржыландыратын коммерциялық емес

ұйымға яғни адвокаттар алқасына бірігетінін және жекеше адвокаттардың да болатынын көрсету.

Ал Адвокатура және адвокаттық қызмет пәнін оқыту мақсаты- іс жүзіндегі осы қатынастарды реттейтін заңнамаға және адвокатура органдарының адвокаттық қызметті қолдану практикасына талдам жасау, сонымен қатар осы негізде туындалған мәселелерді анықтау мен оларға баға беру және адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру жолдарын айқындау болып табылады.

Болашақта адвокаттық қызметпен айналысу үшін заң мамандарының өзіне тән нәтижесі, адвокаттық қызметтің алдағы құрылып жатқан құқықтық мемлекетте алар орны да, мәртебесі де жоғары болатынына сеніміміз мол.

Бір сөзбен қорыта айтқанда, адвокаттардың әділ шешім шығаруда қылмыстық және азаматтық істерде, сотта мәні бойынша қарап талдауының құқық қорғау үшін азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін, бостандықтарын, құқықтарын қалпына келтіруінің негізгі көзі, қызметі, кәсіби қорғаушылық ісі болып табылады. Сондықтан оқу құралында адвокаттардың азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерге басынан қалай қатысатынын, құқық қорғау тактикасы ретінде нені қолданатынын өзіміздің қазақстандық авторлармен қоса шетелдік авторлардың да еңбектерін пайдалана отырып, кеңінен зерттеуге ден қойылды. Адвокатура және адвокаттық қызмет бойынша қазақ тілінде шыққан заң әдебиеттері жоқтың қасы, сондықтан, оқу құралын өзіміздің ана тілімізде жазуға біраз қиындықтар болды. Бірақ ол қиындықтарды жеңген сияқтымыз деп ойлаймын, өйткені алда баяндалар еңбегіміз соның жемісі.

## ТАҚЫРЫП № 1. АДВОКАТУРА КУРСЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, ПӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Дамудың демократиялық қағидаларын қамтамасыз етуде адвокатураның алатын орны ерекше. Ол ең алдымен қоғамның әртүрлі салаларында жиі-жиі кездесіп тұратын заңсыздықтарды болдырмау үшін күреседі. Ал қазіргідей өтпелі кезеңде, орын алып отырған келеңсіздіктермен қатар күні кеше ауылшаруашылығында жүргізілген жекешелендіру барысында туындаған проблемалар және әртүрлі жеке фирмалар мен ЖШС-тер өмір сүріп жатқан қазіргі кезеңде орын алып жатқан заңсыздықтардан аяқ алып жүре алмайсың. Сонымен қоса тергеу, тексеру, жауап алу барысында құқық қорғау орындары тарапынан жіберіліп жатқан заңсыздықтар да аз емес.

Соңғы кездері әлеуметтік көмек мәселесі көп проблемаларды туындатып отыр. Көп жағдайларда әлеуметтік көмекті мүшелерінің заң талаптарын жете білмеуі салдарынан кейбір азаматтарға тиесілі әлеуметтік көмек көрсетілмей келеді. Немесе керісінше, алуға тиісті емес азаматтар көмек алып жатады. Әрине, соңғыларына көп жағдайларда қылмыстық іс қозғалатыны да заңды құбылыс. Бірақ, соған тек әлеуметтік көмек алып жүрген адам ғана кінәлі ме? Міне, осындай кездері адвокат қорғаушылардың атқаратын рөлі зор.

Азаматтардың өздерінің сот істерін өздері жеке жүргізуге көптеген жағдайларда мүмкіндіктері бола бермейді. Олар басқа қалада өтетін сот отырысына өздерінің күнделікті шаруасынан қол үзіп барулары керек болады, сондай-ақ ертедегі римдіктердің айтуы бойынша, «өз істерін жеке жүргізу ауруда, жасының келуі де, аяқ астынан жолсапарларда және көптеген басқа себептерде кедергі келтіреді демекші, шын мәнісінде барлық уақытта ойлағанындай, барам деген жеріңе бара алмайсың, айтсам ба деген ойыңды айта алмайсың. Сондықтан кейбір нақты іс-әрекеттерді атқару үшін басқа адамдарға өз атыңнан өкілдік беріп, өз істеріңді атқаруды тапсыру қажеттілігі туындайды яғни соттағы іс-әрекетіңді атқару, соттағы өкілдік дегеніміз – бір тараптың яғни өкілдің екінші тараптың, яғни екінші өкілдік берушінің мүддесін қорғап, іс жүргізуге қатысуы.

Сотта өз істерін табысты жүргізу үшін заңдарды жақсы біліп және сот өндірісінің формальдылығын жете сезініп түсінумен қатар, өз ойын анық бір-бірімен байланыстыра жеткізе білуі керек. Бірақ кез-келген азамат мұндай білімдер мен қасиеттерге ие емес. Осылардың негізінде қажетті заң көмегін алуда сот істерінде тек қана кеңестер беріп қоймай, сот ісін де өзінің сөзімен, сөйлеу өнерімен алып шығатын адамның қажеттігі туады. Сот ісіне қатысып отырған заң көмегін беруші тараптың әрекетіне қосымша оның атынан іс жүргізу құжаттарын толтырып, сот жарыссөзінде азаматтың құқығымен мүддесін қорғап сөйлеуін құқық қорғау деп атайды.

Шынында, құқық қорғау соттағы өкілдіктің жеке оқиғасы іспеттес. Бірақ, егер өкіл негізінен өкілдік берушіні толық сотта ауыстырады, ол юрист-консульт, яғни заң кеңесшісі құқық қорғаушы өкіл берушіні ауыстырмай-ақ бірақ оған іс жүргізуде көмектесе отырып, сот өндірісінде жеке маңызды рөлге ие болады. Құқық қорғау қажеттілігі арқасында адвокатура атты кәсіби

мамандық пайда болды. Бұл термин «advokatus» атты латын сөзінен шыққан, яғни шақыру деген мағынаны білдірген. Сонымен римдіктер, өздерін сот ісіне ертіп апарып, сот отырысында кеңестер берген достары мен туыстарын осылай атады. Империя кезінде бұл сөз қандай мағынаға ие боса, қазіргі кезде де сондай-ақ көптеген тілдерде де сол кездегі мағынаға ие болған қалпында сақталып қалды. Яғни Адвокат – бұл маман-заңгер және оратор-шешен болсын, кез-келген істе тараптармен бірге болсын, яғни тараптарсыз болсын, олардың ісін жүргізуші, көмектесуші болып табылады.

Адвокаттық қызметпен айналысу үшін заңмен бекітілген қатаң білім мен адалдық бағасы болуы керек. Адвокаттар өздерінің мүшелерінің заң дайындығы мен моральдық қасиеттерінің сай келуін бақылау мақсатында кәсіби корпорацияларға бірікті.

Ежелгі Римнен бері адвокатура тарихында құқық қорғау өз әрекетімен соттағы өкілдікпен тығыз байланысты. Бұл дегеніміз бірден екі жақты жүгінбей, біреуіне яғни істі шынайы жүргізу де толық және бөлінбейтін жауапкершілік алатын жаққа жүгіну тиімділігін көрсетеді.

1864 жылғы сот реформасынан кейін ресейде құқық қорғау мен өкілдік бағыттары бірге бірігіп кеткінімен, адвокаттардың екі түрі болды, олардың бірі корпорацияға біріккен сенімді өкілдер болса, енді бірі соттарда болатын жеке сенімді адамдар. Біріншісі – адвокаттық элита болса, екіншісі одан бір саты төмен болды. Бұлардың бірігу бағыттарының кері әсерлері де жақтары да бар.

Адвокатура сотта құқықты дұрыс қолданып пайдалану үшін барлық қоғамның мүддесі үшін күреседі. Бұдан шығатын қорытынды, бұл кәсіп қоғамға қызмет ету үшін аянбай еңбек етумен қатар арамдық ойламай, адалдықты қажет ететін кәсіп.

«Ғалым-эксперттен құқық пен сот ораторы ретінде таза құқық қорғау қасиетінен қандай болмасын адвокат заң жағынан маклер, көпшілік арасында құрметке ие, практика іскері ретінде өзінің клиенттерінің мүддесін материалдық тұрғыда биік қоятын кәсіби маман.»<sup>1</sup>

Қазіргі кезде Қазақстанда өкілдік пен құқық қорғау бағыттары бір-бірінен бөлінген.

Өкілдікті адвокаттар да басқа да тұлғаларға да белгіленген. Ал құқық қорғау бағыттарын сотта прокуратура органдары мен мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін сотта қорғау үшін қатысатын қоғамдық ұйымдар мен азаматтар болады.

Сонымен, «адвокатура» ұғымы бірнеше анықтамаға ие, соның ішінде:

1. Адвокатура – сотта басқа адамдардың мүдделерін жүргізуге қатысатын белгілі маман адвокаттардың іс әрекеті.
2. Адвокатура – бұл соттағы өкілдікке қарама-қарсы құқық қорғау.
3. Адвокатура – адвокаттар құрамы, яғни өздерін осы кәсіпке арнаған тұлғалар класы.

Осыларға қарап адвокатураға толық ұғымды былай беруге болады.

---

<sup>1</sup> Шаламов.М.П. История Советской адвокатуры.М.1939.

Адвокатура – елді мекендер мен заңды және жеке тұлғаларға заң негізінде юридикалық көмек көрсететін кәсіби ұйым.<sup>2</sup>

Адвокатураның қызметі, сөз жоқ құқық қорғауға жатады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның негізінде жүзеге асырылады, кәсіпкерлікке жатпайды, өйткені негізгі мақсаты ретінде пайда табуды көздемейді және міндеттері мыналар болып табылады.

1. қылмыстық істер бойынша қорғауды;
2. азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдікті;
3. сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғаларға өзге де заңгерлік көмек көрсетуді алға қояды.

Мәселен, ол консультациялар, түсіндірулер, кеңестер беруден, кәсіпқойлық білімді талап ететін мәселелер бойынша жазбаша тұжырымдамалар жасаудан, талап арыздарын, шағымдарын, құқықтық сипаттағы өзге де құжаттар жазудан, жеке және заңды тұлғаларға анықтау органдарында, алдын-ала тергеуде, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынаста өкіл болудан және оларды қорғаудан көрінеді.

Адвокатура мемлекет кепілдік берген және Конституциямен бекітілген адамның өзінің құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғау және білгірлік көмек алу құқығын жүзеге асыруға көмектесуге міндетті.<sup>3</sup>

Адвокаттың өз өкілеттігін жүзеге асырарлықтай жеткілікті құқықтары бар.

Сонымен , барша адамдар заң көмегін , сондай-ақ ол көмекті адвокаттың қатысуымен алуға құқығы туралы конституциялық ережені сақтау, сотта тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыруға, іс бойынша ақиқатты анықтап, заңды да негізді сот шешімін шығаруға ықпал етеді.

Адвокат азаматтың заңды құқығын қорғағанда ол тек қана нақты тұлғаға ғана емес бүкіл қоғамға маңызы бар іс жасайды. Өйткені қате сот шешімдерінің кетуіне кедергі жасай отырып, заңдылық пен құқықтық тәртіпке деген сенімді нығайта түседі. Міне сондықтан, кәсіби және белсенді және шапшаң түрде азаматтардың мүддесін заңға байланысты өзінің дегенінде тұруы азаматтармен қатар қоғам мен мемлекеттің мүддесіне жауап береді.

Қылмыстық және азаматтық істер бойынша әділсотты жүзеге асыру үшін тиімді әрекет ететін мемлекеттік органдармен қатар, сондай-ақ күшті тәуелсіз кәсіби адвокатура қажет.

Адвокат айыпталушы немесе басқа субъектінің өкілі. Дегенмен, адвокаттар қызметі жеке сипатқа ие емес, өйткені оның қызметі тек айыпталушыға ғана емес, сондай-ақ іс жүргізуші мемлекеттік органдар үшін де ауадай қажет. Сондықтан оның құрылу бағыттары тиісті заң

<sup>2</sup> Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике <казахстан. Алматы, Данекер,2001.

<sup>3</sup> Бұлғақбаев.А.Б. Советская адвокатура. Алма-Ата, 1982

бойынша әділсотқа жіберудің маңызды шарттары бойынша адвокатура ролін тез арада көтеру керек.

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру жолында және нарықтық экономиканың даму барысында қоғамның құқыққорғау жүйесінде адвокатураның ролі арта түсті. Адвокаттық қызметсіз барлық жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың, азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды мүддесін, құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау мүмкін емес.

Оның үстіне күні кешеге дейін заң оқу орындарының оқу бағдарламасында сот, прокуратура сияқты құқыққорғау органдарына қарағанда адвокатураға тиісінше назар аударылмады. Ресейдің «Адвокатура и современность» жинағының авторлары бұл олқылықты дұрыс көрсете білді. Олар «...бұндай теңсіздік студенттердің адвокатураға деген тұрақсыз қатынастарын қалыптастырады. Адвокаттық қызмет туралы сұрақтар тек қылмыстық іс жүргізу, сот және прокуратура органдарын ұйымдастыру курстарында қаралғаны жеткіліксіз болады. Сондықтан болашақ құқыққорғау қызметкерлерінің қызметіне дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін адвокатура жайлы жеке оқу курсы керек.»<sup>4</sup>

Заң оқу орындарының студенттеріне тек қана адвокаттардың қорғау қызметіне жақсы көзқарас қалыптастыру үшін ғана емес, одан да кең ауқымды жоспар бойынша адвокаттық қызметтің тек қылмыстық іс жүргізуде ғана қорғау функциясын жүзеге асырмай, азаматтық, әкімшілік іс жүргізулерде өкілдікті және тағы да басқа көптеген салаларда кәсіби заң көмектерін көрсететінін жүйелі түрде олардың саналарына қалыптастыра білу керек.

Болашақ судья, тергеуші, прокурор, адвокаттар мен басқа да маман-заңгерлерге жүйелі қалыптастырылған білім беру бағытында «Адвокаттық қызмет» оқу курсы аясында осы оқу-әдістемелік оқулық даярланып отыр. Оның үстіне соңғы жылдары жоғары заң оқу орындары да заң мамандарын даярлауда жан-жақты кірісуде. Оның үстіне көптеген ведомствалық мекемелер – Ішкі Істер Министрлігі, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Салық қызметтері, сот және прокуратура органдары да өздерінің бағытында қызмет жасайтын мамандарды өздері дайындау үстінде.

Келешекте адвокаттарды да арнайы мамандандырылған оқу орындарында оқытылуы, кәсіби білімін көтеру үшін адвокаттарда соттар сияқты яғни Сот Академиясында даярланатындай Адвокатура Академиясында оқытылу керек деп ойлаймын. Өйткені қазіргі кезеңде Адвокаттардың мәртебесін сот және прокурордың мәртебесімен теңестіру алда кезек күттірмейтін істердің бірі. Сондықтан «Адвокатура және адвокаттық қызмет» туралы оқу-әдістемелік оқулық осы курсты оқып үйрену үшін таптырмайтын оқу құралы деп ойлаймын.

Бақылау сұрақтары:

1. Құқық қорғау органдар жүйесінде адвокатураның алатын орны және атқаратын қызметі.
2. Адвокатураның маңызы мен мақсаты қандай?
3. Адвокаттық қызметті реттейтін заң актілерінің негізгілері?

<sup>4</sup> Институт государство и право СССР. 1987 ст 73

4. Адвокатураға қандай анықтама беруге болады және адвокаттық қызметтің міндеттері қандай?

**Тақырып 2. Адвокатура және адвокаттық қызметтің жалпы сипаттамасы. Адвокатураның пайда болу және даму тарихы: адвокатураның түсінігі; адвокатура - азаматтық қоғамның институты ретінде; отандық және шет елдік адвокатураның пайда болуы мен дамуының негізгі тарихи кезеңдері.**

Азаматтар құқығын қорғауда адвокаттық қызметті жетілдірудің маңызы өте зор. Зайырлы мемлекет құруға қадам басқан Қазақстанда оның алар орны жөнінде айтып жатудың өзі артық.

Азаматтардың адвокаттық қызметке қол жеткізудегі тағы бір мәселе заң көмегінің сапасына байланысты болуда. Бұл бірінші кезекте адвокаттардың кәсіби міндеттерін орындаудағы жауапкершілікті нығайтуды көздейді.

Қазақстанда адвокатураның қызметінің негізгі ұйымдық мәртебесі болып өзінің аумақтық белгісі бойынша айқындалған адвокаттар алқасы танылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар, лицензиясы бар адвокаттар құрай алады. Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.<sup>5</sup>

Адвокаттар алқасы облыстық және республикадағы үлкен басқа қалаларында бір ғана өзі жұмыс жасайды. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда заң талаптарына сәйкес келетін кемінде 10 құрылтайшының бастамшылығы құрылады. Заң талаптарына сәйкес келетін адвокат деп адвокаттық лицензиясымен заң шеңберінде адвокаттық қызмет көрсететін адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және жоғары заң білімі бар заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл стажы бар адвокат бола алатынын білдік.

Жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асырған кездегі адвокаттардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері Қазақстан республикасының заң актілерінде белгіленеді.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі:

- 1) Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігі;
- 2) Адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

<sup>5</sup> ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы 20 бап



3) Заң актілерінде тікелей көрсетілген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, мемлекеттік органдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) Кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстау және адвокаттық құпияны сақтау қағидаларына негізделеді.

Осы қағидаттарға жеке – жеке тоқталатын болсақ,

1. Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігі:

а) адвокатура ұйымдастырылуы мен құрылуында мемлекеттік және басқа органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына тәуелді емес. Оның ішінде адвокаттар алқасының санды құрамы, оған мүшелікке қабылдау, шығару және әрбір адвокаттар алқасының әрбір мүшесіне тәртіптік жауапкершілік қолдану туралы мәселелерді де адвокаттар алқасы өздері шешеді.<sup>6</sup>

б) Мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарының адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тікелей немесе жанама түрде кедергі жасауға құқығы жоқ.

Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адам мен теңдестіруге тыйым салынады.

Адвокаттан өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы куәгер ретінде жауап алуға тыйым салынады

2) Адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

Адвокаттарлан, адвокаттар алқасы төралқасының заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің басшылары мен қызметкерлерінен, заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір адамға заң көмегін көрсетуге байланысты қандай да болмасын мәліметтер беруді талап етуге тыйым салынады.

Адвокаттық іс жүргізу және адвокаттың соған байланысты өзге де материалдары мен құжаттары, заң актілерінде тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды.

Адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығуға рұқсат беруден бас тартуға тыйым салынады.

3) Заң актілерінде тікелей көрсетілген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, мемлекеттік органдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу

Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар адвокатты іске қатысуға жіберген сәттен бастап оған өзі қорғайтын адам қамауда болатын бүкіл кезеңге іске қатысуға жіберілгені туралы дереу жазбаша растау беруге міндетті.

Анықтау және алдын ала тергеу органдары, іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуге байланысты өтінішіне заңда белгіленген мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауап беруге міндетті.

<sup>6</sup> Тыныбеков.С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Алматы. Данекер,2001

Адвокаттардың заңсыз араласуға жол берген немесе осындай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін адамдар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

4) Кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстау және адвокаттық құпияны сақтау қағидаларына негізделеді яғни «Адвокат құпиясы».

Адвокат құпиясын адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге өзге ақпарат құрайды.

Адвокаттардың, адвокаттар алқасы төралқасы, заң консультациясы, адвокат кеңсесі қызметкерлерінің заң көмегін көрсетуге байланысты алынған мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші бір адамдардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ.

Заңға сәйкес жауапты болады!

Кейбір жағдайларда адвокаттық қызметті жүзеге асыратын адвокатура белгілі бір нақты дәрежеде мемлекеттің бақылауында болады. Яғни,

- адвокаттық қызметпен айналысуға рұқсат беретін лицензия беру, не одан бас тарту және күшін жою,
- адвокаттар еңбекақысынан салық алыну.
- Алдын ала тергеу органдары мен сот органдарының тағайындауымен тұлғалардың жеке бір категорияларына тегін заң көмегін көрсету (ҚР Адвокаттық қызмет туралы Заңның 5-6 баптары)

«Әділет органдары туралы» ҚР Заңының 19-бабының тармағының 1,3,6 пункттері бойынша Адвокатураның бұндай қызметтеріне бақылауды ҚР Әділет Министрлігі және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.<sup>7</sup>

Дегенмен ондай бақылауды адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметіне араласпай жасау керек. Басқа да органдардың адвокатураның қандай болмасын адвокаттық қызметіне араласуына жол берілмейді.

Сонымен адвокатура – қылмыстық, азаматтық экономикалық іс жүргізу, әкімшілік жағынан болсын жеке бір сала ретінде өз қызметін жүзеге асыратын тәуелсіз ұйым.<sup>8</sup>

Қазақстандағы адвокатура институтын қарап ұғыну үшін оның ең алдымен құрылу, даму тарихын зерттемей, қоғамдық-құқықтық институт болып саналатын адвокатураның маңызы мен міндетін білу мүмкін емес. Өйткені соңғы қорытындыда бұл бізге құқықтық-демократиялық мемлекетте адвокатураның орны, ролі және маңызы қандай екенін анықтауымызға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қазақстандағы адвокатура институтын зерттеу үшін алдымен Ресейдегі адвокатура институтының дамуы мен қатар отырып зерттеу керек. Адвокатураның қызметінің бағыты, құқықтық қатынастары жүйесіндегі жағдайы әр кезеңдерде қоғамның саяси жүйесінің, экономикалық жағдайы,

<sup>7</sup> «Әділет органдары туралы» ҚР Заңы. 18 наурыз 2002 жыл. № 234-ІІ -// Казахстанская правда 2002 22 наурыз.

<sup>8</sup> Г.Ж.Сүлейменова. Л.В. Воронина. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Каза хс тан. Алматы//2002.

құқықтық мәдениеті мен азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгеруіне байланысты ол да өзгеріп дамып отырады.

Адвокатураның құрылу жолы қиын болды және әрқашан әр кезеңдерде қоғамның дамуы адвокаттық қызметтің құрылу, дамуының құралдары мен әдістерін іздестіріп отырды.

1917 жылға дейінгі адвокатураның дамуы Ресей империясының заңдарының құрылу және даму тарихымен және 1864 жылғы прогрессивті сот реформасының құрылуымен де тығыз байланысты. Юридикалық терминологиядан сол кездегі уақытта "адвокат" ұғымы 1864 жылы пайда болды, бірақ бұл термин неге екені белгісіз 1939 жылғы совет кезеңіне дейін заңда көрсетілген жоқ. Ал, адвокатураның қызметінің ұйымдық-құқықтық формасы бойынша адвокаттар алқасы қандай болады деген сұрақ осы кезеңде де бұрында дамыған демократиялық елдерде АҚШ-та, Германия, Франциядағыдай қоғамдық-құқықтық маңыз бен корпоративтік бірлестік ретінде бізде әлі де мән-мағынаға өз дәрежесінде ие болмай келе жатыр.

1864 жылы сот уставтары шықты. Олар "Сот мекемелерінің құрылуы туралы Устав", "Қылмыстық сот өндірісі туралы Устав", "Бітімгершілік соттардың жаза тағайындауы туралы Уставтары" Қазақша осы сот жарғы – уставтары негізінде Ресейде сот жүйесінің нақты біртұтас жүйесі құрылды.

20 ноябрь 1864 жылғы "Сот мекемелерінің бекітулері туралы" билік етуші Сенаттың қаулысымен бекітілген Уставы, адвокатураны Ресейде жаңа юридикалық-заңды мекеме ретінде қалыптастырды.<sup>9</sup>

Патшалық билікте адвокатураның дамуы азаматтық қоғамда жаңа тәуелсіз институт яғни кәсіби адвокаттар ұйымының құрылуына мемлекеттің өзінің мүддесі болмағандықтан теңемелікке ұшырады. Барлық императорлар І Петрдан бастап І Николайға дейін Ресей империясында батыс үлгісіндегі адвокаттар корпорациясын құруға үзілді-кесілді қарсы тұрды.<sup>10</sup>

І Петрдің өзі адвокаттарды "ұрылар мен қарылар, жүрегі таза еместерді құрайтын топ, өздерінің қажет емес әртүрлі келтірулері арқылы соттарды адасушылыққа әкелетін бұл топ жақын арада құритынын айтса, І Николай: "Францияны адвокаттар құртпай кім құртты. Мирабо, Марат Робеспьер деген кімдер еді? Жоқ, мен билік етіп тұрғанда Ресейге адвокаттар керегі жоқ оларсыз-ақ күн көреміз", - деді.<sup>11</sup>

Осыған қарап-ақ сот реформасына дейін қорғау институты өзінің формалық-ұйымдық қоғамдық тпо ретінде өзінің алдына қойған міндеттері, бағыттары және мүдделері түгілі, олардың өкілдерінің тиісті кәсіби білімі, өздерінің ұйымдық құрылымы, керек десеңіз аты болған жоқ. Адвокаттардың ролін көптеген ғасырлар бойы жеке тұлғалар – іс бойынша ұсыныс түсірушілер атқарды. Олардың қызметі заң бойынша бекітілген жоқ, және оларға тиісті нақты талаптар қойылмады. Ереже бойынша олардың міндеті аз ғана құжаттар мен қағаздар толтырумен оны берімен шектелді. Керек десеңіз, 1832 жылы

<sup>9</sup> Учреждение судебных установлений, утверждение Указом Правительствующего сената от 20 ноября 1864 г. – Российское Законодательство. Суд. Реф. М., 1991.

<sup>10</sup> Буробина В.Н. Адвокатская деятельность. Учебно-практическое пособие. Москва 2001, стр 36-37

<sup>11</sup> Калмаков Н. Очерки и воспоминания // Русская старина. 1886. №12. Стр. 535-536.

құрылған алқалы "стряпчих" институттары, ресейдің әлеуметтік топтарының алдарына бөгде адамдардың құқығын қорғауда олар кепілдік бере алмады.

Сот бекітулерінің жаңа Ережелеріне сәйкес жалпы империялық соттар жүйесі – бітістіруші судьялар, облыстық және жоғарғы сот инстанциясы қалыптасты. Бірақ бұл реформаның барлығы да отаршылдық және феодалдық езгіні күшейте түсуге бағытталған еді. Сондықтан адвокатураның құрылу негізі өзіне қарама-қарсы жағдай қалыптастырды, оның адвокаттың бір тұлға ретінде құқық қорғаушы шешен, және өзінің өкілдік берушісінің атынан өкіл болып қатысуы қазіргі заман талабындағы адвокаттың қызметінің бағытымен міндеттеріне сай келмейді. Көрсетілген құқықтық анықтама біздің ҚР заңдарында сақталған, біздің көзқарасымызша бұл дұрыс емес. Әйткені Еуропа елдерінің көбісінде құқық қорғау мен сот өкілдігі екі бөлек институт ретінде жеке-жеке дамыды.

Адвокаттар үлкен екі категорияға бөлінді – оның бірі төрелік өкілдік етушілер – адвокаттарға ант қабылдауға және өкілдік етушілерге, адвокаттық практикамен жеке айналысатындарға кәсіби басшылық жасайтын корпорация болса, екіншісі сот талаптарында төрелік өкілдік етушілердің кеңесі құрылды. Бұл жоғарыдағы төрелік өкілдік етушілердің мүшелерінің арасынан сайланды. Олардың міндеті болып жеке адвокаттардың қызметіне бақылау жасау және т.б. бағыттарда қызметтер кірді. Төрелік өкілдік етушілер кеңесінен қызметіне жоғарғы бақылау, қадағалау жұмысы соттар Палатасы мен Билік етуші Сенатқа жүктелді.

Төрелік өкілдік етушілер өзін-өзі басқару органы ретінде, кәсіби мүшелерден тұра отырып соттар палатасында кеңесте әрекет жасады. Олардың кеңесі, төрелік етуші – Председательден, оның жолдастарынан, және сайлау тәртібімен қызмет жасайтын өзге кеңес мүшелерінен тұрды. Кеңеске сайлау әр лауазымға жеке және көпшілік дауыспен сайланды. Кеңес мүшелері әр жыл сайын өткен кеңес мүшелерінің есебін тыңдай отырып қайтадан сайлау жүргізеді.

Кеңес өзінің қызметін әртүрлі бағыттарда жүргізеді. Ол кеңес мүшелерін қабылдайды, шығарады және тәртіптік тәжірибе ұйымдастырады. Төрелік өкілдік етушілер арасында "тегін" істерді бөледі. Әздерінің арасындағы әртүрлі дауларды шешіп отырады. Әзінің шешімін ол көпшілік дауысымен қабылдады.

Сонымен, адвокаттар төрелігі – бостандықты кәсіптен құралған тұлғалардың корпорациясы бола отырып жоғарғы сот орындарының сырттай бақылауына ие.

Қылмыстық құқықта қорғаушы, азаматтық іс жүргізудегі өкілдіктен басқа оларға жергілікті жерлерге оның ішінде кедей тұратын аумақтарға тегін қызмет көрсету де кірді.<sup>12</sup>

Сот бекітулерінің жаңа Ережелеріне сәйкес жаңа қоғамдық-құқықтық институтқа қатаң талаптар қойылды. Онда төрелік өкілдік етушілердің құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері анық көрсетілді. Төрелік өкілдік етуші болып сол талаптарға жауап беретін және белгіленген тәртіпте адвокаттар корпорациясына қабылданғандар ғана алынды.

<sup>12</sup> Черкасова Н.В. Формирование и развитие адвокатуры в России в 60-80 годы 19 века. М., 1987 стр. 29.

Бұл нормативті құқықтық талаптар 2 категорияға бөлінді. Біріншісі, қалыпты, яғни кім болады және кері кім болмайды деген сұрақтарға жауап берді.

Сонымен Сот бекітулерінің 354-бабы бойынша төрелік өкілдік етуші болып жасы 25-ке толған, жоғары заң білімі бар, және сот ведомстволығының чиновнигінен және төрелік өкілдік етушіден 5 жыл сот сынағынан өткендер бола алады.

Ал 355 бап бойынша төрелік өкілдік етуші бола алмайтындар анық көрсетілген. Олар:

- 1) 25 жасқа толмағандар;
- 2) шетелдіктер мен жағдайы жоқ;
- 3) қарызын өтеуге жағдайы жоқ деп жарияланғандар;
- 4) үкімет қызметінде айлық жалақы алып тұрғандар;
- 5) сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылғандар немесе құқықтық жағдайы шектелгендер, сондай-ақ діни соттардың үкімі бойынша дін шенінен айырылған діни қызметкерлер;

- 6) сот тергеуі бойынша қылмыстары мен әрекеттері бас бостандығы мен құқықтық жағдайын шектейтін жаза қолданылатын болса не оларға сот ақтау үкімін шығармағандар;

- 7) қызметтен сот бойынша діни мекемеден кемшіліктерімен немесе қоғамнан дворяндық жиналыстар мен үкімдермен кеткендер;

- 8) сот бойынша басқа біреудің ісіне араласуға тыйым салынғандар мен төрелік өкілдік етушілер мүшелігінен шығарылғандар.

Осы жағдайларды негізге ала отырып төрелік өкілдік етушілер кеңесі өз құрамына кандидатураларды қабылдағанда осылармен қатар олардың адамгершілік қасиеттерін есепке алады. Жан-жақты мәліметтер жиналады. Сот бекітулері туралы Ережелерде төрелік өкілдік етуші қызметін жүзеге асыру үшін оған қабылдау тәртібі анық көрсетілумен қатар тағы да мынадай талаптар қойды:

1. Қабылдау және тіркеу, қабылдау. Кеңестің өкілеттілігінде болды. Оның шешімі – төрелік өкілдік етушілер корпорациясына қабылдау туралы негізгі құжат болып есептелді. Кей жағдайда I кеңес қабылдауға қарсы болғанда, ол тұлға келесі кеңеспен қабылданды. Кеңестің формальды құқық қабілеттілік шарттарына сәйкес қабылдамауы жоғары тұрған Сенат арқылы сот палаталарына шағымдануға болады. Бірақ тұлғаның адамгершілік қасиеттеріне қарап кеңестің қабылдамауы ешқандай шағымдануға жатпайтын.

Тіркеу – формальды анықтамаға ие болатын. ол тек сот палатасының кеңестің анықтамасы бойынша нақты тұлғаны төрелік өкілеттік беруші етіп алған турады ғана анықтама болатын тіркеу процесі округ бойынша төрелік өкілеттік етушінің аты-жөнін жазумен және кеңес берген куәлікке қол қоюмен және оны қабылдау туралы жариялаудан тұрады.<sup>13</sup>

Кейірек 1874 жылғы реформаға қарсылық адвокатура ролін әлсіретіп жіберді, және оған арнайы қоғамдық қызметтерді жүзеге асыратын юристтердің бірігуін көрсететін "сословие" таптар деген термин қолданды.

<sup>13</sup> Черкасова Н.В. Образование и арзвитие в России адвокатуры. М. 1986. Стр. 7.

Тараптардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері заңда регламенттеліп көрсетілген жоқ, олар тек Ережелерді аз ғана көрсетіп өтті.

Төрелік өкілдік етушінің еңбек ақысына сыйақы төлеу оның клиентімен келіскен жазбаша келісімде, ол жоқ болған жағдайда тек азаматтық істер бойынша әділет министрі бекіткен арнайы такса, яғни қаржымен анықталатын.

Еңбекке ақы төлеудің негізгі критерии талаптың бағасы болды. Талаптың бағасы көтерілсе, процент кеміді, талапкердің өкілі, жауапкердің өкілінен оған белгіленген еңбек ақының 1/3 бөлігін алып отырды.

Адвокаттар яғни төрелік өкілдік етуші өзі қабылдаған антында өзінің кәсіби міндетін орындау барысында заң талаптары мен адвокат талаптарын қатаң сақтауға және оны орындалуына міндетті болатына ант береді.

Төрелік өкілдік берушілер өздерінің қызметін Сот бекітулерінің Ережесі бойынша бір-ақ округте атқарады, және оны сот палатасы бойынша тұрғылықты жері бойынша тіркелген округте жүзеге асырады.

Өздерінің мүшелерінің қызметіне тиісті кеңсе округ бойынша басшылық жасайды. Егер сот округінде басталған іс, аяқталуы басқа округте бітетін болса адвокат іс басталған жердің кеңесіне бағынады.

Егер ұсыныс бойынша басқа қалаға барып іс қарайтын болса, ол жоқ кездегі сот өндірісі өкілдік берушінің келісімімен басқа төрелік өкілдік білдірушіге ауысады.

Төрелік өкілдік берушінің міндетіне өзіне тапсырылған істердің тізімін жасау берілген, және оны кеңес талап еткен уақытта бірден көрсетуге міндетті.

Сот бекітулері Ережесінің 355 бабының 4-тармағы бойынша мемлекеттік қызметке тұруға құқығы болмады. Өйткені бұл оның мемлекеттік органдар мен чиновниктерге қызметінің тәуелді болып, қызметіне шек қойып, тәуелсіздігін бұзар еді.

Осы кезеңдерде төрелік өкілдік берушімен бірге оның көмекшілерінің институты пайда болды. Сот бекітулерінің 355-бабы бойынша оларға төрелік өкілдік берушілердің қарамағында 5 жыл көмекші ретінде сот практикасынан өткендерді айтамыз. Бұған түсініктеме бергенде, төрелік өкілдік берушілерінің көмекшілерінен тәжірибе қызметін ғана, заң курсы бітірген, еш жерде істемеген сондай-ақ сот практикасы бар адамдар қабылданатынын айтқан.

1874 жылы 6 маусымда төрелік өкілдік берушімен бірге жеке өкілдік берушілер институты құрылды. Бұлардың төрелік өкілдік берушілерден айырмашылығы, бірінші кез келген сотта қатыса алса, жеке өкілдік берушілер тек олар қатысуға рұқсат беретін соттарда тек іс бойынша іске қатысу ұсынысы болғанда ғана қатыса алатын.

Ресейдегі Адвокатураның дамуына Қазақстандағы адвокатураның дамуының алғышарты ретінде қарап бітсек, енді нақ Қазақстандағы адвокатураның құқықтық жағдайының қандай болғанына көшуге болады.

Қазақстанда жоғарыда көрсетілген сот реформасы патша үкіметі жүргізгендіктен колониалдық соттарда қаралған істер бойынша маңызы зор болды. Сонымен қатар қорғау институты қазақ қоғамында нақты тарихи салт-дәстүрлерге негізделді. Қазақ құқығының негізін қалаушылардың еңбегінде

қазақтарда әділсотты жүзеге асырғанда қорғаушылардың қатысуы міндетті екені тікелей көрсетілмейді. Бірақ қорғаудың өзіндік институттары не сол сияқты механизмдері Ресей империясының колонизациясына енбей тұрып та бар екенін керек десеніз оның соңы өткен ғасырдың 20-жылдарына дейін сақталғанын білуге болады. бұл жұмыстармен қазақстандық атақты ғалымдар еңбегінен көруге болады. олар: Л. И. Баллюзек, Н.А. Гродекова, К.А.Жиренчин, С.А. Сабатаев, С.С. Фукс және З.К. Кенжалиевтың еңбектерімен қатар, С.С. Сартаев, Н.У. Әсеровтың еңбектерінде айтылып өткен. Қазақтардың әдет-салт құқықтарындағы айыптаумен қатар, іздеу басы деп саналатын құқық бұзушылық себептерін объективті жан-жақты талдауды, сонымен қатар айыпкерге негізсіз претензиялар қоюдан қорғауға жағдай туғызатын қылмыстық істі қарауды тез қарау мен бірден шешуге тиісті тергеу мен іс қарау және "қоғамдық" пікірге беру арқылы жүзеге асатын.

Көптеген жағдайларда билер сотының шешімімен қатар мүліктік дауларды ақсақалдар кеңесі шешіп отырған. Олар сот билігін жүзеге асырмаса да адамгершілік беделге ие болғандықтан олардың билігі сот билігінен кем болмаған. Осы ойды өрбіткен С.А. Сабатаев "ақсақалдар соты таза халықтық сот ретінде ежелгі салт-дәстүрлерді басшылыққа алып жүргенін тікелей көрсетеді. Оқымысты ғалымдар Қ.А. Жиренчин мен А.Н. Тәукелов және т.б. өздерінің еңбектерінде қазақтардың әдет-ғұрып заңдарында қорғаудың элементтері болғанын тікелей көрсетпейді, бірақ біздің көзқарасымыз бойынша, "Соттарға қарсылық білдіру институты", "Істерді қарау келісімі", "Ант беру институты" механизмдерінің болуы олардың болғаны туралы пікірді қалыптастырады.<sup>14</sup>

Қазақ қоғамына төрелік өкілеттілік беру институты мен Ресей империясының басқа заңдарының енуі өте жаймен жүрді. Бұны 1867-1868 жылғы реформалар негізінде билер сот мен қазылар сотының өздерінің ұлттық және жергілікті ерекшеліктеріне сай міндеттері мен бағыттарының сақталуынан көруге болады. билер соты дауларды шешу барысында әдет-ғұрып құқық нормалары мен шариғат заңдарына сүйенді, ал қазылар соты тек шариғат заңдарына сүйенгендіктен біздің елімізде қазылар соты кең дамымады. Өйткені Қазақстанда исламның кең етек жаюына кедергі болған Ресей колонизациясында болуы да әсер етті, және қазақтардың өздерінің шаруашылық әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктері де, Ресей мемлекетінің саясатына қарай қалыптасты.

Облыстық басқармалар барлық азаматтық істерді қарады. Олар тек әскери және уездік соттар қарамағына берілетін істерді қарамады. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген актілер негізінде адвокаттар қызметінің негізгі заңдық күшке ие бола отырып қазақ қоғамындағы әділсот жүйесіне біртіндеп ене бастады.

19 ғасырдың соңында Қазақстандағы сот құрылымы 1886 жылы Түркістан және дала аймақтарын басқару ережелерімен және 1898 жылғы жаңа бекітулермен жүзеге аса бастады.

---

<sup>14</sup> История государства и права Казахской ССР. Алма-Ата 1982. Стр. 80-81.

1898 жылғы сот реформасы адвокаттық қызметінің құқықтық негіздері мен оны реттеуді қортындылады. Мысалы, 1898 жылы 2 июньдегі "Уақытша Ереженің" 24-бабы бойынша адвокаттар қызметін жүргізу куәлік беру, округтік соттарға берілді. Бұл куәлік адвокаттар тәжірибесін бітістіруші соттарда өтуге құқық беретін құжат болды. Және оған 75 сом көлемінде мүшелік жарна төлеу керек болды. Бұл соманың жартысы мемлекеттік қазынаға кетсе, жартысы жергілікті жер қорына аударылды.<sup>15</sup>

Қорытындылай келе қазақ даласы өзінің істерін дау айтуда билерге берген. Би –кесім айтушы сотта, айыптаушы прокурор да , қорғай отырып бітімгершілік келісімге келтіруші адвокат қорғаушы да болған. Осындай бірнеше функцияны қатар алып жүрген би-ақсақалдардың арқасында қазақ даласында түрме де, зынданда болмаған.

1917 жылы қазан айында Ресейде саяси билікті большевиктер партиясы басып алды да, сол кезден бастап бүкіл сот жүйесі, прокуратура сияқты адвокатураға да елдің барлық түкпірлерінде, соның ішінде Қазақстанда да эксперименттер жасалып, өзгеріске ұшырай бастады.

Кеңестер кезеңі адвокатура институтына елеулі өзгерістер әкелді. Бұл бәрінен бұрын жаңа тоталитарлық саяси жүйелердің құрылуымен және басқа факторлармен байланысты.

Кеңестік саяси жүйе бекітілген соң 1864 жылғы реформа бойынша төрелік және жеке адвокаттардың қызметі кеңес билігінің бірінші декреттерімен алынып тасталды. Өйткені ол жаңа социалистік мемлекет құру принципке кері әсерін тигізеді еді. Адвокатура біртіндеп, кеңестік әділсоттың көмекші, негізгі қызметтерін атқара бастады. Қорғау институтын ұйымдастыру және сотта қорғаушылардың қатысуы бірнеше рет өзгеріп отырды. Бір форманы алып тастап, екіншісін кіргізе отырып кеңес заңдары біртіндеп тоталитарлық режимнің міндеттеріне талаптарына жауап беретінін қорғаушылар қызметінің коллективтік формасын бекітті.

Оның үстіне қылмыстық іс жүргізу бойынша қорғаудың, азаматтық іс бойынша өкілдік етуде көп жылғы ізденістердің арқасында жаңа ұйымдық негізде адвокатура өзінің дамуын жалғастыруда. Нақты тәжірибелік және теоретикалық білімдерді қайта қарауда нақты ұсыныстар негізінде адвокаттар қызметінің жаңа формалары пайда болды, оның нормативтік базалары бекіді. КСРО-ның құлдырап, тарауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, кеңес кезеңінде жиналған позитивті тәжірибелер арқасында ұлттық адвокатура қызметінің негізін қалады.

Қарап отырсақ, кеңес кезеңіндегі адвокатура революцияға дейінгі адвокатурамен ұйымдық формасы жағынан да мемлекет тарапынан қатынасынан да көптеген жағынан ұқсас болды. Екі адвокатураның да жергілікті деңгейде ұйымдастырылды, олардың орталық аппараты болмады және идеялық платформасы да жеткіліксіз болды. Осылар болғанда олар патша саясаты мен кеңес билігіне шақыру тастар еді.

Адвокатуралар өз қызметін Әділет Министрлігінің бақылауында болды, соттар тарапынан жеткіліксіз сый-құрметке, сотта қарау сатысына дейінгі

<sup>15</sup> Фукс С. Обычное право казахов в 18 первом половине 19 вв. – Алма-Атв. 1981.



ролінің төмендеуіне де келісе алады. Екі адвокатура да соңғы есепте мемлекетке өзінің құқықтары мен міндеттемелері шегінде мемлекетке тәуелді.<sup>16</sup>

"Сот туралы" Ресей Федерациясының халықтық комиссариатының №1 Декреті бойынша 24 ноябрь 1917 жылы төрелік өкілдік етуші мен жеке адвокатура институты қысқартылды. "Айыптаушылар мен қорғаушылар ролінде қылмыстық алдын ала сатысында ал азаматтық істер бойынша өкілдік сенім алушылар ретінде азаматтық құқыққа ие екі жыныстағы бұзылу жасына түспеген барлық азаматтар жіберіледі", делінген. Бірақ Декрет бойынша азаматтардың құқығын қорғау үшін арнайы орган құрылған жоқ.

7 март 1918 жылы жұмысшы, солдаттар, шаруа және казак депутаттарының кеңесінің қарауымен ВЦИК Декретімен "Соттар туралы" №2 құжат шықты. Бұнда құқық қорғау ретінде қоғамдық айыптаушы мен қоғамдық қорғаушылардан тұратын алқалы құрам құру қаралды. Бұл алқаға жоғарыда көрсетілген кеңеспен шақырылған және сайланған тұлғалар кірді. Тек осы тұлғалар ғана сотта еңбектеріне ақы алып қана қатысуға құқығы болды.

Құқық қорғау алқасынан сот әр іс бойынша қоғамдық айыптаушыны шақыра алды. Қоғамдық айыптаушы қорғаушыны шақыру, пайдалану құқығын қолданбаса, сот оның өтінішімен құқық қорғау алқасынан қорғаушы тағайындай алды. Көрсетілген айыптаушылар мен қорғаушылардан басқа сот мәжілісіне мәжіліске қатысып отырғандар арасынан бір айыптаушы мен бір қорғаушы қатыса алды.

Кеңестік сот өндірісінің құрылуы құқық қорғаушылар қызметінің өзгеруіне әкеп соқты. Біртіндеп айыптау мен қорғау функциясы бір-бірінен нақты ажырай бастады. Құқық қорғау алқаларының мүшелеріне еңбекақы төлеу мәселелері шешіле бастады. Сотта қорғауға жіберілетін тұлғалар біртіндеп қысқара бастады. Яғни қорғауды кез келген тұлға емес, тек заңда көрсетілген тұлғалар ғана қатыса алады.

1918 жылғы 30 ноябрьде шыққан халықтық сот туралы Ереженің бекітуі бойынша соттардың барлық жағдайларды толық білу үшін айыптау мен азаматтық процеске қатысушы тараптардың мүдделеріне қатысты жұмысшылар және шаруа депутаттарының уездік атқару комитетінің кеңесінің жанынан қорғаушылар, айыптаушылар және азаматтық процеске тараптардың өкілдерінің алқасын біріктіру мәселесі қаралды. Ол алқаның мүшелері жұмысшылар мен шаруа депутаттарының атқару комитеттерінің лауазымды адамдарынан Ресей Федерациясының 1918 жылғы 10 июльдегі конституциясының 64 бабының талаптарын қанағаттандыратын тұлғалар құрамынан тұратын болды.<sup>17</sup>

Алқа мүшелері Кеңес Республикасының лауазымды тұлғасы ретінде Әділет Халықтық комиссариатының сметасы бойынша халық соттарына берілетін оклад размерімен бірге қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық істер бойынша айыптаушының сұрауы бойынша іске қорғаушыны тарту міндетті бола отырып ол іс алты халық заседательдің

<sup>16</sup> Барщевский М.Ю. Организация деятельности адвокатуры в России. М. 1997. Стр. 14.

<sup>17</sup> Хаскин Ю. Российское адвокаты и советское государство. Происхождение и развитие советской адвокатуры (1917-1939) М. 1993.

қатысуымен қаралатын. Қалған қылмыстық істер бойынша іске қорғаушыны жіберу сот мәжілісінде сотпен анықталатын.

Қорғаушылар алқасын ұйымдастыруды жақсартудың бірқатар шаралары жасалса да жаңа мемлекет қойған жаңа талаптарға жауап бере алмады. Сондықтан халықтық сот туралы 21 октябрь 1920 жылғы Ереже қорғаушылар алқасын қысқартып, сот қорғаушының жаңа формасын бекітті. Қорғаушы ретінде сот органдарына осы міндетті орындай алатын азаматтар жіберілді, (бұл негізгі кеңес үкіметіне шын берілген тұлғалар болды) ол азаматтар Әділет халық комиссариатының инструкциясы бойынша аудандық, қалалық және уездік атқару комитеттері берген ерекше тізім бойынша жіберілді.

1920 жылғы 23 ноябрьдегі сотта қорғау құқығын және айыптау құқығын ұйымдастыру туралы инструкция бойынша қорғаушының міндетін атқара алатын азаматтар тізіміндегі тұлғаларды кез кеген қызметтен белгілі бір мерзімге босатуға міндетті. Олардың жұмыс орны бойынша сот мәжілісіне қатысқан уақыты бойынша еңбек жалақысы сақталып, мемлекеттік қордан жергілікті жерден біркүндік еңбекақы көлемінде тәуліктік еңбекақы қосып төленеді. Егер жоғарыда көрсетілген тұлғалардан қорғаушылар жетіспесе әділет органдарында тұратын консультанттар іске қатыстырылды. Қорғауды ұйымдастырудың бұндай формасы 1922-1924 жылды сот-құқықтық реформасына дейін жалғасты.

1922 жылы 26 майдағы ВЦИК-тің Қаулысымен бекітілген "Адвокатура жайлы Ереже; адвокаттар қызметін реттейтін тұңғыш нормативтік-құқықтық акт болды. Бұл Ереже бойынша адвокатура бірінші рет еңбекшілерге азаматтық дауларды шешу мен қылмыстық іс жүргізуде қорғауды ұйымдастыру барысында өзін-өзі басқаратын ұйым ретінде көрінді. Губерния бөлімшелерінің әділет органдары жанынан қылмыстық және азаматтық істер бойынша қорғаушылар алқасы құрылды. Қорғаушылар алқасының мүшелерінің бірінші құрамы губерниялық әділет органдарының ұсынуымен губерниялық атқару комитетінің президиумымен бекітілді. Ары қарай мүшелікке қабылдау қорғаушылар алқасының президиумымен жүзеге асырылды. Және олар қабылдау жайлы анықтаманы губерниялық атқару комитетінің Президиумына хабарлап отырды. Өйткені олар ғана жаңадан қабылдаған мүшелерге қарсылық білдіре алды. Алқа мүшелері мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда лауазымды қызметпен айналыса алмайды. Бұл тек мыналарға қолданыла алмайды:

- 1) сайлау бойынша мемлекеттік лауазыммен айналысатын тұлғалар;
- 2) заң ғылымдарының профессорлары мен оқытушылары.

Губерниялық мемлекеттік алқасының мүшелерінің жалпы жиналысы өз құрамынан президиум сайлады.

Қорғаушылар алқасының президиумына мына міндеттер жүктелді.

1) қорғаушылардың өзінің міндеттерін атқаруға бақылау және қадағалау жасау;

2) губерниялық атқару комитетіне тиісті алқа президиумының қаулысымен мүдделі тұлғалардың шағым беру құқығына өздерінің мүшелеріне тәртіптік жауапкершілікке тарту;

- 3) алқа фондына келіп түскен ақша сомаларын бөлу;
- 4) тегін көмек тағайындау және такса бойынша қорғау;
- 5) губерниялық әділет органдарының тапсырмасы бойынша жергілікті халықтарға заң көмегін беруді ұйымдастыру.

Қорғаушылардың еңбегіне ақы төлеу келесі негіздер бойынша жүзеге асады.

1) халықтық соттың қаулысымен тұрмысы нашар тұлғаларға, қылмыстық істер мен азаматтық істердің барлығынан ақы төлеуден босатылады;

2) мемлекеттік және жеке кәсіпорынның жұмысшылары қорғаушылар еңбегіне халықтық әділет комиссариаты бекіткен такса бойынша төлеуге құқы бар.

3) қалған барлық жағдайларда мүдделі тараптармен қорғаушының арасындағы келісіммен белгіленеді.

Қорғаушылар өздеріне берілген сыйақыдан қорғаушылар алқасының фондына проценттік аударып отырылады. Ол ақының материалдық-құқықтық жағдайын қамтамасыз ету үшін керек.

Қорғаушылар алқасының мүшелерінен басқа қорғауға айыпталушылар мен жәбірленушілердің жақын туыстары қатыса алады. Сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің өкілдері, яғни олар Кәсіподақтар Одағы, тұтыну қоғамы және кәсіптік және қоғамдық ұйымдар қалған тұлғаларға істі карап жатқан соттың рұқсатымен ғана қатысуға құқылы.

Бұл жағдайлар қазіргі адвокатураның құқықтық жағдайының фундаменти тәрізді. Яғни азаматтық, қылмыстық істер бойынша кәсіби адвокаттармен бірге іске заңды өкілдердің де қатысуға құқығы бар.

Мәселе ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 70-бабының айыпталушының жақындары мен туыстарының, айыпталушы қамқорлығында болған мекеме мен ұйым өкілдерінің т.б. қылмыстық іске қорғаушы ретінде қатысуына рұқсат беруінде болып отыр

#### **§4. КСРО-ның құрамы ретінде Қазақ РОдағындағы адвокатура институтының дамуы.**

Қазақстандағы адвокатураның құрылуы субъективті және объективті сипаттағы қиындықтарға тап болды. Бәрінен бұрын кәсіби дайындалған маман кадрлар жоқ болды. Екіншіден, сот қызметкерлері халық комиссариатының басшылары, әділет және басқа құқық қорғау органдары адвокатураға кері әсермен қарады, өйткені олар пролетарлық құрамы жағынан совет, яғни Кеңес Соты адасуы мүмкін емес және кез келген істі жеке өзі шешуге қабілетті деп санады. Және соңғысы қоғамда, адвокатура деген патшалық самодержавиядан қалған сарқыншақ күні өткен институт деп санады және сондай пікір қалыптасты.

1920 жылы 6 октябрьде Қазақ Қырғыз (Қазақ) Автономиялы республикаларының 1 құрылтай съезі өтіп, онда "Еңбекшілердің құқықтарының Декларациясын" қабылдады. Онда: "Халықтық әділетті Ресей Кеңесінің Халық Революциялық Сотының тәжірибесінің дәл нұсқасын алып, қырғыз

халықтарының тұрмыстық ерекшеліктерін еске ала отырып нақты декларациямен бекітілген еңбекшілердің негізгі Ережелеріне қайшы келмейтіндей етіп бекіту керек.

Съезд өзінің Кеңестік әділет органын ұйымдастыру - резолюциясында өзінің тұрған жерінде азаматтарға тегін заң көмегін консультация және сот қорғауы түрінде іске асыруын талап етті.

Құқықтық қорғауды жүзеге асыруды съезд партия, кәсіподақ және қоғамдық қызметкерлерді тартуды ұсынды.

Әділет кадрлерін дайындау үшін үшін заң курстары ашылды.<sup>18</sup>

Қорғауды ұйымдастыру мәселелері Қырғыз Автономиялы Республикасының Халық Соты туралы Ережесінің арнайы тарауымен Орталық Атқару Комитетінің 8 апрель 1921 жылғы Декретінде арнайы тараумен бекітілді. Онда 1920 жылғы 21 октябрьдегі Ресей Федерациясының Халық Соты туралы Ережесінің кейбір баптары дәлме-дәл қайталанды. Ол үшін әділет органының губерниялық бөлімдері ерекше тізімдер жасады. Қорғауға жіберу мәселесін халық соты шешті. Сот өзінің алдын ала мәжілісі мен сот отырысында істің сипаты мен айыпталушының жеке басына және ол іс кассациялық шағымдануға жатпайтындығына қарап шешті.

Тек халық соты егер қамауда отырған айыпталушының сұрауы бойынша, айыпкердің ісі бойынша қорғаушы жіберілуге және тағайындауға міндетті болды. Халық соты қорғауға осы іс бойынша айыпталушы тұрған кәсіподақ одағы, завод комитеті және т.б. болсын командировкаға жіберілген осы ұйымның мүшелерін қалыптастыруға жібере алды. Және айыпталушының жақын туған туыстары қатыса алады.

КАССР халық комиссариатының жанындағы әділет органымен жергілікті жерлерге заң көмегін беру үшін 3 адамнан тұратын бюро құрды.

Адвокатураны ұйымдастыру республикада қиындық тудырғанына карамастан шама-шарқынша адвокаттық кадрларды дайындау жұмысы жүріп жатты. Сонымен, 1936 жылы адвокаттар алқасында 141 адвокат тіркелді. осы жылы жергілікті жерлерге заң көмегін жақсарту үшін адвокаттар қызметін анықтайтын бірінші бүкіл қазақстандық адвокаттар алқасының жұмысшыларының съезі шақырылды.

30-40 жылдары белгілі себептермен қылмыстық әсіресе саяси істер бойынша қорғаушылар қызметінің пайдалылығы төмен түсіп кеткенін айтуға болады. бұған әсіресе КСРО орталық комитетінің 1 декабрь 1934 жылғы "Одақтас республикалардың қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қаулысы кері әсер етті. Әйткені мұнда террористік ұйымдар мен террористік актілердің істері бойынша сот өндірісінің тыйым салынған тәртібі бекітілді. Әйткені мұнда тергеу мерзім 10 күн ішінде біту керек болды, ал айыптау қорытындысын айыпталушыға сотта қарауға бір күн қалғанда беру, сотта айыпталушы мен қорғаушыны қатыстыру алынып тастады. Кассациялық шағым мен кешірім беру туралы ұсыныс қабылданбады.

Кейінірек КСРО Орталық Комитетінің Қаулысымен 14 сентябрь 1937 жылы Контрреволюциялық жаулар мен диверсия үшін осы тәртіпті қолданды.

<sup>18</sup> Положение он народном суде Киргизской Автономной Соц. Республике. Утверж. Декретом ЦИК 8.04.1921.

1936 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануымен 16 август 1939 жылы Халық комиссариатының бекітілуімен прокуратура туралы Жаңа Ереже қайта жасалды. Дәл осы Ереже түпкілікті кеңес құқықтық жүйесінде адвокатура орнын анықтап берді. Және Халық Комиссариаты әділет органының директивалары қатаң түрде орындайтын оның бір бөлімшесі ретінде адвокаттар алқасы шын негізде қабылданды.

Осы Ережеге байланысты адвокаттар алқасы аймақ, облыс, автономия және одақтас республикалық көлемінде құрылды. Тек аймақтық бөлінісі жоқ республикаларда бір одақтас республиканың бірінде құрылады.<sup>19</sup>

Адвокаттар алқасының мүшелері болып келесі тұлғалар бола алды: яғни жоғары білімі бар, сот, прокуратура және басқа әділет органдарында практика стаждары болып, заң мектептерін бітіргендер, заң білімдері жоқ болғанымен жоғарыда көрсетілген құқық қорғау органдарында кемінде 3 жыл жұмыс жасағандар.

Заң мектептерін бітірушілер бірақ практикалық стаждары жоқ сынақтан өтушілер болып қабылданады.

Адвокаттар алқасының басқару органы болып адвокаттардың жалпы жиналысы, отблыстық, аймақтық және республикалық адвокаттар алқасының президиумы және ревизиялық тексеру комиссиясы болып табылады.

Адвокаттар өздерінің барлық қызметін заң консультацияларында жүргізді.

Адвокаттар алқасының басшылық жасау одақтық-республикалық халық комиссариатының әділет органдары мен үлкен өкілеттіліктерге ие жергілікті органдарға жүктеледі. Олар адвокаттар алқасының ісіне кедергісіз араласып, оларға басшылық жасайды.

Адвокатура жайлы кері көзқарас қалыптасқанына қарамастан адвокаттарды қызмет көрсету сферасының жұмысшылары деп санау туралы пікірді теріске шығарды. Заңгерлер ортасында адвокатура басқа салаларға қарағанда өз қызметін сататындардан емес өзі жай кәсіптен жоғары дәрежеге көтерілген еңбегінің арқасында энергиялық қарқынмен өсті деген көз алдыда пікір қалыптасты.

Сол жылдардың өзінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің дамуында, шыдамсыздық атмосфера, бір-біріне қастандық, сезікпен қарау, жауап алу мен ізге түсуден қорқу қатты әсер етті. Осындай жағдайда адвокатураның маңызды ролі туралы айтып жатудың қажеті жоқ. Дегенмен бұл жағдайлар адвокатураның корпоративті бірлестігімен шектелген автономиялылығының сақталуы мен дамуына кедергі келтірген жоқ. Біртіндеп кәсіби адвокаттық корпустың формаға келу процесі жүріп жатты. Бұнда көптеген адвокаттар өзінің кәсіби борышын адалдықпен атқарып жатты.

Ұлы Отан соғысы жылдары адвокатураның негізгі қызметі, әскери қызметкерлерге олардың жаныұларына, соғыс мүгедектеріне заң көмектерін беру болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда адвокаттар қызметі біздің республикамызда өзгеріссіз қалды. Жалпы басшылықты бұрынғыдай Қазақ ССР-ның халық комиссариатының әділет органдары іске асырды. Тікелей басшылықты

<sup>19</sup> Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность в РК. – Алматы, 2001 стр. 86.

адвокаттар алқасының сайланбалы органдары - өздерінің президиумы болды. Тек адвокатура да кәсіби мамандарға қажеттілік қатты білінді. Оның материалдық базасы жай дамыды. Олардың қызметкерлері арасында құқықтық регламентация жеткіліксіз болды. Адвокатураны бекіту, олардың ұйымдық формаларын дамыту және авторитетін көтеру міндеті тұрды.<sup>20</sup>

1958 жылы 25 декабрьдегі "Сот өндірісі туралы заң негіздерінде" сотта қорғауды ұйымдастырып іске асыру бағытында, сондай-ақ азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға заң көмегін көрсету үшін адвокаттар алқасы әрекет етеді. Адвокаттар алқасы дегеніміз – Одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңесі бекіткен Ережелер негізінде адвокаттық қызметпен айналысатын ерікті ұйым болып табылады", - деп бекітті.

Осы заң негіздерінде әр Одақтас республикалар өздерінің Адвокатура туралы Ережелерін қабылдады. Қазақстанда ондай Ереже 1960 жылы 5 июльде ҚазСРО-ның Жоғарғы Кеңесімен бекітілді.

1977 жылы кеңес заңдарының тарихында бірінші рет КСРО-ның Конституциясында адвокатураның құқықтық жағдайы бекітілді. Сондықтан, мемлекет ресми жағдайда адвокатураны сот өндірісіне іске асыруға тікелей қатысушы ретінде ресми бекітті. 1979 жылы 30 ноябрьде СССР-де тұңғыш рет адвокаттық қызмет туралы заң қабылданды. Бұл құқықтық нормативтік актімен кеңес адвокатурасының қызметі мен ұйымдастыру мәселелері бүкілодақтық маслихатта қамтылды. Осы заң негізінде әр одақтас республикаларда "Адвокатура жайлы Ережелер" қайта жасалынды. Бұл Ереже Қазақстанда 13 ноябрь 1980 жылы бекітілді. Бұл актілердің қабылдану адвокатура қызметін бір жерден реттеуді қамтамасыз ету және бір жағынан адвокаттар алқасының ролін көтеру, адвокаттарға бірқатар мәселелерді жеке дара шешуді үлкен мүмкіндіктер беруі. Осы кезеңде оларға тиісті мәселелер қатары өсті. Осы кезеңде мемлекет тарапынан адвокатураға қатысты сұрақтар өсті. Сонымен адвокаттар алқасы мемлекеттік органдар мен Әділет министрінің келісімімен рұқсат берумен құрылатын болды және осы орган алқа мүшелерінің сандық құрамнан реттеді. Адвокаттардың соттағы тәртібіне қадағалау жасады.

Ережеде адвокатураның міндеті, адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдау және шығару тәртібі, алқаның қызметін ұйымдастыруды жетілдіру шаралары қарастырылды және адвокаттар қызметінің ерекшеліктері мен кепілдіктері формаға келтіру есептелді.

Кей жағдайларда мемлекеттік органдар заң консультациясы арқылы заң көмегін көрсету үшін адвокаттар сұрауына қажетті құжаттарды беруге міндетті болды. Сот тәртібімен адвокатурадан шығып кеткен адвокаттардың шағымы қаралатын болды. Адвокаттар алқасының басшы органдарын сайлау тәртібінің ережесі, өкілеттілік мерзімі бекітілді. Осының бәрі адвокатураның кеңестік сот жүйесіндегі ролі мен маңызын көтерді, азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін заң көмегінің сапасы көтерілді және олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға кепілдік беретін орган болды.

Ереженің көптеген баптары "ҚР Адвокаттық қызмет туралы" қазіргі қолданыстағы заңның негізін қалады.

<sup>20</sup> Булгакбаев А. Советское адвокатура. Алма-Ата, 1982.

Адвокаттар қызметін конституциялық реттеу, Қазақ ССР-ның адвокатура турал Ережені қабылдауы қылмыстық сот өндірісінде заңдылықты қамтамасыз ету барысында қорғау институтының ролінің өскенін көрсетеді және сотпен заңды, негізді және әділетті үкім шығаруына ықпал жасайтын орган ретінде көрінеді.

Кеңес қоғамындағы қайта құру мен либерализация кезеңінде, 80-жылдардың екінші жартысында заң аясында кооперативтік қозғалыс үлкен даму алады. Сонымен бірге әртүрлі кооперативтік құқықтық ұйымдар, ассоциациялар, одақтар құрыла бастайды. Бұлар барлық мүмкін болатын заңды көмек көрсетуді жергілікті елді-мекендерге ақылы түрде қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Бұл құқықтық кооперациялардың мүшелері болып, бұрынғы құқық қорғау органының қызметкерлері, оқытушылар және заң оқу орындарының, техникумдарының практикалық стажы жоқ бітірушілері болды. Олар шын мәнінде нақты қосымша дәстүрлі қорғау институтын құрушылар болды. Оның үстіне Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумының Қаулысымен 30 июнь 1984 жылы Құқықтық кооператив мүшелерінің өздерінің жарғысы негізінде азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға заң көмегін көрсету көзделген. Және олар қылмыстық сот өндірісінде сотталушының қорғаушысы есебінде, азаматтық сот өндірісінде азаматтар мен заңды тұлғаларға өкіл болып қатыса алады.

Бірақ практикада бұл шешімнің қателігі көрінді. Өйткені бұл жерде қорғаушы болып, өзінің асыра сілтеушілікпен мүддесін көздеуші, адвокаттар этикасын өрескел бұзып қолдану, өте төмен дәрежедегі кәсібилігі мен тәжірибесінің аздығы, адвокаттар алқасынан шығып кеткен, құқық қорғау органдарынан шығарып жіберілгендер, тәртіптік жауапкершілік тартқандар кіруімен байланысты болғандықтан бұл заңсыз сот шешімдерін шығарудың тез арада өшіріп кетуіне жол берілді. Сондықтан артынша ол 1991 жылы 28 июньдегі заңмен күшін жойды.

Қылмыстық сот өндірісінің ерте сатысындағы қорғауға құқық 10 апрель 1990 жылы КСРО-ның заң негіздерімен және Одақтас республикалардың заңдарымен бекітіліп қылмыстық сот өндірісінің 13, 22, 23 баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осыға сәйкес заңдар Қазақ ССР-інде 23 ноябрь 1990 жылы мен 16 февраль 1991 жылы қабылданды.

Осы заңдардың қабылдануынан соң Республика Әділет министрі мен адвокаттар алқасының президиумымен бірлесе отырып прокуратура органдары және ішкі істер министрлігімен бірге айыптау қорытындысымен тұтқына алу саны өсті. 1989-1990 жылдары қылмыстық істер қысқартылу көбейді. Осы негіздер бойынша азаматтардың заң көмегіне жүгінуі есепке алынды. Бұл факторлар адвокаттар санының өсуіне әсер етті, қылмыстық істің алдын-алу сатысында қорғау құқығы заңын реттеу шараларын қабылдау қажеттілігін сездірді.

Сондықтан барлық заң конультацияларында график бойынша адвокаттар кезекшілігі ұйымдастырылды. Бұл прокуратура органдары мен ішкі істер органдарының келісімімен жүзеге асты.

Жоғарыда көрсетілген өзгертулер ҚР 28 июнь 1991 жылғы "Адвокатура туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заңнан көрініс тапты. Бұнда ең алдымен адвокаттар алқасының санына шек қойылу алынып тасталды. Біліктілік емтиханын тапсырып адвокаттық қызметке патент алған тұлға сонымен бірге адвокаттар алқасына мүше болумен қатар тек қана заң консультациясында ғана жұмыс істеумен шектелмей жеке адвокаттық конторалар құрумен бірге азаматтарға заң көмегін ұйымдастырудың басқа формаларын құра алатын болды.

Осы заңның негізінде адвокатураға кандидаттарды қабылдауды қамтамасыз ету бағытында олардан жоғарғы біліммен қатар, қажетті тәжірибе мен кәсіби біліктілігін анықтау мақсатында облыстың атқару комитеті жанындағы әділет басқармасы, Алматы қалалық халық депутаттарының кеңесі мен біліктілік комиссиясы құрылды.

Комиссия тиісті әділет басқармасының бастығының бұйрығымен және адвокаттар алқасының жалпы жиналысының ұсынуымен, Қазақ ССР облыстық атқару комитеті заңгерлер одағының мүшелерінен заң ғылымдарының өкілдерінен 3 жылдық стажы бар тәжірибелі заңгер-практиктерден тұрады. Комиссия мүшелерінің құрамына адвокаттардың 50% кіруі керек.

Бұл комиссия адвокаттық қызметке адвокат атына ие боламын деген тұлғалардан емтихан алды. Ережеде көрсетілген талаптарға кандидаттардың сәйкестігін тексерді. Адвокаттық практикамен айналысуға патент берді.

Нақты заң адвокаттық корпустың заң жағынан да сапа жағынан да сан жағынан да өсуіне жағдай жасады. Және қылмыстық іс бойынша айыпкердің қорғаушыны таңдауына жағдай жасады.

Қаз ССР-ның қылмыстық іс жүргізу кодексін қолдануда алдыңғы кезеңде жәбірленушіден бірінші жауап алу да қорғаушының қатысуына қамтамасыз етуде және заңның басқа ережелері бойынша көптеген кедергілерге жолығатын, оның ішінде әкімшілік-территориялық бірлігінің көлемі, алыстығы, регионның халықтарының аз орналасуы, кейде бір ауданға бір адвокаттан келуі, кәсіби заң кадрларының жетіспеушілігі, адвокаттар алқасының материалдық мүдделілігінің жоқтығы (өйткені, мемлекетпен анықталған адвокаттың гонорарының орташа айлықпен жоғарғы көрсеткіші жылдық календармен көрсетілген соманы көтермейді. Сонымен қатар 16 февраль 1991 жылы кәмелетке толмаған тұлғаларға қорғау мүмкіндігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін дене, ақыл-есінің кемдігі, сот тілін білмегендерге ұсыталғаннан және тұтқынға алу кезеңінде хаттама және қаулы толтырғаннан бастап қорғаушының қатысуының міндетті екенін кіргізді).

12 февраль 1994 жылы ҚР Президентінің Қаулысымен ҚР құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттары бекітілді. Онда республикада заң системасы үлкен кризистерге ұырауда, өйткені құқықтық реформаның даму нарықтық экономиканың дамуынан көптеген кейін қалды. Мемлекеттің жеке бөлінуі, приватизация, жекелену қазіргі заманның парламентаризімінің тұруы және демократиялық институттарының дамуы бұған әсерін тигізуде деді.



Бұл жағдайда мемлекет елді мекендерге құқықтық көмек беруде, қызмет көрсетуде құқықтық реттеуден бас тартуына болмайды. реттеудің негізгі бағыты – жоғары сапалы құқық қорғау жұмысымен құқықтық көмекпен әрбір азаматтардың конституциялық құқығына кепілдік беру.

Құқықтық реформаның концептуальды бағыты республикада құқық қорғау жүйесінде адвокатура институты беделді орынға ие болуын көздейді

Яғни адвокатура өзінің тәуелсіздігін сақтай отырып өзін-өзі басқаратын өзін-өзі қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым бола отырып ондағы адвокат тиісті процессуалдық өкілеттіліктерге ие болады және өзінің кәсіби борышын орындауды жүзеге асырады.

Құқықтық реформа аясындағы қайта құру 80 жылдардың басы мен 90 жылдарда кәсіби адвокатураның құрылу формасының негізін қалады.

Бұрынғы адвокатура соттың көмекші мекемесі деген жалған көріністі біртіндеп қоғамдық стереотиві жоққа шығара бастады.

Сонымен адвокатура мемлекеттің қажетті институты ретінде құрыла бастады. Мысалы: 1995 жылы адвокаттардың жалпы санының көлемі 1989 жылға қарағанда 3/1 есе өсіп, олардың саны 2000-ға жетті.

Алматыда, 1992 жылы 244 адвокат тіркелген<sup>21</sup>, ал 1 январь 1997 жылы Алматы қалалық адвокаттар ақласының саны 300-ден асты.

Тек айта кету керек, адвокат іс жүргізудің толық құқықты қатысушысы ретінде тараптардың айтысу принципін қамтамасыз ету мәселесінде, тұлғаның тәуелсіздігі абыроймен бедедің сақталу, кінәсіздық презумпциясының жүзеге асыруда соттың кез келген өндірісінде заңды көмек пен қорғауды жүзеге асыра алады.

1995 жылы 30 тамызда ҚР Конституциясының қабылдануы қолданыстағы барлық заңдарының Конституция бойынша қайта жанданып, қабылдануы еді.

Оның дәлелі адвокатура саласы бойынша 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған ҚР "Адвокаттық қызмет туралы" заңы болатын. Адвокатура туралы заңдардың өзгеруі оның демократиялық негізде одан әрі дамуы іске асыру үшін алдына жаңа міндеттемер мен мақсаттар қойды. Бұның бәрі қазіргі даму заманындағы адвокатураға басқа жағынан келу қажеттілігін тудырды. Оның ішінде адвокатура қызметінің құрылуын және дамуын жүзеге асыруу мәселелері, проблемаларды толық жан-жақты зерттеу, яғни сот өндірісіне адвокаттардың қатысу барысында және ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге дайындық жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша, заң көмегіне еңбекақы төлеу мәселесі мен қорғау мен өкілдікке байланысты, кеткен шығындарды республикалық бюджет қорынан өтеуді ұйымдастыру мәселелері тұрды.

Адвокатураның жағдайы және адвокаттардың құқықтық мәртебесі әр елде, мемлекетте әртүрлі. Бұл тек сол мемлекеттің қандай құқықтық режим ұстауына, сол қоғамдағы тұлға құқықтары мен бостандықтары бойынша қандай құқықтық жағдайға ие және сол елдегі заңдарға ғана байланысты емес. Сондай-ақ ол мемлекеттің құқықтық жүйесінен де және ұлттық салт-дәстүр мен экономикалық жағдайына да көруге болады.

<sup>21</sup> Рогов И.И. Адвокатура сегодня и завтра // Мысль, 1992 №11.

Адвокатура қызметін реттейтін негізгі заң қазіргі кезде жоғарыда көрсетілген адвокатура туралы арнайы заң болып табылады. онда адвокаттық қызметті және осы қызметтен пайда болған қатыстарды реттейтін құқықтық нормалардың біріккен және жүйеленген тәртібі мен мазмұнын құрайды.

"Адвокаттық қызмет туралы" заң негізгі заң Конституция бойынша және құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы бойынша қабылданды. Онда конституция негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер, алдындағы істелген жұмыстардың практикалық тәжірибелер, қазақстандық және шетелдік алдыңғы қатарлы ғалымдарының теориялық-құқықтық зерттеулері есепке алынады.

Адвокатура қызметінің негізгі бағыттары болып:

Біріншіден: мемлекет кепілдік берген және Конституциямен бекітілген әр азамат пен заңды тұлғаның өзінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау үшін кәсіби заңды көмек алуын ұйымдастыру.

Екіншіден: адвокаттар қызметін қылмыстық іс бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік және басқа істер бойынша өкілдік ету үшін ұйымдастыру.

үшіншіден: заң тыйым салмаған басқа әдістермен түрлі заң көмектерін көрсету.

Бірінші рет адвокатқа тиісті ұғым берілді. Алдыңғы Адвокатура туралы Ережеде және Қазақ ССР-ның "қорғаушы" терминінің астарында қоғамдық және кәсіби қорғаушыларды бірге атаған еді. Сонымен қатар жаңа заңға:

- адвокаттардың кәсіби құқық нормасы;
- адвокаттық қызметтің кепілдіктері қарастырылды.

Алдыңғы адвокатура туралы Ережеде тек қана адвокаттардың құқықтары мен міндеттері жайлы қаралған да, адвокатқа құқықты қамтамасыз ету механизмі болмаған. Қазір Адвокатуралық қызмет туралы заңның 17-бабы бойынша бірқатар кепілдіктер берілді. Мысалы: бұрынғы ереже бойынша тергеушілер қылмыстық сот өндірісінде адвокаттарды жалдаған тұлғалардың қорғаушылары деп қана қарауы. Ал қазіргі кезеңде анықтама мен алдын ала тергеу әрекеттеріне іс жүргізу заңдарына байланысты тергеу және басқа іс жүргізу әрекеттеріне адвокаттарға белгіленген мерзімде қатысуын хабарлауға міндетті болды. Бұрын бұл процесс тек формальды түрде ғана өтетін, тергеу процесіне не басқа іс жүргізу әрекеттеріне бір сағат қалғанда адвокатты шақырып алып, қол қойдырумен ғана бітетін. Бұл адвокатқа да оның клиентіне де заң көмегін көрсетудің кепілділігін және адвокаттық құпияны сақтаудың мүмкіндігін бермейтін.

Кейінгі заңда адвокаттардың құпиясы, сондай-ақ заңды тұлға құрмай-ақ жеке адвокаттар өз қызметін атқара беруге рұқсат берді.

Заңның мазмұнын құрайтын барлық нормативті материалдар 4 тарау 34-бапқа жүйеленген.

Баптар өз кезегінде бөлімдерден, пункттерден, аукнт ішіндегілерден тұрады. Олар нормативтік құқықтық актінің құрылымына байланысты:

- жалпы бөлім;
- адвокаттар мәртебесі;
- қорытынды және өтпелі кезеңдерден тұрады.

өзінің маңыздылығы жағынан тиісті қолданыстағы заң ары қарай жүзеге асу үшін дамдуы қажет етеді. Олар тек ұйымдастыру проблемаларына ғана қатысты емес, заңдық базаның өзі тұтастай іске аспауын болып отыр. Оның ішінде адвокаттардың анықтама органдары, тергеу, прокуратура, сот органдарымен қызмет ету байланысының нақты анық құқықтық реттеу тәртібі көрсетілмеген.<sup>22</sup> Сондай-ақ ҚР Адвокаттар одағының халықаралық қызмет көрсету облысында құқықтық мәртебесі мен жағдайы анықталмаған.

Сондай-ақ заңда "адвокатура" термині мен "заң көмегіне" нақты заң анықтамасы берілмеген. Бірақ заң көмегінің түрлері көрсетілген. Адвокаттар коллегиясының нақты белгісін көрсететін анықтама берілмеген.

Заңның 9-бабы бойынша адвокаттық қызметпен айналысуға тілек білдіруші азаматтарда. Әділет Министрлігіндегі Біліктілік алқасынан олардың біліктілік сынағынан өткен соға ғана ұсыныстары бойынша адвокаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия беріледі. Тек адвокаттар қызметінің негізгі принципін "Тәуелсіздік" деп алған заң, бұл жерде көрсетілген құқықтық институт өз қызметін тек өздері жеке дара не мемлекеттік органдардың өкілдерінің араласуымен жүргізу керек. Бұл практика негізінен бізде болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей 1991 жылғы 28 июньдегі заң бойынша адвокатураға кандидатураларды қабылдауды қамтамасыз етуді Облыстық атқару комитеттерінің халық депутаттар кеңесімен әділет басқармаларымен келісе отырып біліктілік комиссиясы құрылды. Оның құрамында кемінде 50 пайызы адвокаттар, сондай-ақ заң ғылымдарының өкілдері және тәжірибелі юрист-практиктер болды. Олар адвокаттық қызметке тілек білдірген тұлғаларды аттестациялаудан өткізді.

Айта кету керек, мемлекет адвокатура мен адвокаттық қызметтің дұрыс бағыт алуына және дамуына толық негізде ықпал жасады.

Оның үстіне соңғы кездері адвокаттық қызметпен айналысуға тілек білдірушілердің саны күрт төмендеп кетті. Егер 1996 жылы адвокаттар алқасының мүшелерінің саны үш мыңнан асса, қазіргі кезеңде біз жоғарыда айтқандай 2300 ғана адвокат болып отыр. Суммарлық есеп бойынша Қазақстанның әр ересек 4000 адамына бір-ақ адвокаттан келеді екен. Оның ішінде адвокаттардың 40 пайызы 50 жастағы тұлғалар. 64 ауылдық аудандарға бір адвокаттан қызмет жасаса 49-ында ешқандай адвокатсыз күндерін өткізуде.

Кәсіби қорғаушылардың жетіспеушілігі сонымен қатар лицензия берілумен байланысты. Соңғы 2000 жылға дейінгі 4 жыл ішінде 600 адам біліктілік сынағын жақсы тапсырып мемлекеттік лицензия алғанымен, олар адвокаттық қызметпен айналыспаған, қорытындысында 2000 жылы адвокаттар алқасының мүшесі болып 9-ақ адам қалған.

Адвокаттар санының төмендігі нарықтық қатынастарды азаматтар мен заңды тұлғаларды адвокаттық қызметпен байланысы жоқ заңды көмек көрсетудің жаңа түрлерінің шығуына да байланысты.

Ақылай заңды көмек көрсетуге құқық беретін лицензия формальды түрде ғана, ешқандай біліктілік сынағын тапсырмай-ақ берілді, және олардың

---

<sup>22</sup> Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность в РК. – Алматы, 2001.

адвокаттардан бір-ақ айырмашылығы 100 тұлға 300 формаға келетін болса да олар бәрібір қылмыстық процеске қатысуға құқығы болмады.

Көріп отырғанымыздай заң көмегіне ақы төлеу көлемі заңда бекітілген. Процесс жүргізуші органдардың тағайындауымен бөлінген еңбекақыға ҚР үкіметінің 26 тамыз 1999 жылы №1247 Қаулысы Заңға сәйкес келмейді.

Сонымен бірге ең үлкен проблемалардың бірі болып, мемлекеттің адвокаттардың қылмыстық іс бойынша тегін көрсеткен қызметтеріне ақы төлеуі бойынша қарызы болып табылады. яғни республикалық бюджет қорының тапшылығынан адвокаттар еңбегіне ақы төлеу, зиян орнын толтыру, қорғау мен өкілдік барысында толық көлемде өтелмей отыр.

Сондай-ақ адвокаттардың сот пен алдын ала тергеу сатысында міндетті қатысуына төленетін еңбекақыларының тәртібі мен көлемі қайта қаралуды талап етеді. Сондықтан "Адвокаттық қызмет туралы" заңның 5-бабына толықтырулар мен өзгертулерді тез арада қолданбаса қазіргі еңбекақылары бар болғаны сағат саны мен орташа табыстың соңғы 2 айдағы көлемі бойынша есеп жүргізгенде қорытындысында 32 теңгеден 400 теңгенің ғана арасын құрайды.

Қорытылай келгенде, жалпы қолданыстағы Заң адвокаттардың қызметінде кездесетін кедергілерге байланысты бар проблемаларды шешті деп айтуға болмайды.

Сөйткені адвокаттар құқығы көбінесе қылмыстық іс жүргізуші органдардың жекелеген лауазымды адамдар тарапынан бұзылады.

Заң талаптарын бұза отырып бұл қызметкерлер қасақана және ешқандай енгізіс адвокаттарға өздерінің қорғаушыларымен кездесуде олардың саны мен ұзақтығына кедергі жасайды.

Тағы да, адвокаттар ролі мен маңызын қылмыстық сот өндірісі бойынша түсінбеу, құқық қорғау органдары тарапынан болатынын айта кету керек. Бұл жайлы 30 октябрь 1999 жылы болған ҚР Адвокаттар Одағының Съезінде айтылған болатын. Осы съездің үндеуінде "Уақытысында алған шақырулары бойынша съезд жұмысына бірде-бір Жоғары Соттың, Бас Прокуратураның, Әділет Министрінің, Ішкі істер Министрінің, Салық полициясы мен ұлттық қауіпсіздік комитетінің лауазымдары қатыспады. Съезде қаралған мәселелер тек адвокаттарды ғана емес бүкіл қоғамды ойландыратын мәселелер болатын.

Шын мәнінде, адвокаттың оның қорғауындағы адамның құқығын бұзу, оларға қарсы жоғарыда көрсетілген органдардың түсінушілікпен қарамауы Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекет деп санай отырып, өзінің басты қазынасы адам және оның өмірі мен денсаулығы деп санайтын бекітпелеріне байланысты шешілетін бірқатар проблемаларына кедергі жасайды. Бұл дегеніміз құқықтық нигилизм мен мемлекеттің олардың принциптерін жариялау мен іске асыру қабілетіне азаматтардың сенбеушілігін күмәнін туғызады. Және ол азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау үшін кәсіби заң көмегін алдына нұқсан келтіреді.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Қазақстандағы адвокатура институтының пайда болуы мен дамуының алғышарты қандай болды?

2. 1917 жылға дейін Қазақстандағы адвокатураның құқықтық жағдайы қандай болды?
3. Кеңестер кезеңі Қазақстандағы адвокатура институтына қандай өзгерістер әкелді.?
4. КСРО-ның құрамы ретінде Қазақ РО -дағындағы адвокатура институтының дамуы қалай болды?
5. Қазіргі қолданыстағы «Адвокаттық қызмет туралы»заң бойынша Қазақстан Республикасындағы адвокатура мен адвокаттардың мәселесі бойынша перспективалар мен проблемаларды атаңыз?
6. Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігі қандай қағидаттарға негізделеді?
7. Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігінің кепілдіктерін атаңыз?
8. Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде қандай тәсілдер мен құралдарды қолданады?
9. Адвокатураның қандай болмасын адвокаттық қызметіне араласуына жол берілмейтіндігі жайлы қандай заңдармен реттеледі.?
10. Кәсіби адвокаттар құпиясын сақтау дегеніміз нені білдіреді?

**Дәріс 3. Адвокаттық қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы- халықаралық және заңнамалық актілер адвокатура жөніндегі құқықтық нормалардың қайнар көзі ретінде. Адвокаттық қызметтің және адвокаттық қолсұғылмаушылықтың кепілдіктері. Адвокаттық құпия.**

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтарын ең басты қазынасы ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасындағы Ата Заңымыз адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты мақсатқа қояды және оларға кепілдік береді. Қазақстан республикасының Конституциясында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына арналған 32 бап бар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабының 3 тармағында «әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайда заң көмегі тегін көрсетіледі» делінген.

Осыған орай 1997 жылы 5 желтоқсанда «ҚР Адвокаттық қызмет туралы» заңы қабылданды. Бұл заңның негізгі мақсаты- адамның өз құқықтарын бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және ҚР Конституциясымен баянды етілген құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған.

Адвокатура адвокаттардың азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша қорғау және өкілдік ету жөніндегі, сондай-ақ азаматтың

құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оның іске асырылуына заңгерлік көмек көрсету мақсатындағы қызметін ұйымдастырады. Адвокаттардың адвокаттық қызмет аясында жүзеге асыратын заңгерлік көмек кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

«Адвокаттық қызмет туралы» ҚР. Заңының мазмұнын құрайтын барлық нормативті материалдар 4 тарау 34-бапқа жүйеленген.

Баптар өз кезегінде бөлімдерден, пункттерден, пункт ішіндегілерден тұрады. Олар нормативтік құқықтық актінің құрылымына байланысты:

- жалпы бөлім;
- адвокаттар мәртебесі;
- қорытынды және өтпелі кезеңдерден тұрады.

Адвокаттық қызметтің құқықтық негіздері «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 2 бабында бекітілген. Адвокаттық қызмет туралы заңдар осы заңнан және адвокаттық қызметті реттейтін өзге де заңдардан тұрады (ҚІЖК, АІЖК «Сот орындаушыларының мәртебесі және атқарушылық ісін жүргізу туралы» Заң және т.б.).

Негізінде, адвокаттық қызметті реттейтін заңдардың тізімін келтіретін болсақ, ол былай шығар еді.

2 ҚР Конституциясы

3 ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңы, 5.07.2018 жылы.

4 Қазақстан Республикасының Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы "Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы" қаулысы

5 Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы".

6 Қазақстан Республикасындағы Азаматтық Іс Жүргізу Кодексі

7 Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс Жүргізу Кодексі

8 Қазақстан Республикасындағы Әкімшілік құқық бұзушылық

9 Общий кодекс правил для адвокатов. Европейского сообщества. «Адвокат» 1995. №10.

10 ҚР Президентінің лицензиялау туралы заң күші бар Жарлығы. 17 сәуір 1995 жыл.

11 «Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібі туралы Ереже» ҚР Әділет Министрінің 1998 жыл 21 қаңтар № 19 бұйрығымен бекітілген.

Адвокаттық қызметтің кәсіби стандарты – бұл қолданыстағы заңдар мен халықаралық актілерде көрсетілген, адвокаттардың тиімді негіздерде жалпы және нақты бір істер бойынша адвокаттар қызметінің ұйымдастыру құралдары мен адвокаттық практикамен пісіп-жетілген тәсілдерді адвокаттардың іс жүргізуде қолданудағы сапасына қойылатын талаптарды айтамыз.

Адвокаттар қызметінің кәсіби сапасына қойылатын ең маңызды және жалпы талаптар Нью-Йоркте 1990 жылы тамыз айында өткен қылмыстарға ескертпелер негізінде БҰҰ-ның сегізінші конгресінде қабылданған Адвокаттар ролінің Негізгі Ережелерінде бекітілген.

Бірақ бұл Ережелер адвокаттардың қылмыстық және әкімшілік істерге қатысуы бойынша қарастырылса да ол адвокаттардың азаматтық және басқа да істерге қатысуына қолданылады.

Халықаралық Пакте азаматтардың азаматтық саяси құқықтарымен бірге экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарында БҰҰ Жарғысына сай адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және құрметпен қарау мемлекеттің міндеті екені баса айтылған.

Біздің мемлекетіміздің ең басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып есептеледі.

Қазақстан мемлекеті өз азаматтарының белгілі бір іс әрекетінің заң жүзіндегі мүмкіндіктерін таниды және оларға кепілдік береді. Адам мен азамат құқығы – Қазақстан Республикасы Конституциясының іргелі категориясы, ол адамды қазақстандық қоғамның ең жоғарғы құндылығы ретінде орнықтырады.

Қазақстан азаматтары өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін әдістермен қорғауға құқығы бар. Қазақстан азаматтары ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ басқа елдің азаматтығы бар шетелдік азаматтар Қазақстан аумағында құқықтары мен бостандықтарына қысым жасалған болса, олар өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды сұрай алады.

Адвокаттық қызметті реттейтін нормативтік актілердің қайнар көзіне жатпаса да адвокатураны ұйымдастыру мен қызметін реттеуде тиісті заңдар негізінде жасалған адвокаттар алқасының Жарғысы мен оның Жалпы Жиналысының шешімдері үлкен маңызға ие болады.

Адвокаттардың барлығы осы заң талаптарымен басқа да құқықтық нормативтер, заң актілеріне сүйенеді.

Жақсы адвокат болу оңай емес. Ол үшін білімді, білікті, жоғары мәдениетті болумен бірге ҚР заңдарын терең білу қажет. Сонда ғана оның беделі өсіп, мәртебесі биіктей түседі, азаматтар құқығының нағыз қорғаушысы, тағдырымыздың арашашысы бола алады. Сонда ғана адвокатқа деген адамдардың сенімі артады

## **ТАҚЫРЫП № 4. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ.**

### **§1. Адвокаттар алқасы және оның органдары.**

Азаматтарға кәсіби деңгейі жоғары құқықтық жәрдем көрсету бүгінгі күні аса маңызды конституциялық қағида болып табылады. Бұл қағида ата заңымыз ҚР Конституциясының 7-тарау, 35-бабымен бекітілген. Ал құқықтық мемлекет

құру мақсатында қолға алынып отырған реформа жағдайында жеке тұлғаның құқықтық қорғалуын жан-жақты қамтамасыз ету бірінші кезекті міндет болуы тиіс. Бұл ретте құқықтық жүйе саласында болсын, қоғамдық немесе әлеуметтік қарым-қатынастар саласында болсын адвокатураның жөні бөлек, орны ерекше.

Қазақстанда адвокатураның қызметінің негізгі ұйымдық статусы болып өзінің аумақтық белгісі бойынша айқындалған адвокаттар алқасы танылады.

Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері болып: адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау, сондай-ақ алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады, адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру, алдын ала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша тегін заң көмегін көрсету мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құра алады.

Адвокаттар алқасының Жарғысы алдымен оның атауын қызметінің мәні мен мақсатын, адвокаттар алқасының мүшесінің құқықтарын және – адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және мүшеліктен шығару мәселелерін қамтиды.

Адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, өздері құрған заң консультацияларының қызмет істеу тәртібін және мүлік жинау көздерін, оған иелік ету тәртібін және мүлік жинау көздерін, мүшелік жарнаны төлеу тәртібін адвокаттарды аттестациялаудан өткізу тәртібін т.б. мәселелерін қамтиды.

Адвокаттар алқасының жоғарғы органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы «конференциясы»; бақылаушы органы төралқа (президиум); бақылаушы органы тексеру комиссиясы болып табылады.

Адвокаттар алқасының жоғарғы органдары жалпы жиналыс адвокаттар қызметінің барлық мәселелерін шешеді. Оның ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1. Адвокаттар алқасының Жарғысын және Жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдау;
2. Төралқаның, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау және олардың есептерін тыңдайды және бекітеді;
3. Есепті көрсеткішке еселенетін мөлшердегі мүшелік жарна ставкаларын белгілеу және
4. Жалпы жиналыс (конференцияны) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі немесе конференция сайлаған делегаттар құрамы болған жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы.

Жалпы жиналысты (конференцияны) жылында кемінде бір рет адвокаттар алқасының төралқасы шақырады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етілуі бойынша алқа төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.<sup>23</sup>

<sup>23</sup> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет туралы Заңы 23-бап.



Адвокаттар алқасының төралқасы мен төралқа төрағасы жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады.

Адвокаттар алқасының төралқасының міндеттері

1. Адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2. Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты шақырады;

3. Адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды;

4. Адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдайды және шығарады; Адвокаттардың тағлымадан өтуге даярлауды ұйымдастырады;

5. Адвокаттың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Адвокаттардың тәртіптік, теріс қылықтары туралы материалдарды қарайды және кінәлі адамдарға тәртіпті жаза қолданады;

6. Адвокаттарды аттестациялаудан өткізуді, және олардың кәсіби біліктілік арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8. Заң консультацияларын құрайды, олардың меңгерушілерін қызметке тағайындайды және босатады;

9. Адвокат куәлігін береді; оның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі бекітеді.

10. Бухгалтерлік есепті, қаржы және статистикалық есептелікті және іс-жүргізуді ұйымдастырады.

Адвокаттар алқасының төралқасының төрағасы болып сайланған күйіне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болып адвокат сайлана алады. Ол төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырысында төрағалық етеді және шығарған шешімінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.<sup>24</sup>

Адвокаттар алқасының бақылау тексеру органдары болып оның тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Ол төрт жыл мерзімге сайланады.

Тексеру комиссиясының қызметі адвокаттар алқасының заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы шарушылық қызметіне сондай-ақ жеке-дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметіне тексеру жүргізіледі.

Хабарлауға және оның қармағына адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарын беруге міндетті.

Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсат талап етілмейді.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері: адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігі. Адвокаттың қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру. Заң актілерінде тікелей Заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын құрайды және оның орналасатын жерін белгілейді. Оның өз атауы, мөрі мен мөртаңбасы және өзге де атрибуты болады. Заң консультациясы адвокаттар

<sup>24</sup> Су харев.А.Я. Кадровые вопросы деятельности адвокатуры. Социалистическая законность-1987,№10

жалпы жиналысы бекіткен Ереже іс-қимыл жасайды. Оны адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгерушісі басқарады.

Адвокат кеңсесі мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады. Ол адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы бола алады.

Адвокат кеңсесінің құрылтайшысы мемлекеттік тіркеуден өткен соң он күн мерзімде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасына жазбаша хабарлауға және оның қарағына адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарын беруге міндетті.

Сонымен, қорыта айтатын болсақ, адвокатура – халыққа заң негізінде заң көмегін көрсететін кәсіби ұйым. Осы кәсіби ұйым болып адвокаттар алқасы танылады. Сонымен бірге азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оның іске асырылуына заңгерлік көмек көрсету мақсатындағы қызметті ұйымдастырады.

Алдағы құрылып жатқан құқықтық мемлекетте адвокаттардың алар орны да, мәртебесі де жоғары болмақ.

## **§2. Заң консультациялары мен адвокаттар кеңсесі – Адвокаттар қызметінің ұйымдық формасы ретінде**

Заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын құрады. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар төралқасы белгілейді. Заң консультациясы адвокаттар алқаларының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы мен тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі белгіленген мөрі мен мөртаңбасы, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті өзге де атрибуты болады. Заң консультациясы адвокаттар жалпы жиналысы бекіткен ереже негізінде іс-қимыл жасайды. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші басқарады.<sup>25</sup>

Адвокаттар кеңсесінде қызмет атқаратын адвокат көп күш-жігер не уақыт жұмсауды қажет ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылықпен құлшыныс білдіре отырып, кәсіптік ережелерін сақтауға тиіс. Негізінде адвокат заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау керек.<sup>26</sup>

Адвокат кеңсесі мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады. Адвокат кеңсесі адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Адвокаттар кеңсесін адвокаттар алқасының мүшесі құрады. Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы бола алады. Бір адвокат құрған адвокат кеңсесі өз қызметін жарғының негізінде жүзеге асырады.

<sup>25</sup> ҚР Адвокаттық қызмет туралы Заңы 32-бап

<sup>26</sup> Правила профессиональной этики адвокатов, принятое решением Алма тинской коллегии адвокатов. От 20 августа 1998 года.

Адвокат кеңсесін бірнеше адвокат құрған жағдайда құрылтай шарты да құрылтай құжаты болуы керек. Адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) мемлекеттік тіркеуден өткен соң он күн мерзімде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасына жазбаша түрде хабарлау керек. Басқа көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, мемлекеттік органдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермейді. Кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстау және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделетін адвокаттық қызметте адвокат өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап келген өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермейді, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болып, оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамайды.<sup>27</sup>

Құқықтық мемлекет құрудың маңызды принциптерінің бірі еліміздегі жүргізіліп отырылған құқықтық реформа болып табылады. Құқықтық реформаның алғашқы кезеңі адам құндылығының басымдылығына негізделеді. Бүгінгі күні еліміз құқықтық реформаның екінші кезеңіне шығып отыр. Бұл арада адвокаттық қызметті жетілдіру, адвокат мәртебесін көтеру, және олар көрсететін заң көмектерін ізгілендіру – ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

### **§3. Заңды тұлға құрмай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын жеке адвокаттар**

Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет туралы Заңының 19-бабы бойынша «Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, сондай-ақ заңды тұлғаны тіркемей-ақ жеке дара адвокаттық кеңсе құруға құқылы» - делінген.

Алайда адвокат тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Кәсіби қызметті жеке дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрақты тұратын жері көрсетіледі. Мүше болып тіркелген адвокаттар алқасының Төралқасы (Президиумы) заңды тұлға құрмай жеке дара адвокаттық қызметті жүзеге асыратын адвокаттардың тізімін жасайды. Заңды көмек көрсеткені үшін алынатын сыйақысы (гонарары) оның жеке есеп шотына аударылып отырылады. Өйткені адвокат банктерде есеп айрысу және өзге де шоттар, жеке мөр, мөртабандар, жеке бланкілер иеленуге құқылы.<sup>28</sup> Кәсіби қызметті жеке дара жүзеге асырушы адвокат заңды көмек алуға тілек білдірген тұлғамен келісім арқылы шартқа отырып, іске қатысуға ордер арқылы емес,

<sup>27</sup> Шаламов М.П. История Советской адвокатуры М. 1939

<sup>28</sup> Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы № 425-ІІ Заңымен 33-бап, 33-1 баппен толықтырылды.

нотариалды куәландырылған сенімхат арқылы шартпен қатысады. Бірақ ол да Адвокаттық қызмет туралы заңдар бойынша міндеттемелер атқарады.

Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы жеке дара кәсіби қызметпен айналысатын адвокаттардың қаржы-шаруашылық істеріне кез-келген уақытта тексеру жүргізе алады. Өйткені, олардың мүшелік жарналары адвокаттар алқасына уақтылы, заңды аударылып отыр ма, сол мәселелерді бақылайды. Жеке кәсіби қызметпен айналысатын адвокаттар еңбегінен салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексімен жүзеге асырылады. Салық және басқа төлемдерді төлеп тұрғаны туралы қаржылық қызметтерінің есептерін салық органдарына көрсетіп, мәлімдеп отырады.

Ал қалған кәсіби адвокаттық қызметтерін атқару барысында ол Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет туралы Заңын басшылыққа алады.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Адвокаттар өздерінің қызметтерін қандай нысанда ұйымдастырады?
2. Заң консультациясының құқықтық мәртебесі қандай және оның меңгерушісі қандай өкілеттіктерге ие?
3. Адвокаттық кеңсе құрутәртібі және құқықтық мәртебесі қандай болады?
4. Заңды тұлға құрмай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын жеке адвокаттардың құқықтық мәртебесі қандай және оны жеке кәсіпкер ретінде тануға болады ма?

### **Дәріс 4. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері.**

Азаматтардың барлық жағдайда құқықтары мен бостандықтарын заң тұрғысынан көмек беріп, қорғайтын бірден бір жеке тұлға адвокат болып табылады.

Адвокат әркімге белгілі –жалпы азаматтарға заңдық көмек беруші тұлға болғандықтан өз өкілеттігін жүзеге асыруда басты міндеті азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау арқылы жүргізеді.<sup>29</sup>

Адвокат – Қазақстан Республикасының азаматы, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін адам.

Жоғарғы заң білімі бар, заңгер мамандығы бойынша жұмыс стажы екі жылдан кем емес және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады.

Бұрын басқа заң саласында жұмыс істеген болса, бұл мерзім алты ай болып есептеледі.

Адвокат болғысы келген заң мамандары әділет министрлігі бекіткен біліктілік комиссиясына арыз өтініш жазып адвокаттық қызметпен айналысу лицензиясын ала алады. Ол үшін біліктілік сынағынан өту қажет.<sup>30</sup>

Қазақстан Республикасының «әділет министрлігі берген адвокат лицензиясы лицензияда көрсетілген адамның адвокаттық қызметпен айналысуына рұқсатнама болып табылады.

Лицензия адвокаттар алқасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағлымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі. Аттестаттаудан өту ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ал аттестаттаудан өтпестен адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға тұрақты судьялардың және прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурор, тергеушілер мен анықтаушылар адвокаттар алқасында тағлымдамадан өткеннен кейін емтихан тапсырудан босатылады. Бірақ бұған өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңды бұзғаны үшін қызметінен босатылған құқыққорғау органдарының қызметкерлері кірмейді.

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығын беретін лицензияны беру мәселесін Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі шешеді.

Адвокаттық лицензия негізінен әділет министрлігінде тіркеліп нөмерлік сандары реестрінде көрсетіледі.

Лицензия біліктілік емтиханын тапсырған жағдайда беріледі. біліктілік емтиханын тапсыру тәртібін «әділет біліктілік алқасы белгілейді.

Қазақстан республикасының Әділет министрлігі Адвокаттар лицензиясының мемлекеттік тізілімін ол туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен ережеге сәйкес жүргізеді.

Біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу туралы өтініш сонымен бірге лицензия беру туралы өтініш те болып табылады.

Лицензия беру туралы өтініш қабылдануы да қабылданбауы да мүмкін. Өйткені Лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген негіздер бойынша лицензия беруден бас тартылуы да мүмкін.

Лицензия негізгі, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Бұл лицензия Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының президентінің заң күші бар жарлығымен бекітіледі.

«Бұл лицензияны алғанымен адвокат бола алмайтын адамдар».тізімі де адвокаттық қызмет туралы заңда анық көрсетілген.

Яғни олар, қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған, белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған, адвокаттар алқасынан шығарылған, тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органдарынан босатылған адам – босатылған күннен бастап бір жыл бойы, сондай-ақ лицензиясының қолдануы осы Заңда белгіленген тәртіппен тоқтатылған адамдар адвокат бола алмайды.

---

<sup>30</sup> Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия берутәртібі туралы Ереже ҚР Әділет Министрі бекіткен 21 қаңтар 1998 жыл №19

Лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген жалпы негіздерден басқа лицензияны кері қайтарып алу Қазақстан Республикасы Әділет органдарының талап қоюы арқылы сот шешімі бойынша сот тәртібімен мына жағдайларда.

1. адвокат адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел бұзған және өз міндеттерін бірнеше мәрте орындамаған және біліктілігі жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Тиісті сот шешімінің негізінде лицензияның күші:

1. Белгіленген тәртіппен адвокат әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған.

2. Адвокат қасақана қылмысы үшін сотталған жағдайларда тоқтатылады.

Адвокат лицензиясының күші адвокат Қазақстан Республикасы азаматтығынан шыққан жағдайда да тоқтатылады.

Адвокаттар лицензиясының күшін тоқтату мәселесі Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің талап арызы бойынша сот тәртібімен жүзеге асады.

Адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңдарының талаптары мен нормаларын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел бірнеше рет бұзған және біліктілігі жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби қызметін орындау мүмкін болмаған жағдайларда тиісті адвокаттар алқасының өтініші адвокаттың лицензиясын кері қайтарып алу туралы талап арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Лицензияны кері қайтарып алу лицензияның тоқтатылуына әкеп соғады.

Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.<sup>31</sup>

3. Адвокат лицензиясын кері қайтарып алу жөніндегі іс жүргізу Қазақстан республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен тек тиісті адвокаттар алқасының ұсынысы бойынша қозғалады.

Адвокаттарға берілетін лицензияның күші уақытша тоқтатыла тұратын жағдайлар да болады. Бұл адвокаттар лицензиясын кері қайтарып алу және оның қолданысын тоқтатудан айырмашылығы бар Соңғы мәселе бойынша Лицензияның күші біржола тоқтатылады да, одан кейін адвокаттың адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы болмайды.

Ал Лицензияның күші адвокаттың мемлекеттік қызметке тұруы, оның парламент депутаты болып сайлануы, міндетті мерзімді әскери қызметте болуы, сондай-ақ лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Яғни бұл дегеніміз, адвокат мемлекеттік қызметтен шығып, не болмаса парламент депутатығының мерзімі біткеннен кейін адвокаттық қызметін қайтадан жалғастыра алады деген сөз. Адвокат бұл кезеңде адвокаттар алқасының мүшелігінен шығып кетеді. Лицензияның қолдануын тоқтата

<sup>31</sup> Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы № 425 -II Заңымен Адвокаттық қызмет туралы заңға толықтырулар енгізілді

тұруды Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі шешеді де оны бұйрық ретінде рәсімдейді де лицензиясының күші тоқтатылған адамға хабардар етіледі.

Адвокаттар лицензиясын беру , лицензиялардың қолданыла тұруын тоқтата тұру, лицензияны кері қайтарып алу және қолданылуын тоқтату туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын мерзімді баспа материалдарында жарияланады.

Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез-келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

Адвокат өзіне өтініш жасаған адаммен заң көмегін көрсету туралы өз атынан келісім жасасады.

### **Дәріс 5. Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың құқықтық жағдайы. Адвокаттың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері.**

Адвокаттың нақты бір іс жүргізуге өкілеттілігі ордермен куәландырылады. Лицензия – белгілі бір қызметті жасауға рұқсат беретін құжат болса, ордер – белгілі бір іс жүргізуге қатысуға рұқсат беретін құжат болып саналады. Ордер мен лицензияның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі бекітеді.

Ал ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Ал егер халықаралық шарт негізінде Қазақстанда адвокаттық қызметпен айналысуға келген шетел адвокатының өкілеттілігі оның жеке басын , адвокаттар мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттілігін белгілейтін құжатпен расталады.

Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес.

-Барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге.

-Барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға.

-Заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге.

-Көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен белгілеп алуға.

-Іске қатысуға жіберілген сәттен бастап, жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен жолығып тұруға.

-Заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да салаларды арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қортындыларын сұратуға.

-Өтініштер мәлімдеуге, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдарымен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға.

-Мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға.

-Заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға.

-Заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.<sup>32</sup>

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттық заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

Адвокаттың мемлекеттік органдарын, соттардың, прокуратураның, анықтау және алдын ала тергеу органдарының әкімшілік үйлеріне кіруі осы органдар мен соттар белгілеген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша жүзеге асырылады.

Адвокаттың ұсталғандар, тұтқынға алынғандар және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарға кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокаттың міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқылы.

Адвокаттар алқасының мүшелері белгілі бір құқықтарға ие болады және міндеттер атқарады. Сонымен адвокаттардың құқықтарын екіге бөліп қарасақ та болады.

Бірінші топқа мен адвокаттардың алқалығының мүшесі ретіндегі құқықтарын жатқыздым.

Екінші топта адвокаттардың азаматтық істер бойынша өкілі ретінде және де қылмыстық істер бойынша қорғаушысы ретінде қатысқан жағдайдағы кәсіби құқықтары.

Алқаның мүшесі ретінде адвокаттардың құқықтары:

- адвокаттар алқасының органына таңдауға және таңдалу болуға;
- адвокаттар алқасының алдында сұрақ қоюға, осы жөнінде жұмысты жақсартуға ұсыныс енгізуге;

- адвокаттар алқасынан шығуға және т.б. құқықтарға ие.

Өкіл немесе қорғаушы ретінде адвокаттардың құқықтары:

- заң көмегін сұрап келген тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

---

<sup>32</sup> Петрухин.И.Л. Ваш прием адвокат – М. Прогресс Университет.1993.



- барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан қажетті мәліметтерді сұратуға;

- заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

- көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалмен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен белгілеп алуға;

- заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Бұл құқықтар толығымен адвокаттық қызмет туралы заңның 14 бабында көрсетілген.

Адвокаттың міндеттері. Өзінің заң талаптарын сақтауға, заң көрсеткен барлық құралдармен тәсілдерді пайдалануға. Адвокаттық қызмет туралы заңның 15 бабының 2 тармағында көрсетілген жағдайда заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті. Заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға және басқа да заңда көрсетілген міндеттерді атқарады.

Адвокаттан өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы куәгер ретінде жауап алуға тыйым салынады.

Егер адвокат осы іс бойынша мүдделерді көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісім бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман аударушы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ал заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

Іс бойынша адвокаттық көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануына тыйым салынады.

Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Адвокаттың көмекшілері тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

Адвокаттық көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады. Адвокаттың көмекшілерін адвокаттық алқаға мүшелікке қабылдау адвокаттың адвокатқа көмекші етіп алу туралы адвокаттар алқасының төралқасының төрағасының

атына жазған өтініші негіз болады. Оның құқықтық мәртебесі тиісті Адвокаттар Алқасының Ережесімен және Адвокаттар Алқасының арасында жасалған жеке еңбек шартымен анықталады. Адвокаттың көмекшісі адвокаттық құқықтар мен өзіндік жеке істерге қатысу құқығына ие болмағандықтан, оның еңбек стажы заң стажы болып есептелмейді.

Ол тек адвокаттың нұсқауларымен мына істерді атқара алады.

- Әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер материалдарын зерттеуге көмектеседі

- кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуді ұйымдастырады, адвокат қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді.

- әртүрлі істер бойынша сот практикасын зерделейді және зерттейді

- Іс қағаздарын жүргізумен яғни хатшы қызметімен айналысады. компьютерлік жұмыстар және көшірме-көбейту жұмыстары.

- ғылыми және арнайы әдебиеттер мен құжаттарды аударумен айналысады. және тағы да басқа адвокаттарға қажетті қызметтерге көмек көрсетеді.

Адвокаттың көмекшісі заң консультациясының ішкі тәртібін сақтауға, сотта және басқа да мемлекеттік органдардағы тәртіптерге бой ұсынуға, өзінің кәсіби біліктілігін көтеруге және адвокатқа атқарылған істер бойынша есеп беріп отыруға міндетті. Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

Адвокаттың көмекшісіне еңбекақы төлеу тәртібі мен шарты онымен жасалған жеке еңбек шартында көрсетіледі.

Адвокат сонымен қатар тағлымадан өтуші ұстауы мүмкін.

Тағлымдамадан өтушілер тағлымдама туралы шарттардың негізінде адвокатта тағлымдамадан өтеді.

Адвокаттың көмекшісінен тағлымадан өтушінің ерекшелігі тағлымадан өтушіде міндетті түрде жоғары заң білімі және Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Өйткені, Тағлымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заңгер мамандығы бойынша жұмыс стажына есептеледі.

Тағлымдаманың тәртібін, мерзімімен шарттарын адвокаттар алқасы белгілейді. Адвокаттың тағлымадан өтушілері болашақта адвокаттық қызметпен айналысуға үміткерлер болғандықтан, оларға да адвокаттарға қойылатын талаптар мен міндеттер қойылады. Яғни, қасақана жасаған қылмыстары үшін соттылығы болмауы, заң бойынша әрекет қабілеттілігі жоқ немесе шектеулі деп танылмауы, және құқық қорғау органдарынан соңғы бір жылдар ішінде тәртіптік жауапкершілігі үшін жұмыстан шығып кетпеуі есепке алынып, содан кейін ғана тағлымадан өтуші деп қабылданады.

Тағлымадан өту туралы типтік шартты адвокаттар алқасының Төралқасы бекітеді. Онда тағлымадан өтушінің және оған басшылық жасайтын жетекшінің құқықтары мен міндеттері, оларға төленетін еңбекақы мөлшері және тағлымадан өту мерзімі, орны уақыты көрсетіледі.

Тағлымадан өтуге жалпы басшылықты Адвокаттар алқасының төралқасы жасайды. ал тікелей басшылықты тағлымадан өтуші бекітілген жетекші жасайды. «...Біздің көзқарасымызша тағлымадан өтуге жетекшілік ету жайлы Ереже бойынша жетекші адвокаттың еңбек стажы кем дегенде бес жыл болу мәселесі жайлы ойлану керек сияқты»<sup>33</sup>Тағлымадан өтуші жетекшісінің рұқсатымен

- құқықтық мәселелер бойынша заң кеңестерін беру үшін азаматтарды қабылдауды жүргізеді.
- заңды тұлғаларға заң көмегін көрсетеді
- жетекшісінің тапсырмасымен іс материалдарын зерттейді, жарыссөзде сөйлейтін тезистердің жобасын жасайды және сот отырыстарына қатысады.
- азаматтарға шарттық қатынастар негізінде азаматтық құқықтық көмектер көрсетеді
- атқару өндірісінде туындаған мәселелер барысында азаматтарға заң кеңестерін береді.
- және басқа да заң көмектерін көрсету барысында жетекшісінің басшылығымен жүзеге асырады.

Тағлымадан өту кезеңінде тағлымадан өтуші жетекшісіне және адвокаттар алқасына есеп беріп отырады. Өйткені тағлымадан өту мерзімі біткеннен кейін оған мінездеме беріп, адвокаттық лицензия беруге ұсыныс беретін осы адвокаттар алқасы болады. Тағлымадан өту мерзімі тиісті мерзімінен бұрын жетекшісінің ұсынысымен ерте бітуі мүмкін.

Тағлымадан өту аяқталысымен тағлымадан өтушінің басшысы сынақтан өтушінің жалпы дайындық деңгейі, оның тағлымадан өту барысында алған кәсіби білімдері мен іс жүзінде дағдылары көрсетілген қорытынды жасайды. Қорытындыға тағлымадан өтушінің жетекшісі қол қояды.

Тағлымадан өту туралы қорытындыны тағлымадан өтуші біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беру үшін талап етілетін құжаттар тізбесінде Біліктілік әділет алқасына береді.

Жоғары заңгерлік білімі бар, адвокаттық қызмет құқығына лицензия алуды қалайтын құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне кемінде он жыл еңбек стажы болса, сондай-ақ заң ғылымының кандидаттарына құқық қорғау органдарында жұмыс істеу уақыты тағлымадан өту мерзіміне есептеліп, лицензия жедел түрде беріледі.

Адвокаттар, тағлымадан өтушілер, адвокаттың көмекшілері «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, алқа Жарғысының талаптарын бұзғаны үшін адвокаттар алқасының мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік іс жүргізу адвокаттар алқасының төралқасының құзіретіне жатады. Тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынысты заң консультациясының меңгерушісі береді. Тәртіптік іс қозғауға негіз болатын, азаматтардың арызы, кәсіпорын, ұйым, мекемелердің лауазымды тұлғаларының хабарлаулары, сот қаулылары, сондай-ақ, адвокаттар алқасы жүргізген тексерудің нәтижелері себеп болды. Істі қарауға дейін адвокаттар алқасының

<sup>33</sup> Г.Ж.Сулейменова.Л.В.Воронина. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан 2002

төралқасы тәртіптік жауапкершілікке тартылу негіздерінің жеткілікті екендігін тексеру керек, ол үшін, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адвокаттан жазбаша түсініктеме ала отырып, оны іс материалдарымен таныстырады.

Адвокат қосымша түсініктемелер беріп, қайта тексеру жайлы ұсыныс бере алады. Адвокаттың жазбаша түсінік беруден бас тартуы тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы істің қаралуына кедергі келтірмейді.

Егер адвокаттың тәртіптік әрекеттері дәлелденсе, онда адвокатты барлық істерден тәртіптік іс қарауды біткенше қалдыра тұрады.

Адвокаттың тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ісін адвокаттар алқасының төралқасы оның өзінің қатысуымен қарайды, егер ол бірінші іс қарауға келмей қалған жағдайда, іс қарауды кейінге қалдырады. Адвокаттың екінші іс қарауға себепсіз келмеуі, яғни ауырып, емханаға түсуі және басқа да жағдайлар болмаған ретте оның қатысуынсыз іс қарап, шеше береді.

Тәртіптік іс жүргізу бойынша адвокаттар алқасының төралқасы мынандай шешім шығаруы мүмкін.

1. Тәртіптік шараларды ескерту, қатаң ескерту, сөгіс жариялау арқылы салу
2. тәртіптік іс жүргізуді қысқарту.
3. адвокаттар алқасынан шығару.

Тәртіптік шараларды қолданғанда адвокат жасап отырған әрекеттер мен оның себептері, салдары, оның алдындағы міндемесі, сондай-ақ еңбек стажына қарай отырып қолдану керек.

Әрбір жасалған тәртіптік жауапкершілікке бір ғана шара қолданады. Тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану туралы шешімге адвокат сот арқылы шағымдана алады.

Адвокаттар алқасынан шығару адвокаттар алқасының төралқасының шешімімен мынадай жағдайларда шығарылады.

1. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия кері қайтарып алынған немесе қолдануы тоқтатылғанда,
2. Адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын, нормаларын бірнеше рет бұзғанда,
3. біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби қызметін орындай алмағандығы анықталғанда
4. мүшелік жарнаны ұдайы төлемегенде
5. кәсіпкерлік қызметпен, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқанда,
6. адвокаттың өз тілегі бойынша
7. алқа Жарғысында көзделген өзге де жағдайларда шығарылады.<sup>34</sup>

Адвокаттар алқасынан шығару лицензияны кері қайтарып әкелуге соқтырады.

Алқадан шығарылған адвокаттар алқасының төралқасы шығарған қаулының көшірмесі адвокатқа берілген күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

<sup>34</sup> ҚР Адвокаттық қызмет туралы Заңы 31-бап.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Адвокаттар алқасының мүшелеріне қандай талаптар қойылады?
2. Адвокаттық қызметпен айналысу үшін біліктілік сынағынан өту тәртібі қандай?
3. Адвокаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия алу тәртібі қалай болады?
4. Адвокаттар алқасының мүшесі ретінде адвокаттың құқықтары қандай?
5. Адвокатқа қандай міндеттер жүктелген?
6. Адвокаттар алқасынан шығару үшін тәртіптік жауапкершілік негіздері қандай болу керек?
7. Адвокаттың көмекшісінің құқықтық мәртебесінен тақлымадан өтушінің құқықтық мәртебесінің айырмашылықтары қандай?

## **ДӘРІС 6 . АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУҒА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯ**

Адвокаттар еңбекақысы келісімді болғандықтан ол азаматтар мен ұйымдарға берген заң көмектеріне келіп түскен еңбекақы болып саналады да пайда болып есептелмейді. Сондықтан олардан пайда үшін алынатын салық алынбайды да, Салық кодексінде көрсетілген арнайы салық салу тәртіптерімен жүзеге асырылады.

Өйткені адвокаттар алқасы адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Яғни адвокаттарға ешқандай мемлекеттік бюджеттік органдардан айлық жалақы төленбейді. Олар клиенттері арасында жасалатын келісім арқылы өздері береті заң кеңесіне қарай еңбекақы мөлшерін өздері белгілейді. Сондықтан олар пайда табуды көздемейді, Адвокаттардың еңбекақысы келісім арқылы гонарар яғни сыйақы деп танылады. Өйткені оның айлық жалақы сияқты белгілі бір көлемі болмайды, Ол әрбір қараған ісінің күрделілігіне , арнайы кәсіби біліктілікті қажет етуге, жаңалығына байланысты болады.

Оның үстіне мерзімімен жағдайларға қарай да гонарардың көлемі өсуі мүмкін. Сондай-ақ егер адвокат өзіндегі бірнеше іске қатысу салдарынан ол істі алу мүмкіндігі болмауы мүмкін. Ал егер адвокат сол бір іс үшін басқа жұмыстардан бас тартуы да гонарардың көлемінің ұлғаюына әкеп соғады.

Адвокатың тәжірибесі, репутациясы заң көмегін көрсету қабілеттілігі жоғары адвокаттарға тәртіп бойынша гонарар жоғары төленеді.

Және осылармен қатар көмек сұрап келген азаматтың материалдық жағдайына байланысты гонарар жоғары төленуі мүмкін.

Адвокат пен клиент арасында жасалатын заң көмегін көрсету туралы келісімде мына мәліметтер көрсетіледі. Келісімнің жасалған уақыты, орны, адвокат жайлы толық мәлімет, оның қай адвокаттар алқасына, заң консультациясына, адвокаттар кеңсесіне тиісті екені, және сонымен қатар көмек сұрап келіп отырған адам жайлы да толық мәлімет, тапсырма түрі, қай жерде орындалатыны, келісім мерзімі, гонарар көлемі, берілген ордер туралы мәлімет, соңында тараптардың қолы болады. Келісімде сондай-ақ бұрын жасалған жұмыс қорытындысы, қазіргі тапсырма түрінің орындалуы келтіріледі. Келісімнің заңдылығын заң консультациясының меңгерушісі мен адвокаттар кеңсесінің құрылтайшысы тексереді. Адвокат еңбегіне ақы төленбей қызметіне кірісе алмайды. Көлік, жол, іссапар шығындарын көмек сұрап келіп отырған адам көтереді.

Қылмыстық істер бойынша адвокаттың еңбегіне ақы төлеу заңдарға сәйкес жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізуші орган оған негіз болған кезде сезіктіні, айыпталушыны заңгерлік көмекке ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы. Бұл жағдайда еңбекке ақы төлеу мемлекеттің есебінен жүргізіледі.

«Адвокаттық қызмет көрсету туралы» заңның 5 бабында ақылы қызметтің қалай белгіленетіндігі көрсетілген. Ол негізінен адвокатпен көмек сұрап келген кісінің арасындағы келісімге сай болмақ екенін айттық.

Адвокаттар көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу мөлшері, қорғаумен және өкілдік етумен байланысты шығындарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын келісімде белгіленеді.

Заңдарда көзделген жағдайларда, адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығындарын төлеу, анықтау, алдын-ала тергеу органдарының қаулылары және сот ұйымдары бойынша республикалық бюджет қаражатынан жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша адвокат көрсеткен заң көмегі үшін ақы төлеу мөлшері оның соңғы екі айдағы орташа жалақысынан төмен болмауға тиіс.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу мен қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығындарды өтеу тәртібін, осы заңды негізге ала отырып ҚР Үкіметі белгілейді.

Адвокаттар сенім білдірушілердің өтініштері бойынша: алимент өндіріп алу туралы, асыраушының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші сатыдағы соттарда талап қоюшыларға.

Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдарға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, I және II топтағы мүгедектерге, егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселелеріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

Зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді дайындау кезінде азаматтарға.

Ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде азаматтарға заң көмегін тегін көрсетеді.

Адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібі адвокаттар алқасының жарғысында белгіленеді.

Адвокаттың көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу тиісінше адвокаттар алқасының, адвокат кеңсесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Адвокаттардың қылмыстық іс бойынша көрсеткен еңбегіне ақы төлеу азаматтық істерден өзгешелеу келеді. олар адвокаттар алқасының жарғысында белгіленеді.

Азаматтарды олардың материалдық жағдайы ескеріле отырып, адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, адвокат кеңсесінің иесі (иелері) және өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке-дара жүзеге асыратын адвокат заң көмегіне ақы төлеуден босата алады.

Осы аталған жағдайларда адвокаттың көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу тиісінше адвокаттар алқасының, адвокат кеңсесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Азаматтық істер бойынша адвокаттың (өкілдің) көмегіне ақы төлеу, егер адвокат заң көмегін тарапқа тегін көрсетсе, сот осы бапта аталған шығындарды адвокат бөлген заң консультациясының, кеңсесінің пайдасына немесе келісім-шарт пайдасына жұмыс істеуші адвокаттың пайдасына өндіреді.

Пайдасына шешім шығарылған тарапқа сот процеске қатысушы өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі өзіне екінші тарап келтірген шығындарды іс жүзінде өзі шеккен шығындар.

Істі сотта қарауға дайындау кезінде судья немесе істі қарау кезінде сот азаматтың мүліктік жағдайын негізге ала отырып, оны заң көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды мемлекеттің есебіне жатқызуға құқылы.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Адвокаттардың еңбекақысы қандай қаражаттардан тұрады?
2. Адвокаттың еңбекақысы қалай белгіленеді? және ол қалай аталады?
3. Адвокат кімдерге қандай жағдайларда заң көмегін тегін көрсетеді?
4. Мемлекеттік бюджеттен қорғауға кеткен шығындар адвокатқа қалай төленеді?
5. Адвокаттарға төленетін гонарар мәселесін қалай көтеруге болады?

## **ДӘРІС 7. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру. Адвокаттар алқасының ұйымдастырушылық - құқықтық мәртебесі, оның органдары.**

Адвокат өз қызметін адвокаттар алқасында құрылатын заң консультациясында не заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асыруға, сондай-ақ өзі дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокаттық кеңсе құруға құқылы.

Кәсіптік қызметті заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асыратын адвокаттың адамдарды қабылдауға, адвокаттық іс қағаздарын жүргізудің сақталуын және адвокаттық құпияны сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдайларды сақтауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті.

Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

Адвокаттар алқасы адвокаттардың жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, осы Заңда белгіленген өзге де функцияларды орындау үшін адвокаттар құратын коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуге тиіс, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол осы Заңның [32-бабының](#) талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамасы бойынша құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс.

Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері мыналар:

1) адвокаттар алқасының мүшелері адвокаттық қызметті жүзеге асырған кезде оларға жәрдемдесу, кәсіптік көмек көрсету және оларды қорғау;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегінің көрсетілуін және қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы өзінің интернет-ресурсына:

1) адвокаттар алқасы мүшелерінің жаңартылған күйдегі тізімін;

2) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметке және заң көмегіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін;



- 3) Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін;
- 4) заң көмегін көрсету стандарттарын;
- 5) заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;
- 6) біліктілікті арттыру стандарттарын;
- 7) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;
- 8) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы), адвокаттар алқасын басқарудың атқарушы органдары қабылдаған шешімдерді;
- 9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелерін;
- 10) алқаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті;
- 11) адвокаттар алқасының қызметі және оның мүшелері туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің ақпарат алу тәсілдерін көздеуге тиіс.

6. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады.

7. Адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасына бірігеді.

Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасының мүшелері төлейтін жарналар, гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады. Адвокаттар алқасының ортақ мұқтаждарға арналған шығындарына оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, адвокаттар алқасы аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалатын шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

Адвокаттар алқасының жарғысында:

- 1) адвокаттар алқасының атауы, қызмет нысанасы мен мақсаттары;
- 2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібі;
- 4) адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 5) заң консультацияларын құру және олардың қызмет ету тәртібі;
- 6) мүлікті түзу көздері мен оған билік ету тәртібі;
- 7) мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу тәртібі;
- 8) адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі және соттың, қылмыстық қудалау органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін адвокаттар арасында бөлу тәртібі;
- 9) Адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ереже негізінде адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі;
- 10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тәртіптік жауаптылығы және оған тарту тәртібі;

11) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат қозғау тәртібі;

12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі;

13) адвокаттар алқасы таратылған кезде мүліктің тағдыры көзделуге тиіс.

2. Адвокаттар алқасының жарғысында осы Заңның [1-бөлімінің](#) және осы бөлімнің талаптарын көрсететін ережелер қамтылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

**Адвокаттар алқасының органдары.** Мыналар:

1) жоғары орган – мүшелердің жалпы жиналысы (конференциясы);

2) атқарушы орган – төралқа;

3) бақылау органы – ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының органдары болып табылады.

Адвокаттар алқасында адвокаттардың тәртіптік комиссиясы құрылады.

Адвокаттар алқасының жарғысында көзделген жағдайларда, адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия мен басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы. Жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне:

1) адвокаттар алқасының жарғысын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) адвокаттар алқасының төралқасын, төралқа төрағасын, ревизиялық комиссиясын, ревизиялық комиссия төрағасын, тәртіптік комиссиясын, адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының төрағасын сайлау;

3) адвокаттар алқасының жарғысында көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасының басшылары мен жұмыскерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту;

5) адвокаттар алқасының төралқа мүшелерін, төралқа төрағасын, басқа да сайланбалы органдарының мүшелері мен төрағаларын мерзімінен бұрын кері шақыртып алу;

6) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын адвокаттар не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар жастар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді;

7) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есепті бекіту жатады.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы санының немесе тиісінше, адвокаттар алқасы мүшелері конференциясының сайланған делегаттары құрамының үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға құқықты.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) адвокаттар алқасының төралқасы кемінде жылына бір рет шақырады. Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы отыз күн ішінде адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақыруға міндетті.

Адвокаттар алқасының жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

Дәл сол бір адамдар адвокаттар алқасының төралқасында қатарынан екі мерзімнен артық бола алмайды.

## 2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокаттар бюджет қаражаты есебінен көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақырады және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) адвокаттардың кәсіптік және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) адвокаттардың қызметі туралы олардың қорытылған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

б) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен шағымдарды (ұсынуларды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) адвокаттарға аттестаттау жүргізуді және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) осы Заңда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқа адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

12) оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

13) кодификациялық-анықтамалық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлейді және басып шығарады;

14) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

15) нысанын Республикалық адвокаттар алқасы бекітетін адвокат куәлігін береді;

16) адвокаттар алқасының қаражатына жарғыда айқындалған және адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) айқындаған тәртіппен билік етеді;

17) бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептілікті, іс қағаздарын жүргізуді және бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

18) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

19) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

Сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам қатарынан екі мерзімнен артық адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы лауазымын атқара алмайды.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы алқаның жарғысына сәйкес:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқа, адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді, адвокаттар алқасы аппаратының жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген, сондай-ақ шығарылу себептерін көрсете отырып, адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған лицензиаттар туралы мәліметтердің лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқасының қызметі туралы есептің Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

б) адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есептің аумақтық әділет органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа да өкілеттіктері адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мен оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын адвокаттар алқасының органы болып табылады. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің қатарынан құрылуы мүмкін. Ревизиялық комиссияның мүшелері адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады және алқаның жоғары басқару органына есеп береді.

Дәл сол бір адам адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының кез келген уақытта адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар. Адвокаттар алқасының органдары адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша тексеруге қажетті құжаттарды ұсынуға және ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті. Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепке міндетті түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижелерін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырады.

Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Кіру жарналарына тыйым салынады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Адам адвокаттар алқасынан шығарылып, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясын сақтап қалған жағдайда, ол шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін адвокаттар алқасына қайта

қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Республикалық адвокаттар алқасы заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде адвокаттар тізілімін қалыптастырады. Адвокаттар тізілімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына мүше болу күні;

4) адвокаттық қызмет ұйымының адвокат таңдаған нысаны, заңды мекенжайы, байланыс телефондарының нөмірлері;

5) адвокатқа қатысты тәртіптік жазалау шараларының болуы немесе болмауы;

6) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру күні мен негіздері;

7) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату күні мен негіздері;

8) адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұру не тоқтату күні мен негіздері.

Адвокат Республикалық адвокаттар алқасын адвокаттар тізілімінде қамтылған ақпаратты өзгертуге алып келетін кез келген оқиғалардың басталғаны туралы жазбаша нысанда немесе электрондық құжат жіберу арқылы осындай оқиғалар басталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарында қол жеткізу шектелген мәліметтерді қоспағанда, адвокаттар тізілімінде қамтылған ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке кірген лицензиат Республикалық адвокаттар алқасы белгілеген тәртіппен мынадай мазмұнда ант береді:

"Мен, (аты және тегі), заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға, адам құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін адал және шынайы ниетпен қорғауға, заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүктелген міндеттерді орындауға салтанатты түрде ант етемін."

2. Лицензиат ант мәтініне қол қояды, ол адвокаттың жеке ісінде сақталады.

Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің тізімін жүргізеді және оны жаңартылған күйде адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокат мәртебесін алу, тоқтата тұру және тоқтату туралы ақпаратты Республикалық адвокаттар алқасына жібереді.

## **ДӘРІС 8. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттер. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі**

Адвокаттар алқасы мүшесінің:

1) адвокаттар алқасы, оның органдары мен лауазымды адамдары тарапынан берілетін жәрдемді, кәсіптік көмек пен қорғауды пайдалануға;

2) адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдарының алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасының органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар ұсынуын талап етуге;

4) өзінің қызметін немесе мінез-құлқын адвокаттар алқасының органдары тексерген және талқылаған барлық жағдайларда оған жеке өзі қатысуға;

5) адвокаттар алқасының жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда оның мүлкін пайдалануға;

б) адвокаттар алқасының құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар.

Адвокаттар алқасының мүшесі:

1) адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын сақтауға;

2) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының), Республикалық адвокаттар алқасының және олардың органдарының шешімдерін орындауға;

3) мүшелік және нысаналы жарналар төлеуге;

4) адвокаттар алқасының төралқасына көрсетілген заң көмегі туралы статистикалық мәліметтер ұсынуға;

5) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда лицензияға адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге;

б) адвокаттар алқасының төралқасына өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлауға;

7) адвокаттар алқасының төралқасына жеке және заңды тұлғалардың өзі көрсеткен заң көмегінің сапасына берген жолданымдары бойынша тексеру үшін қажетті материалдарды ұсынуға міндетті.

3. Адвокаттар алқасының мүшесі адвокаттар алқасының алдында, мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу міндеттемесінен басқа, өзге біржақты мүліктік міндеттемелер жүктей алмайды.

4. Адвокаттар алқасының мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттері бойынша тең болады.

Азаматтардың заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы және тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.

Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы айқындайды.

Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші басқарады.

Кәсіптік қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), оның тұрақты тұрған жері көрсетіледі. Кәсіптік қызметті заңды тұлға құрмастан, жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу шоттары мен өзге де шоттарға, жеке мөрге, мөртабандарға, жеке бланкілерге ие болуға құқылы.

## **ДӘРІС 9. Республикалық адвокаттар алқасының құқықтық мәртебесі.**

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқаларының міндетті мүшелігіне негізделген, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық өзін-өзі басқару ұйымы ретінде Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда адвокаттар алқалары мен адвокаттардың мүдделерін білдіру және қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Республикалық адвокаттар алқасын Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы құрады.

Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы қабылдайды.

Республикалық адвокаттар алқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Республикалық адвокаттар алқасы мен оның органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері адвокаттар алқалары мен адвокаттар үшін міндетті.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар тізілімін жаңартылған күйде жүргізеді. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттардың әрекеттеріне



(әрекетсіздігіне), адвокаттар алқаларының басқару органдарының шешімдеріне шағымдарды осы Заңға сәйкес қарайды.

Жарғыда көзделген жағдайларда, Республикалық адвокаттар алқасында Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия мен басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында:

- 1) Республикалық адвокаттар алқасының атауы, қызмет нысанасы мен мақсаттары;
- 2) Республикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) Республикалық адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 4) мүлікті түзу көздері және оған билік ету тәртібі;
- 5) адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдардың мөлшері мен тәртібі;
- 6) Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі көзделуге тиіс.

Республикалық алқаның жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы Республикалық адвокаттар алқасының жоғары органы болып табылады, ол екі жылда кемінде бір рет шақырылады. Егер конференцияның жұмысына Республикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің төрттен үшінен кем емес делегаттар қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

Конференция Республикалық адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

Конференцияның айрықша құзыретіне:

- 1) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының орналасатын жерін айқындау;
- 3) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының мүшелерін лауазымға сайлау және одан босату;
- 4) Республикалық адвокаттар алқасының төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;
- 5) Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;
- 6) адвокатураның тәртіптік комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;
- 7) Республикалық конференцияда адвокаттар алқаларынан делегаттардың өкілдік ету нормаларын бекіту;
- 8) Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 9) Адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту;

- 10) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 11) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 12) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 13) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 14) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 15) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 16) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 17) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 18) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін бекіту;
- 19) адвокаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы мінез-құлық қағидаларын бекіту;
- 20) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 21) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;  
ЗҚАИ-ның ескертпесі!
- 22) тармақшаның қолданысы 01.01.2026 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 09.06.2021 [№ 49-VII](#) Заңымен
- 22) адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасының жалпы мұқтаждықтарына аударатын ай сайынғы жарналардың мөлшері мен жүзеге асырылу тәртібін айқындау жатады, бұл ретте жарналардың мөлшері әрбір адвокат үшін есептелуге және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде бір айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.
- Адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының [55-бабы](#) 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес адвокаттар алқасына мүшелік жарна төлеуден босатылған жағдайда, ол үшін Республикалық адвокаттар алқасына ай сайынғы жарнаның мөлшері есептелмейді. Адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының [54-бабы](#) 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде жарна төлеген кезде, ол үшін Республикалық адвокаттар алқасына ай сайынғы жарнаның мөлшері белгіленген жарнаның елу пайызы мөлшерінде есептеледі;
- 23) Республикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту;

24) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының есебін, оның ішінде Республикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасының атқарылуы туралы есебін бекіту;

25) ревизиялық комиссияның Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін бекіту;

26) конференцияның регламентін бекіту;

27) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы Республикалық адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жылға сайланады және әрбір адвокаттар алқасынан адвокаттардың тең санынан тұрады.

Сол бір адам Республикалық адвокаттар алқасының төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

3. Төралқа:

1) Республикалық адвокаттар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

2) Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) конференциялардың арасындағы кезеңде төралқаның және ревизиялық комиссияның осы Заңда көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқаларының мүшелігінен шығарылған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;

4) Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының бекітуіне жататын құжаттарды әзірлейді;

5) адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіреді;

6) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша, адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады;

7) адвокаттардың кәсіптік деңгейін көтеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды кәсіптік даярлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлейді;

8) адвокаттардың әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен адвокаттық қызметке қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізуге қатысады;

10) адвокаттар алқаларының өз қызметі туралы есептерін тоқсан сайын қорытады;

11) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

12) адвокаттар алқаларын ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

13) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқалар адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың Республикалық адвокаттар

алқасының интернет-ресурсында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

14) Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында:

жаңартылған күйде адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімін, сондай-ақ аумақтық адвокаттар алқалары адвокаттарының тізімін;

Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметке және заң көмегіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін;

Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін;

заң көмегін көрсету стандарттарын;

заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;

біліктілікті арттыру стандарттарын;

Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті;

адвокаттар алқалары және Республикалық адвокаттар алқасы төралқаларының құрамдары туралы мәліметтерді;

кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;

адвокатураның тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелерін;

адвокатураның іс-шаралары мен оқиғаларын;

және Республикалық адвокаттар алқасының қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқалары мүшелерінің ақпарат алу тәсілдерін көздеуге тиіс;

15) екі жылда кемінде бір рет Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясын шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;

16) Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес өз құзыреті шегінде билік етеді;

17) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының регламентін бекітеді;

18) Республикалық адвокаттар алқасының эмблемасын бекітеді;

18-1) заң көмегін көрсету стандарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-2) заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-3) адвокаттық мантияның нысаны мен сипаттамасын бекітеді;

18-4) адвокат куәлігінің нысанын және оны толтыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-5) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-6) адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-7) адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібін бекітеді;

18-8) адвокаттық сұрау салудың нысанын, оны ресімдеу және жіберу тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекітеді;

18-10) адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекітеді;

18-11) адвокаттар үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс - қимыл мәселелері жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

18-12) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпарат бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан адвокаттардың қызметіне талдауды және мониторингті өз құзыреті шегінде жүргізеді, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

19) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқалары жалпы санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы екі ай ішінде кезектен тыс Республикалық конференцияны шақыруға міндетті.

5. Төралқаның шешімдері оның отырысына қатысып отырған мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

#### **Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы**

Кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокат Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып сайлана алады. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымын бір мерзімнен артық атқара алмайды.

Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

1) мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, сондай-ақ жеке тұлғалармен қарым-қатынаста Республикалық адвокаттар алқасының атынан өкілдік етеді;

2) Республикалық адвокаттар алқасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) Республикалық адвокаттар алқасының атынан мәмілелер жасасады және Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының шешімі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес билік етеді;

5) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының отырыстарын шақырады;

6) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының шешімдері мен Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

## ДӘРІС 11. Қылмыстық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі

Қылмыстық іс бойынша қорғаушы - әрекет қабілеті бар, кәмелет жасқа толған, қорғаушы міндетін атқара алатын және қорғаушы болуға келісім берген тұлға.

Қорғаушылардың категорияларына қарамастан, барлықтарының құқықтары бірдей.

Айырмашылығы іске қорғаушының міндетті қатысуы – бұл тек қана адвокаттың міндеті. Басқа қорғаушылар айыпталушының, басқа тұлғалардың шақыртуымен іске қатысады, бірақ іске шақыртқанда міндетті түрде айыпталушының қорғаушыны шақырту тапсырмасы мен келісімі қажет.<sup>35</sup>

Барлық қорғаушылардың ішінде тек қана адвокат өзіне қабылданған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ. Басқа қорғаушылар бас тарта алады және бас тарту себептерін, негіздеріне түсінік бермеуге құқылы.

Қылмыстық іс бойынша адвокаттың қорғаушы болып қатысуы – кәсіби заңды қызметі және бұл міндетін орындаудан бас тартуына құқығы жоқ.

Адвокаттың іске тағайындалып немесе келісіммен қатысуына қарамастан оның нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын құжат заң консультациясының ордері.<sup>36</sup>

Қазақстан Республикасының 74 бабы 1 бөлігі негізінде адвокат сезіктінің, айыпталушының айыбын жоққа шығара алатын немесе жауаптылығын жеңілдететін жағдайларды анықтау мақсатында барлық заңды құралдармен қорғау тәсілдерін пайдалануға және оларға қажетті заңгерлік көмек көрсетуге міндетті.

Азаматтық сот ісін жүргізуден айырмашылығы қылмыстық іс жүргізуде мына төменде көрсетілген негіздерде адвокат сезіктінің, айыпталушының, айыпкердің, сотталушының өкілі емес:

- қолданылып жүрген ҚІЖК-сі қорғаушыны сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өкілі деп қарастырмайды;

- қорғау көп жағдайда тағайындау арқылы жүзеге асады;

- адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ;

- ҚІЖК 71 бабында көрсетілген жағдайларда сот, прокурор, тергеуші сотталушыға қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

- адвокаттар сотталушының мүдделерін қорғауды екі жағдайда жүзеге асыруға тура келеді:

1. Сотталушы Қазақстан Республикасының тыс жерлерінде болса және сотқа келуден жалтарған жағдайда;

2. Қылмысты жасағаннан кейін психикасының бұзылуы және жүйке ауруына душар болған жағдайда.

<sup>35</sup> Стецовский Ю.И. Ларин А.М. Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. - М.1988.

<sup>36</sup> «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 13-бабы.

Осындай себептерден адвокат айыпталушыға тағылған айыптан айыпталушыны қорғайды, бірақ өкілі бола алмайды.

Заңда бір сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны бірнеше адвокаттың қорғауына тыйым салынбаған. Сонымен қатар бір қорғаушы екі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғаушысы бола алмайды, себебі бір сезікті мен екінші сезіктінің мүдделері қайшы келуі мүмкін.<sup>37</sup>

- бір адам, егер сезіктінің айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы болуға тыйым салынады.

- кәмелет жасқа толмаған айыпталушы мен қылмыстық іске тартқан кәмелет жасқа жеткен қылмысқа қатысушыны қорғауға тыйым салынған.

Сезіктінің, айыпталушының сотталушының қорғаушыға жүгіну құқығын бұзу, ҚІЖ Заңының елеулі белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе қорғаушының көмегімен жүзеге асыра алады.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті, сонымен қатар сезікті, айыпталушының қорғаушысының іске қатысуын қамтамасыз етеді.

Қорғаушының қатысуы сезікті мен айыпталушының құқықтарын шектемейді.

Адвокат қылмыстық іс бойынша қорғаушы болып төмендегі жағдайларда міндетті түрде қатысады:

- қорғаушының қатысуы туралы сезікті немесе айыпталушы өтініш жасаса;
- сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса;
- сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;
- адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;
- айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе.

ҚІЖК-нің 71 бабында көзделген өзге де жағдайларда адвокат қылмыстық іске міндетті түрде қорғаушы болып табылады.

Қорғаушыны, яғни адвокатты сезікті немесе айыпталушы, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ сезіктінің, айыпталушының келісімімен, тапсырмасы бойынша басқа да адамдар шақырады. Сезікті немесе айыпталушы, сотталушы қорғану үшін бірнеше адвокаттарды шақыруға құқылы.

Сезіктіні, айыпталушының, сотталушының сұрауы бойынша адвокаттың қатысуын қылмыстық процесті жүргізуші орган қамтамасыз етеді.

Айыпталушы мен сезіктінің таңдап алған немесе тағайындалған адвокат бес күн мерзім ішінде келмесе іс жүргізіп отырған орган сезікті мен

---

<sup>37</sup> ҚІЖК 7 бабының 4 бөлігі.

айыпталушыға, сотталушыға басқа адвокатты шақыруды ұсынуға немесе адвокаттардың кәсіптік ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушы тағайындауға шаралар қолданады.

Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңдылығы әрқашанда сезіктінің айыпталушының қорғануға құқығын дамытып жетілдіріп келеді. Мысалы, 1864 жылғы Қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша қорғаушы алдын ала тергеуге қатыспаған болса, 1959 жылғы Қаз ССР ҚІЖК-сі бойынша қорғаушы бірінші рет алдын ала тергеуге қатысты.<sup>38</sup>

Ал, 1997 жылы Қазақстан Республикасының ҚІЖК-не сәйкес қорғаушы қылмыстық іс жүргізудің кез келген сатысына қатысуға құқылы. Қазақстан Республикасының Конституциясының 16-бабының 3 бөлігіне сәйкес ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам, сол ұсталған, тұтқындалған кезден бастап қорғаушының көмегін алуға құқылы.

Қорыта айтқанда сезіктінің, айыпталушының қорғану құқығы мынадай бөліктерден тұрады:

- заңда тыйым салынбаған әдістер мен құралдарды қолдана отырып айыпталушы, сезікті, сотталушы өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін кез келген дәлелдемелерді ұсынуға құқылы;

- сезікті, айыпталушы, сотталушы өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін адвокаттық көмек алуға құқылы.

- анықтау органдары, тергеуші, прокурор мен сот сезіктіге, айыпталушыға құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдарымен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сонымен бірге олардың жеке мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті.

Адвокат – қорғаушы қызметтің өзіне тән стилі мен шеберлігін меңгерген маман болып қалыптасқан адам. Мұның өзі жұмыс сапасына, қызмет тактикасына, қорғауды тиімді жүргізуіне әсер етеді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғануына үлкен әсер ететін қылмыстық іс жүргізу принциптерінің бірі – ол сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу жүйесінде бұл принцип ерекше орында тұрады. Сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету принципі қылмыстық іс жүргізу принциптерімен тығыз байланысты болады және оның бірқатар элементтері басқа принциптерінің құрамдас бөлігіне кіреді. Мысалы, заңдылық сот ісін тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүргізу, жариялылық, кінәсіздік презумпциясы және т.б. Аталған принциптердің сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз етуі принципімен бірге қызмет жасау арқылы ғана сот төрелігін жүргізе аламыз.

Дегенмен, сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету принципінің өзіндік маңызы және оны қылмыстық іс жүргізудің басқа принциптерінен ерекшелендіріп тұратын нақты белгілері бар. Олардың ішіндегі ең бастысы, ол сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын

---

<sup>38</sup> Шаламов М.П. История Советской адвокатуры. М.1939



камтамасыз ету принципі қылмыстық іс жүргізудің маңызды бір функциясы «қылмыстық іс жүргізудегі қорғау функциясы алдымен айыпты жоққа шығару мен оны жеңілдетуге бағытталады.»<sup>39</sup>

Егер айыптау функциясы тұлғаның кінәлілігін көрсететін дәлелдерге негізделсе, онда қорғау функциясы айыпты жоққа шығаруға немесе жеңілдетуге бағытталған материалдарға негізделеді. Сондықтан біз былай айта аламыз. Айыптаушы мен қорғаушының қызметтері бір мақсатты орындауға бағытталады – ол қылмыстық іс бойынша шындықты ақиқатты анықтау болып табылады.

Қорғау қылмыстық іс жүргізудің функциясы ретінде алдымен айыпталушыға қызмет жасайды, сөйтіп, ол сот төрелігіне көмек көрсетеді. Сонымен бірге, қорғаудың бірқатар элементтері айыптау функциясында да болады. Айыптау бір жақты не тек айыптау материалдарына ғана негізделіп отырса, онда бұл функция дұрыс қалыптаспайды, әрі нәтижесіз болады. Сондықтан, айыптау функциясы тек айыптау дәлелдеріне сүйеніп қоймай, сондай-ақ қорғау тарабы ұсынған барлық тұжырымдарын да ескеріп отырса ғана айыптау берік болады. Бұл жағынан айыптау мен қорғау бір-бірімен өзара байланысты құқықтық институт. Бұларсыз бірде-бір қылмыстық іс қаралмайды, сондықтан бұл екеуі қатаң түрде өз орнын табуы тиіс.<sup>40</sup>

Қылмыстық іс бойынша тапсырманы қабылдағаннан кейін адвокат өз өкілеттігі шеңберінде дереу іске қатысуы керек.

Себебі, адвокат іске сезікті ұсталған кезден бастап қатысса процестің өз пайдасына өрбуіне әсер етеді. Сезіктіні негізсіз ұстаған жағдайда тергеу органының бастығына немесе прокурорға шығарылған шешімнің заңсыздығына шағымдана алады.

Қылмыстық іс қозғалмастан бұрын ҚІЖК 132 бабының тәртібінде сезіктіні ұстағанда ҚІЖК 135 бабына сәйкес жеке тінту жүргізіледі.

Сезік келтірген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтайды және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылады. Ұстауды жүзеге асыру мақсаты ұсталған адамда қару бар ма, қылмыс жасағандығын айғақтайтын дәлелдемелерден құтылуға тырысқан жағдайда сақтап қалу үшін ұстауды жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта жедел іздестіру қызметі мойындату және керекті ақпарат алу үшін азаматтарды ұстау тәсілін кеңінен қолданады. Азаматтарды заңсыз ұстаумен қатар ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңсыз тінтуі де аз кездеспейді. Соңғы кездері прокурордан алдын ала санкция алмай-ақ тінту жүргізу үрдісі етек алып барады. Бұлтартпау шараларын қолдану барысында заңдылықтың сақталуын адвокат өте тиянақты қарауы керек. Прокурорлар кей жағдайда қамауға алуға санкция берер де қылмыстық іс материалын жете зерттелмейді, жинақталған дәлелдемелерді сараламайды, сезіктінің, айыпталушының жеке басы туралы мәліметтерді, қылмыстың ауыр жеңілдігін, жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігін есепке ала бермейді. Осы жағдайларда адвокат шағымдана алады.

<sup>39</sup> Гаврилов С.Н. Адвокат в уголовном процессе. М.1996.

<sup>40</sup> Қайыржанов Е. Жамиев Р «Қылмыстық істер бойынша адвокаттың қорғау тәсілдері» Заң журналы 2001 №1.

Еліміз егемендікке ие болып, өркениетті құқықтық мемлекет құруға шындап бет бұрған қазіргі таңда әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде болуы шарт.

Конституция мен басқа да заңдарда өздеріне берілген қарапайым құқықтық нормаларды білмеудің салдарынан азаматтардың опық жейтіні жасырын емес. Міне осыдан келіп, адвокаттық қызметтің қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық іс жүргізуде, қылмыстық істі қозғау бірінші саты болып табылады. Бұл сатыда прокурор, тергеу, сот органдары нақты бір іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттігін, сонымен қатар қылмыстық белгілері бар деректер пайда болған жағдайда осы деректер негізінде қылмыстық іс жүргізу органының араласуының қажеттігін шешеді.

Қылмыстық іс қозғау сатысында қылмыстық іс жүргізу сатыларының барлық белгілері тән: нақты міндеттер, істің негізгі қағидалары, құқықтық қатынастар мен әрекеттер.

Қылмыстық іс кінәлі деп сезік келтірген адамның болуынан емес, қылмыстық деректерінің бар болуына байланысты іс қозғалатынын адвокат білуі тиіс. Тұлғаны қылмыстық іс бойынша кінәлі деп танымас бұрын қосымша мәліметтер жинап оларды тексерулері қажет. Табылған деректер қылмысқа қатысты болған жағдайда белгілі тұлғаға қарсы қылмыстық іс қозғалды деп қорытындылаймыз.

Қылмыстық істі қозғау барысында Заңмен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты күрделі мәселелер шешіледі. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді табу, алу, бағалау процестің келесі сатыларында қаралады.<sup>41</sup>

Мемлекет қылмыстық іс қозғау өкілеттігін Заңда нақты көрсетілген органдар мен лауазымды тұлғаларға берген. Заңда көрсетілген органдар мен лауазымды тұлғалар қатарына: анықтаушыны, анықтау органын, тергеушіні, алдын ала тергеу органын, прокурорды жатқызамыз. Қылмыстың белгілерін тапқан жағдайда әр орган өз құзыреті шегінде қылмыстық істі қозғай алады және кінәлі тұлғаларға заңда көрсетілген мәжбүрлеу шараларын қолдана алады.

Аталған органдардың қылмыстық іс қозғау сатысында өкілеттіктерінің ерекшеліктері бар. Сондықтан да адвокат әр органның қылмыстық іс қозғау сатысындағы өкілеттіктерін білуі тиіс.

Қылмыстық істер тек қана Заңда көрсетілген органдар мен лауазымды тұлғалар қозғай алады, ал егер де өкілеттігі жоқ адам істі қозғаса адвокат прокурорға шешімнің заңсыздығын дәлелдеп күшін жоюды сұрайды.

Қылмыстық істі қозғауға өкілеттігі бар лауазымды тұлғалар мен органдар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан қылмыстық істі қозғауға қажет құжаттарды, есептерді әкімшілік комиссияның актілерді сұратуға құқылы. адвокаттың лауазымды тұлғалардың және органдардың қылмыстық іс қозғау қаулысын тексергендегі міндеті:

- жіберілген қателіктерін табу керек;
- жіберілген қателікті тапқаннан кейін соған сәйкес шешім шығаруы керек;

---

<sup>41</sup> Тыныбеков С.Т. Организационные формы и деятельность адвокатуры в РК Казахстан. Алматы. Казах университеті. 1997.

- шешімді дұрыс орындауы тиіс.

Адвокат қылмыстық істің заңды және дәлелді қозғалғанына ерекше назар аударады. Бұған кәсіптік білімділігі, өмірден тәжірибесі және істі жүргізуге еркі, адвокаттық интуициясы көмегін тигізеді.

Лауазымды адамдар мен өкілеттігі бар органдар қылмыстық істі Заңды себептер мен жеткілікті негіздер болған жағдайда қозғайды.

Қылмыстық істің қозғау себебі – прокурор, тергеуші, анықтаушы органдарының қылмыстық болатынын немесе болған қылмыс туралы мәліметтерінің болуы.

Нақты қылмыстық іс қозғауға мыналар себеп болады:

- азаматтардың арызы;
- кінәсін мойындап келу;
- мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;
- лауазымды адамдардың және қылмыстық іс қозғауға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтау.

Барлық себептердің процессуалдық мәні бірдей. Жоғарыда тізілген себептерден барлығы міндетті болып табылады. Өйткені себепсіз қылмыстық іс қозғалмайды. Бірақ та бір де бір себеп даусыз және міндетті деп есептелінбейді, себебі қылмыстық іс қозғау себептеріне жеткілікті негіз болуы қажет.

Қылмыстық іс қозғаудың негізі – қылмыс белгілерінің бірінші тұжырымы болып саналады. Тұжырым белгіленген қайнар көздерге сүйене отырып шығарылуы тиіс. Қайнар көздері болып: арыз, азаматтардың түсінігі, лауазымды тұлғалардың қаулылары, анықтамалары, актілері т.б. Қылмыстық іс сыбыс, өсек негіздерінде қозғалмайды. Қылмыстық іс қозғауға берілген материалдардың заңдылығы негізділігі қажет. Егер де берілген материалдарда қылмыстық іс қозғауға себеп пен негіз болмаса адвокат прокурорға шағымдана алады.

Адвокат жиналған деректердің көлемінде қылмыс әрекетінің барлығын айқындауы қажет. Кез келген қылмыстық іс жүргізу сатысында тиісті лауазымды тұлға ішкі сеніміне жүгіне отырып деректерді бағалайды. Сондықтан да, лауазымды тұлғалар болатын немесе болған қылмысты қорытындылау үшін жиналған деректердің жеткіліктілігі туралы мәселені шешеді.

Кез келген жағдайда жиналған деректерді адвокат жан-жақты бағалауы тиіс. Бірақ та бұл сатыда, яғни қылмыстық істі қозғау сатысында деректер мен мәліметтерге толығымен баға бермейді. Қылмыстық іс қозғау сатысында қылмыс жасаған тұлғаның білімі, кінәсінің мазмұны аса қажет емес.<sup>42</sup>

Қылмыстық іске араласқаннан кейін адвокат өзінің қорғау жоспарларын құрады. Содан кейін тергеу процесінің кез келген сатысынан тыс қалмауға тырысады. Адвокат өзінен көмек сұрап келген адамдарға заң көмегін көрсетіп,

<sup>42</sup> Стецовский Ю.В. Советская адвокатура .Учебная пособия для вузов. М.Высшая школа.1989.

құқығын қалпына келтіруі тиіс. Осындай міндеттерін орындауда өз жоспарын қолданады. Адвокаттың қорғау жоспары жай, күрделі, қысқа, ұзақ болуы мүмкін.<sup>43</sup>

Адвокат алдын ала тергеу сатысында айып тағылған не адам сезікті деп танылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі. Қылмыстық істі тергеуде іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырудың заңды негізі – қылмыстық істі қозғау қаулысы болып танылады. Заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеттерін қылмыстық іс қозғағаннан кейін жүзеге асырылады.

ҚІЖК 194 бабына сәйкес алдын ала тергеу әрекеті қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Қылмыстық іс қозғау қаулысы шығарылғаннан кейін адвокаттың негізгі міндеті туындайды, мысалы кінәсі жоқ адамды жауапқа тартудан алдын алу керек.

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін прокурор алдын ала тергеу және сот органдары белгілі құқықтарға ие болады. Мысалы, тергеуші (прокурордың санкциясымен) нақты қылмыстық істі қарайды және азаматтарға процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданады: тінту, алу, куәлерден жауап алады, қылмыстық іс болған жерлерді қарайды сонымен қатар басқа да тергеу әрекеттерін жүзеге асырады.

Қылмыстық іс қозғау сатысына қылмыстық іс жүргізу сатыларының барлық белгілері тән: нақты міндеттер, істің негізгі қағидалары, құқықтық қатынастар мен әрекеттер.

Қылмыстық іс кінәлі деп сезік келтірген адамның болуынан емес, қылмыстық деректерінің бар болуына байланысты іс қозғалатынын адвокат білуі тиіс. Тұлғаны қылмыстық іс бойынша кінәлі деп танымас бұрын қосымша мәліметтер жинап оларды тексерулері қажет. Табылған деректер қылмысқа қатысты болған жағдайда белгілі тұлғаға қарсы қылмыстық іс қозғалды деп қорытындылау керек.

Одан кейінгі адвокаттың міндеті қылмыстық істі қозғау үшін жиналған материалдарды тексеруі қажет. Түскен арыздар мен хабарламаларға қосымша қажет материалдар мен түсініктер сұрауға құқылы. Қылмыстық іс қозғау қаулысын шығармай жауап алу хаттамасын, тінту, алу тағы басқа тергеу әрекеттерін жүргізуге тіпті Заңда белгіленген лауазымды тұлғалар мен органдардың құқықтары жоқ. Жеке тұлғаға қол сұқпаушылық принципі бұзылған жағдайда адвокат төмендегідей әрекеттерді жүзеге асырады:

- прокурорға шағымдана алады;
- тергеу әрекетінен кейін сот процесіне дайындық бөлімінде соттан заңсыз алынған дәлелдемелерді іске қажетсіз деп тануға өтініш білдіре алады.

Адвокат тергеуші материалдарынан болған немесе болады деген қылмысқа қатысты жиналған материалдарды біріншіден тексереді, бұл кезде тергеушілердің дәлелдемелер жинауға құқықтары жоқ екенін адвокат білуі керек. Өйткені тергеуші прокурор санкция беріп, қылмыстық іс қозғағаннан кейін ғана тұлғаның кінәлілігін дәлелдейтін дәлелдемелерді тауып іске тіркейді.

<sup>43</sup> Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах .г.Костанай.1998.

Адвокат материалдарды қарап, танысу барысында өзі тергеу әрекеттерін кім, қандай тәсілдермен, қашан жүргізілетінін және жүргізгенін тексере алады.

Адвокат қылмыстық іс қозғау қаулысының көшірмесін тергеуші 24 сағаттан кешіктірмей прокурорға жібергенін тексеруі тиіс. Прокурор қылмыстық іс қозғау қаулысының көшірмесімен танысады, егер де тергеушінің шығарған шешімінің заңдылығына күмән келтірсе қылмыстық істі қозғауға негіз болған материалдарды тексереді. Қылмыстық іс қозғаудың заңдылығын, сонымен қатар тергеу ісі жүргізуді қадағалауды жүзеге асырғанда тексереді.<sup>44</sup> Егер де қылмыстық іс заңсыз себептер мен негіздерге сүйене отырып қозғалса, прокурор өз қаулысымен тергеушінің немесе анықтау органының қаулысының күшін жояды, қылмыстық іс қозғаудан бас тартады немесе қылмыстық іс бойынша тергеу іс әрекеттері жасалған болса, оны тоқтатуға, істі қысқартуға құқылы. Егер прокурор бұл міндеттерін орындамаса адвокат жоғары тұрған прокурорға шағымдана алады.

Қылмыстық істі қозғау барысында Заңмен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты күрделі мәселелер шешіледі. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді табу, алу, бағалау процестің келесі сатыларында қаралады.<sup>45</sup>

Адвокаттың соңғы жағдайда іске қатысуы:

- тұлғаны ұстаған жағдайда (кінә тағылмаса да)
- тұлғаға бұлтартпау шарасы қолданған жағдайда.

ҚІЖК 70 бабында көрсетілген негізде адвокат міндетті түрде қатысуы керек:

- сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса, жасы қылмыс жасаған уақытқа сәйкес белгіленеді;
- сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса.

Адвокат іске қатысу мерзімінен бастап ҚІЖК-нің 74 бабында көрсетілген процессуалдық құқықтарға ие болады. Оның құқықтары:

- сезіктімен және айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен оңаша құпия жолығуға. Бұл құқық алғашқы жауап алуға дейін жүргізіледі. Кездесуде адвокат біріншіден қорғауындағы адамның іс бойынша позициясын шешіп алады: өзін кінәлі деп санай ма (егер өзін кінәлі деп есептесе толық мойындай ма, әлде жартылай мойындай ма), неге сілтеме жасайтындығын, нені мойындамайтынын, қандай себептермен және адвокаттан не сұрайтынын.

Адвокат іске қатысқаннан кейін төмендегідей қызмет атқарады және бірқатар құқықтарға ие болады:

<sup>44</sup> Жәмиева.Р. Қайыржанов.Е. Қылмыстық істер бойынша адвокаттың қорғау тәсілдері. Заң журналы.2/2001 .

<sup>45</sup> Тыныбеков С.Т. Организационные формы и деятельность адвокатуры в РК Казахстан. Алматы. Казах университеті.1997.

- заң көмегін көрсетуге қажет заттарды, құжаттарды, мәліметтерді жинап ұсынады;

- дәлелдемелерді ұсынады. Дәлелдемелерді ұсынбас бұрын оларды белгілі қайнар көздерден алу қажет, бірақ та адвокатта билік ету өкілеттігі болмағандықтан дәлелдемелерді табу, алу қиынға түседі;

- ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану қаулысымен, Заңда көрсетілген қылмыстық іс жүргізу өзге де құжаттарымен танысуға құқылы;

- өтінім жазады;

- ҚІЖК-нің 109-110 баптарында көрсетілген тәртіпте судья шағымдарды карағанда адвокат қатыса алады;

- қарсылық білдіреді; (ҚІЖК-нің 92, 93-баптары)

- Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымданады;

- Заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.

Іске қатысқаннан кейін адвокат сезіктінің, айыпталушының қорғаушысы болып көптеген мәліметтердің, оқиғаның куәсі ретінде болады. Қорғау қызметін атқара отырып осы өзіне мәлім болған мәліметтері бойынша жауапқа тартылмайды.

Адвокат куә ретінде жауап беруге құқығы жоқ, себебі «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 15 бабының 3 тармағында көрсетілген адвокат көмегін көрсете отырып өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

Алдын ала тергеу сатысында адвокат қорғаушы болып қатыса отырып:

- заңда көрсетілген тергеу әрекеттеріне қатысады. Сонымен қатар жауапқа тартылып отырған тұлғаларға қосымша сұрақ қояды, хаттаманың дұрыстығы мен толықтығына жазбаша ескерту көрсетеді. Тергеуші адвокаттың кейбір сұрақтарын жауапсыз қалдырған жағдайда, осы әрекетін хаттамаға енгізуі тиіс. Адвокаттың сұрақтары тек қана мән жағдайды ашуға айыпталушының айыбын жоққа шығаруға немесе жауаптылығын жеңілдетуге бағытталуы керек.

- іске қатысты, өзіне қажет құжаттарды сұратады;

- тергеушіге өтінім, ал алдын ала тергеу әрекеттеріне қадағалау жасайтын прокурор мен судьяға шағымдана алады.

- қылмыстық іспен байланысы бар мамандардан консультация алуға құқылы.

- прокурордың сезіктіні, айыпталушыны қамауға алу және мерзімін ұзартуға берген санкциясына келіспеген жағдайда сотқа шағымдана алады. Мұндай шағымды сотқа прокурордың орналасқан мекен жайына байланысты жібереді.

Алдын ала тергеу сатысында адвокаттың соңғы қатысуы бұл қылмыстық істің барлық материалдарымен танысуы. Айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алады. Істің барлық құжаттары адвокатқа тігілген және нөмірленген күйінде берілуі керек. Заңның осындай талаптарын тергеуші орындамаған жағдайда, адвокат істің құжаттарымен танысудан бас тарта алады.

Адвокат пен тергеушінің арасында ешқандай келісім болмауы керек, себебі әр бет нөмірленбеген болса істе басқа материалдар тіркеліп немесе іске тіркелген басқа құжаттар алынып тасталуы мүмкін. Сонымен қатар беттердің нөмірлерінің болмауы адвокаттың өтінім жазған кезде нақты қай бетіне келіспейтіндігін көрсетіп сілтеме жасай алады.<sup>46</sup>

Адвокат алдын ала тергеу сатысынан бастап қатысса істің көптеген құжаттарымен таныс болғандықтан міндетін атқаруға жеңіл болады. Егер адвокат келесі сатылардан бастап іске қатысса, ол істің барлық құжаттарымен танысуы керек. Істің құжаттарымен танысуда белгілі бір тәсілдер белгіленбеген, қорғаушылардың барлығы дерлік біріншіден қылмыстық іс қозғау қаулысымен танысады. Қылмыстық іс қозғау қаулысының уақытын, кім қозғағаны, қандай қылмыстық белгілермен қозғалғанын, қандай тұлғаларға қатысты қозғалғанын қарайды, содан кейін айыпкер ретінде тану қаулысымен танысады. Қорғаушы іс құжаттарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұратын болмаса, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, сонын ішінде техникалық құралдардың көшірмесін түсіріп алуға құқылы.

Адвокат іс бойынша құжаттардың көшірмелерін өзінің досъесінде сақтауға тиіс. Досъе міндетті түрде іске қорғаушы болып қатысқаннан бастап толтырылуы тиіс.<sup>47</sup>

Істің құжаттарымен таныса отырып адвокат тергеу және анықтама органдары алдын ала тергеу әрекеттерінде жіберген қателіктеріне, қылмыстық іс жүргізу Заңының бұзылғанына көңіл бөлуі тиіс. Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды және айыптаудың негізі болып табылмайды. Содан кейін сот қорғаушының өтінімі бойынша дәлел ретінде жіберілмеуге тиіс құжаттарды алып тастайды.

Істің құжаттарымен танысып болып адвокат әр түрлі өтініштер білдіруге құқылы. Көбіне жазған өтініші қосымша тергеу жүргізуге берілген. Мысалы, қосымша жауап алуға, беттестіруге, тергеу экспериментін жүргізуге, сараптама тағайындауға байланысты. Қылмыстық істі қысқартқан жағдайда қылмыстық істі қысқарту туралы құжатын сұратып іске тіркеу жөнінде өтініш білдіреді. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша адвокаттық өтініш қанағаттандырудан бас тартса, адвокат өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулының көшірмесін алып үш тәуліктің ішінде прокурорға шағымдана алады.

Тергеу іс-әрекеттеріне қатысты адвокаттың өтініші қанағаттандырылса осы өтінішті қарастырғанда қатысуға құқылы.

Істің барлық құжаттарымен танысқаннан кейін адвокат айыпталушымен сот процесінде қорғаушы боп қатыса алатын тұлғалардың тізімін қарастырады. Қорғаушы болып қатыса алатын тұлға дегенімізде айыпталушының айыбын жоққа шығаратын мәлімет білетін адамды айтамыз. Бұл тұлғалардың тізімін адвокат соған сәйкес өтінімде көрсетуі қажет.

<sup>46</sup> Сборник законодательных и нормативных актов, регулирующих деятельность адвокатов. Алма-Ата. 1981.

<sup>47</sup> Бусленко. Н.И. Досъе адвоката. Ростов на Дону. 1996.

Адвокат қылмыстық іс құжаттарымен танысқаны туралы қорытындысын белгілі хаттамада толтырады. Хаттамада танысуға қандай құжаттар ұсынылғаны, қандай өтінімдер мәлімдегенін және өзге де қандай мәлімдемелер жасалғанын, сондай-ақ іс бойынша қандай куәлардан жауап алғанын, іске қатысқан қандай сарапшыларды, мамандар мен куәгерлерді айыпталушы мен қорғаушы сот отырысына шақырылуы қажет деп мәлімдегені немесе олардың тізімін қоса тіркелгенін көрсетеді.

## **Дәріс 12. Азаматтық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі.**

Жоғарыда көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыра отырып ең басты қазынасы ретінде адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтарын қарастырады.

Адвокатура азаматтардың барлық жағдайда құқықтары мен бостандықтарын заң тұрғысынан көмек беріп қорғайтын бірден-бір заңи ұйым болып табылады. Оның заң көмегін көрсету түрлері мен әдістері және құқықтық негіздері әр алуан, өзіне тән ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайына байланысты адвокаттардың көрсететін қызметтері әр құқық саласы бойынша өзгешеленеді, сонымен қатар кәсіби және білікті қызмет түрлерін көрсету үстінде.

Адвокаттардың қазіргі таңдағы көрсететін заң көмегінің түрлері:<sup>48</sup>

- шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша көнсултациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;

- талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;

- соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда азаматтық істерде, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық істерінде өкіл ретінде қатысады;

алдын ала тергеу кезінде, сотта қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде заң көмегін көрсетеді, жәбірленушінің, азаматтың талапкер, азаматтың жауапкер өкілдігін жүзеге асырады.

Сонымен қатар адвокаттар азаматтарға, ұйымдарға өзге де заңдарда тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

### **§1. Азаматтық істер бойынша адвокаттардың өкілдік етуі**

Адвокаттың көрсететін заң көмегінің түрлерінің ішіндегі азаматтық іс бойынша өкіл болып қатысуын ашып қарастырайық.

Әр адам азаматтық процесс барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Әрбір адам бұзылған немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы. Азаматтар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады.

<sup>48</sup> ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы 5.12.1995 жыл.



Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаларын сақтауға тиіс.

Азаматтар азаматтық істе өз істерін өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азамат іске өзі қатыса отырып өкілін де осы іс бойынша қатыстыра алады. Азаматтың іске қатысуы өзіне біраз ыңғайсыздық туғыздырады. Мысалы, тараптар сот процесінде өздерінің күнделікті жұмыстарынан, қызметтерінен босай алмаған жағдайда өздерінің мүдделерін қорғауға процесте өз өкілдеріне береді. ҚР АІЖК 59-бабында тапсырма бойынша өкілдік етуге өкілетті азаматтардың тізімі берілген. Соның ішінде ең негізгісі, әрі маңыздысы – адвокаттар.

Азаматтық істе адвокаттың қатысуының негізі – тапсырма бойынша іске асырылады және де оның іс жүргізудегі өкілеттігі сенімхатта белгіленеді.

Сотта өкілеттік процессуалдық сипатқа ие. Бір тұлғаның (өкіл алушы) екінші тұлғаның (өкіл беруші) атынан процессуалдық құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге бағытталған әрекетті – сотта өкілдік ету деп белгіленген. Бұл құқықтық қатынастың негізі әрі бастауы, азаматтық – құқықтық шартта болады, яғни осы шарт негізінде екі тараптың арасында құқықтық қатынас пайда болады.

## **§2. Азаматтық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысындағы адвокаттың қызметі**

Адвокат өзіне жүгініп келген азаматтың азаматтық іс жөніндегі азаматтық процеске дейінгі немесе процессуалдық өкілеттік басталғанға дейін консультация береді. Яғни адвокат пен өкіл берушінің қарым-қатынастары консультация берген кезден басталады.

Консультация беру бірқатар өзара байланыстағы сатылардан тұрады.

Ең бастысы адвокат консультацияға келген азаматтың аты жөнін, тұрғылықты жерін, атқаратын қызметінің, кәсібінің түрін анықтауы тиіс. Содан адвокат, азаматты тыңдап, осы мәселе бойынша сұрақтарға жауап беріп өзі сауал қоя алады. Адвокат консультацияға келген азаматты тыңдаған соң іс бойынша жағдайларды анықтап, талаптың атын қалыптастыруы керек. Егер де азаматтың өзінің жүгініп келген ісі бойынша белгілі бір құжаттары болған жағдайда адвокат сол құжаттардың іске қажеттілігін немесе керексіздігін анықтауы қажет.

Адвокат талаптың пәнін айқындап алғаннан кейін, қандай материалдық құқыққа жататындығын білгеннен кейін консультация беруге дайын болады.<sup>49</sup>

Консультация беру өкілеттікті алумен тығыз байланысты емес, яғни кім болмасын талапкер, жауапкер, үшінші тұлғалар кез-келген уақытта да бұлардың құқықтық позициялары талаптардың дәлелдемелігі жөнінен заң кеңестерін ала алады..

Адвокат ісі материалды-құқықтық позициясы бойынша жай және күрделі болуы мүмкін. Егер де іс жай болған жағдайда, адвокат тапсырманы алуға не

<sup>49</sup> Чертков. В.Л. Дела гражданские (Записки адвоката) М. Российское право. 1992.

одан бас тартуға құқылы. Ал егер де күрделі болса, онда адвокат бірқатар құқықтық толықтыру жұмыстарын жүргізеді, яғни іс бойынша құқықтық позициясын айқындауы тиіс.

Адвокат құқықтық позицияны айқындап алғаннан кейін төмендегідей жағдайларды білуі керек:

- талап арызға тұлғаның құқығы бар ма;
- талап арыз сотта қаралуы тиіс пе;
- талапкер мен жауапкер процессуалдық құқық қабілеттігіне ие ме;
- осы іс бойынша, осы тараптардың арасында, осы дауға байланысты заң күшіне енген соттың шешімі барма, немесе талапкердің талап арыздан бас тартуы болған ба, немесе бітімгершілік келісімге келген бе;
- осы істі алқалық сотқа жіберу туралы келісімдер жоқ па.

Кез келген жағдайда азаматқа іс бойынша құқықтық позициясы түсіндірілуі керек. Егер адвокаттық құқықтық позициясы тараптың позициясына қарсы келсе, онда адвокат бұл істі өз өндірісіне алмауға тиіс.

Іс бойынша адвокаттың позициясы белгілі бір тараптарға сай болуы керек:

- өкіл берушінің мүдделерінің заңдылығы және адвокаттық қызметтің мінездемесі;

- өкіл берушінің позициясы мен адвокаттың құқықтық позициясы қарама-қайшы келмеуі тиіс;

- өкіл берушінің адвокаттық құқықтық позициясын білуі;

іс бойынша құқықтық позицияны анықтағаннан кейін, адвокат іс жүргізуді өзіне қабылдайды.

Адвокат іс жүргізуді өзіне қабылдағаннан кейін материалға керекті айғақтар мен дәлелдемелерді дайындайды. Егер де қылмыстық істерде алдын ала тергеу органдарының лауазымды тұлғалары дәлелдемелерді дайындаса, азаматтық істерде жұмыс адвокаттық қызметі болып табылады.

Бастапқыда адвокат дәлелдеу пәнін айқындап алуы тиіс. Дәлелдеу пәнін адвокатпен қатар сотта айқындайды.<sup>50</sup>

Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Дәлелдеу пәнін айқындағаннан кейін адвокат сотқа керекті қандай дәлелдемелерді жинау керек мәселесін қарастырады. Адвокаттық істе заңмен көзделген тәртіпте сот – тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар жоғын, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де маңызы бар мән-жайларды, солардың негізінде анықтайтын заңды түрде алынған фактілі деректер дәлелдеме болып табылады.

Дәлелдемелер көп болған жағдайда талап арызды немесе қарсылықты дәлелдеуге жеңілдететін маңызды дәлелдемелерді іріктейді. Кез келген жағдайда дәлелдемелер іске қатысты және шындыққа сәйкес болуы керек.

Адвокат дәлелдемелерді өзі жинайды, кейде дәлелдемелерді сұратып алу көмегіне жүгінеді.

Адвокаттың дәлелдемелерді сұратып алу түрлері:

- заң консультациясы арқылы сұрату;

<sup>50</sup> Бусленко Н.И. Адвокат: Вопросы и ответы. Ростов на Дону.1996.

- сотқа іс бойынша дәлелдемелерді сұратып алу;
- сотқа, сот тапсырмаларын сұрату туралы өтінім береді.

Сотқа өтінім жазбаша түрде жазылуы тиіс және қандай дәлелдемелер, сонымен қатар дәлелдемелерді алуға адвокаттың өзінің келмеген себептерін көрсетеді. Адвокат сотқа өтінім жазған кезде дәлелдемелер іс бойынша қажет екендігі көрсетіп, жазып өтуі тиіс.

Адвокат істің дәрежесіне байланысты кез келген дәлелдеу құралдарын пайдалана алады, яғни тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелері, куәлардың айғақтары, жазбаша және заттай дәлелдемелер, сарапшылардың қорытындысы. Азаматтық істе адвокат дәлелдеу тәсілдерін жүзеге асыруы керек.

Сонымен қатар адвокат дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сотқа өтініш береді, өтінішінде дәлелдемелердің жоғалып кетпеуіне кепілдік береді.

Әрбір дәлелдеменің – қатыстылығын, шындыққа сәйкестігін азаматтық істі шешу үшін жеткіліктігін бағалауға тиіс.

Келесі сатыда осы іске қатысты тұлғалардың тізімі анықталады. Осы іске қатысты тұлғалардың тізімі дұрыс анықталмаған жағдайда істің кідіріп қалатыны сөзсіз.

Осыдан кейін адвокат іс жүргізу құжаттарын толтырады.

АІЖК 150-бабында талап арызда талапкер көрсетілген, осы талаптарды адвокаттар сақтауға тиіс.

Талап арыз істің категориясына қарамастан, келесідей бөліктерден тұрады:

- іске қатысты фактілі жағдайларды бейнелеу;
- көрсетілген фактілерді дәлелдейтін дәлелдемелерге нұсқау;
- даудың құқықтық біліктілігін белгілеу.

Азаматтық іс жүргізу бойынша тек қана талапкер ғана адвокат-өкіл жалдау құқығына ие емес, жауапкер де өзіне адвокат өкіл қызметін жалдай алады.

Жауапкердің адвокаты іс бойынша жазбаша түсініктеме береді. Бұл талап арызға жауап және талап арызға қойылатын талаптарды сақтай отырып жазылуы тиіс. Мұндай түсініктеме де жауапкердің талап арызды толық немесе ішінара мойындауы көрсетіледі.

Сонымен қатар жауапкердің адвокаты дәлелденген фактілерді ұсынады.

Жауапкер бірінші сатыдағы сот шешімі шығарғанға дейін алғашқы талап қоюмен бірлесіп қарау үшін талап қоюшыға қарсы талап қоюға құқылы. Қарсы талап қою туралы жалпы ережелер бойынша жүргізіледі.

Судьяның қарсы талап қоюды қабылдау шарттары:

- қарсы талап алғашқы талапты есепке алуға бағытталса;
- қарсы талап қоюды қанағаттандыру алғашқы талап қоюдың толық немесе қанағаттандыру бөлігінде болдырмаса;
- қарсы және алғашқы талап қоюлардың арасында өзара байланыс болса және оларды бірлесіп қарау дауларды неғұрлым жылдам және дұрыс қарауға әкелсе.

Істі сот қана емес, сонымен қатар адвокат та жүргізеді. Адвокат материалдардың көшірмесін алуға құқығы бар.

Іс бойынша барлық құжаттар қажет, адвокаттан талап арыздың көшірмесін, өтініш алынады, қарама-қарсы жақтан іс бойынша түсінік т.б. құжат алынады, ал соттан сот шешімінің үзінділерін сот отырысының қаулысы алынады.

Адвокат пен клиент арасында, олардың кездесу барысында белгілі қатынастар туындайды:

- сенімділік, яғни заң көмегін сұрап келген адам адвокаттан өзінің өкілінен де бірқатар керек хабарларды жасырады. Соңында сот процесінде адвокатқа беймәлім хабардан қауіп төнуі мүмкін. Адвокат пен клиенттің арасында сенім бірінші кездесуде-ақ пайда болуы керек.

- іспен қатар клиенттің өзін жақсы біліп алуы керек.

- бірлесіп жұмыс атқаруы тиіс.

Адвокат заңгер сонымен қатар психолог болуы керек.

### **§3.Адвокаттың азаматтық істерді сотта қарау сатысында қатысуы**

Адвокат сотта өзіне белгілі дәлелденген фактілерге сүйене отырып сұрақ қоюы тиіс. Адвокат өзіне белгілі мәліметтерді, дәлелдемелерді қолдана отырып, істің мән-жағдайын баяндап бере алады, жақсы баяндап берумен қатар сот процесіне қатысушыларды және сот төрелдігін атқарушы судьяны сендіруі адвокаттың жоғары деңгейдегі білімділігін байқатады.

Сот процесінде адвокат басқа тұлғалардың ұсынған дәлелдемелерін қарастырып, сұрақ қоюға құқылы. Сотқа қатысушы тұлғалардан, яғни жауапкерден, куәгерден іске қатысты сұрақтар қойып жауаптар ала алады.<sup>51</sup>

Жалпы азаматтық істе сотта істі қарағанда тұлғалардың ұсынған дәлелдемелерін зерттейді.

Дәлелдемелерді зерттеп біткеннен кейін сот, сот жарыссөзіне көшеді. Сот жарыссөздері іске қатысушы адамдар мен өкілдердің сөздерінен тұрады.

Алдымен талап қоюшы және оның өкілі, ал содан соң жауапкер мен оның өкілі сөз сөйлейді. Басталып кеткен процесте даудың нысаны бойынша дербес талапкер мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді. Даудың нысаны бойынша өз бетінше талапкер қоймаған үшінші тұлға мен оның талап қоюшыдан немесе үшінші тұлға іске өзі қатысатын жақтағы жауапкерден кейін сөз сөйлейді.

Сот жарыссөзі басталар алдында барлық дәлелдемелер зерттелгендігі адвокаттың міндеті – дәлелдемелерді жинақтап қорытып, сотты іс бойынша өзінің көзқарасын дұрыстығы туралы сендіруі қажет.

Сот жарыссөзі - өкілдің іс бойынша барлық әрекеттерінің логикалық қорытындысы. Адвокат өзінің құқықтық позициясын дәлелдеу үшін, сотта зерттелген дәлелдемелерді біріктіруі қажет.

Адвокаттың соттағы жарыс сөзінің мақсаты:

- іс бойынша өзінің құқықтық позициясын дәлелдеу;

- сотты өзінің позициясының дұрыстығына иландыру керек.

---

<sup>51</sup> Кожевников А.В. Адвокат – представитель потерпевшего, гражданского истца, ответчика в советском уголовном процессе. Автореферат канд.дисерт. канд.юрид.наук. Свердловск.1974.

Сот жарыссөзінде адвокат өзінің ораторлық шеберлігін, заңи және кәсіби біліктілігін көрсетеді. Сөз сөйлегенде қатысушы тұлғалардың көңіл бөлетініне мән беруі тиіс.

Сот жарыссөзінде адвокат зерттелген дәлелдемелерге сүйене отырып сөз сөйлеуі керек. Адвокат өз сөзінде сот анықтамаған мән-жайларға, сондай-ақ сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасай алмайды.

Сот жарыссөзінің басты мақсаты – құқықтық позициясын дәлелдеу, сотта жиналған және зерттелген дәлелдемелерге сүйеніп қарама-қарсы тараптың позициясын жоққа шығару. Жарыссөзге қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң ол сөздерінде айтылғандарға байланысты екінші рет сөз сөйлей алады. Соңғы реплика құқығын үнемі жауапкер мен оның өкілі иеленеді.

Осыдан кейін іске қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді. Прокурор іс бойынша қорытынды бергеннен кейін сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді. Кеңесу бөлмесінен сот отырысы залына оралғаннан кейін, сот шешім жариялайды. Мұнан соң шешімге шағымданудың тәртібі мен мерзімдерін түсіндіріледі.

Аудандық немесе оған теңестірілген сот шығарған бірінші сатыдағы сот шешімі егер оған шағым, наразылық жасалмаса апелляциялық шағымдану мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Жоғары соты, облыстық және іске қатысушы басқа да адамдар, сондай-ақ олардың құқық мирасқорлары сотта бұрынғы негіздер бойынша бұрынғы талап қою талаптарымен қайтадан арыздана алмайды.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Азаматтық істер бойынша адвокаттардың өкілдік етуі қандай құжатпен бекітіледі?

2. Азаматтық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысындағы адвокаттың қызметі қандай болады?

3. Адвокаттың азаматтық істерді сотта қарау сатысында өкілдің қандай құқықтарын атқара алмайды?

4. Адвокаттың сот жарыссөзіндегі шешендік өнерінің мақсаты?

## **ДӘРІС 13. Адвокаттың кәсіби этикасы**

Адвокат қылмыстық іс бойынша қорғаушы болып қатыса отырып тұлғаға айып заңды негізде тағылғанына көзі жеткенде осы тағылған айыбына жауаптылығына жеңілдететін мән-жайлар қарастырады. Жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды табуы тиіс, ерекше белсенділік көрсетуі керек. Адвокат істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттейді.

Адвокат жауаптылықты жеңілдететін жағдайларды анықтағанда қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу заңдарына сай әрекеттер жасауға құқылы көптеген істерде сезіктінің немесе айыпталушының қылмысты

жасағандығы айқын көрініп тұрса, адвокат айыбын жоққа шығаратын емес, жауаптылығын жеңілдететін жағдайларды қарастырып, өз өкілеттігі шеңберінде қызметін атқарады.

Жеңілдететін мән-жағдайлар дәлелдеу пәнінің негізі ретінде болады. Тәжірибеде көп кездеседі, әсіресе ҚІЖК 71 бабының негізінде адвокаттардың міндетті түрде қатысуында, адвокаттар алдын ала тергеуден бастап сотта қорғаушының қорғау сөзінде де тек қана қорғауындағы адамның шын жүректен өкінетіндігін, тергеу әрекетіне көмегі тиетіндігін айтады. Мұндай қорғау сөздерін қоғамдық қорғаушылар да айтып өте алады, бірақ та кәсіпті, білімді, білікті, тәжірибелі адвокаттарға тек осындай қорғау сөздерін баяндау ұят.

Білікті, тәжірибелі, кәсіпті адвокат жеңілдету әрекеттерін жүргізгенде алдын ала тергеу бағытына, шығарған шешімдеріне тіпті іске толығымен өз пайдасына әсерін тигізуі керек. Сонымен қатар адвокаттық тағы да бір міндеті айыпталушыны қорғауды жүзеге асыру үшін тергеушіге, прокурорға, сотқа жазасын жеңілдетуге дәлелді негіздерді ұсына отырып сендіру және соған сәйкес шешім шығарту.<sup>52</sup>

Адвокат соттың жаза тағайындап, жазасын жеңілдететінін күтпеуі керек. Айыпталушы деп тапқанда, бұлтартпау шарасын қолданғанда, қорғаушы іс құжаттарымен танысқанда тергеуші айыптау қорытындысын шығарғанда, прокурор бұл қорытындыны бекіткен кезден бастап адвокат айыпталушының жазасын жеңілдететін мән-жайларды қарауы тиіс. Тергеу әрекеті кезінде іс жүргізу шешімдеріне жеңілдететін мән-жайларды енгіздірмесе, соттың айыптау қорытындысын шығарарда жеңілдететін мән-жайларды енгіздіре алмайды. Айыптау үкімін шығарарда жазасын жеңілдетуге байланысты деректер ұсынса сотта бұл деректер тексерілгендіктен жарамсыз болып табылады.

Адвокат жеңілдету мән-жағдайларын табу мақсатында кез келген қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне араласады. Адвокаттың міндетті түрде қадағалайтын жұмысы жеңілдететін мән-жағдайлардың нақты ашылуы, іс жүргізу құжаттарында көрсетілуі және шығарылған шешімдерде ескерілуі тиіс.

Жеңілдету мән-жағдайларды судья қылмыстық істер көбейтіп кеткенде, жеке тұлғаның белгілерін тексермей жасаған әрекетінің ауырлығына мән бергенде, сапасыз немесе бір жақты айыптау тергеуі болғанда ескерілуі мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізуде сот сараптамасы өте маңызды орын алады. Тергеу және сот органдары заңға сәйкес сараптаманы іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін арнайы білімдер негізінде іс материалдарын зерттеу үшін тағайындайды. Сараптама зерттеуі дәлелді іс жүргізу шешімінің шығуына негіз болады.

Адвокат сараптама негізінде қорғаушы өкілеттігін жүзеге асыра алатындығын білуі тиіс.

Сот сараптамасын іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар, лицензия негізінде сот сараптама қызметін жүзеге асырып жүрген адам жүргізуге құқылы. Ол сарапшы болып танылады.

Кез келген мән жағдайын ведомствалық зерттеуден өткен актілер мен құжаттар, сонымен қатар ведомствалық қорытындылар мамандар іс жүргізу

<sup>52</sup> Гаврилов.С.Н. Адвокат в уголовном процессе. М.1996.

әрекеттері барысында жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша жасалған ресми құжаттардың болуы тергеу және сот органдарының сұрауы бойынша алынса да, адвокат оларды сарапшының қорытындысы есебінде қарастырмауы тиіс және арнайы сот сараптамасын жүргізу туралы өтініш білдіруге құқылы.

Сарапшының сапасы көбінесе тергеушінің тапқан дәлелдемелерінің дұрыс тіркелуіне байланысты болады. Тергеуші дәлелдемелердің әр қайсысының жеке-жеке қай жерде және қашан, қандай жағдайда табылғаны және алынғаны көрсетілуге тиіс. Әсіресе химиялық биологиялық, трасологиялық-балистикалық зерттеуге жататын заттар.

Тергеуші сарапшыға іске қатысты, істің ашылуына әсері тиетін, зерттеуге жататын материалдарды жіберіп, бірқатар сұрақтар қоюға құқылы.

Тергеушінің сұрақтары қылмыстық іске қатысты жіберілген материалдар негізінде қойылуы тиіс.

Адвокат есінде сақтауы тиіс, сарапшының құқықтары істің материалдарымен танысуға ҚІЖК 83 бабының 3 бөлігіне сәйкес сараптама пәніне қатысты мән-жағдайлармен шектелген. Сондықтан да тергеу мен сот органдары сарапшыға себепсіз іс бойынша іс құжаттарын, дәлелдемелерді жібермеуі тиіс, себебі соңында зерттеу қорытындысы жиналған дәлелдемелердің әсерімен шығуы мүмкін. Сонымен қатар сарапшының іске қатысты тиісті материалдармен танысуға заңсыз шек қоюға тыйым салынады. Осы жағдайда тергеу мен сот органының қателігі адвокаттың қорғауына пайдалы болады.<sup>53</sup>

Егер де анықтау, алдын ала тергеу кезінде сараптама мүлдем жүргізілмесе, адвокат соттан алдын ала тыңдау жүргізіп басты сот талқылауында сараптама тағайындау немесе істі тиісті сараптама жүргізу үшін қосымша тергеу жүргізілуіне өтініш білдіре алады. Шешім зерттеуге жататын мән жағдайлардың маңыздылығына, сонымен қатар зерттеуге жататын сот отырысындағы материалдарды ұсынуға байланысты шығарылады.

Мына жағдайларда сарапшыны сот отырысына шақыртады:

- айыпталушыны қорғауға қатысты барлық сауалдар шешілмесе;
- сарапшының қорытындысы жеткіліксіз және сенімсіз болған жағдайда;
- егер де берілген алдын ала тергеуде қорытынды айыпталушы мен қорғаушының әсерінен күшін жойса;
- сарапшының қорытындысы адвокаттың қорғауындағы адамның кінәсіздігін дәлелдейтін дәлелдеме болса.

Адвокат сараптама тағайындалған және ол жүргізілген кезде сезіктінің айыпталушының қорғаушысы ретінде мына жағдайларды бақылауы тиіс және бақылаумен қатар сезіктінің, айыпталушының қорғаушысы ретінде өтініш жасай алады;

- сезіктінің, айыпталушының сараптама тағайындалғаны туралы қаулымен танысуы және тиісті құқықтарына түсіндірме алуын бақылайды.

- сарапшыдан бас тартуға немесе сараптама жүргізуден сот сараптамасы органын шеттету туралы өтініш жасайды.

---

<sup>53</sup> Тыныбеков.С.Т. Организационные формы идеальности адвокатуры в РК Казахстан Алматы. Казах университеті.1997.

- сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтініш жасайды.

- сарапшының алдына қосымша мәселелер қою немесе бұрын қойылғандарын нақтылау туралы өтініш;

- сараптама кезінде қатысуға, сарапшыға түсініктемелер бере алады.

Сараптама тағайындау және оны қорытындылау негіздері сезікті мен айыпталушылардың жағдайын жақсартуға себін тигізді ме не болмаса жаңадан ашылған дәлелдемелерге жол ашты ма осыларды ескере отырып, қорғаушы ары қарай өзінің қорғау тактикаларын жүргізу керек.

#### **Дәріс 14. Сот жарыссөзі. Адвокаттың соттағы қорғау сөзінің құрылымы. Адвокаттың ораторлық өнерінің негіздері. Адвокаттың соттық сөйлеуі**

Адвокат басты сот талқылауын тағайындау сатысында, заңда көрсетілген құқықтарға ие болады. Бұл сатыда сотқа тергеуші мен прокурордың бас тартқан өтініштерін бере алады.

Басты сот талқылауын тағайындауға іс бойынша алдын ала тыңдау жүргізілген жағдайда адвокат жеке өзі қатысады.

Алдын ала тыңдау соттың, адвокаттың инициативасымен тағайындалады.

Судья істі өз қарауына қабылдай отырып тергеу кезінде қылмыстық іс жүргізу заңының бұзылғанын байқаған кезде алдын ала тыңдау жүргізеді.

Адвокаттардың мынадай өтініштері алдын ала тыңдау жүргізуге негіз болады:

- істі қосымша тергеуге жіберу;

- айыптауды өзгерту;

- істі қысқарту

- сараптама тағайындау

- дәлелдемелерді рұқсат етілмеген деп тану. Іс бойынша маңызы бар басқа да өтініштер (ҚІЖК 301 бабының 2,3 бөлігінің 2 тармағы).

Алдын ала тыңдау жүргізу сот пен адвокаттың инициативасымен ғана емес, сонымен қатар іске қатысушы: прокурор, жәбірленуші, заңды өкілінің, азаматтық талапкер азаматтық жауапкер және жеке айыпталушының өтініш бойынша жүргізіледі.<sup>54</sup>

Тағылған айыптың шегінде жиналған Заңды дәлелдемелер негізінде басты сот талқылауында істі уақтысында қарауды алдын ала тыңдау жүргізіп қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе – қылмыстық сот ісін жүргізудегі алдын ала тыңдау стадиясында барлық жағдайда қанағаттандырылса да қосымша куәларды шақырту, басқа дәлелдемелерді талап ету өтініштеріне қатысты.

Алдын ала тыңдау стадиясында сот істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы. Бұл адвокаттың алдын ала тергеу мен анықтама органдарының айыпталушының қорғану құқығын бұзғаны туралы, сонымен қатар адвокаттың құқықтарын шектеген жөнінде өтініші әсерін тигізеді.

Алдын ала тыңдауда сот қорғаушының өтінішін қарай отырып іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштері жөнінде ойын тыңдайды.

<sup>54</sup> Булгакбаев. А.Б. Советская адвокатура. Алма-Ата. 1982.



Алдын ала тыңдау адвокаттың өтініші болмаған жағдайда да жүргізіледі, егер судья істі өз қарауына қабылдағаннан кейін тергеу кезіндегі қылмыстық іс жүргізу Заңының бұзылғанын өзі тапқан жағдайда алдын ала тыңдау тағайындауға құқылы.

Алдын ала тыңдау барысында іс жүзіндегі деректер процеске қатысушыларды олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды қысу жолымен немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұза отырып алынса дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді және қысқартылады.

Алдын ала тыңдауды судья мемлекеттік айыптаушының, айыпталушының, оның қорғаушысының міндетті қатысуымен жабық сот отырысында жеке жүргізіледі.

Адвокат кінәсізді заңсыз кінәлау немесе айыптау жағдайында толық ақталып шығауын қамтамасыз етеді. Заңсыз кінәлау мен айыптауды белгілеу адамның құқыңы дөрекі түрде бұзылғандығын білдіреді. Адвокат кінәсізді заңсыз кінәлау немесе айыптау қылмыстық ізге түсу немесе сот органдары тарапынан ғана болуы мүмкін екендігін назарда ұстау қажет. Мұндай заңсыздық болған жағдайда адвокат сотқа шағымданады.

Шағымында заңсыздық әрекеттер дәлелдемелерұсына отырып, соған сүйене отырып түсінік беріп дәлелдеуі тиіс. Қылмыстық іс жүргізу тәсілдерімен бұзылған қорғауындағы адамның бұзылған құқығын қалпына келтіру жайлы өтініш жазады. Адвокат адамның заңсыз кінә тағу немесе айыптау сәтіне дейін оған тиесілі мәртебесін толық қалпына келтіруді, ізгі атын өзіне қайтаруды көздейді.

Қорғауындағы адамның кінәсіздігін дәлелдей отырып қылмыстық істі қысқарту туралы өтініш бере алады.

Мұндай өтініш беруіне себеп, қорғауындағы адамды кінәсіз деп тапқаннан кейін қылмыстық оқиғаның болмағандығы, қорғауындағы адамның әрекетінде қылмыс құрамының болмауы немесе мерзімінің ескеруіне байланысты.

Сот процесіне дайындалуда адвокат мынадай әрекеттер жасайды:

- дәлелдемелерді бағалау;
- дәлелдемелерде қарама-қайшылықтар шығару;
- заңның бұзылғандығын көрсете білу;
- айыптаудың заңдылығын;
- топтық істердің жауапкершілігінің нақтылығы.

Істі зерттеудегі дәлелдемелерді бағалау. Адвокат міндетінің шегінде істің материалдарын бағалайды.

Істі зерттей отырып адвокат дәлелдемелерде қылмыстың белгілерін ғана белгілейді, ал дәлелдемелердің шындыққа сәйкестігін алынған қайнар көзін қарастырмайды. Адвокат дәлелдеменің шындыққа сәйкестігін сотта ғана анықтай алады, басқа дәлелдемелермен салыстыру нәтижесінде. Осы процесте адвокат өзіне бір дәлелдемелердің сенімділігін, екінші дәлелдемелердің нашарлығын, үшінші дәлелдемелердің сенімсіздігін белгілеуі тиіс. Бұл жерде адвокат тергеу кезінде жиналған дәлелдемелерді топтастырады:

- айыптайтын және ақтайтын

- нық белгіленген деректер мен күмән келтіретін деректер
- заң жүзінде алынған және істе заңсыз пайда болған
- даусыз және даулы және т.б.

дәлелдемелерде қарама-қайшылықтарды шығару ҚІЖК-нің 30 бабына сәйкес адвокат сот отырысында талқыланатын іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігін анықтайды. Сонымен қатар бірқатар тексеріс жүргізеді:

- қылмысты тергеу кезінде дәлелдеу пәніне кіретін мін-жайлардың зерттелгендігін;
- тергеу органдарының шешімдерін іс бойынша жиналған дәлелдемелердің дәлелдейтіндігі;
- алынған дәлелдемелердің қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген тәртіпте алынғандығы.

Адвокаттардың міндеттері осылай орындалады.

Бірақ кей жағдайларда істі қарауға дәлелдемелердің жеткіліксіз болғанда іс тұлғаға қатысты тағайындалады. Мұндай қателіктер көбінесе жәбірленуші өзіне қауіп төндірген тұлғаны көрсете алмаған істерде жіберіледі.

Мысалы, ұйымдасқан топ жасаған қылмыстық істер бойынша, сонымен қатар жәбірленушіөзі мас болған жағдайда, басқа да себептер күштеп қауіп төндіру жағдайлары.

Адвокат сот талқылауына дейін істі зерттеуде іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларға қатысты қара-қайшы келетін мәліметтерге назарын аударуы тиіс. Қарама-қайшылықтар дәлелдемелердің әр түрінде және бір түрінде болады, сонымен қатар әр түрлі қайнар көзден алынған дәлелдемелерде қарама-қайшылықтар болады. Көп жағдайда мұндай қарама-қайшылықтар жасаған әрекетті дәлелдеуге дәлелдемелрдің жеткіліксіздігінен істі алдын ала тыңдауға кедергі келтіреді, адвокат осындай жағдайларда өтініш жазады. Егер адвокат тергеу органдары істегі қарама-қайшылықты байқамаса, немесе көрген жағдайда да шешпесе, ал шешкен жағдайда дұрыс шешпегенін анықтаса тиісті өтінішінде көрсетеді.

Мысалы, адвокат істі зерттей отырып сот психиатриялық сараптама актісі қорғауындағы адамның психикалық жағдайына қарама-қайшы келеді.

Адвокат өтінім жазады, өтінімді қарастырғаннан кейін сот істі сотталушының есімін дұрыстығын шешу үшін қосымша тергеуге жібереді.

Адвокаттың заңның бұзылғанын табуда екі бағытты қолданады:

- сот отырысын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу Заңының бұзылуын табу.
- заң бұзушылықпен алынған дәлелдемелерді табу.

Адвокат көңілін қылмыстық іс жүргізу заңының бұзылуына бөледі. Егер де осындай заң бұзушылық кездесе, осындай бұзушылықты жою үшін қосымша тергеуге жібереді.

Істі зерттей адвокат нақты қылмыстық спецификасы көрсетілген тергеу әрекеттеріне немесе толтырылған құжаттарға ерекше назар аударады.

Сонымен қатар тергеу органдары айыпталушының процессуалдық құқықтарын шектейді. Тәжірибеде бұл заң талаптарын бұзу жиі кездеседі.

Тергеу органдары көбінесе айыпталушыға арыз, өтініш жасау құқықтарын түсіндірмейді.

Жауап алу хаттамасында тергеу органының болжамына сәйкес келетін мәліметтерді ғана жазады. Айыпталушының басқа мәліметтері жауап алу хаттамасында көрсетілмейді. Жазылған хаттамада айыпталушының заңға қайшы әрекетінің жасау себептері көрсетілмейді. Осыған қатысты адвокат көңілін аудара отырып қорғау қорғау тезисін айтады: «тергеуші тек қана айыптаумен айналысқан, ал басқа болжамдар қарастырылмаған да».<sup>55</sup>

Басқа жағдайларда тергеу органдары айыпталушының жауабын жасаған қылмысын, себептерін, қылмыс жасауға итермелеген мән-жайлар, жәбірленушімен қарым қатынасын тиянақты жазады, бірақ мәліметтерді тексеру шарасын жүргізбейді. Соңында айыпталушының болжамы тексеріссіз қалады. Айыпталушының болжамын тексермеудің себебі, тергеу органдарының ойынша, «жасалған қылмысқа қатысты дәлелдемелердің жеткіліктігі», «әрекеті айқын» т.б.

Айыпталушының қорғану құқығын бұзу тергеу органдарының әр түрлі өтінімдерін қанағаттандырусыз қалдыруында байқалады. Айыпталушының өтінімдері – сот медициналық немесе сот психиатриялық сараптама тағайындауына, өзінің оң мінездемесі жазылған мәліметтері көрсетілген жазбаша құжаттар мен материалдар белгілі тұлғалардың жауап алу хаттамасы беттестіру жүргізуіне жазылады.

Адвокаттың қорғауындағы адамның құқықтарының бұзылғандығы, мына жағдайларда айқын көрінеді, айыпталушы қылмыс жасаған кезде жауапқа тартылмаған басқа да тұлғалардың қатысқаны жөнінде мәліметі, бұл мәліметті тергеу органы тексермегендіктен байқайды.

Айыптаудың заңдылығын бағалау. Қылмыстық іс жүргізу заңы міндейттейді қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде тергеу органы адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы дәлелді қаулы шығаруы туралы.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту қаулыда мыналар көрсетілуі тиіс.

- оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кім жасаған; айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның тегі, аты-жөні, оның туған күні, айы, жылы және жері;

- айыпталушы айыпталып отырған қылмыстың жасалған уақыты, орны көрсетілген сипаттамасы, сондай-ақ ҚІЖК-нің 177 бабына сәйкес дәлелдеуге тиісті өзге де жағдайлардың сипаттамасы;

- аталған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ).

Қаулыда жасалған қылмыс туралы мәліметтер адвокаттың қорғауындағы адамның жауаптылығының шегін белгілейді. Бұл жауаптылықтың шегін тергеу орны жаңа айып тағылмағанша ұзарта алмайды.

Адвокат мынадай жағдайларды белгілейді, айып тағылғаннан кейін тергеу органы жасалған қылмыс бойынша жаңа мән-жайларды табады, содан кейін жаңа айыптау тағайындамай, айыптау қорытындысына қоса салады.

<sup>55</sup> Арсентьев.О.В. Адвокат в уголовном и гражданском процесса х.г.Костанай.1998.

Мұндай әрекеттер қылмыстық іс жүргізу заңына қайшы келеді. Адвокат істі зерттеу барысында осыған ұқсас айыптау шегін кеңіту деректерін тапса, сот алдында тергеу органдарының айыптауға енгізген адвокатқа, қорғауындағы адамға көрсетілмеген мән-жайларды қысқартуды және жаңа айыптау тағайындау мәселелерін шешеді.

Кей жағдайда айыптау шегін заңсыз кеңітудің себебі, тергеуді жүргізген тұлғаның материалдық нормаларды және іс жүргізу құқық нормаларын жеткіліксіз білуі және әлсіз прокурорлық қадағалау.

Істе тергеушінің жұмысын зерттеуде, адвокат тергеуші мен прокурордың – іс жүргізуде қарсы жақтар екенін білуі тиіс.

Топтық істердің жауаптылығының нақтылығы. Ұйымдасқан топ жасаған қылмыстық істер бойынша қылмыс жасағандағы әрекеттері мен белсендіктері ескермей, тексермей іске қатысушыларға, яғни, айыпталушыларға бірдей айып тағып құқықтарын бұзады.

Адамдар тобымен жасалған қылмыстық істі зерттеу барысында айыпталушылардың әр қайсысының қандай әрекеттерін жасағандықтарын белгілеу қиын. Мұндай жағдайда адвокат тергеу органдарының қайшылықты тиянақты анықтағандарын тексереді. Егер адвокат тергеу кезінде барлық шаралар қолданылғанымен айыпталушылардың әрқайсысының жеке қандай әрекеттер жасағандығы анықталмағанына көзін жеткізсе, онда нақты деректерсіз тағылған айып айыпталушының құқына шектеу келтірілді деп есептелінбейді.

Осындай жағдайлар сот тергеу барысында анықталады, көбінесе сот отырысында сотталушылар кімнің қандай қылмыс жасауда «үлестерін» қосқандығын өздері айтады. Осылайша шындық белгілі болады, ал қорғану құқығы – қамтамасыз етіледі.

Адвокат сот тергеуінде мынадай міндеттердің шешілуін көздейді;

- қылмыстық оқиғасын белгілеуі
- қорғауындағы адамның кінәлілігін зерттеу.

Осы міндеттерін жеке-жеке қарастырайық.

1. Қылмыстық оқиғасын белгілеуі. Қылмыстық оқиғаны толық анықтау үшін, адвокат сотталушы мен жәбірленушінің нақты жасаған әрекеттерін алуы керек.

Мысалы, біреу жай өтіп бара жатқан екінші адамға тиіседі, екінші адам – жауап ретінде бірінші адамды балағаттап, соңында ұрып жықты. Қылмыстық оқиғаны дұрыс қорытындылау үшін қылмыстық іске қатысушы тұлғалардың (сотталушы мен жәбірленушінің) әрекеттерін анықтауы тиіс. Мұндай қорытынды қылмыстық істің нақты материалдарымен беріледі.

Қылмыстық оқиғаны анықтап отырып адвокат бір әрекеттерді қорытындылап қылмыстық әрекетке жатқызса, басқасы – құқыққа қайшы әрекеттер, үшінші – моральдық әрекеттер, төртіншіден – жай тұрмыстық.

Қылмыстық оқиғаны қорытындылауда адвокат қоғамға көмегі тиген әрекеттерге мән беруі тиіс.

Мысалы, адвокаттың қорғауындағы адам құқық бұзушыны ұстап алуы, ДТП – ісі бойынша жәбірленушіге сотталушының көмегін көрсетуі т.б.

Осыған ұқсас істерде әрқашанда қорғану мүмкіндіктері бар.,

Сонымен қатар адвокат қорғауындағы адамның қолданылып жүрген заңға, қоғамға салқырт, тәкаппар екенін анықтауы керек.

Мұндай бағаны адвокат куәнің, жәбірленушінің жауап алу хаттамасының негізінде анықтайды. Куә, жәбірленушінің берген мәліметтерінде сотталушының әрекетінде менсінбеушілік, тәкаппарлығы, қоршаған ортаны сыйламайтындығы көрсетіледі. Мұндай әрекеттер болса адвокатқа тәртіп, сыйласымдылық жағдайларын қозғамауына тура келеді.

Адвокат сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың жауаптары секілді құжаттар негізінде қылмыстық жағдайды белгілейді.

Адвокат қорғауындағы адамның жасаған әрекетінде қылмыстық әрекеттердің бар немесе жоқ екенін өзі дәлелдеуі керек, егер де қылмыстық әрекет болмаса айыптаудан босатуды талап ете алады.

Қылмыстық оқиға әрқашанда нақты. Белгілі орында және белгілі уақытта жасалған қылмыс, нақты белгіленген қылмыс болып табылады.

Тәжірибеде уақытын, күнін, тіпті сағатын белгілеуді талап етеді. Бұлар болмаса қылмыстық оқиға нақты болмайды.

Қылмыстың жасалған орны мен уақыты кез келген қылмыстарға сәйкес объективті жағы болып табылады. сонымен қатар ауырлық дәрежесін анықтауға қажет.

Кез келген қылмыстық оқиға дәлелденген болып табылмайды, егер оның тәсілдері анықталмаса қылмыс әр түрлі тәсілдермен жасалынуы мүмкін. Куәлердің жәбірленушінің қандай тәсілмен қылмыстық әрекет жасалғандығын тергеу кезінде айтса, қылмыстық оқиғаның болғандығын дәлелдейтін дәлелдеме болады. Егер де мұндай дәлелдемелер болмаса қылмыстық оқиғаның дәлелденгендігіне адвокат қарсы шыға алады.

Сонымен қатар адвокат қылмыстық оқиға болған уақытта жәбірленуші мен сотталушының қарым-қатынасын білуі тиіс.

Адвокат өз қарауындағы адамды, жәбірленушілерді, куәлерден жауап алған кезде нақты қандай құқықтарының бұзылғанын, шектелгенін, қылмыстық құқыққа қайшы тқандай әрекет жасалғанын, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қандай дәрежеде қауіп төнгенін анықтауы тиіс.

Қылмыстық іс әрекет жасай отырып субъект тұлғаның өзіне және мүлікке залал тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда адвокат жасалған мүліктік залалдың сомасымен анықтауы тиіс. Бұл қылмыстық оқиғаны анықтаумен қатар қоғамға қаншалықты әсерін тигізгенін шешеді. Адвокаттың нақты қанша материалдық залал келтіретінін анықтауы соттың қылмыстық әрекеттің дұрыс саралауына көмектеседі.

Атыс қаруын, газ қаруын, пышақты, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы бейімделген басқа да заттарды қолданған қылмыстар да кездеседі. Сотта осы аталған заттар қару ретінде қолданылғаны анықталса қылмыстық оқиға дәлелденген болып табылады. Мұндай заттарға қылмыс жасау мақсатында алдын ала дайындаған және қылмыс әрекетінде қолданамын депесетеген құралдар кіреді.

Егер де адвокат сотта қорғауындағы адам жәбірленушіге аяқ астынан табылған затпен (таяқ, отвертка) дене жарақатын салса да ҚР ҚК 257-бабының 3 бөлігі мен сараланбайды. Аяқ астынан табылған, тұрмыстық заттар қасақана дене жарақатын салуға арнайы арналған құрал болып табылмайды.

Адвокат қылмыстық оқиғаны, қолданылған құралдарды зерттеумен қатар өз қорғауындағы адамның кінәлілігін зерттейді. Адвокат қорғауындағы адамның есінің дұрыстығын және белгілі жасқа толғанын тексеруі тиіс. Көптеген қылмыстық істерде алдын ала тергеу органдары айыпталушыға сот-психикалық сараптама тағайындайды. Сот-психикалық сараптаманың тағайындау негіздері: жасаған іс әрекеттің ауырлығын айпталушының жасаған әрекетінің білмейтіндігі және психиатр тіркеуінде тұратындығы жөнінде жазған арызы. Бірақ та мұндай сараптама жүргізу соңында айыпталушының жасаған әрекетінің білмеуі; есірткі заттарын қолданғаннан және спирт ішімдігінің мастығынан екендігі анықталады. Осындай жағдайларда сарапшы және мәжбүрлі түрде емдеу жүргізу жайлы белгілейді.

Қылмыстық іске тіркелген сот-психиатриялық сараптама актісі сотта қылмыс жасаған тұлғаның есінің дұрыстығын дәлелдейтін негізгі қайнар көз болып табылады. Сонымен қатар айыпталушының есінің дұрыстығы жәбірленуші мен куәлардың берген жауаптары дәлел болады.

ҚР ҚК 18 бабында көрсетілген «алкогольді ішімдікті есікерткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды».

Тәжірибеде анық көрсетіледі көптеген қылмыстық әрекеттерді тұлға мас күйінде өз-өзіне бақылау жүргізе алмайды, осының салдарынан қоғамға қауіпті іс әрекеттер жасайды. Мұндай жағдайда адвокат қорғауындағы адамның жасаған қылмыстық іс әрекетін алдын ала ойластырып жасамағандығын дәлелдеуі керек. Адвокат өз қорғауындағы адамның жауаптылығын жеңілдетуге қатысты мән-жайлар ұсына алады. Мысалы, қорғауындағы адам мас болған жағдайда да қылмыстық әрекетті алғаш рет және кездейсоқ жасағандығы, қылмыс жасау үшін түрткі болып табылған жәбірленушінің адамгершілікке жатпайтын қылығы, шын жүректен өкінуі, айыбын мойындауы. Есі дұрыс, ҚР қылмыстық кодесінде белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

Қорғауындағы адамның жасы туралы мәлімет негізгі қайнар көзі: берген жауабы, алдын ала тергеу органдарымен тіркелген жеке құжаты (паспорт, туу туралы куәлік).

Адвокат қорғауындағы адамның бұрын сотталғанын сотталмағанын анықтауы тиіс.

Сонымен қатар кінә түрін анықтауы тиіс:

Қасақана ма әлде абайсызда жасалғандығы. Қылмыстар қасақана, абайсызда және аралас болады.

Егер қасақана жасалды деп тапса адвокат қорғауындағы адамның барлық әрекеті қасақана жасалмағандығын дәлелдеуі тиіс. Мысалы, адам өлтіру, сотталушы адамды өлтіремін деп алдын ала ойластырмайды, қатты соққы

бергеннен адам өліп кетеді. Ол тек қана жеңіл дәрежеде денесіне жарақат келтіремін деп қасақана ойластырды, нәтижесінде кісі өлімі болады.

Адвокат қылмыс оқиғасын зерттегенде сотталушының әрекетінің қоғамға қауіптілік дәрежесін білуі тиіс.

Қылмыстық оқиғаның жасалған орнын, уақытын, жасалу жолын, мативін, мақсатын, жасаған әрекет зардабын зерттеуі тиіс. Қоғамға қауіпті адвокаттың қорғауындағы адамның әрекетін сыртқы көрінісі қылмысқа ұқсағанымен маңызы шамалы (қауіптілік дәрежесі төмен) болса қылмыс қатарына қоспайды. Сонымен қатар қауіпті әрекет қылмыстық заңда міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Қылмыс жасаған кезде, сотталушы бірнеше қимыл жасайды. Ол жай ербендеген, берекесіз қимыл емес әлеуметтік мазмұнға ие болуы шарт, іс-әрекеттің белсенділігі осында. Сонымен қоса есі дұрыс адамның саналы түрде жасауы, әрі әрекет ерікті болуы тиіс. Өзі қаламай еркінен тыс (мысалы, мәжбүрлеумен) жасалған әрекет үшін қылмыстық жауаптылық жоқ. Адамға белгілі бір зардап келтіремін деп үрейлендіріп, қоғамға қауіпті әрекет жасауға мәжбүрлейді. Мұндай тәсіл адамның өз еркінше әрекеттенуін жоққа шығармайтындықтан, кісіні жауаптылықтан босатпайды. Бірақ жазасын жеңілдетуге ғана кісі жауапты болмайды.

Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады, қасақана немесе абайсызда, тиісінше екі түрге жіктеледі: тікелей және жанама қасақаналық, менмендік пен немқұрайлық.

Тікелей қасақаналық адам өз іс әрекетінің (әрекетсіздігін) қоғамға қауіпті екендігін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптары болуынын мүмкін екенін немесе бола қоймайтынын алдын ала біліп және осы зардаптың болуын тілеп тікелей ниетпен жасау. Ниеттің, пайда болуы уақыты кенеттен туындаған және алдын ала ойластырылған болады. Кенттен туындаған жай немесе аффектілі болуы мүмкін.

Кінәнің тағы бір нысаны -\* абайсыздық. Оның 2 түрі бар менмендік жән немқұрайлық, егер адам өз іс әрекетінің қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған қылмыс деп танылады.

Кей қылмыстар тек қасақаналықпен, ал кейбір қасақаналықпен де, абайсыздықпен де жасалады, ал кейбір тек абайсыздықпен жасалады. Кейде бір қылмыстан кінәнің қос нысанын аңғарту болады. Олар әрекетті қасақана жасап, ауыр зардапта абайсызда ұрынады, ал зардап неғұрлым ауыр жазаға әкеп соғады. бұндай қылмыс негізінен қасақана жасалған деп танылады.

Осындай кінәнің нысанын адвокат алдын ала топшылап қорғау жоспарын құрып, сотталушының жазасын жеңілдетуге әсерін тигізуі керек.

Сонымен қатар адвокат сотталушының қорғаушысы болып қылмыс ниетін анықтап алуы тиіс. Яғни қорғауындағы адамның қылмыс жасағандағы шеті. Мысалы, пайдакүнемдік. Қазіргі уақытта көп адамдар жұмыссыздық себептермен, ақша табу мақсатымен, ұрлық жасайды, тонайды, тонау нәтижесінде жәбірленуші де денсаулығына зиян келтіреді. Бұл зардаптан адам

өліп кетуі мүмкін. Сонда пайда табу мақсатымен кісі өлтірген деп қорытындылайды.

Ниет пен мақсат жазаны жеңілдететін мән-жайы болуы мүмкін екенін адвокат есте сақтауы тиіс.

Сонымен қатар қылмысты жан күйзелісі (аффект) күйінде жасаудың қауіптілік дәрежесі төмен деп есептеледі.

Мұнда адвокат қорғануындағы адамның қылмыстық іс әрекеті қылмыс жасау уақытында жәбірленушінің заңға қайшы, адамгершілік жат әрекеттері әсерінен болды деп тұжырымдай алады. Тұжырымдап қана қоймай соған дәлел негіздер тауып, қорғауындағы адамның жазасын жеңілдетуге әрекеттер жасау керек.

Адвокат сотталушыдан жауап алу барысында психологиялық, логика, педагогика білімін пайдаланады. Жауап алу барысында ештенені жасырмай, іске қатысты мәліметтерді толық баяндауын талап ете алады. Сотталушының жәбірленушімен қылмыс болар алдындағы қарым-қатынасын, келіспеушілігін, неден қандай себептерден қылмыстық оқиғаның туындауын, зардап келтірілгеннен кейін бірінші медициналық көмек көрсеткенін көрсетпегенін, немесе қорғану барысында ауыр зиян келтіріп қылмыстық іс әрекет жасағандығын баяндап беруінен адвокат жазасын жеңілдетуге шаралар жүргізе алады.

Сыртқы бейнесі қылмысқа ұқсағанымен адвокат қорғануындағы адам қажетті қорғану кезінде құқына қол сұққан жәбірленушіге зиян келтіргенін өз сөзінде баяндауы тиіс. Мысалы, ер адам жас қызды зорламақшы болып қауіп төндіргенде қыз оған басына таспен жарақат келтіреді. Ол жарақатты сарапшы денсаулығына ауыр зиян келтірілген деп қорытындылайды. Осындай жағдайларда адвокат қыздың өз құқын, ар намысын қорғау мақсатында әрекет жасағандығын дәлелдейді. Дәлелдеуде адвокат куә болған жағдайда куәнің жауабын және сарапшының қыздың денесіндегі жарақатын, көйлегін киімдерін тексерген қорытындысын ұсына отырып дәлелдейді. Адвокат қажетті қорғанғынын және қорғану шегінен асып кетпегендігін, егер адамның әрекеті шын мәнінде қоғамға қауіпті болғанын көрсетеді.

Адвокаттың мақсаты соттың шешім қабылдау сәтінде белсенділік іс әрекет жасайды. Адвокаттың міндетті айыптауды жоққа шығару; айыптауды жеңілдету; заңсыз қылмыстық қудалауға ұшыраған адамдарды ақтау. Адвокат қорғау тәсілдері мен құралдарын пайдалануға, қорғаудың өзіндік тактикасын белгілеуге құқылы.

Адвокат өз болжамын ұсынады. Қорғаушы (адвокат) соттағы сөзіне сот тергеуінде мәлім болған деректерді келтіреді, бұларға баға береді, бір дәлелдемелерді сынаса екіншілерінің сенімділігін дәлелдейді, өз болжамын ұсынып көбінесе айыптау нәтижесімен келіспейтін қорытындылар жасайды. Қорғау болжамы – бұл адвокаттың ғылыми болжам түріндегі нақты деректерге негізделген қылмыстық іс бойынша қорғау барысында ұсынған және тексерілген ой тұжырымы. Адвокат қорғауда ағымдағы ақпаратқа тұрақты түрде назар аудару қажет. Түскен барлық ақпараттық қорғау үшін маңызды дегенін талдап, таңдайды.



Қорғаушы қызмет жоспары нәтижесінде барлық іс қимыл мен құралдарды бір мақсатқа бағындырады.

Адвокат әрдайым этикалық қалыпты қолданады. Адвокат тактиканы қолдану барысында, рухани, адамгершілік және этикалық қалыпты бұзбауға тырысуы қажет.

Адвокат айыптауға қарсы тұру тактиканы қолдана білуі тиіс.

Қорғау тактикасы ұғымы жөніндегі жан-жақты қамтылған түсінікті алғаш рет 1967 жылы Шафир бергені белгілі. Оның пікірі бойынша тактика – бұл қорғаушының міндетін орындауға ең жақсы мүмкіндік беретін заңды қорғау құралының орналасуы мен үйлесім табу өнері. Қорғау тактикасы – бұл өнер ғана емес, көбіне көп қорғаушының жеке санасына байланысты әрекет.

Қорғау тактикасын ғылыми ережелер жүйесі және қорғауды ұйымдастыру мен жоспарлау жөніндегі ұсыным негізделген, қорғау субъектісінің қорғау қызметі барысында процеске басқа қатысушылармен қатынасы және өзара іс - қимылын есепке ала отырып, тәртіп жүйесін тағдауы сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасы мен күрделі жағдайда сәйкес сезіктінің, айыпталушының құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға және заңи көмек беруге бағытталған басқа да ережелер мен тәсілдердің қатыстырылуы қорғау тактикасы – бұл ең алдымен қызмет тәсілі, іс-қимыл тәсілі. Тәсіл дегеніміз - әдіс, атап айтқанда, қызметті белгілі бір жағдайда ретке келтіретін мақсатқа жету әдісі.

Дәлелдеудің ауыр жүгін арқалаған адвокат жауапкершілікті сезіне отырып, айыпталушы үшін жайсыз жағдайды жеңілдетуге, шамасы келсе, ақтауға тырысады. Қорғау тактикасы ұсыным түрінде адвокаттың мақсатқа жету үшін қорғауды дұрыс және тиімді ұйымдастыруына көмектесуі тиіс қылмыстық сот ісін қарауда ақиқатқа жету адвокаттың белсенділігіне байланысты.

Адвокаттың қорғау мақсатының маңызы мынада. Мақсат айыптаушыны қорғау міндеті жүктелген адвокаттың шешім қабылдау сәтінде белсендірек іс-әрекет жасауға итермелейді. Қорғау мақсаты бағыттаушы, реттеуші және жүйе құру арқылы қорғау рөлін атқарады. Адвокат әрдайым қорғаудың осы құралдары мен тәсілдерін пайдаланды. Қорғау мақсаты қорғау қызметі құрылымына елеулі ықпал етеді, оған тұрақтылық және мақсаткерлік сипат береді. Мақсат пен міндетті дәл анықтау алға қойылған мақсат және тиісінше оны жүзеге асыру құралының заңды немесе заңсыз сипатын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Мақсат – бұл жүзеге асыруды қажет ететін ұмтылу мәні, ал міндет – бұл атқаруды, шешуді талап етеді. Мұндай жағдай адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда – оны дереу және толық анықтауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуды, қылмыстың алдын алуды құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін қылмыстық іс жүргізу қызметінің мақсаты болып табылады.

Қорғаушыдан бас тарту сот ісін жүргізудің кез келген сатысында тек сезіктінің, айыпталушының, сотталушының бастамасымен және қорғаушының қатысуымен ғана орын алуы мүмкін және бұл заң көмегі үшін төленетін

қаржының жоқтығына байланысты болмауға тиіс. Адвокатқа еңбек ақы төлеу үшін қаражат шын мәнісінде болмаған амалсыздан болған деп танып, оны қабылдамауға тиіс.

Қорғаушыдан бас тартуды қабылдау қылмыстық процесті жүргізетін органның құзыретіне жатады.

ҚІЖК-нің 102-бабының 6-бөлігіне сәйкес қорғаушыдан бас тарту туралы өтініш дәлелді қаулымен ресімделеді, онымен қорғаушы, сезікті, айыпталушы, сотталушы дереу танысып, өз қолтаңбаларымен куәландырады. Мұндайда қорғаушының қатысқандығы адвокаттың ордері немесе қорғаушы ретінде жіберілген басқа адамның тиісті құжатының көшірмесін қылмыстық іс материалдарына тіркеу арқылы дәлелденеді.

Қорғаушыдан бас тарту мынадай жағдайларда: а) сезікті немесе айыпталушы кәметке толмаса; б) сезікті немесе айыпталушы өзінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; в) сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе; г) айыпталушы стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілген болса қабылданбайды.

Қорғаушыдан бас тарту сондай-ақ істің белгілі бір мән-жайларына (айыптаудың ауқымдылығы, жауаптылыққа тартылатын адамдар санының көптігі, істегі материалдарды зерттеудің сезікті, айыпталушы, сотталушы үшін күрделілігі және т.с.с.) байланысты қабылдануы мүмкін.

ҚІЖК-нің 97-бабының 1-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша, қорғаушыны іс бойынша өндіріске қатысудан шеттету қылмыстық процесті жүргізуші органдарды сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны басқа қорғаушымен қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.

Қылмыстық іс жүргізуші орган қорғаушыны іске қатысудан шеттеткен кезде осы туралы қаулы шығарады, оған сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ҚІЖК-нің 109-бабының тәртібімен, ал басты сот талқылауында ҚІЖК-нің 403-бабының ережелері бойынша шағымдануға болады.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қылмыстық іс бойынша қорғаушы тұлғалар кімдер бола алады?
2. Ұстау және бұлтартпау шараларын қолданғанда адвокаттардың іс-әрекеті қандай болады?
3. Адвокат қылмыстық іс бойынша іс қозғау сатысына қалай қатысады?
4. Алдын ала тергеу кезіндегі адвокат-қорғаушының қызметі қандай болады?
5. Адвокат қандай қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайларды қолдануды ұсына алады?
6. Қорғау мүддесі үшін сот сараптамасын тағайындау және қорытындылау негіздері қалай болады?
7. Алдын ала тыңдау сатысындағы адвокаттың ролі?
8. Адвокаттың сот процесіне дайындалуы және сот тергеуіне қатысуы кезінде қандай әрекеттер жасайды?
9. Қорғаушыдан бас тарту негіздері ?

§ 13. Адвокаттың апелляциялық және қадағалау сатысына қатысу ерекшеліктері?

## **ТАҚЫРЫП №12. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІ.**

Әкімшілік сот өндірісі аясында адвокат әкімшілік іс жүргізуге Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 548 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып отырған тұлғаның не жәбірленушінің өкілі ретінде қатыса алады.

Қорғаушы әкімшілік іс жүргізуге тұлға ұсталған кезден не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезден бастап қатысады.

Заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге қорғаушы мына жағдайларда қатысуы міндетті болып табылады.

1. Әкімшілік іс жүргізуге әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға ұсыныс жасаса,
2. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға дене кемістігі не ақыл-есінің кемдігі салдарынан өзінің құқығын өзі қорғауға мүмкіндігі болмаса,
3. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға сот өндірісінде жүргізілген тілді білмесе,
4. Іс материалдарында әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданғаны туралы мәліметтер болған жағдайда

Адвокат барлық іс материалдарымен танысады, іс қарауға қатысады, дәлелдемелер ұсынады, ұсыныстар мен қарсылықтар білдіреді, істі жүргізіп отырған судьяның, органдар мен лауазымды адамдардың рұқсатымен іске қатысушы тұлғаларға сұрақтар қоя алады. Және іс бойынша шығарылған қаулыларға шағымдана алады.

Адвокат әкімшілік құқық бұзушылық істерде сондай-ақ, жәбірленушінің де өкілі болып қатыса отырып, өзі өкіл болып отырған тұлғаның барлық іс жүргізу құқықтарына ие болады. Іс жүргізу міндеттерін мойнына алады.

Адвокат өкіл өзі өкілдік беріп отырған тұлғаның мүддесіне қарама-қайшы әрекет жасауға құқығы жоқ. Іс жүргізуге жәбірленушінің өкілмен бірге қатысуы олардың іс жүргізу құқығынан айырмайды.

Әкімшілік іс жүргізуге адвокат өкіл егер ол әкімшілік іс қозғауға негіз болған, бақылау не қадағалау жүргізген органның қызметкері болса, ол іске қатысуға жіберілмейді. Оған қарсылық білдіріледі.

Адвокат өкілге қарсылық білдіру не оның өзінің іс жүргізуден бас тартуы туралы әкімшілік іс жүргізіп отырған сотқа шағым беріледі. Ол шағым үш күн мерзімде қаралады да, қорытындысында шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Әкімшілік іс жүргізуге адвокат қай кезден бастап қатысады?

2. Адвокаттың әкімшілік іс жүргізу ерекшеліктері барма?
3. Адвокатқа қандай жағдайларда қарсылық білдіріледі?

### **Дәріс 15. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотта сенім білдірушінің мүдделерін білдіру жөніндегі адвокаттың қызметі**

Қазақстан Республикасының билік жүйесі мен Конституциясы Президент әкімшілігіне бағынады. Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы маусым айындағы сайлаудан кейін президент атанды, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросына қарасты бақылау миссиясының мәліметтері бойынша, сайлау күні бюллетеньдерді сайлау жәшігіне салып тастау және дауыстар санын бұрмалау; жиналыстар, пікір білдіру мен қоғамдастықтар бостандығын шектеу және тұтастай алғанда «демократиялық стандарттарға лайықты құрмет көрсетпеу» орын алды. Бұрынғы Президент Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар мемлекеттік функциялар бойынша өмір бойына едәуір зор заңдылық өкілеттіктерге ие. Атқарушы билік заң шығарушы және сот билігін, сондай-ақ өңірлік және жергілікті билік органдарын басқарады. Конституцияға өзгерістер немесе түзетулер енгізу үшін алдын ала Президент келісімі қажет. 12 тамыз күні жылына бір рет өткізілетін жалпыхалықтық сайлауда облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың заң шығарушы органдары Президент Әкімшілігімен келісе отырып жұмыс істейтін жергілікті билік органдарының қатаң бақылауымен жанама сайлау арқылы Парламенттің жоғарғы палатасына 49 сенатордың 17-ін сайлады.

Ішкі істер министрлігі ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей жауапты полицияның жұмысын қадағалайды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті ішкі және шекаралық қауіпсіздікті, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті, терроризмге қарсы қызметті, экстремистік топтар, әскери топтар, саяси партиялар, діни топтар және кәсіподақтар сияқты заңсыз немесе тіркелмеген топтардың қызметін тексеру мен алдын алуды қадағалауды жүзеге асырады. Комитет тікелей Президентке бағынады, ал оның төрағасы бұрынғы Президент Н. Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінде отырады. Азаматтық билік қауіпсіздік күштерін ықпалды түрде бақылап отыр. Қауіпсіздік күштері заң бұзушылықтарға жол берді.

Адам құқықтары саласындағы маңызды мәселелерге үкімет тарапынан немесе оның атынан заңсыз немесе қасақана кісі өлтіру; үкімет тарапынан және оның атынан азаптау; саяси тұтқындар; сот жүйесінің тәуелсіздігіне байланысты мәселелер; пікір білдіру, баспасөз және интернет бостандығын шектеу; бейбіт жиналыстар мен қоғамдастықтар бостандығына араласу; саяси өмірге қатысуды шектеу; сыбайлас жемқорлық; адам саудасы және жұмысшылар қоғамдастықтарының бостандығын шектеу жатады.

Үкімет лауазымды тұлғаларды заңды бұзғандары үшін, әсіресе, жемқорлыққа байланысты атышулы істері үшін іріктеп жауапқа тартқан болатын. Алайда сыбайлас жемқорлық қанат жайып, жоғары лауазымдағы қызметкерлер, сонымен қатар құқық қорғау органдарымен байланысы бар қызметкерлер жазадан құтылады.

1-бөлім. Жеке тұлғаның тұтастығын құрметтеу, келесі жағдайларда еркіндігін сақтау:

а. Өмірден айыру және басқа да заңсыз немесе саяси себептермен өлтіру “Үкімет немесе оның агенттері қасақана немесе заңсыз кісі өлтірген, соққыға жығып, соңы өлімге әкелген” деген бірнеше хабарламалар жарияланды. Белсенділер түрмелерде өлімге әкеліп соғатын заң бұзушылықтар, әсіресе түрме қызметкерлерінің бұйрықтарын өз еркімен орындағаны үшін ерекше артықшылықтарға ие болатын көмекші-тұтқындар тарапынан болған заң бұзушылықтар жиі кездесетінін атап өтті.

17 қазанда полиция жергілікті бақташы Азамат Оразалыны ұстап алып, оны мал ұрлады деген күдікпен Мақаншы ауылының полиция бөлімшесіне жеткізді. Сол күні Оразалы көз жұмды; болжам бойынша полиция оған ұрлығын мойындатпақ болған. 19 қазанда полиция азаматтың Мақаншыдағы полиция бөлімшесінде қайтыс болғанын растады. Тергеу нәтижесінде азаптады деген күдік тағылып, үш полиция қызметкері қамауға алынды.

Кейбір құқық қорғау ұйымдары 24 ақпан күні қамауда отырған қоғамдық белсенді Дулат Ағаділдің өлімін заңсыз деп тапты. 24 ақпанда полиция Ағаділді Нұр-Сұлтан қаласының жанындағы үйінде тұтқындап, оны сотты қорлау жөніндегі жекелеген іс бойынша сот шешімін құрметтемегені үшін елордалық тергеу изоляторына орналастырды. Келесі күні таңертең полиция Ағаділдің жүрек ұстамасынан қайтыс болғанын хабарлады. Құқық қорғаушылар бейтарап тергеуді талап еткен соң, келесі күні медициналық органдар марқұм Ағаділдің мәйітін екі тәуелсіз дәрігердің қатысуымен тексеріп, зорлық-зомбылық орын алғанын дәлелдейтін ештеңе таппаса да, дене бірнеше жерден көгергенін байқады. 29 ақпан күні Президент Қ. Тоқаев іс материалдарын зерттегенін және марқұм Ағаділ жүрек ұстамасынан қайтыс болғанына сенімді екенін мәлімдеді. 28 мамырда Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы ешқандай қылмыстық әрекеттердің белгілері анықталмағандықтан марқұм Ағаділдің өліміне қатысты тергеуді тоқтатқанын, марқұмды қамауға алу және тұтқындау толықтай заң аясында жүргізілгенін мәлімдеді.

Құқық қорғаушыны өлтіру туралы сот ісі 2019 жылдан бері жалғасып келеді. 2019 жылдың мамыр айында Қарағанды облысының Атасу ауылында винтовкамен атып өлтірілген белсенді Ғали Бақтыбаевтың денесі табылды. Бақтыбаев жергілікті басқару органдары тарапынан болған сыбайлас жемқорлық, қазына тонау және басқа да бұзушылықтар мәселелерін көтерген қоғамдық белсенді болатын. Ішкі істер министрі құрған арнайы тергеу тобы төрт күдіктіні ұстады, олардың бірі – бұрынғы полиция қызметкері. Тергеу мамыр айында аяқталып, сотқа жіберілсе, алқабилер соты 17 тамызда басталды.

Жоғалу

Билік органдары тарапынан немесе қатысуымен жоғалғандар туралы мәлімдеме жоқ.

Азаптау және басқа да қатыгездіктер, адамшылыққа жатпайтын қорлау жағдайында ұстау немесе жазалау

Заң қинауға тыйым салады, бірақ полиция мен түрме қызметкерлері қамаудағы адамдарды азаптап, зорлық-зомбылық көрсетті деген мәлімдемелер жоқ емес. Құқық қорғаушылар азаптаудың мемлекет ішіндегі ресми анықтамасы БҰҰ-ның Азаптауға қарсы конвенциясында берілген анықтамаға сай келмейтінін анықтады.

Азаптауға қарсы ұлттық алдын алу механизмі (ҰАМ) заң тарапынан Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті басқарманың бір бөлігі ретінде құрылды. Омбудсмен Э. Әзімованың қыркүйек айындағы жария мәлімдемесіне сәйкес, тұтқындардың азаптауларға және басқа да қатыгез әрекеттерге қатысты шағымдар саны 2019 жылмен салыстырғанда артты. Басқармаға 2019 жылы 84 шағым түссе, осы жылдың алғашқы 10 айында азаптау мен қатыгездік туралы 125 шағым келіп түсті. ҰАМ бұл шағымдар бойынша 121 қылмыстық іс тіркелгенін және 23 адам азаптағаны үшін сотталғанын хабарлады. 2019 жылы Бас прокуратура жылдың алғашқы алты айында азаптауға қатысты 136 шағым түскенін хабарлап, олардың бесеуі тергеу нәтижелері бойынша сот орындарына жіберілгенін мәлімдеді.

Омбудсмен сонымен бірге тұтқындарға қатысты кеңінен қолданылатын «ГУЛАГ-түзету әдісін» сынға алып, аталмыш мәселе тиісті білім мен бақылау болмаған соң ұзаққа созылған деп есептейді. Ол ҰАМ-мен өзара неғұрлым тиімді іс-әрекетті қамтамасыз ету және түрме қызметкерлерінің азаптау жағдайларын жасыруына мүмкіндік бермеу үшін пенитенциарлық мекемелердің қызметкерлерін тұрақты оқытуға және пенитенциарлық жүйе қағидаларын жаңартуға шақырды.

Түрме офицерлері азаптағаны үшін жауапқа тартылған жағдайлар сирек орын алып, олар көбіне жеңіл жазалармен құтылды.

3 ақпанда Қапшағай аудандық соты Заречный түрмесінің жеті қызметкерін қамаудағы адамды азаптағаны үшін кінәлі деп тапты. Сот Мінез-құлықты түзету жөніндегі директордың орынбасары Арман Шабденов пен Жедел жұмыс жөніндегі директордың орынбасары Жексеновты жеті жылға, ал қалғандарын бес жылдан алты жылға дейін бас бостандығынан айырды.

1 сәуірде Қарағанды маңындағы Шахтинск қаласындағы түрменің Жедел жұмыс бөлімінің директоры Ерболат Асқаров қамаудағыларды азаптағаны үшін екі жарым жылға шартты түрде сотталғанына қоса пенитенциарлық мекемелерде үш жылға дейін жұмыс істеуден шеттетілді. 23 қаңтарда РУ-170/3 Орал түрмесіндегі 200-ден астам тұтқынды түрме әкімшілері контрабанданы іздеуге шақырған Ұлттық ұлан сарбаздарымен бірге аяусыз ұрып-соқты. Тұтқынның туысы осы оқиға бойынша құқық қорғаушылармен байланысқа шыққан, ал келесі күні жергілікті құқық қорғаушы бастаған ҰАМ өкілдері түрмеге барып, тұтқындардың оларға қалай қарайтындығы жайлы сөздерін тыңдады. Тұтқындар сарбаздар оларды ұрып-соғып, үш сағат бойы салқын жерде желең киіммен ұстап, жеке заттарын жойып, сондай-ақ тіл тигізгенін

мәлімдеді. Рейдтен кейін түрме қызметкерлері тұтқындарды әскери ауруханаға жібермеді. ҰАМ өкілдері 99 жазбаша шағым жинап, пенитенциарлық комитет пен прокуратура барлық айыптауларды тергеуге уәде берген болатын. Осындай оқиға бір жыл бұрын да сол түрмеде болған еді, бірақ екі оқиға үшін де ешкім жауапқа тартылған жоқ.

Түрме мен түзету орындарындағы жағдай

Түрмелердегі жағдай өте ауыр, кей кезде өмірге қауіп төндіреді және жабдықтау құралдары халықаралық денсаулық сақтау стандарттарына сай келмейді. Тұтқындардың денсаулықтарына қатысты мәселелер шешілмеген, не түрмелердегі ахуалдың кесірінен денсаулықтары одан әрі нашарлаған. Түрмелерде медицина қызметкерлері айтарлықтай жетіспейді.

Физикалық жағдайлары: ҰАМ денсаулық жағдайы мен санитариялық жағдайларды қоса алғанда, көптеген мәселелер туралы хабарлады: нашар медициналық қызмет көрсету, оның ішінде АИТВ/ЖИТС, туберкулез және қант диабетімен ауыратын қамаудағылар үшін; тінту, тергеу және басқа мекемелерге транзит кезінде азаптаудың жоғары қауіпі; азаптауларға қатысты шағымдарды тергеу бойынша прокурорлар тарапынан кері байланыстың болмауы; отбасылармен байланыстың болмауы; осал топтардағы қамаудағыларға, оның ішінде мүгедектер мен АИТВ/ЖИТС-ке шалдыққан қамаудағыларға қатысты кемсітушілік; цензура; шағымдарды өткізетін сенімді құрылымдардың жоқтығы.

COVID-19 пандемиясы түрмелердегі, әсіресе тұтқындар инфекцияға бейім болған жағдайларда денсаулық пен санитариялық жағдайды одан бетер нашарлатты. 1 тамызда Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен Э. Әзімова әлеуметтік желілерде полиция мен қамауда отырған адамдарға медициналық көмектің жеткіліксіздігі туралы шағымдардың саны елде қоғамдық денсаулықты сақтау мақсатымен карантин енгізілген кезде көбейгенін хабарлады.

Белсенділер карантин кезінде түрмелер мен тергеу изоляторларындағы денсаулық жағдайы туралы дабыл қағуды жалғастырған. Құқық қорғаушылар мен бақылаушылар билікті БҰҰ-ның Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетінің ұсынымдарын, барлық мемлекеттерді мүмкіндігінше ерте, шартты түрде мерзімінен бұрын немесе уақытша босату арқылы тұтқындардың санын азайтуға шақыруын елемегені үшін сынға алып, осылайша тұтқындардың қоғамдағы денсаулық сақтау стандарттарына қолжетімділігі үшін мемлекет жауапты екенін тағы да растады.

Баспасөздің хабарлауынша, 1 маусым күні уланудың салдарынан Көкшетау тергеу изоляторында үш ер адам қайтыс болып, тағы екеуі ауыр хәлге тап болды. Зардап шеккендердің көпшілігі жол ережесін бұзғаны үшін қамалған болатын. Белсенділер билікті осындай кішігірім құқық бұзушылықтар үшін түрмеден басқа балама жаза түрлерін қолданбағаны үшін сынға алды.

Тұтқындардың туыстары түрме әкімшілері тұтқындардың COVID-19 сәйкес келетін белгілері туралы шағымдарын елемейді деп бірнеше рет

шағымданған болатын. Аталмыш шағымдар көпшіліктің құлағына жеткен кезде, түрме шенеуніктері тұтқындар арасында COVID-19 оқиғаларының болғанын жоққа шығарып, тұтқындардың вирусқа бақылау сынағы теріс нәтиже көрсеткенін хабарлады.

Тұтқындардың құқығын қорғаушылар билік түрмелерде тұтқындарға қатысты қарым-қатынас жайлы ақпаратты жасыру үшін COVID-19 шектеулерін қолданады деп алаңдайды. Ішкі істер министрлігінің бұйрығынан кейін барлық әкімшіліктер тұтқындардың туыстарымен жеке кездесуіне тыйым салды. Алайда, кездесулердің орнын толтыру үшін кейбір түрме әкімшіліктері тұтқындардың телефон қоңырауларының санын көбейтіп, туыстарымен онлайн-кездесулер өткізуге мүмкіндік берді.

Халықаралық түрме реформасының (ХТР) мәліметтері бойынша, ерлер мен әйелдер бөлек ұсталса да, сотқа дейін қамауда отырғандар сотталғандардан бөлек ұсталса да, уақытша қамақтар, сотқа дейінгі тергеу изоляторы мен түрмелер арасындағы ауысулар кезінде жастар көбінесе ересектермен бірге ұсталған болатын.

Полиция камераларында, тергеу изоляторларында және түрмелерде қатыгездік орын алған. Бақылаушылар әкімшіліктерге арналған кәсіби дайындық бағдарламаларының жоқтығын нашар қарым-қатынастың негізгі себебі ретінде көрсетті.

ҰАТ және қоғамдық бақылау комиссияларының мүшелері (ҚБК) (мониторинг жүргізетін квазитәуелсіз органдар) түрмелерде инфрақұрылым мәселелері әлі де барын, соның ішінде нашар сантехника мен канализациялық жүйелер сияқты шешімін таппаған гигиеналық жағдайлар, антисанитариялық төсек-орын жабдықтары туралы мәлімдеді. ҚБК мүшелері кейбір мүмкіндігі шектеулі тұтқындардың бірнеше ай бойы суға шомыла алмағанын хабарлады. Медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мен медициналық көмектің толыққанды көрсетілмеуі және мүгедек тұтқындарды тасымалдау мәселелері де бар делінген. Көп жерлерде ҰАМ тұтқындағылардың сыртқы әлеммен байланысуға және олардың құқықтары жайлы ақпарат алуға шек қойылғанын атап өтеді. ҰАМ мен ХТР түрмелердегі азық-түліктің сапасына қатты алаңдайтынын мәлімдеді. Тұтқындар мен бұрынғы тұтқындар түрмедегі азықпен қамту жағдайына шағымданып, оларға сақтау мерзімі өтіп кеткен тамақтардың берілетінін хабарлады.

Үкімет жыл бойына тергеу изоляторларында немесе түрмеде орын алған өлім, өзіне-өзі қол жұмсағандар мен қол жұмсауға тырысқандар санын жарияламайды.

Әкімшілік: Әдетте органдар қатыгездік бойынша түскен шағымдарға қатысты тергеуді дұрыс жүргізбейді. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі бақылаушылар байқағандай, көптеген жағдайларда органдар тұтқындалғандардың азаптаулар туралы арыздарын қарастырмаған, түрме әкімшілігі мен қызметкерлерін жауапқа тартпаған. ҰАМ-ның 2018 жылғы баяндамасында басқа тұтқындарға бақылау жасайтын және қосымша міндеттерді атқаратын ерікті көмекшілердің мәселесі атап өтілді.



Заң түрмелерде бекітілмеген діни қызмет түрлеріне, рәсімдерге, кездесулерге және миссионерлік қызмет жүргізуге тыйым салады. Заң бойынша, қамаудағы “діни рәсімге” мұқтаж адам және оның туыстары түрме қызметіне кедергі жасамай, басқалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, діни рәсім, кездесулер өткізу үшін заңды түрде тіркелген діни ұйымның өкілін шақыруға өтініш жасай алады. ҚБК хабарлауынша, кей түрмелерде мұсылман тұтқындарға Рамазан айында ораза ұстауға рұқсат берілмеген. ҰАМ-ға сәйкес, намаз ішкі ережелерге қайшы келмейтін болса ғана рұқсат етіледі. Түнде, тексеру кезінде намаз оқуға жол берілмейді.

Тәуелсіз мониторинг: Түрмелерді бақылайтын тәуелсіз халықаралық бақылаушылар болмаған. Құрамына азаматтық қоғам өкілдері кіретін ҚБК-тері түрмелерге бақылау жасап бара алады. Құқық қорғаушылардың айтуынша, кейбір түрмелер ҚБК-ға мандаттарын сәтті жүзеге асыруға әкімшілік кедергілер жасады, бюрократиялық мәселелердің кесірінен ҚБК-ры объектілерге өту үшін бірнеше сағат күтуге мәжбүр болды, немесе ҚБК-на қысқа уақытқа ғана кіруге рұқсат етілді. Кейбір адвокаттардың айтуынша, ҚБК тиімсіз болып келеді, өйткені ҚБК-де ешқандай құқық қолдану құқығы жоқ, ал Әділет секторының мекемелері, соның ішінде түрмелер де реформалауға мүдделі емес.

Билік Павлодардағы ҚБК төрағасы Елена Семеноваға қысым көрсетуді жалғастырды. Алматы облысы, Тараз және Қостанайдың түрме әкімшіліктері жалған мәліметтерді тарату арқылы олардың абыройы мен мәртебесіне нұқсан келтірді деген айыппен оған жеті қуыным берді. Шілдеде сот әкімшіліктің пайдасына шешім шығарып, Семенованы әлеуметтік желілердегі талаптарын ашық түрде жоққа шығаруға, сондай-ақ сот шығындарын төлеуге міндеттеді. Қыркүйек айындағы жағдай бойынша талапкерлер үш қуынымды қайтарып алды, ал Семенова төртеуін жоғалтты.

Негізсіз қамауға алу немесе ұстау

Заң негізсіз қамауға алып, ұстауға тыйым салады, бірақ бұл мәселе әлі орын алып отыр. Бас прокурордың БАҚ өкілдеріне айтуынша, тамыз айында прокурорлар заңсыз қамалған 500 адамды босатты.

Адам құқықтары жөніндегі бақылаушылар COVID-19 карантиндік шектеулері кезінде негізсіз ұсталғандар туралы хабарлады. «Адам құқықтары және заңдылықтың сақталуы жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы» үкіметтік емес ұйымы (ҮЕҰ) Алматы билігі шатырлы лагерь салғанын және наурыз айында басталған COVID-19 блокадасы кезінде қалада жиналған барлық панасыз азаматтарды мәжбүрлеп қамауға алғанын хабарлады. Бұл мекеменің жанында тұратын кейбір адамдар панасыз азаматтардан басқа, қамалғандардың арасында полиция рейдтері кезінде қолға түскен азаматтар да болды деп мәлімдеді. Полицияның бақылауындағы мекемеден қашып үлгерген бірнеше адам аштыққа, суыққа және ұрып-соғуға шағымданды. Мәлімдемелерді тексеруге тырысқан журналистер мен адам құқықтары жөніндегі бақылаушыларға объектіге кіруге тыйым салынды.

Қамауға алу тәртібі мен қамаудағыларға қарау

Қылмыс жасады деген күдіктіні тергеу үшін алдымен оны полиция бөлімшесіне әкеледі. Тергеу жүргізбес бұрын, айыпталушыға адвокатпен

кездесуге мүмкіндік берілу қажет.. Тергеуші айыпталушыны тұтқынға алу барысында оның үстінде қарудың бар-жоғын, дәлелдерді жасырған не жойған жағдайын анықтау мақсатында дереу тінту жүргізе алады. Тергеуші оны қамауға алған соң, үш сағаттың ішінде қамауға алудың себептерін, қамауға алынған уақыт пен орнын, тінтудің нәтижелерін және өтінішті жазған уақытты көрсетіп, күдіктімен бірге өтінішке қол қоюлары керек. Сондай-ақ тергеуші қол қойылған уақыттан бастап 12 сағаттың ішінде прокуратураға жазбаша түрде есеп беруі керек.

Тұтқынға алу сот тарапынан бекітілуі тиіс. Бекітілу рәсімі үш кезеңнен тұрады:

(1) тергеуші тұтқынға алған себебін растау үшін барлық дәлелдерді жинап, іске қатысты барлық материалды прокурорға жібереді; (2) прокурор дәлелдермен жіті танысып, 12 сағаттың ішінде сотқа жібереді; (3) сот процесі айыпталушы, оның адвокаты және прокурордың қатысуымен өтеді. Егер қамауға алған уақыттан бастап 48 сағаттың ішінде қамау басқармасына сот тарапынан қамауға алу шешімі түспесе, айыпталушы қамаудан дереу босатылып, іске жауапты тергеуші мен прокурорға хабарлануы тиіс. Алдын ала қамауға алу мерзімі әртүрлі жағдайларда: қылмыстық топтар жасаған ауыр немесе террористік қылмыстар, есірткі саудасы, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстар және т.б. кезінде 72 сағатқа ұзартылуы мүмкін. Сот қамақтың басқа түрлерін қолдана алады: үй қамақ, жүріп-тұруға тыйым салу. Құқық қорғаушылардың пікірінше, бұл тәртіп көбіне сақталмайды.

Сот органы қамауға алу ордеріне рұқсат беру/бермеуге өкілетті болса да, сот төрешілері істің басым көпшілігінде ордер өкілеттігін прокурорға береді.

Заң кепілдікке шартты түрде босатуға мүмкіндік береді, дегенмен кепілдік үдерістері шектелген. Ұзақ мерзімді алдын ала тұтқындау үдерістері өзгеріссіз қалды. Кепілдік жүйесі алғаш қылмыс жасаған, кәмелетке толмаған немесе өлімге, жәбірленушінің денесіне ауыр зақым әкелмеген адамдарға арналады және осындай жағдайда баламалы жаза ретінде қолданылады. Ауыр қылмыс, өлімге алып келген немесе қылмыстық топпен жасалған қылмыс, террористік немесе экстремистік қылмыс жағдайында, күдікті тергеу ісіне кедергі келтіреді немесе қашып кетеді деп ойлауға негіз болған жағдайда, немесе күдікті бұрын-соңды кепілдік шарттарын бұзған болса кепілдік жүйесі қолданылмайды.

Тұтқынға уақытша ұсталған, қамауға алынған немесе қылмыс жасағандары үшін айыпталған адамдар ұсталған, қамауға алынған, айыпталған кезден бастап адвокат сұратуға құқылы. Заң бойынша, полиция айыпталушыларға олардың құқықтары жайлы айтып, адвокатқа хабарлауға тиіс. Адам құқықтарын бақылаушылардың пікірінше, тұтқындағыларға адвокаттармен кездесуді шектеп, түрме қызметкерлері әңгімелерін жасырын түрде жазып, айыпталушылар мен адвокаттар арасындағы кездесулерге қатысып отырған.

Адам құқықтарын қорғаушылар құқық қорғау органдарының қызметкерлері қамаудағыларды адвокатпен кездеспеуге көндіргенін, адвокат келмей тұрып айыпталушыға алдын ала сұрақтар қойып дәлелдер жинағанын және кейбір жағдайда дәлелдерді жинау үшін адвокаттарды пайдаланғанын айтты. Заң бойынша билік айыпталушының әлеуметтік жағдайы төмен болса,

кәмелет жасқа толмаған болса, дене не ақыл-ес кемістігі болса, не ауыр қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылса, оған қорғаушы берілуі тиіс, бірақ көп жағдайда қорғаушылардың айыпталушыларға көмек көрсетуге қажетті тәжірибелері жетіспейтіні айтылды. Егер айыпталушыға қарсы іс мемлекеттік сипатта болса, қорғаушыны өз еркімен таңдауға рұқсат берілмейді. Заңға сәйкес қорғаушылар арнайы рұқсат алған жағдайда ғана істі қарай алады.

Тұтқынға заңсыз алу: Үкімет саяси оппоненттер мен наразылық білдірген адамдарға кей жағдайларда рұқсатсыз жиналыс сияқты кішігірім құқық бұзушылықтары үшін айыппұл белгілейді немесе 10 күнге әкімшілік қамауға алады. Бір жыл ішінде билік үкіметке қарсы санкцияланбаған митингілердің көптеген қатысушыларын, соның ішінде кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдарды да ұстады.

Қамауға алу: заң бойынша полиция қызметкерлері қамауға алынған адамға айып тағылғанға дейін оны 48 сағат бойы ұстай алады.

Ұсталғандар айып тағылғаннан кейін екі айға дейін қамауда ұсталуы мүмкін. Болжамды қылмыстың күрделілігі мен ауырлығына қарай, тергеу барысында органдар аталмыш мерзімді 18 айға дейін ұзарта алады. Алдын ала қамауда ұстау мерзімі қылмыс үшін бекітілген қамауда ұстау мерзімінен аспау тиіс. Тергеу аяқталғаннан кейін тергеуші ресми айыптау тұжырымдамасын жазады. Істің материалдары айыпталушыға беріледі, содан кейін прокурорға жіберіледі, прокурор материалдарды бес күн ішінде тексеріп сотқа жіберуге тиіс.

10 маусымда Алматы полициясы наразылық акциясы кезінде полиция қызметкеріне шабуыл жасағаны үшін белсенді Әсия Төлесованы тұтқындады. Сот адамды бес жыл не одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын қылмыс жасады деген күдік болған жағдайда ғана қамауға алуға болатыны жайлы заңды ережеге қарамастан, екі айға қамауға алуға үкім шығарды. (Төлесованың әрекеті үшін ең жоғарғы жаза – үш жыл.) Сондай-ақ, сот оның COVID-19 дертіне шалдығу қаупіне қарамастан, кепілдікке босатудан бас тартты.

Заң тұтқындарға отбасы мүшелерімен дереу байланысуға мүмкіндік береді, алайда органдар тұтқындарды үй-іші мен туыстары келмес үшін алыс жерде орналасқан мекемелерге жібереді.

Адам құқықтары жөніндегі бақылаушылар билік кейде сотталғандарды азаптау, ұрып-соғу және оларға қиянат жасау үшін алдын ала қамауға алуды қолданады деп мәлімдеді.

Қамаудағы адамның сотқа дейін қамауға алу тәртібіне қарсы шығу мүмкіндігі: Қылмыстық кодексте қамауға алудың баламалы түрі ретінде айыпталушы шағым беруге, қамауға алу тұжырымдамасына шағымдануға немесе сот алдында шартты түрде босатуға құқылы екені жазылған. Тұтқын арыз-шағымын тергеу изоляторының басқармасына не жергілікті сотқа 15 күннің ішінде бере алады. Сот төрешісіне арызды қабылдауға не қабылдамауға 10 күн беріледі.

Сот ісін әділ және жария қараудан бас тарту

Заң бойынша тәуелсіз сот органы қарастырылмаған. Атқарушы билік органы сот тәуелсіздігіне шек қойды. Фридом Хаус үкіметтік емес ұйымының *Nations in Transit 2020* есебіне сәйкес, елдің сот жүйесі әлі де атқарушы билікке қатты тәуелді, соттар саяси ықпалға ұшырайды және сыбайлас жемқорлық бүкіл сот жүйесінде үлкен мәселе болып табылады. Прокурорлар квазисоттық өкілеттікке ие және сот шешімдерін тоқтата алады.

15 шілдеде Алматы қаласының Медеу аудандық соты белсенді Санавар Закированы басқа адамның денсаулығына зиян келтіргені үшін бір жылға бас бостандығынан айырды. Сот Закирова мен тағы екі белсенді «Nur Otan» партиясының мүшесіне қатысты сын-ескертпелерді интернетте жариялағаннан кейін, 2019 жылдың қарашасында қозғалған іс бойынша осы партия мүшесіне өтемақы төлеуді міндеттеді. Адам құқықтары жөніндегі бақылаушылар бұл іс бойынша жүргізілген тергеу мен сот ісінде көптеген өрескел заң бұзушылықтар орын алғанын айтты. Олар сонымен бірге 2019 жылы наурызда оппозициялық саяси партия құруға тырысқан үкіметтің қызу қарсыласы Закироваға шығарған қатаң үкімді оның үнін өшіруге бағытталған әрекет ретінде сынға алды.

Фридом Хаустың хабарлауынша, сыбайлас жемқорлық сот процесінің әрбір кезеңінде байқалды. Сот төрешілері айлығы жоғары мемлекеттік қызметкерлердің қатарында болғанымен, заңгерлер мен құқық қорғаушылардың айтуынша, төрешілер, прокурорлар және басқа да ресми тұлғалар көптеген қылмыстық және азаматтық істерге қатысты оңтайлы шешім қабылдау үшін пара сұраған.

Фридом Хаустың пікірінше, сот шешімдері көбінесе саяси себептерге байланысты шығарылады. 21 мамырда Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетов бұрынғы әкім Бергей Рысқалиев пен оның сыбайластарының ісі бойынша 2019 жылы қаңтарда Атырау облыстық соты шығарған үкім заң бұзушылықтарға толы болғандықтан оның күшін жою туралы Жоғарғы сотқа өтініш берді. Нұрдәулетов тәркіленген мүліктің бір бөлігін Рысқалиев пен оның болжалды сыбайластарына қайтаруды талап етті. Жоғарғы Сот Бас прокуратураның өтінішін қанағаттандырды. Ұйымдасқан қылмыстық топты басқарғаны үшін 2019 жылы 17 жылға бас бостандығынан айыруға сырттай сотталған Рысқалиевке шетелдік шоттардағы бірқатар мүлкі мен қомақты ақша сомасы қайтарылды. Фридом Хаус бұл шешім сот жүйесінің беделіне нұқсан келтірді деп мәлімдеді.

13 қаңтарда Президент Қ. Тоқаевпен кездесу барысында Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Асанов 2019 жылы 37 судья заңсыз шешім шығарғаны, сот әдебін бұзғаны және кәсіби жарамдылыққа тест тапсыра алмағаны үшін жұмыстан босатылғанын хабарлады.

Жоғарғы Сот Кеңесінің 2019 жылғы есебіне сәйкес, заң мен судья этикасын бұзғаны үшін, сондай-ақ қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тағы 83 судья тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 40 пайызға көп. Үш судья сыбайлас жемқорлық үшін сотталды, ал төртеуі баяндама жасау кезінде тергеуде болды.

5 тамызда Жоғарғы Соттың судьясы Елена Максюта журналистерге 2019 жылы біліксіздігі үшін жұмыстан босатылған судьялардың саны алдыңғы 10

жылдағы жұмыстан шығарылғандардың санына жақын екенін айтты. Ол бұдан әрі судья лауазымдарының 10 пайызы бос, ал бес аудандық соттың бірінде (бірінші сатыдағы соттардың ең төменгі деңгейі) білікті үміткерлердің болмауына байланысты төраға жоқ деп мәлімдеді.

29 шілдеде Алматы қаласының Әуезов аудандық соты Бостандық аудандық сотының бұрынғы судьясы Эльвира Оспанованы 1,2 миллион теңге (3000 доллар) көлемінде пара алғаны үшін кінәлі деп тапты. Оспанованы төрт жылға бас бостандығынан айырып, мемлекеттік қызметке тұруына өмір бойына тыйым салды.

Әскери соттар әскери қызметкерлерге қатысты қылмыстық іс қаралған кезде азаматтық айыпталушыны жауапкершілікке тартуға өкілетті. Әскери соттар азаматтық соттар сияқты Қылмыстық кодексті пайдаланады.

Сот ісін жүргізу тәртібі

Заң сот ісін әділ жүргізу құқығын қамтамасыз етеді.

Барлық айыпталушылар кінәсіздік презумпциясын пайдаланады және өзіне тағылған айыптан заңмен қорғалады. Сот талқылауы ашық түрде өтеді, бірақ мемлекеттік құпияларды, адамның жеке өмірін немесе азаматтың жеке отбасылық мүдделерін қорғау сияқты жағдайларда жабық түрде өтеді.

Қазылар алқасының төрешілері 10 алқаби мен бір төрешіден тұрады. Бұл құрам кәмелетке толмағандарды сату мен қылмыстық істерге тарту, ауыр қылмыс кезінде өлімге кесу немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауға өкілетті. Белсенділер соттың алқабилер, сарапшылар мен куәгерлерге көрсеткен қысымын негізге ала отырып, алқабилердің тағылған айыпқа әділ баға бермегенін сынға алған.

Бақылаушылар алқабилерді іріктеу процесі жүйелі түрде өтпейтінін айтты. Сот төрешілері алқабилерге қысым көрсетеді және бұйрықтарын орындамаған жағдайда алқабилер құрамын оңай таратады. Заңда мұндай әрекеттер жасаған сот төрешілерін жауапқа тарту механизмі қарастырылмаған.

Әлеуметтік жағдайы төмен айыпталушылар кеңесші мен мемлекеттік адвокат талап етуге құқылы. Заң бойынша сотталушы кәмелет жасқа толмаған болса, ақыл-есі не дене кемістігі болса, сот ісін жүргізу тілінде сөйлемейтін болса немесе 10 және одан да көп жылға бас бостандығынан айырылатын болса, оның мүддесін адвокат қорғауға тиіс. Сондай-ақ заң бойынша айыпталушыларға сот процесіне қатысуға, сотта сөз айтуға, қажет болған жағдайда аудармашы шақыруға, қарсы куәгерлермен беттесуге және сотқа басқа куәгерлерді шақыруға болады. Айыпталушылардың жоғары сотқа шағымдануға құқығы бар. Бақылаушылардың пікірінше, прокурорлардың сот процестеріндегі рөлі басымырақ болған соң адвокаттар екінші кезектегі рөл атқарады. Адам құқықтарына қатысты істер бойынша жұмыс істеген адвокаттар билік тарапынан қудаланғанын айтты. Сондай-ақ, адвокаттар кейде сотталушылармен бірге сотқа дайындалуға жеткілікті уақыт пен мүмкіндіктерге ие бола бермейтініне шағымданды.

1 шілдеге қараған түні Ақтаудағы (Маңғыстау облысы) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің қызметкерлері адвокат Қаршыға Көшкіновті тұтқынға алып, оны 14 сағат бойы ұстады. Тергеуші Әсет Избасар адвокатты

қылмысты мойындатуға мәжбүр етті және оны қамауға аламын деп қорқытты. Сондай-ақ, тергеуші Көшкіновті Ақтау қалалық сотының судьясына пара беруге мәжбүрлеуге тырысты. Содан кейін Ізбасардың бастығы Көшкінов осы айтылған әрекеттер туралы ашық айтса, оны қамауға алатынын ескертіп қорқытты. Көшкінов құқық қорғаушылармен байланысып, бұл оқиға туралы әлеуметтік желілерде жариялады, осылайша полицияның зорлық-зомбылығынан зардап шеккендерді қорғауға тырысатынын мәлімдеді (атап айтқанда, полиция ұрғаннан кейін бүйрегін алып тастауға мәжбүр болған жас жігіттің жағдайында).

Ұлттық және халықаралық құқық қорғау ұйымдары сот жүйесінде көптеген мәселелер барын хабарлады, оның ішінде сот процестеріне, ресми дәлелдерге қолжетімділіктің болмауы, жиі процедуралық бұзушылықтар, адвокаттардың өтініштерін қанағаттандырудан бас тарту және судьялардың билік өкілдері қылмысты азаптау не мәжбүрлеу арқылы мойындатуға тырысатыны жайлы айыптауларды тергеуге қабілетсіздігі.

COVID-19 карантиндік шектеулері кезінде соттар қашықтан жұмыс істеді. Адвокаттар осы уақыт ішінде судьялар әдеттегіден де көп қателіктер жасап, өз бетінше шешімдер қабылдап, рәсімдер мен мерзімдерді сақтамады деп шағымданды.

6 қыркүйекте белсенді Ильяшевтің соты бойынша сарапшы қорытындысынан соң Клунидің Әділет үшін қоры сот бейнеконференция бағдарламалық жасақтамасы арқылы толығымен онлайн режимде өткенін және сотталушының әділ сот қорғауына құқығы бұзылғанын мәлімдеді. Сарапшы қорытындысында сотталушы мен оның адвокаты «арасында сот ісіне қатыса алмады не қатыстырмады», оларға үнемі «өтініштер жасауға, дәлелдер келтіруге және куәгерлерден жауап алуға» кедергі келтірді, сотталушының адвокатпен қарым-қатынас жасау құқығы бұзылды деп көрсетілген. Сарапшының қорытындысында Ильяшев «өзінің адвокаттарымен тек бір-екі рет, яғни сот процесінде қысқа үзілістер кезінде сөйлесуге мүмкіндік алды... [және] жасырын сөйлесе алмады», – деп жазылды.

Тиісті үдерістің болмауы, әсіресе азаматтық наразылықтарға қатысты тиісті сот үдерісінің болмауы әлі де өзекті болып қала берді.

Адам құқықтарын қорғаушылар және халықаралық бақылаушылар айыпталушыға қарсы қылмыстық іс қозғау барысында жанама дәлелдердің көптігінен оған кінәсін мойындатқан жағдайларды баса айтты. Органдар айыпталушыларға кінәсін күштеп, қысым көрсетіп мойындатқандығы туралы өтінішхаттарды көбінесе соттар назардан тыс қалдырады.

Саяси тұтқындар мен ұсталғандар

Тірек альянсы саяси себептермен ұсталған немесе түрмеге түскен деп болжаған шамамен 23 адамның тізімін жасады. Олардың арасында белсенді Арон Атабек, Жер кодексі белсендісі Макс Бокаев, «Қазақстанның демократиялық таңдауы» оппозициялық тобының жетекшісі, қашқын банкир Мұхтар Әблязов пен оған қатысы бар басқа да тұлғалар кірді. Сонымен қатар, тұтқындардың көпшілігі үкімет тыйым салған және «ҚДТ» мұрагері ретінде белгіленген Көше партиясымен, сондай-ақ Мұхтар Әблязовпен байланысты

болды. Сотталған кәсіподақ жетекшісі Лариса Харькованың жүріп-тұруына шек қойылып, билік органдарының рұқсатынсыз өз қаласын тастап кетуге тыйым салынды. Азаптауға қарсы ұлттық алдын алу механизмі шеңберінде құқық қорғау ұйымдары тұтқындармен байланыса алады.

Жер кодексінің белсендісі Макс Бокаев 2016 жылы жер реформасына бейбіт түрде наразылық білдіргені үшін бес жылға бас бостандығынан айырылды. Ол «әлеуметтік алауыздық тудырғаны», «біле тұра жалған ақпарат таратқаны» және «жиналыстар, митингілер, пикеттер, көше шерулері мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзғаны» үшін сотталды. БҰҰ-ның заңсыз тұтқындау жөніндегі жұмыс тобы оның заңсыз тұтқындалғанын мәлімдегенмен, оны түрмеден шығарған жоқ.

Елден жырақта жүрген адамдарға қатысты саяси уәжді қуғын-сүргіндер Наурызда БТА Банкінің бұрынғы басқарушы директоры Рустам Ибрагимов Біріккен Араб Әмірліктерінен елге экстрадицияланды. Францияда тұратын жетекші оппозиционер Мұхтар Әблязовтың болжамды серіктесі ретінде Ибрагимов Әблязовқа БТА Банктен шетелдік қаржы мекемелеріне ақшаны заңсыз аударуға көмектесті деген күдік тағылды. Ибрагимовты экстрадициялау қазақ, қырғыз және Әмірліктер билігінің бірлескен күш-жігерімен оның заңсыз пайдаланған паспорты табылғаннан кейін орын алды.

29 қыркүйекте Францияның паналату жөніндегі ұлттық соты Мұхтар Әблязовқа саяси пана берді. Өз қаулысында сот Қазақстан үкіметінің тікелей қысымына және «сыртқы агенттердің панамен қамтамасыз ету жөніндегі билікке ықпал жасауға бағытталған әрекеттеріне» көнбейтінін білдірді.

12 қазанда Италия соты итальяндық құқық қорғау органдарының алты қызметкерін ақша жымқырғаны үшін және бейбітшілік жөніндегі судьяны құжаттарды қолдан жасағаны үшін соттады. Италия билігінің мәліметінше, қазақстандық оппозиционер және саяси босқын Мұхтар Әблязовтың әйелі Алма Шалабаева мен оның алты жасар қызы Алуаны қылмыстық істер бойынша мемлекетаралық ынтымақтастық шеңберінде италиялық офицерлер мен шенеуніктер ұрлап кеткен. Ішкі істер министрлігі кабинетінің сол кездегі басшысы Джузеппе Прокаччинидің Қазақстанның Италиядағы Елшісі Андриан Елемесовпен кездесуінен кейін Алма мен Алуаны Италия полициясы 2013 жылы Әблязовтың Римдегі резиденциясына жасалған рейд кезінде ұстады. Әблязов үйден шығып кетіп, екі күннен соң Алма мен Алуа қазақстандық билік ұсынған жеке ұшаққа күшпен отырғызылып, заңсыз паспорттар жасады деген айып тағылып, Қазақстанға жіберіледі. Халықаралық сынның өсуіне байланысты Алма мен Алуа 2013 жылдың соңында Италияға қайтарылды. Сот үкімге толық түсініктеме берген жоқ, бірақ айыпталушылар прокурорлар талап еткен үкімнен де қатал үкім алғанын мәлімдеді. Римдік иммиграциялық қызметтің басшысы Маурицио Импрота және полицияның ұшу отрядының басшысы Ренато Кортезе сотталып, бес жылға бас бостандығынан айырылды және кез келген мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылды. Сол сияқты римдік ұшу отрядының офицерлері – Франческо Стампакья мен Лука Армени бес жылға бас бостандығынан айырылды. Римдік иммиграциялық

қызметтің офицерлері Стефано Леони мен Винченцо Трамма сәйкесінше үш жарым жыл және төрт жылға сотталды.

Белсенділер мен БАҚ үкімет Интерполдың Қызыл хабарламаларын қолдана отырып, саяси қарсыластарды, атап айтқанда, Әблязовпен іскерлік немесе отбасылық байланысы бар адамдарды үнемі қудалайтынын атап өтті. 14 мамырда Украинаның Жоғарғы соты қазақстандық журналист және белсенді Жанар Ахметтің пайдасына пана беру туралы төменгі сатыдағы соттың шешімін жойды. Жоғарғы соттың шешімі бойынша, алаяқтық жасағаны үшін іздеуде жүрген және Әблязовтың белсенді жақтаушысы болған Ахметті Қазақстанға экстрадициялау қажет болды, өйткені Украина Қазақстанмен экстрадициялау туралы келісімді бекітті. Журналистің жақтаушылары Украина Жоғарғы сотының шешімі Украина мен Қазақстан құқық қорғау органдарының ынтымақтастығының нәтижесі болды деп мәлімдеді. «Ашық диалог» қоры, Фридом Хаус, украин және қазақстандық құқық қорғау ҮЕҰ-дары Украина билігін Ахметті бермеуге шақырды.

Азаматтық сот ісін жүргізу процестері мен құқық қорғау қызметі

Жеке тұлғалар мен ұйымдар адам құқықтары бұзылған жағдайда азаматтық қорғау қызметіне отандық соттар арқылы жүгіне алады. Экономикалық және әкімшілік сот төрешілері азаматтық істерді көбіне қылмыстық істер жөніндегі сот құрылымына ұқсас сот арқылы қарайды. Заң мен Конституцияда азаматтық дауларды сот арқылы шешу көзделгенімен, бақылаушылар азаматтық соттарды жемқор және сенімсіз деп санайды. COVID-19 карантиндік шектеулері кезінде бұл соттар қашықтан жұмыс істеді, нәтижесінде процедуралар мен мерзімдерді ескермеуге қатысты шағымдар кеп түсті.

Жеке өміріне, отбасына, үйіне не корреспонденциясына заңсыз қол сұғу

Конституция мен заң жеке өмірге қол сұғуға тыйым салады, алайда билік кейде аталмыш құқықтарды бұзған.

Заң бойынша прокурорлар азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеуге құқылы. ҚР ҰҚК, Ішкі істер министрлігі және де басқа агенттіктер Бас прокуратураның келісімімен жеке қарым-қатынасқа, қаржылық мағлұматтарға, сондай-ақ үйге қол сұға алады. Өткен жылы да атап өткендей, адам құқықтарын қорғаушы белсенділер ҰҚК қызметкерлері рұқсатсыз бақылау жүргізіп, белсенділердің отбасыларына келіп, күдіктері жөнінде заңсыз сөз қозғап, телефон әңгімелерін тыңдап, жеке кездесулерді таспаға жазып, әлеуметтік желілер арқылы таратқандары туралы хабарлайды.

Соттар прокурордың шешімі апелляцияға берілген жағдайда істі қарастыра алады, бірақ заң бұзушылықты дереу тоқтатуға заңды түрде тыйым сала алмайды. Заң бойынша орташа, шұғыл және ауыр қылмыс кезінде телефон әңгімелерін тыңдауға рұқсат беріледі.

Адам құқықтарын қорғаушылар, белсенділер және отбасы мүшелері биліктің кей кезде олардың жүріп-тұрғандарын бақылағанын хабарлап отырды.

25 маусымда Президент Қ. Тоқаев «Цифрлық технологияларды реттеу туралы» заңға түзетулерге қол қойды. Құқық қорғаушылар түзетулер ешқандай қоғамдық диалогсыз не Үкіметтің түсіндіруінсіз қабылданды, ал түзетулердің



кейбірі тым ауқымды және жеке өмір мен сөз бостандығы құқықтарына нұқсан келтіру үшін қолданылуы мүмкін деп алаңдаушылық білдірді. Сыншылардың пікірінше, заң дербес деректерді қорғауды немесе мұндай деректерге қолжетімділікті шектеуді жеткілікті түрде қамтамасыз етпейді, сондай-ақ ұлттық жүйені қадағалаудың жеткілікті тетіктері де жоқ. Сонымен қатар, биометриялық деректер мен бейне мониторингі қолданудың шектері мен мақсаттары қандай екені белгісіз. Заңға сәйкес, жеке деректерді қорғауға уәкілетті агенттік Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің құрамына кіреді. Түзетулерді орынсыз деп санайтындар 2019 жылдың маусым айында Орталық сайлау комиссиясы 11 миллион азаматтың жеке деректерінің жария етілуіне жол бергенін алға тартты. Сыншылардың айтуынша, Ішкі істер министрлігінің қаңтар айында қылмыс жасалғандығы туралы дәлелдердің жоқтығына байланысты аталмыш оқиғаға қатысты тергеуді тоқтатқаны тиісті қадағалаудың жоқтығынан екен.

5 желтоқсанда Үкімет киберқауіпсіздік бойынша оқу-жаттығу өткізетіндігі туралы хабарлады, оның барысында жергілікті интернет-провайдерлер Үкімет берген және олардың құрылғыларында орнатылған өкілеттік сертификат (ӨС) болмаса, тұрғындардың шетелдік сайттарға кіруіне тыйым салады. ӨС гипермәтінді жіберу протоколының қауіпсіз трафигін ұстауға, шешімін табуға, қауіпсіздік күштеріне онлайн әрекеттерге толық қол жетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін «ортадағы адам» функциясына рұқсат берді. Пайдаланушылар көптеген шетелдік парақшаларға емін-еркін кіргенмен, сертификат орнатылмаған болса Гугл, Твиттер, Ютуб, Фейсбук, Инстаграм және Нетфликс секілді, сайттарға кіруге тыйым салды. Үкімет уәкілеттік берген ӨС қауіпсіздік пен құпиялылық мәселелеріне байланысты шетелдік сайттардан бас тартты. Шенеуніктер «аталмыш шаралар мемлекеттік органдарды, телекоммуникациялық компанияларды және жеке компанияларды қорғау үшін жүргізілді, COVID-19 кезінде интернетті пайдаланудың артуы мен кибершабуыл қаупі бізге басқа амалын қалдырған жоқ» деп мәлімдеді. Бұған дейін де шенеуніктер 2019 жылдың тамызында осындай ӨС қабылдауға шақырған, бірақ үлкен қоғамдық резонанстан кейін ұсыныстарын қайтарып алған. 7 желтоқсанда ҰҚК сертификат беру бұл жәй ғана сынақ екенін жариялады.

2-бөлім. Азаматтық еркіндікті құрметтеу, соның ішінде:

Өз пікірін білдіру және баспасөз еркіндігі

Конституция сөйлеу мен баспасөзге еркіндік бергенімен, үкімет сөйлеу еркіндігін шектеп, бұқаралық ақпарат құралдарына әр түрлі жолдармен, оның ішінде заң арқылы, қудалау, лицензиялау ережелері, интернетті шектеу және қылмыстық-әкімшілік айыптар арқылы ықпал етеді.

2019 жылы елімізге сапарынан кейін БҰҰ-ның Терроризмге қарсы күресте Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау жөніндегі арнайы

баяндамашысы Фионнуала Ни Аoleyн азаматтық қоғамның мақсатты, маргиналданған және криминализацияланған қызметі үшін терроризм мен экстремизмге қарсы күрес

туралы заңдарды қолдануына байланысты терең алаңдаушылық білдірді. Ол «Мемлекеттік саясатты бейбіт түрде сынға алу іс жүзінде ауыр қылмыс болуы мүмкін», – деп жазды, өйткені «Заңмен басқарылатын және адам құқықтары саласындағы қағидаттар мен міндеттемелерді орындайтын қоғам үшін экстремизм мен терроризмге қатысты ережелерді бейбіт түрде пікір білдіру мен ойлау бостандығын криминализациялау үшін қолдану мүлде жат нәрсе».

БАҚ белсенділері жалған ақпарат тарату жауапкершілігін белгілейтін құқықтық норманы кеңінен қолдануға алаңдаушылық білдірді. Олар оны COVID-19 пандемиясы кезінде журналистер мен азаматтық қоғам белсенділеріне қысым жасау не үндерін өшіру үшін қолданғанын атап өтті.

17 сәуірде билік төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат таратқаны үшін белсенді Альнур Ильяшевті тұтқындады және айыптады. Полиция Ильяшевтің Facebook-тегі «Nur Otan» партиясы мен оның жетекшісі – Тұңғыш Президент Н. Назарбаевқа қатысты сыни посттары жалған ақпаратты қамтығанын және қоғамдық тәртіпке қауіп төндіргенін мәлімдеді. 22 маусымда Ильяшевті тергеу изоляторында екі айдан астам уақыт ұстай отырып, Алматының Медеу аудандық соты оны кінәлі деп танып, үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды. Сондай-ақ, сот Ильяшевке қоғамдық қызметке бес жылға дейін араласуға тыйым салды, сынақ мерзімі кезінде жылына 100 сағаттық міндетті жұмыс тағайындады және шамамен 54 000 теңге (130 доллар) айыппұл салды. 15 қыркүйекте Ильяшев сот шешіміне шағым түсірді, бірақ істе жеңіліс тапты.

Сөйлеу еркіндігі: Билік жеке тұлғаларға ел басшылығын сынауға шек қояды, ал өңірлік басшылар өз әрекеттерінің жергілікті БАҚ тарапынан сыналуына жол бермеуге тырысады. Заң Тұңғыш Президент, қазіргі Президент пен олардың отбасына тіл тигізуге тыйым салады және бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырған, сондай-ақ «қасақана жалған ақпарат таратқан» жағдайда 12,63 млн. теңге (32800 доллар) көлемінде айыппұл төлетеді және 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын кеседі.

6 ақпанда Маңғыстау облысының апелляциялық соты Мұнайлы аудандық сотының үкімін өз күшінде қалдырды және жергілікті белсенді, блогер және беделді саяси сыншы Жамбыл Көбейсіновты жала жапқаны үшін алты айға бас бостандығынан айырды. Бұл істі жергілікті полиция бастығы қозғады, ол Көбейсінов пен оның әйелін Көбейсіновтың YouTube-каналында өзі жайлы жала жапқаны үшін сотқа берді.

13 сәуірде ҰҚК Қарағандыда Арман Хасенов Н. Назарбаевты сынға алған видеоны жариялағаны үшін Тұңғыш Президент Н. Назарбаевты қорлады деген айыппен тұтқындалды. 30 сәуірде Қарағанды қаласының Қазыбек аудандық соты Хасеновты кінәлі деп танып, оны үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыруға, 100 сағаттық міндетті жұмысқа салуға және 41 670 теңге (100 доллар) әкімшілік айыппұл төлеуге үкім шығарды.

Алмат Жұмағұлов пен Кенжебек Әбішев терроризмді насихаттағаны үшін 2018 жылы сегіз және жеті жылға бас бостандығынан айырылды. Жақтаушылар

мен құқық қорғаушыларының пікірінше, оларға қарсы қозғалған іс саяси негізделген, ал оларды айыптауға негіз болған дәлел, яғни бетпердедегі кісілердің жихадқа шақырған бейнежазбасын билік қолдан жасады. Жұмағұлов ҚДТ тыйым салынған оппозициялық ұйымының жақтаушысы болды. ҚДТ-мен байланысын жоққа шығарған Әбішев жер реформасы мен басқа да саяси мәселелердің жақтаушысы болды. 29 сәуірде Қапшағай соты Кенжебек Әбішевтің мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қанағаттандырып, жазаның қалған мерзімін қамаудың шартты түріне ауыстырды. Прокуратура бұл шешімге қарсы шығып, 8 шілдеде Алматы облыстық апелляциялық соты Қапшағай сотының Әбішевті босату туралы шешімінің күшін жойды. 24 қарашада Алматы облыстық соты Қапшағай аудандық сотының 5 қазандағы Әбішевтің мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін бұдан былай қанағаттандырмау туралы шешімін де күшінде қалдырды. 1 шілдеде Қапшағай қалалық соты Алматы Жұмағұловтың мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қабылдамады.

Баспасөз және БАҚ, оның ішінде онлайн БАҚ еркіндігі: Тәуелсіз БАҚ-на қатаң түрде шектеулер жасады. Көптеген жекеменшік газеттер мен телеарналар мемлекеттен субсидия алып тұрады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялылықтың жоқтығы және ақпарат құралдарының көпшілігінің үкімет арасындағы келісімшартқа тәуелділігі ақпаратты жариялауға елеулі кедергі туғызады.

Президенттің отбасына не бірлестіктерге тиесілі компаниялар билік тарапынан басқарылмайтын көптеген БАҚ-ын иеленді. БАҚ бақылаушыларының пікірінше, билік жалпыұлттық телеарналардың көпшілігін толығымен немесе жартылай иеленген. Өңірлік билік бірнеше жиілік станцияларын иемденген, ал Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі сол жиілік станцияларын тәуелсіз хабар таратушыларға тендер жүйесі арқылы таратқан.

Барлық бұқаралық ақпарат құралдары Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелуі тиіс, бірақ веб-сайттар бұл талаптан босатылады. Заң жергілікті хабарлау станциялары арқылы берілетін шетелдік бағдарламалардың апта сайынғы эфир уақытын 50 пайызға шектеді. Бұл ереже шағын, аз дамыған аймақтық телеарналарға ресурстардың жоқтығынан бағдарламалар жасауда қиындық туғызады, дегенмен үкімет бірде-бір бұқаралық ақпарат құралдарына мұндай тыйым салмаған. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары бұл талапты орындауға міндетті емес.

Зорлық-зомбылық және қорлау: Тәуелсіз журналистер, оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін немесе сыбайлас жемқорлық, шерулер мен наразылықтарға байланысты оқиғаларды баяндайтын тілшілер үкіметтік шенеуніктер мен жеке тұлғалардың қорқытқанын және іздеріне түскенін хабарлады.

16 наурызда *101TV.kz* YouTube-арнасының журналисі Ботагөз Омарова компанияның нашар жұмысы туралы журналистік тергеу жүргізу мақсатымен ресми ақпараттық сұрау салу үшін Қарағандының «Еуразия» құрылыс компаниясына барды. Хатты тапсыруға компания өкілін күтіп тұрғанда,

Омароваға күзетші шабуыл жасады, оны ғимараттан қуып шығып, тіл тигізіп, смартфонын тартып алды. Полиция оның шағымын қарастыруда.

11 сәуірде КТК телеарнасының тілшісі Бекен Әлирахимов пен оператор Манас Шәріпов Атырау облыстық ауруханасының аумағында ұсталды. Олар дәрігерлер мен медбикелер тобынан COVID-19 пандемиясы кезінде орын алған қиындықтар туралы сұхбат алып жатты. Журналистер полиция бөлімшесіне жеткізілді, сосын болған оқиға жайлы жазбаша түсініктеме беруге мәжбүр болды. Содан кейін олар карантинге жатқызылды, өйткені олар індетті жұқтыруы мүмкін дәрігерлермен байланысқа түсті.

Құқық қорғаушылар еліміздің Бас санитариялық дәрігері Айжан Есмағамбетованың ауруханаларда фото-және бейнетүсірілімге тыйым салу туралы шілде айындағы шешімін сынға алды. Есмағамбетова шектеулер пациенттердің жеке өмірін қорғау және медицина қызметкерлерін негізсіз қысымнан қорғау үшін қажет деп түсіндірді. «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау ұйымы заң бойынша Бас санитариялық дәрігердің БАҚ бостандығын шектеуге құқығы жоқ екенін айтты. Әлеуметтік желілерде белсенділер бұл тыйым жеке қорғаныс құралдары мен басқа да медициналық жабдықтардың жалпы жетіспеушілігі туралы ақпаратты жасыруға бағытталған деп мәлімдеді. *«Төтенше жағдай мен карантин кезінде сөз бостандығы»* атты аналитикалық баяндамасында «Әділ сөз» төтенше жағдай кезінде сөз бостандығы, ақпарат алу және тарату бостандығы негізсіз шектелгенін және осы құқықтардың конституциялық кепілдіктері бұзылғанын мәлімдеді. Билік карантиндік шектеулердің негізділігі мен барабарлығы туралы толық және нақты ақпарат берген жоқ.

Цензура немесе мазмұнды шектеу: Заң бойынша билік мемлекеттік қауіпсіздікке, қорғаушы топқа зиян келтіретін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық не діни келіспеушілікке әкеліп соғатын бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнына шек қоя алады. Меншік иелері, редакторлар, таратушылар және журналистер азаматтық құқықтар мен қылмыстық заңдарға сәйкес, ақпарат мазмұны ресми дереккөзден алынбаған жағдайда жауапкершілікке тартылады.

Журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары биліктің қысымына жол бермеу үшін өзін-өзі цензураалаған. Заңда «адамдардың өліміне, денсаулығына зиян келтіруге, елеулі мүліктік залалға немесе халықтың өмір сүру жағдайларын бұзуға әкеліп соғуы мүмкін немесе әкеліп соққан қоғамдық қатынастардағы қайшылықтар мен жанжалдардан туындаған белгілі бір аумақтағы төтенше жағдай» ретінде айқындалатын «төтенше әлеуметтік жағдайлар» кезінде қосымша шаралар мен шектеулер көзделген. Мұндай кезде Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарын цензуралай алады, олардан белгілі бір ақпаратты шығарудан немесе бекітуге жіберуден 24 сағат бұрын билікке баспа, аудио және бейне ақпаратты тапсыруды талап етеді. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер қауіпсіздік күштерінің әрекеттеріне кедергі келтірсе, жұмысы тоқтатыла тұруы немесе жабылуы мүмкін. Сондай-ақ, ережелер Үкіметке көшіру жабдықтарын, ақпарат тарату жабдықтарын, аудио және бейне

жазу құрылғыларын шектеуге немесе тыйым салуға және дыбыс күшейткіш жабдықты уақытша тәркілеуге мүмкіндік береді.

Павлодарда билік бақылауындағы «Звезда Прииртышья» газетінің тілшісі Ирина Волкова басқа газетте толық емес жұмыс кестесі бойынша істейтін. Ол мамыр айында сол газет үшін дайындап жатқан мақаласы бойынша облыстық білім басқармасынан ақпарат сұратады. Тілші психикалық ауытқулары бар балаларға арналған жергілікті мектеп-интернат туралы ақпарат сұрайды. «Звезда Прииртышья» газетінің басшылары тілшіден барлық сұрауларды басшының келісімімен жасауға және даулы мәселелерді көтермеуге бұйырады. Аталмыш шектеулер оның басқа БАҚ-тағы жұмысына да қатысты екенін айтты.

Заң бойынша интернет ресурстары, оның ішінде әлеуметтік медиа бұқаралық ақпарат құралдарының нысандары ретінде жіктеліп, бірдей ережелермен реттеледі. Билік органдары блогерлер мен әлеуметтік медиа пайдаланушыларын онлайн жазбалары арқылы заңды бұзды деп айыптауды жалғастырды.

15 мамырда Петропавл қалалық соты блогер Азамат Байкеновті тыйым салынған ҚДТ-на қатысқаны үшін соттады. Прокурорлар тергеушілер жұмылдырған сарапшылардың қорытындыларын негізге ала отырып, Байкеновтың әлеуметтік желілердегі және мессенджерлердегі посттарын ҚДТ -ға қатысуының дәлелі ретінде ұсынды. Аталмыш келісілген сарапшылар Байкеновтың посттары «қазақстандықтардың билікке деген теріс көзқарасын қалыптастырып, оларды билікті ауыстыруға итермелегенін» анықтады. Сотталушы өзінің экстремист емес екенін мәлімдеп, ҚДТ-ға қатысы не оның идеяларын насихаттағаны дәлелденбегенін айтты. Ол сонымен бірге сотты материалдарды нақтылы түрде зерттемегені үшін және прокурорды қолдағаны үшін сынға алды. Судья Байкеновты бір жылға шартты түрде бас бостандығынан айыруға және 27 000 теңге (65 доллар) көлемінде әкімшілік айыппұл төлеуге үкім шығарды.

6 сәуірде Жамбыл облысының белсендісі Бағдат Бақтыбаев төтенше жағдай кезінде қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Сот үкіміне сәйкес, Бақтыбаев COVID-19 пандемиясы кезінде Үкімет тағайындаған әлеуметтік жәрдемақыға құжаттарын тапсырғалы тұрған табысынан айрылған азаматтардың пошта бөлімшесіндегі ұзын-сонар кезегін тікелей трансляциялағаны үшін кінәлі деп танылды. Ол Үкімет жұмысына наразылығын білдіріп, тікелей эфирде сыни пікірлер айтты.

Жазбаша/Ауызша жала туралы заңдар: 27 маусымда Президент заңнан жала жабу үшін жауапкершілікті алып тастайтын түзетулерге қол қойды. Құқық қорғаушылар мен бақылаушылар жала жабуды қылмыссыздандыруды құптады, бірақ заң жала үшін ауыр жаза қолдануды жалғастыруда деп алаңдайды. Заңда лауазымды тұлғаларды даттайтын адамдарға қатысты болуы мүмкін бірнеше баптар әлі де бар. Оларға: «Тұңғыш Президентті көпшілік алдында қорлау немесе оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қолсұғушылық», «Президенттің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қолсұғушылық», «Парламент мүшесінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қолсұғушылық», «Билік

өкілін қорлау», «Судьяға, алқабиге, тергеушіге, сарапшыға, сот приставына қатысты жала жабу», «Біле тұра жалған мәліметтер тарату» жатады.

COVID-19 пандемиясы кезінде билік журналистер мен азаматтық қоғам белсенділеріне қысым көрсету үшін жалған ақпарат таратудың заңды ережесін қолданды деген көптеген шағымдар болды.

Заң бойынша, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе «ақпараттық-коммуникациялық желілерде» жала жапқаны үшін ірі көлемді айыппұлдар мен түрмеге отыру сияқты жаза түрлері қарастырылған. Журналистер мен құқық қорғаушылар «үкімет аталмыш ережелердің негізінде тергеу журналистикасын шектей түседі» деп алаңдауда.

Ұлттық қауіпсіздік: Заң бойынша, Президенттің денсаулығы, қаржысы немесе жеке өмірі, сондай-ақ пайдалы қазбалар қоры, үкіметтің шетелдік кредиторларға борышы туралы экономикалық мәліметтер туралы ақпарат таратқан жағдайда жауапкершілікке тарту көзделген. Осыған ұқсас мәселелерді болдырмау үшін бұқаралық ақпарат құралдары көбіне Президентке және оның отбасына қатысты цензураны өзі жасайды.

Заң «Ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіретіндей ақпаратты қасақана бұрмалауға, сенімсіз ақпарат тарату мақсатында қоғамдық және жеке санаға ықпал етуге» тыйым салады. Заң сарапшылары «сенімсіз ақпарат» ұғымының қолдану аясы өте кең деп айтқан. Заң сондай-ақ байланыс желілерінің иелерінен және қызмет көрсету мамандарынан лаңкестік жағдайында жаппай тәртіпсіздікті басу мақсатында билік органдарының бұйрығына бағынуды талап етеді.

Заң «экстремизмді» үгіттейтін, дәріптейтін немесе «әлеуметтік алауыздық тудыратын» мәлімдемелерді жариялауға тыйым салады. Халықаралық құқық сарапшыларының айтуынша, билік бұл ұғымдарға нақты анықтама бермеген. Президенттік реформалар бағдарламасы аясында Үкімет маусым айында Қылмыстық кодекстің 174-бабына – «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни алауыздықты қоздыруға» қатысты түзетулер қабылдады. Көптеген бақылаушылар бұл түзетулердің маңызы жоқ деп сынады. «Қоздыру» термині «тұтандыру» терминіне ауыстырылды және 174-бапты бұзғаны үшін жазаның жаңа түрлері қосылды. Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру туралы заңға 174-бап бойынша сотталған адамдар үшін жазаны жеңілдетуге бағытталған кейбір түзетулер енгізілді. Бұл түзетулер террорист ретінде немесе терроризмді қолдаушы ретінде танылған адамдарды аталмыш тізімнен шығарып тастауға көбірек мүмкіндік берді. Түзетулердің тағы бір бөлігі бұрынғы сотталғандарға өздері мен отбасы мүшелері үшін шектеулі банктік операцияларға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бұрынғы сотталғандарға жыл сайынғы демалыс және іссапар шығындары сияқты бұрын тыйым салынған кірістердің көп түрлеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ережелер енгізілді.

Билік бұқаралық ақпарат құралдарын Президентті сынағаны үшін жазамен қорқытады; қорқыту жазасына мәжбүрлеу шаралары мен азаматтық қуыным кіреді. Бұл шаралар бұқаралық ақпарат құралдарына қатты ықпал

еткенмен, мемлекеттік саясатты сынау әлі де жалғасты. Жергілікті билік органдарының бұқаралық ақпарат құралдарына қысым жасауы жалғасты.

#### Интернет еркіндігі

Билік онлайн контентті жан-жақты бақылауға алды. Бақылаушылар биліктің оппозициялық веб-сайттарды бұғаттағанын немесе кіруді баяулатқанын хабарлады. Бақылаушылардың көбі билік интернет-чатта жазылған жазбаларға үкіметтің жұмысына қатысты оң пікірлер қосады деп санайды. Билік мемлекеттегі интернет қызметін жеткізушілерді, оның ішінде мемлекет меншігі «Қазақтелеком» компаниясын қадағалайды. Дегенмен веб-сайттарда әр түрлі пікірлер, соның ішінде билікке сыни көзқарастарын білдірген пікірлер көп.

БАҚ туралы заң барлық онлайн комментаторларды тіркеуге және тіркеу туралы ақпаратты сұратқан жағдайда құқық қорғау органдарына жіберуге міндетті веб-сайттарда азаматтардың анонимді түсініктеме қалдыруларына тыйым салды. Нәтижесінде онлайн бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі қоғамдық талқы платформаларын жабуды таңдады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «.kz» интернет домендерінің тіркелуін бақылайды. Билік органдары елден тыс қызмет жасайтын серверлердің тіркелуін тоқтата немесе күшін жоя алады. Бақылаушылар тіркеу процесін тым қатаң және теріс мақсатта пайдалануға оңай деп сынаған.

Билік интернет қызметі туралы ережелер енгізді, ол бойынша барлық интернет-кафелерде бақылаушы камералардың болуы талап етіледі, интернет қолданушылар міндетті түрде жеке куәлігін көрсетуге тиіс, интернет-кафелер кірген веб-сайттар бойынша журнал жүргізу керек және құқық қорғау органдарының өкілдері интернет қолданушылардың аты-жөні мен кірген сайттары туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Бірнеше жағдайда үкімет веб-сайттарды бұғаттағанын жоққа шығарды. Блогерлер тәуелсіз жаңалықтар сайттарының баспашылары сияқты өз сайттарының кей кезде бұғатталғанын хабарлады.

Министрлер кабинетінің сот шешімінсіз интернетке және басқа да байланыс құралдарына қол жеткізуді тоқтата тұруға құқығы бар. Заңмен және Министрлер кабинетінің қаулысымен Бас прокуратура, ҰҚК, Қорғаныс, Ішкі істер және төтенше жағдайлар министрліктері төтенше жағдайларда немесе төтенше жағдайдың туындау қаупі туған кезде байланыс желілері мен байланыс құралдарының жұмысын тоқтата тұруға уәкілетті.

Бақылаушылар елімізді мобильді интернет байланысын бұзатын және әлеуметтік желілерге кіруді шектейтін «еркін емес» ел ретінде бағалауды жалғастырды. Наразылық акциялары кезінде тікелей эфирге шығу, жаңалықтарды тікелей оқиға орнынан бөлісу мүмкіндігін болдырмау үшін интернетке кіру жиі бұғатталды. Билік сондай-ақ кейбір тәуелсіз сайттарға кіруге тыйым салды.

16 мамырда билік *kuresker.org* сайтын бұғаттады, онда белсенділердің қуғын-сүргіні және тұтқындардың құқықтарын шектеу туралы

айтылды. *Kuresker.org* сот шешімдері негізінде бұғатталған сайттардың ресми үкіметтік тізіміне кірмейді. *Kuresker.org* сайты бұғаттаудың себептерін түсіндіруді сұраған кезде, билік бұл іске қатысты емесін айтты.

*Panorama.pub* вебсайты 3 шілде күні Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың індеттен айыққанын мәлімдей отырып, еліміз оның қанындағы антиденелерден COVID-19 антитоксинді сарысуын жасап жатқандығы туралы жаңалықты жариялағаннан кейін (сайт сатирикалық сарында болғандықтан, яғни жаңалық сатира ретінде шыққан еді) бұғатталды. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бұл жаңалықты жалған деп жоққа шығарды және жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік барын ескертті. Министрлік тиісті департаменттер аталмыш постты зерттеп, оны одан әрі таратуды тоқтату үшін шаралар қабылдағанын айтты.

Халықаралық бақылаушылар биліктің журналистер мен блогерлерге қысым жасайтынына әлі де алаңдайды. Сәуір айында Шығыс Еуропа және Орталық Азиядағы «Шекарасыз репортерлар» ұйымының бастығы Жанна Кавелье үкімет дүрбелеңнің алдын алу сылтауымен COVID-19 пандемиясына қатысты ауқымды жаңалықтарды жариялап жатқан журналистер мен блогерлерді қудалайды, ал төтенше жағдайды пайдалануы елдегі баспасөз бостандығына нұқсан келтіреді деп мәлімдеді.

Билік интернетті жан-жақты бақылайды. Фридом Хаустың есебіне сәйкес, «билік интернет инфрақұрылымын мазмұнды бақылау мен басқаруды жеңілдететіндей етіп орталықтандырған». Ұлттық және жергілікті билік органдары интернет-трафик пен онлайн-коммуникацияларды бақылап отырды. Баяндамада: «әлеуметтік желіні қолданатын белсенділер кейде олардың жоспарлары жайлы алдын ала біліп отырған билік тарапынан ұсталды немесе жазаланды» делінген.

13 ақпанда Алматы қалалық соты 2018 жылы экстремистік ұйымды қолдағаны үшін төрт жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілген Әсет Әбішевтің апелляциялық шағымын қабылдамады, ол Facebook-те тыйым салынған ҚДТ оппозициялық қозғалысын қолдап пост жазып бөліскен. БАҚ Әбішев үкіметке қатысты сыни пікірлер айту қылмысқа жатпайды деп сотқа мәлімдегенін хабарлады. Ол: «Егер мұғалімдердің лайықты жалақы алуы немесе балалардың мектептерде тегін білім алуы мен тамақтануы экстремизм болса, онда мен-ақ кінәлі болайын. Бірақ мен ешқандай заңсыздық не зорлық-зомбылық жасаған жоқпын», – деді. 5 маусымда Қапшағай қалалық соты Әбішевтің сынақ мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қабылдамады.

Академиялық еркіндік және мәдени іс-шаралар

Билік академиялық еркіндікке тұтастай шек қоймайды, бірақ Тұңғыш Президент, қазіргі Президент пен олардың отбасыларының абыройы мен арнамысын даттауға тыйым салу сияқты жалпыға бірдей шектеулер ғылыми қызметкерлерге де қатысты. Көптеген ғалымдар өзін-өзі цензуралайды.

Бейбіт жиындар және қоғамдастық еркіндігі

Бейбіт жиындар еркіндігі

Заңда жиналу еркіндігіне шектеу қойылған, алайда бұл заңға қатысты айтарлықтай шектеулер болды. 25 мамырда Президент Қ. Тоқаев «Қазақстан



Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңға қол қойды. Үкімет оны елдің заңнамасын ырықтандырудағы алға жасалған қадам ретінде жоғары бағалады. Ал оппозиция оны бейбіт жиындар еркіндігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келмейтін және шектеуші фактор ретінде сынға алды. Елеулі шектеулер өзгеріссіз қалды. Ұйымдастырушылар жергілікті билік органдарын алдын ала хабардар етіп, олардың жауабын күтуі тиіс. Заң бойынша, жеке пикеттерден басқа барлық жиындар тек билік белгілеген жерлерде өткізілуі керек, аяқ асты жиындарға тыйым салынады, ал шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға тыйым салынады.

Екі оппозициялық топ – Демократиялық партия және ҚДТ өз жақтастарын 6 маусымда митингке жиналуға шақырды. Пандемия кезінде жаппай жиналыстар өткізуге тыйым салған биліктің ескертулеріне және полицияның митингіге апаратын жолдарға тосқауыл қойғанына қарамастан, бірнеше қалалардағы наразылық білдірушілер саяси тұтқындарды босатуды, қарызды кешіруді, шетелдіктерге жер сатуға тыйым салуды және бейбіт жиналыстар бостандығын талап етті. Полиция 53 наразылық білдірушінің ұсталғанын, олардың жетеуі әкімшілік айыппұлмен жазаланғанын, бір наразылық білдірушіге сөгіс жарияланғанын, ал қалғандары түсініктеме бергеннен кейін босатылғанын айтты.

Белсенділер жүздеген наразылық білдірушілерді полиция ұстады деп мәлімдеді, олардың кейбіреулері наразылық білдірген күні түрмеге қамалып, айыппұл төледі, ал басқалары кейінірек қамауға алынды.

13 қыркүйекте Демократиялық жетекшілер жоспарланған наразылық акциялары туралы 12 қаладағы жергілікті билік органдарына алдын ала хабарлағаннан кейін алты қалада ірі бейбіт наразылықтар өтті. Наразылық білдірушілерге жиналуға рұқсат етілді және бірқатар қалаларда оларды полиция бақылап отырды. Партия жетекшілерінің айтуынша, кішігірім қолдаушылар топтары наразылықтар басталғанға дейін әкімшілік қамауда болған, ал наразылықтар аяқталған соң бірден босатылған.

25 қыркүйекте ҚДТ құқық қорғау органдары тарапынан бірден жаншылған шағын наразылық акцияларын ұйымдастырды. Әлеуметтік желілердегі видеода қауіпсіздік күштерінің ірі бөлімшелері ҚДТ бейбіт наразылық білдірушілерін күштеп тұтқындағаны және алып кеткені көрсетілген. Әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен жаңалықтар көздері 25 қыркүйектегі оқиғаларға байланысты кем дегенде 43 адамның уақытша ұсталғанын көрсетті.

#### Қауымдастық еркіндігі

Заң қауымдастықты шектеулі еркіндікпен қамтамасыз етеді, алайда аталмыш заңға қатысты елеулі шектеулер қойды. Азаматтар қоғамдық ұйымдар, діни топтар құрған жағдайда Әділет Министрлігінде, сондай-ақ іс-шараның өту орнына байланысты әр өңірдің жергілікті Әділет басқармаларында тіркелуге тиіс. Заң қоғамдық немесе діни қауымдастықтан іс-шаралардың нақтылығын анықтауды талап етеді, ал талаптан тыс әрекет жасайтын қауымдастыққа ескерту жасалады, айыппұл төлетеді, қызметі уақытша тоқтатылады немесе тыйым салынады. Тіркелмеген

қоғамдық ұйымдарға мүше болу айыппұлдар, бас бостандығынан айырылу, ұйымның жабылуы немесе іс-шараларды тоқтату сияқты әкімшілік немесе қылмыстық жаза түрлеріне кесіледі.

ҮЕҰ-дар қоғамдық қауымдастықтарды тіркеуде бірнеше қиындықтардың болғанын айтты. Үкіметтің мәліметіне сәйкес, бұл қиындықтар ұсынылған құжаттарда кездескен сәйкессіздіктер кесірінен болған (Үкіметтің адам құқықтарының болжамды бұзу жөніндегі халықаралық және үкіметтік емес тергеуге қатынасы туралы 5-бөлімді қараңыз).

Бөлек заңнамада қамтылған діни топтардан басқа мүшелік ұйымдар жергілікті деңгейде кемінде 10 мүшеге дейін тіркеуі керек және мемлекеттік тіркеу үшін елдің үштен бір бөлігінен астам өңірлерінде бөлімшелері болуға тиіс (Саяси партиялар және саяси өмірге қатысу жөніндегі 3-бөлімді, Ассоциация еркіндігі және Ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы жайлы 7.а-бөлімін қараңыз).

Заңға сәйкес, барлық «үкіметтік емес ұйымдар, еншілес компаниялар және шетелдік, халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың өкілдіктерінен», «іс-шаралар, оның ішінде құрылтайшылар, активтер, қорлардың көзі туралы ақпарат және жұмсалған қаражат туралы есеп» беру талап етіледі. «Уәкілетті орган» бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан жарияланған баяндамалардың, жеке және заңды тұлғалардан немесе басқа адамдардан келіп түскен шағымдардың «растығын» тексеруге құқылы. Растау барысында есепте мезгілсіз не күмәнді ақпарат анықталған жағдайда, бұл әкімшілік құқық бұзушылық саналады және 63,125 теңге (164 АҚШ доллары) көлемінде айыппұл салынады немесе бір жыл ішінде заң бұзушылық түзетілмесе әлде қайталанса, үш ай мерзімге дейін қызметі тоқтатылып, әкімшілік жазаға тартылады. Төтенше жағдайларда үлкен айыппұлға, ұйымның қызметінің тоқтатылуына немесе жабылуына әкелетін қылмыстық жаза қолдануға болады.

Заң қоғамдық қауымдастық мүшелеріне үкімет жұмысына араласуға тыйым салады, ал араласқан жағдайда 404,000 теңге (1,050 АҚШ доллары) көлемінде айыппұл төлетеді немесе 40 күнге дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кеседі. Егер заң бұзушылық ұйым жетекшісінің тарапынан жасалса, 505,000 теңге (1,310 АҚШ доллары) көлемінде айыппұл төлеу немесе 50 күннен аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Заңда «заңсыз араласу» не екені анық жазылмаған.

Заңға сәйкес қоғамдық қауымдастықтың басшылары мен мүшелеріне жарғыдан тыс іс-шаралар ұйымдастырғандары үшін айыппұл салынуы мүмкін. ҮЕҰ мүшелерінің ұйымға немесе жеке өзіне байланысты іс-әрекеттері арасындағы айырмашылық заңда айқын көрсетілмеген.

Заң бойынша чектер мен шетелдік қорлардың шығындары, активтері жайлы толық есеп беру міндетті; сонымен қатар шетелдік қорлардың көмегімен жарыққа шыққан барлық жарияланымдарды белгілеу міндетті. Егер осы талаптар орындалмаса, заң бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ шетелдік қорлармен ұйымдастырылған

кездесулер, наразылықтар, және осыған ұқсас іс-шаралар өткізуге қатаң тыйым салынады.

Қараша айында шетелдік қаражат алатын 13 ҮЕҰ тобы салық органдарының бақылауының күшеюі туралы хабарлады, кейбір ҮЕҰ-ның пікірінше, бұл 2021 жылғы 10 қаңтардағы парламенттік сайлауға байланысты аталмыш ұйымдардың жоспарлы қызметіне негізделген болуы мүмкін. ҮЕҰ айтуынша, олар салық органдарынан 2017-18 жылдардағы шетелдік гранттар туралы есептеріндегі айырмашылықтар туралы хабарламалар алды, ҮЕҰ бұл айырмашылықтар типографиялық қателер мен кішігірім техникалық дәлсіздіктер есебінен болды деп мәлімдеді. Салық органдары бекіткен жазалар – 555 600 теңге (1300 АҚШ доллары) мөлшеріндегі әкімшілік айыппұл мен қызметті уақытша тоқтата тұру аталмыш қателіктерге сай келмеді. ҮЕҰ-ға салық төлеуден жалтарғаны, қаражаттың мақсатсыз жұмсалғаны немесе басқа да заңсыз салық әрекеттері үшін айып тағылған жоқ.

Дін таңдау еркіндігі

АҚШ Халықаралық дін таңдау еркіндігі есебін мына сілтемеден көруге болады [www.state.gov/religiousfreedomreport/](http://www.state.gov/religiousfreedomreport/).

Жүріп-тұру еркіндігі

Заң ел ішінде жүріп-тұруға, шетелге баруға, эмиграцияға және Отанына оралуға еркіндік береді. Кейбір заңды шектеулерге қарамастан, билік бұл құқықтарға құрметпен қарайды.

Ел ішінде жүріп-тұру: Үкімет елде бес күннен астам уақытқа қалған шетелдіктерден көші-қон полициясына тіркелуді талап етеді. Елге келген шетелдіктер келген жерлерінің шекаралық бекеттерінде немесе әуежайларында тіркелуге тиіс. Кейбір шетелдіктер үшін тіркелу орны барған жерінен алыс болғандықтан үлкен мәселеге айналды. Үкіметтің *Көші-қон саясатын жетілдіру* *тұжырымдамасына* ішкі миграция, этникалық қазақ қандастардың елге оралуы және сыртқы еңбек миграциясы енген. 2017 жылы үкімет Еуразиялық Экономикалық Одақ елдерінің мигранттарына елде 90 күнге дейін қалуға мүмкіндік беру үшін мигранттар туралы ережеге түзетулер енгізді. Заңды мигрант қызметкерлердің отбасына олардың жұмысқа кірген күнінен бастап тіркелуге 30 күн берілетін жеңілдік бар. Үкімет нормативтік актілерді бұзған адамдарды депортациялауға толық өкілетті.

Үкімет 2011 жылдан бері басқа елдерден келушілер ережесін өрескел бұзғандары үшін депортацияға ұшыраған шетелдіктердің саны туралы есеп бермеген. Депортацияға ұшыраған тұлғалар өз елдерінде қудалаудан үрейленген жағдайда пана сұрай алады. Үкімет қылмыстық іс бойынша күдікті адамдардан тұрғылықты қаладан кетпеу туралы өтінішке қол қоюды талап етті.

Билік органдары шетелдіктерден Қытай шекарасымен шектес нақты аймақтарға және әскери қондырғыларға жақын қалаларға баруға алдын ала рұқсат алуды талап етті. Үкімет Байқоңырдағы әскери базалар және Ғарышқа ұшу орталығының кей аймақтарға жақын орналасқандығынан шетелдіктер үшін жабық екенін қайта хабарлады.

COVID-19 таралуын бәсеңдету үшін Президент 16 наурыздан 11 мамырға дейін елде төтенше жағдайды жариялады. Үкімет жүріп-тұру еркіндігіне қатаң шектеулер қойды. Қалалар мен елді мекендерде жүріп-тұру шектеліп, қалаларға және одан тыс жерлерге көлік ағынын бақылау үшін бақылау-өткізу пункттері құрылды, онда вирус жұқтырудың алғашқы жағдайлары орын алды. Бақылау-өткізу пункттерінен өту үшін қызметкерлерге арнайы рұқсат берілді. Көптеген шаралар қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Барлық рейстер алдымен тоқтатылды, содан кейін біртіндеп қайта ашылды, өйткені төтенше жағдай аяқталып, шектеулер біртіндеп жеңілдеді. Қала ішіндегі азаматтардың қозғалысы да шектеулі болды және алдын ала рұқсатты талап етті, бірақ рұқсатты кім алғаны туралы ақпарат көбінесе толық емес болды, бұл бастапқыда рұқсаты бар адамдардың жүріп-тұруын да шектеді.

Қатаң карантин кезеңінде адамдарға үйлерінен 1,9 шақырым қашықтықта азық-түлік дүкендеріне немесе дәріханаларға бару үшін шығуға рұқсат етілді. Барлық ойын алаңдары жабылды. Балаларға көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салды, саябақтар жабылды. Кейбір кездері егер тұрғындардың бірінде COVID-19 табылған жағдайда, билік көп пәтерлі үйлерді түгел жауып тастады. Бірнеше төтенше жағдайлар кезінде жергілікті билік ғимараттарға кіру есіктерін жауып тастады. Полицейлер ғимараттарды қоршауға алды. Тұрғындар көбінесе азық-түлік пен басқа да қажетті қорлардың жетіспеушілігіне қарамастан үйлерінде қалуы керек еді. Омбудсмен Эльвира Әзімова көп пәтерлі үйлерде орнатылған құлыптарға қарсы шықты. Оның айтуынша, ғимараттардың айналасына қоршаулар мен полиция кордондарын қою жеткілікті еді. Үкімет басқа аймақтарда COVID-19 індетіне қарсы сондай қатаң шаралар қолданбады, бірақ індеттің таралуын шектеу үшін жүріп-тұруға шекті уақыт белгілеп, жол тосқауылдарын қоюды жалғастырды.

COVID-19 пандемиясы еңбек мигранттарына да қатты әсер етті. Төтенше жағдай кезінде көптеген адамдар жұмысынан айрылды, не ақысыз демалысқа кетуге мәжбүр болды. Нәтижесінде көптеген адамдар баспана, медициналық қызмет және тамақ ала алмады. Мигранттар мемлекеттік қолдауға жүгіне алмаған, әуе жолдары мен темір жолдары тоқтап, шекаралар жабылғандықтан туған елдеріне де орала алмады. Құқық қорғаушылар соттар жұмысқа тиісті рұқсаты жоқ мигранттарды депортациялау туралы қаулы шығаруды жалғастыруда деп хабарлады.

Мамыр айында Үкімет мерзімі өткен немесе өткелі тұрған жеке куәліктері мен рұқсаттары (визалар, тіркеу карталары, жұмысқа немесе елде тұруға рұқсат қағазы) бар шетелдік азаматтарға әкімшілік айыппұлдарсыз 2021 жылғы 5 қаңтарға дейін шығуға рұқсат беретін қаулы қабылдады. Үкімет жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың көмегімен көрші үкіметтермен еңбек мигранттарын отанына қайтару туралы келіссөздер жүргізді. Барлық өңірлердегі көші-қон қызметі орталықтары еңбек мигранттарына бірыңғай экспресс-терезелерде қызмет көрсетті. Қараша айындағы жағдай бойынша, үкіметтік статистикаға сәйкес, елдегі 149 217 шетелдік азамат (оның ішінде 30 801 Ресей азаматы) өз отанына оралды, ал Үкімет 146 970 шетелдік азаматтың мәртебесін заңдастырды (олардың 94 405-і уақытша жұмыс істеуге рұқсат алды, 1 966-ы

отбасымен қауышуға рұқсат алды, 872-і оқуға, 148-і медициналық көмек алуға және 6 501-і визаларды ұзартуға рұқсат алды).

Шетелге шығу: Үкімет азаматтардан уақытша шығу визаларын талап етпеді, алайда азаматтардың қылмыстық немесе азаматтық сот ісі жүріп жатса, жазасын толық өтемесе, салық, айыппұл, алимент, коммуналдық төлемдерді төлемесе, әскери борышы өтелмесе елден шығуға рұқсат бермеді. Басқа елге шығу барысында жалған құжаттар ұсынған жағдайда азаматтарға шығуға тыйым салынады, ал әскери қызметшілер жағдайды ерекше бақылауға алады. Заң мемлекеттік құпиямен жұмыс жасайтын адамдардан жұмыс істейтін мемлекеттік органнан елден уақытша шығуға рұқсат алуды талап етеді.

Қуғын-сүргін: Заң тиісті билік органының немесе сот шешімі болған жағдайда мәжбүрлі қудалауға тыйым салмайды.

е. Ел ішінде қоныс аударылған адамдардың мәртебесі және олармен қарым-қатынас

Тиісті ақпарат жоқ.

Босқындарды қорғау

Үкімет ел ішінде қоныс аударылғандар, босқындар, қайта оралған босқындар, пана іздеушілер, азаматтығы жоқ адамдар мен көмекке мұқтаж басқа да адамдарға пана беру және көмек көрсету үшін БҰҰ БЖКБ және басқа ұйымдармен ынтымақтастық құрды.

Мигранттарға, босқындарға және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты зорлық-зомбылық: Шілде айындағы жағдай бойынша елде 510 тіркелген босқын болды. Өткен жылдармен салыстырғанда, босқындардың өтініштер саны мен үкімет тарапынан мақұлдау көрсеткіші елеулі түрде төмендеді.

Панаға қол жеткізу: Заң баспана беру немесе босқын мәртебесін беруді қарастырады және үкімет босқындарды қорғауды қамтамасыз ететін жүйені құрды. БҰҰ БЖКБ заңды түрде үкіметке шағымдана алады және депортацияға ұшыраған тұлғалардың атынан әрекет ете алады. Заң, бірқатар қолданыстағы ережелер мен заңнамалар баспана беру және босқын мәртебесін беруді реттейді.

Босқындар мәртебесін айқындау рәсімі мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті, соның ішінде заңды түрде тіркелуге және ресми құжаттар алу құқығын көрсетеді. Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті босқындардың мәртебесін белгілеу рәсімдерін жүргізеді. Елде баспана іздейтін кез келген тұлға үшін баспана алу процедураларын жүргізу мүмкіндігі бар. БҰҰ БЖКБ мәліметтері бойынша, босқындардың баспанаға қол жеткізу процедуралары халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді және елдің аумағына кіру қиынға соғады. Билік органдары қауіпсіздік шарттарын сылтаурата отырып, жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ шекарадағы адамдардан баспана беру туралы өтініштерді зауықсыз қабылдайды. Шекараны заңсыз кесіп өткен адам қылмыстық сотқа тартылуы және қылмыстық әлеуеті бар адам ретінде қарастырылуы мүмкін, сәйкесінше, бұл пана алуда теріс әсер етеді.

17 тамызда билік өзбек оппозициясының белсендісі Хуррам Бердиевті Өзбекстанға экстрадициялады, оған 2013 жылы адам саудасымен айналысқаны

үшін іздеу салынған еді. Белсенділер айыптаулардың жалған екенін, ал Бердиев оппозициялық «Ерік» партиясының мүшесі ретінде өзінің оппозициялық саяси қызметі үшін қудаланғанын айтты. Ақпан айында өзбек әріптестерінің өтініші бойынша Сайрам полициясы Бердиевті тұтқындады. Бердиев қамауда болған кезде оның адвокаттары оған босқын мәртебесін алуға өтініш беруге көмектесті, бірақ үкімет оның өтінішін қабылдамады.

Қазан айында Үкімет Қытайдан қашқан келесі төрт этникалық қазақтарға баспана берді: Қастер Мұсахан, Мұрагер Әлімұлы, Мәлік Башағар және Қайша Хан. 21 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қалалық соты Мұсахан мен Әлімұлын елге Қытайдан заңсыз кіргені үшін бір жылға бас бостандығынан айырды. Алдын ала қамауда болған Мұсахан мен Әлімұлы 22 маусымда олардың баспана беру туралы өтініштерін қарау процесі аяқталмай тұрып түрмеден босатылды.

Баспана іздеушілердің елдің шекаралары мен басқа аймақтардың билік орындарының арасындағы қозғалысын басқаратын заңнамалық база жоқ. Баспана іздеушілер үшін ешқандай қабылдау орындары жоқ. Үкімет баспана іздеген адамдарға тұрғын үй, жәрдемақы және де басқа әлеуметтік жеңілдіктерді ұсынбайды. Заң ата-анасынан айрылған балалар мен мүгедектер сияқты ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін сараланған рәсімдер қарастырмайды. Баспана іздеуші адамдар мен ерекше қажеттіліктері бар босқындардың қаржылай көмекке құқығы жоқ. ЛГБТИ жағдайларын қоса алғанда, арнайы істерді қарау бойынша нұсқаулар жоқ.

Жұмыспен қамту: Босқындар үкіметтен жұмысқа орналасу және әлеуметтік көмек алуда қиындықтарға тап болды. Заң бойынша босқындар жеке кәсіпкерлікпен айналысуды қоспағанда, жұмыс істеуге құқылы. Жергілікті жұмыс берушілер босқындардың құқықтарын білмегендіктен олар еңбек нарығына шығуда қиындықтарға тап болды, нәтижесінде босқындар заңсыз жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Негізгі қызметтерге қол жеткізу: Үкімет мойындаған барлық босқындарға елде заңды түрде тұруына мүмкіндік беретін босқын сертификаты беріледі. Босқындардың көпшілігі біраз жылдар бойы елде тұрып жатыр. Олардың «уақытша тұратын шетелдіктер» мәртебесі 1951 жылғы Конвенцияда және заңда көрсетілген құқықтардың толық кешеніне қол жеткізуге кедергі келтіреді. Босқын мәртебесі бір жылға беріледі және жыл сайын жаңарып отырылуға тиіс. 2018 жылы босқындардың жарамды төлқұжаты болған жағдайда тұрақты тұруға өтініш беруге мүмкіндігі болды. Кейбір босқындар 2018 және 2019 жылдары тұрақты тұруға рұқсат алды және олар бес жыл өткеннен кейін Қазақстан азаматы бола алады. Заңда сондай-ақ, ерекше мұқтаждықтары бар босқындар мен пана сұраушы босқындарға жағдай жасау туралы ережелер жоқ. Босқындар ел азаматтары сияқты білім алуға және денсаулығын күтуге құқылы, бірақ әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктер ала алмайды.

БҰҰ БЖКБ үкіметпен босқындар мен баспана іздеушілерге көмек көрсетуде шынайы қарым-қатынастар орнатқанын хабарлады.

Үкімет жалпылай алғанда жергілікті босқындар топтарына сабырлықпен қарайды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) аумағында Минск көші-қон туралы конвенциясына сәйкес, үкімет шешендерді босқындар ретінде танымады. Шешен азаматтары кез келген ТМД азаматтары сияқты 180 күнге дейін уақытша тұрғын заңды мәртебесін алады. Бұл уақытша тіркеу ұзартылып тұрады, бірақ жергілікті көші-қон лауазымды тұлғалары уақытша тіркеудің ұзартылуын өз қалауымен жүргізеді.

Үкімет бір елдің аумағында екінші бір елдің этникалық сепаратистерінің болуына жол бермеу туралы Қытаймен келісімге қол қойды.

Азаматтығы жоқ адамдар

Конституция мен заң азаматтығы жоқ адамдармен қарым-қатынас жасау жолдарын ұсынады және мемлекет жалпылай алғанда, елдегі азаматтығы жоқ адамдардың ауыртпалығын елеулі түрде жеңілдету жөнінде өз міндеттемелерін қабылдады. Еліміз Қазақстан азаматтығын алу үшін келушілерден өз елінің азаматтығынан бас тартуды талап ететіндіктен, ол аздай Қазақстан азаматтығы берілетініне нақты кепілдік жоқ болғандықтан елімізде азаматтығы жоқ адамдардың саны артып отырды. Шілде айының 1 күні БҰҰ БЖКБ-ның деректері бойынша елде 7757 адам ресми түрде азаматтығы жоқ адам ретінде тіркелді. Елде азаматтығы анықталмаған, нақты азаматтығы жоқ немесе азаматтығын жоғалту қаупі бар азаматтардың басым көпшілігінің жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, ТМД елдерінде берілген жеке куәліктері бар немесе кеңес дәуіріндегі паспорттары бар. Бұл адамдар әдетте шалғай жерлерде ресми құжаттарсыз тұрып жатты.

Заң бойынша Үкімет терроризм және экстремизммен байланысты ауыр қылмыстары үшін сотталған адамдарды, соның ішінде «мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіргені үшін» Қазақстан азаматтығынан айыра алады. БҰҰ БЖКБ мен Үкіметтің мәліметінше, осы Заңға сәйкес ешкім азаматтығынан айырылған жоқ. Керісінше, бір жыл ішінде Үкімет халықаралық террористік ұйымдарға қосылған жүздеген азаматтар мен олардың қылмыстық жауапкершілікке тартылған отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсету арқылы қайтарды.

БҰҰ БЖКБ-ның деректері бойынша, заңда азаматтығы жоқ адамдар деп танылған адамдарға бірқатар құқықтар қарастырылған. Ресми түрде тіркелген азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесі құжатталған және азаматтығы жоқ адамның куәлігі түрінде 10 жылға тұрақты тұру құқығына ие болып саналады. Заңға сәйкес, елде бес жыл тұрғаннан кейін азаматтығы жоқ адамдар азаматтық алуға өтініш бере алады. Тұрақты тұратын жері бар, бірақ ресми түрде азаматтығы жоқ деп танылған адамдардың елде туылған балалары азаматтар деп танылады. Елде жақын туыстары бар этникалық қазақтар үшін, сондай-ақ келісімге сәйкес, Украина, Беларусь, Ресей және Қырғызстан азаматтары үшін құқықтық процедура бар. Заң Үкіметке азаматтық алу өтінішін қарауға алты ай уақыт береді. Кейбір үміткерлер бюрократиялық үдерістің ұзаққа созылуы себебінен азаматтықты алу созылып кететініне шағымданды. Қысқаша айтқанда, заңда азаматтығы жоқ адамдарға жеңілдетілген азаматтық құқық беру рәсімі көзделмеген. Қолданыстағы заңнама бойынша ата-аналарының жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ

болса, балаларының туу туралы куәліктерін ала алмайды, бұл олардың білім алуға, тегін медициналық көмекке және жүріп-тұру еркіндігіне кедергі келтіреді.

Өтініштері қабылданбаған немесе азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесі кері қайтарылған жағдайда шешімге шағымдануы мүмкін, бірақ мұндай өтініштерді қарау ұзаққа созылады.

Ресми түрде азаматтығы жоқ адамдар шетелдіктер сияқты тегін медициналық көмекке қол жеткізе алады, бірақ бұл Денсаулық сақтау мен Еңбек және әлеуметтік даму министрлігі бекіткен тізім бойынша жедел көмек алумен және 21 жұқпалы ауруды емдеумен шектелген. Ресми түрде азаматтығы жоқ адамдар мемлекеттік лауазымдардан басқа жұмысқа орналасуға құқылы. Еңбек келісімшарттарын жасау кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Өйткені болжалды жұмыс берушілер бұл заңды құқықты түсінбеуі не одан хабарсыз болуы мүмкін.

БҰҰ БЖКБ мәлімдегендей, жеке басын куәландыратын құжаттарсыз азаматтығы жоқ адамдар заңды жұмыс істей алмайды, ал бұл заңсыз еңбек миграциясы, сыбайлас жемқорлықтың өсуіне және жұмыс берушілер арасында билікті асыра пайдалануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Азаматтығы жоқ адамдардың балалары да азаматтығы жоқ деп танылады.

### 3-бөлім. Саяси процеске қатысу еркіндігі

Конституция мен заң азаматтарға өз билігін жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін еркін және әділ сайлауда дауыс беруге мүмкіндік береді, бірақ үкімет бұл құқықты қолдануды қатаң шектеді.

2017 жылғы конституциялық түзетулер кейбір салаларда заң шығарудағы билікті күшейтсе де, Конституция Президенттік билікке сүйенеді. Президент жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлерді, соның ішінде Премьер-министрді, Министрлер кабинетін, Бас прокурорды, ҰҚК басшысын, Жоғарғы Сот пен төменгі деңгейдегі судьяларды және облыс әкімдерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. 9 қазанда қол қойылған президенттік жарлық бұл тағайындаулардың көпшілігін Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының келісімі бойынша жүргізуді талап етеді, ал бұл 2018 жылы сол кездегі Президент Назарбаевқа өмір бойына берілген лауазым.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы 2018 жылғы «Елбасы туралы заң» сол кездегі Президент Назарбаевты Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясының өмірлік төрағасы етіп тағайындады және Конституциялық Кеңеске өмір бойына мүше болуға, «кез келген уақытта Қазақстан халқына үндеу» жасауға мүмкіндік беріп, «елдің дамуындағы қажетті барлық бастамаларды» үйлестіруге тиіс деп қарастырды.

Мәжіліс (Парламенттің төменгі палатасы) Президенттің Премьер-министрді таңдауын растауы керек, ал Сенат Президенттің Бас прокурор, ҰҚК басшысы, Жоғарғы Соттың судьялары мен Ұлттық Банктің басшысын таңдауын растауға тиіс. Парламент ешқашан Президент ұсынған үміткерді растаудан бас тартпаған. Конституцияны тиімді түрде өзгерту немесе түзетулер енгізу Президенттің келісімін талап етеді.



## Сайлау және саяси белсенділік

Жуырдағы сайлау: Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылғы наурызда қызметінен кетіп, Конституция бойынша Президенттік лауазым бірден Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа өтті. Осыдан кейін үкімет 2019 жылдың маусымында президенттік сайлау өткізді. Президенттікке жеті үміткердің ішінен Тоқаев 70,96 пайыз дауыспен жеңіске жетті. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) бақылаушылар миссиясының есебіне сәйкес, аталмыш сайлау «ықтимал саяси реформалар үшін маңызды сәт болды, бірақ бұл сәт маңызды құқықтардың айтарлықтай бұзылуына, сондай-ақ сыни дауыстарға қысым көрсетуге әкеліп соқты». Баяндамада бюллетеньдерді толтыру мен дауыстарды санау мәселелері, соның ішінде қасақана бұрмалау жәйттері сияқты бірқатар заң бұзушылықтар көрсетілді. Бұдан бөлек жариялылықтың болмауы, мысалы, сайлау учаскелерінде сайлау нәтижелерін жария етпеу, сондай-ақ жиындар, пікір білдіру мен бірлестіктердің құқықтарын бұзу сияқты мәселелер де орын алды. Баяндамада сондай-ақ ірі қалаларда сайлау күні бейбіт демонстранттардың кеңінен ұсталғаны атап өтілген. Жалпы алғанда, өткен сайлау «демократиялық стандарттарға деген құрметтің аздығын» көрсетті.

ЕҚЫҰ баяндамасында бұдан кейінгі мәселелер сайлау күні шеңберінен тыс орын алғаны да атап өтілді. Қорытынды есеп бойынша, соңғы жылдары кейбір оппозициялық партияларға заңды шектеулер мен қылмыстық қудалаулар арқылы тыйым салынған немесе маргиналданған, ал жаңа саяси партияларды тіркеу мүмкіндігі «Саяси партиялар туралы» заңға сәйкес айтарлықтай шектелген. Сонымен қатар, үміткерлерді іріктеудің құқықтық негіздері де өте шектеулі болды. ЕҚЫҰ баяндамасында сондай-ақ келесі нәрселер атап өтілді: 2017 жылғы конституциялық және заңнамалық түзетулер бойынша үміткерге өзін-өзі ұсынуға болмайды, оған қоса мемлекеттік қызметке және болжалды басқарушы кеңсеге сайлану үшін қажетті білім, тұрғылықты жер мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар үміткерлер санын айтарлықтай қысқартты.

Мәжіліс депутаттары, яғни Парламенттің төменгі палатасы депутаттары соңғы рет 2016 жылы сайланды. Нәтижесінде, жетекші «Нұр Отан» партиясы 84 орынды иеленсе, «Ақ жол» партиясы жеті орынды, ал Коммунистік Халық партиясы жеті орынды иеленді. ЕҚЫҰ бақылаушы миссиясы азаматтық және саяси құқықтарға қатысты заң бұзушылықтар мен шектеулер болғанын атап өтті.

Әр үш жыл сайын 49 сенатордың 17-ін ауыстыру туралы заңнамалық талаптың аясында, 12 тамыз күні елде Сенатқа сайлау өтті. Сенаторлар әрбір әкімшілік аудан мен Республикалық маңызы бар қалалардың атынан әрекет еткен *мәслихат* (жергілікті өкілді органдардың) мүшелері тарапынан сайланды. Қазіргі төрт сенатор қайта сайланды және жанадан сайланған сенаторлардың көпшілігі жергілікті билік органдарымен байланысты болды.

2018 жылдың маусымында билік сайлау туралы заңға түзетулер енгізді. Бір өзгеріс бойынша, мәслихат мүшелерінің дербестігі қысқартылды. Бұрын азаматтар өзін-өзі ұсынып, мәслихат сайлауына қатысатын жекелеген

үміткерлерге дауыс бере алатын. Өзгертілген заңға сәйкес, үміткерлерді партиялық тізім бойынша тек партиялар ғана таңдай алады, азаматтар партияларға дауыс береді, ал партия тізімнің ішінен мәслихатқа кім кіретінін таңдайды.

Сайлау заңнамасындағы тағы бір өзгеріс сайлау алды сауалнамаларына қатысты болды. Түзетулерге сәйкес сайлау туралы қоғамдық пікірге сұрау салуды Орталық сайлау комиссиясына (ОСК) хабарлағаннан кейін тек заңды тұлғалар ғана жүргізе алады. Мұндай субъектілер заңды түрде тіркелген және қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу тәжірибесі кемінде бес жыл болуға тиіс. Заңды бұзу жеке тұлға үшін 37 875 теңге (98 доллар) және ұйым үшін 75 750 теңге (197 доллар) мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады. Заң бойынша, сайлау кезінде бес күн бойы сайлау қорытындыларын болжауға, белгілі бір үміткер мен саяси партияларды қолдауға қатысты басқа да зерттеулерді жариялауға тыйым салынған.

Саяси партиялар мен саяси белсенділік: Президент Қ. Тоқаев 25 мамырда қол қойған «Саяси партиялар туралы» заңға түзетулер енгізу аясында тіркеу шегі 40 000-нан 20 000-ға дейін төмендетілді, әр өңірден кемінде 600 мүше шыға алады.

Заң бойынша, егер билік қойылған қолдардың тұрақты емесін мәлімдесе, тіркеу процесі тиісті қолдардың жалпы саны талап етілетін саннан асқан жағдайда ғана жалғасуы мүмкін. Заң этникалық, гендерлік немесе діни негізде құрылған партияларға тыйым салады. Сондай-ақ, заң Қарулы Күштердің мүшелеріне, құқық қорғау органдарының және басқа да ұлттық қауіпсіздік ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ судьяларға саяси партияларға қатысуға тыйым салады.

Барлығы алты саяси партия тіркелді: «Адал» (бұрынғы «Бірлік»), «Ақ Жол», «Қазақстанның Халық партиясы» (бұрынғы «Коммунистік Халық партиясы»), «Ұлттық-социал-демократиялық» партия, «Nur Otan» партиясы және «Ауыл» Халықтық патриоттық партия. Партиялардың ешбірі жалпы алғанда «Nur Otan» партиясының саясатына қарсы шыққан жоқ.

2018 жылы Астананың Есіл аудандық соты (қазіргі Нұр-Сұлтан) экстремистік ұйым ретінде қашқын банкир және оппозиционер Мұхтар Әблязов ұйымдастырған «ҚДТ» қозғалысына тыйым салды. Қозғалыстың жарияланған мақсаты елдегі авторитарлық режимді парламенттік республикаға бейбіт түрде өзгерту болды. Сот ҚДТ әлеуметтік алауыздықты қоздырады, мемлекеттік биліктің теріс имиджін жасайды және наразылық туғызады деп шешті.

8 ақпанда бір топ белсенділер елді парламенттік республикаға айналдыру, барлық саяси тұтқындарды босату және сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында «Көше» партиясын құру туралы жариялады. 19 мамырда Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық соты «Көше» партиясына ҚДТ-ның ізбасар ұйымы ретінде тыйым салды. Аталмыш партия сот отырысына қатысқан жоқ. Құқық қорғаушылар сот ісін әділ жүргізбеу қауымдастық бостандығын бұзумен пара пар деп сын айтты.

Әйелдер мен азшылықтардың белсенділігі: 25 мамырда Президент Қ. Тоқаев сайлау және саяси партиялар туралы заңдарға түзетулер енгізді, ол бойынша сайлауға қатысатын саяси партиялар кандидаттарының тізімінде әйелдер мен жастардың үлесі 30 пайыздық квотаны көздейді. Жастар деп 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтар анықталады. Алайда түзетулерде іс жүзінде сайланған Парламент пен Мәслихат депутаттары арасындағы бірдей арақатынас жайлы айтылмайды.

Дәстүрлі көзқарастар кейде әйелдерге жоғары саяси лауазымды иеленуге немесе саяси өмірде белсенді рөлдерді атқаруға кедергі келтірді, алайда әйелдердің немесе азшылықтардың саясатқа қатысуына заңмен шектеулер қойылмаған.

4-бөлім. Сыбайлас жемқорлық және билікте ашықтықтың жеткіліксіздігі  
Заң шенеуніктер сыбайлас жемқорлықпен ұсталған жағдайда қылмыстық жаза тағайындайды, бірақ Үкімет заңды тиімді орындамады. Үкімет өкілеттігін асыра пайдаланған лауазымды тұлғаларды қудалау мақсатында бірқатар қадамдар жасағанымен, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа келгенде, не мемлекеттік шенеуніктермен жеке қарым-қатынас орнатылған жағдайларда қылмыс жазасыз қалды.

Сыбайлас жемқорлық: Құқық қорғаушы ҮЕҰ-дың пікірінше, сыбайлас жемқорлық атқарушы билік органдарында, құқық қорғау органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, білім беру жүйесінде және сот органдарында кеңінен таралды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің мәліметінше, алғашқы алты айда сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылған шенеуніктердің көпшілігі полиция, қаржы және ауыл шаруашылығында жұмыс істеген. Олар сондай-ақ әскери қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық жағдайларының үш есе өскенін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуге Ішкі істер министрлігі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҰҚК және Қаржы министрлігінің экономикалық зерттеулер қызметі жауапты. ҰҚК арнаулы органдардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бюролардың және әскери қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарын тексереді. Ағымдағы жылдың алғашқы тоғыз айында үкімет барлық ведомстволарда 2140 сыбайлас жемқорлық қылмысын тіркеді. Әкімшілік және тәртіптік жазалардан басқа, 195 лауазымды тұлға соттарға беріліп, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Ең жиі кездесетін қылмыстар парақорлық, билікті асыра пайдалану және мүлікті ысырап ету болды. Үкімет 442 мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлыққа барғаны үшін соттады.

27 мамырда сот Павлодар облысының әкімі Болат Бақауовты лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін кінәлі деп таныды. Сотталушы мен прокурор кінәні мойындау туралы мәмілеге келудің нәтижесінде сот Бақауовтың жүріп-тұру бостандығын 3,5 жылға (шартты түрде) шектеуге және мемлекеттік қызметпен айналысуына өмір бойына тыйым салуға үкім шығарды. Сот қандай да бір мүлікті тәркілеу туралы шешім шығарған жоқ, өйткені ол заңсыз жолмен алынған мүлікті таппады.

Қаржылық әшкерелеу: Заң мемлекеттік лауазымды тұлғалардан, үкіметтік лауазымдарға үміткерлерден және мемлекеттік қызметтен босатылғандардан жыл сайын салық органдарына елдегі және шетелдегі табыстары мен активтерін жариялауды талап етеді. Мұндай талап олардың жұбайларына (зайыптарына), асырауындағы адамдарға және ересек балаларына да қойылады. Бұл заң парламент мүшелеріне және сот төрешілеріне де қатысты. Салық декларациясы жұртшылық үшін қол жетімді емес. Заң талаптары сақталмағаны үшін әкімшілік айыппұл салады.

5-бөлім. Адам құқықтарының болжалды бұзылуын халықаралық және үкіметтік емес тергеуге қатысты биліктің көзқарасы

Адам құқықтарын қорғайтын ҮЕҰ-ға кейбір шектеулер барына қарамастан, көптеген отандық және халықаралық құқық қорғау ұйымдарына адам құқықтарын қорғау туралы істер бойынша тергеу жүргізуге және жариялауға еркіндік берілген. Халықаралық және жергілікті құқық қорғау ұйымдарының хабарлауынша, үкімет ҮЕҰ-дың арнайы мәселелер жөнінде іс-әрекеттеріне мониторинг жүргізді, сондай-ақ ҮЕҰ кеңселеріне, қызметкерлерге және отбасы мүшелеріне полициялық тексеріс жүргізіп қана қоймай, қысым көрсеткен. Үкіметтік қызметкерлер көбіне олармен бірігіп жұмыс істемеді немесе сұрақтарына жауап бермеді.

Соңғы жылдары Үкімет Қытайдағы этникалық қазақтардың құқықтарын қорғау жөніндегі Атажұрт құқық қорғау ұйымынан келіп түскен үш өтінішті тіркеуден бас тартты. Бұған Атажұрт құжаттарындағы қателіктер негіз болды. Үкімет Атажұрттың көшбасшысы – Серікжан Біләшқа қысым көрсетуді жалғастырып, 18 тамызда Алматы соты оны заңды түрде тіркелмеген ұйымға мүше болғаны үшін кінәлі деп таныды; 138 900 теңге (\$330) көлемінде әкімшілік айыппұл салды. Біләш айыптауларды жоққа шығарып, оларды негізсіз және заңсыз деп атады. Бұған дейін Біләш 2019 жылы кінәсін мойындау туралы келісімге қол қойған, бұл оған алауыздық тудыратын қылмыстық іске байланысты саяси қызметпен айналысуға тыйым салған. Желтоқсан айында халықаралық БАҚ Біләш қыркүйек айында елден қашып, Түркияда тұрып жатқанын хабарлады.

Халықаралық құқықтық бастама, Адам құқықтарын қорғау және құқық үстемдігі жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро, «Қадір Касиет», «Құқықтық медиа орталығы» және Парламенттік даму қоры адам құқықтарын қорғайтын ең айтулы үкіметтік емес ұйымдардың қатарында болды. Кейбір ҮЕҰ кеңсе мен техникалық құралдарды сатып алу кезінде кездейсоқ қиындықтарға тап болды. Үкімет басшылары дөңгелек үстелдер, демократия мен адам құқықтары жөніндегі басқа да қоғамдық іс-шараларға қатысып, үкіметтік емес ұйымдарды шақырып отырды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе басқа халықаралық органдар: Үкімет БҰҰ арнайы баяндамашыларын елге шақырып, адам құқықтарын қорғаумен айналысатын ҮЕҰ-мен кездесті. Үкімет адам құқықтарын қорғаумен айналысатын басқа халықаралық ҮЕҰ-дар мен көп жақты институттарға елге келуге және адам құқықтарын қорғау жөніндегі жергілікті топтармен, қоғам қайраткерлерімен кездесуге кедергі келтірмеді. Ұлттық қауіпсіздік туралы заң

шетелдіктерге, халықаралық ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға және басқа да коммерциялық емес ұйымдарға саяси қызметті жүзеге асыруға тыйым салады. Үкімет халықаралық ұйымдарға тіркелмеген субъектілерді қаржыландыруға тыйым салды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар: Адам құқықтары жөніндегі Президент комиссиясы – Президент тағайындайтын қоғамның мүшелері кіретін консультативтік-кеңесші орган. Комиссия адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенциялардың орындалуын бақылайды, шағымдарды қарайды, тексереді, мәселелерді қарастырады, зерттейді. Комиссияның адам құқықтарының бұзылуына қатысты мәселерді шешуге немесе есептерде көрсетілген ұсыныстарды орындауға заңды құқығы жоқ.

Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен Президенттің ұсынысымен Сенат тарапынан бес жылға сайланады. Омбудсмен лауазымды тұлғалар мен ұйымдардың адам құқықтарын бұзу жөніндегі шағымдарын қарайды және тергейді. Омбудсмен адам құқықтары бойынша ұсынымдар шығарады және баяндамаларды жариялайды, сондай-ақ Азаптауларға қарсы Ұлттық алдын алу механизмі (ҰАМ) үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады.

Омбудсмен жеке тұлғаларға қатысты шағымдарды қарастырғанмен, Президенттің, мемлекеттік органдар басшыларының, Парламенттің, Министрлер кабинетінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, Орталық сайлау комиссиясының немесе соттардың шешімдеріне қатысты шағымдарды қарауға өкілеттігі жоқ. Омбудсмен мекемесі азаматтардың шағымдарын шешу үшін Президентке, Министрлер кабинетіне немесе парламентке жүгінуге құқылы; халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен және ҰЕҰ-мен ынтымақтасуға; адам құқықтарының бұзылуына қатысты мемлекеттік лауазымды тұлғалармен кездесуге; әскери бөлімдер мен түрмелер сияқты белгілі бір нысандарға баруға; және бұқаралық ақпарат құралдарында тергеу нәтижелерін жариялауға құқылы. Омбудсмен мекемесі адам құқықтары жөніндегі жыл сайынғы есебін жариялады. Бір жыл ішінде омбудсмен канцеляриясы БАҚ үшін брифингтер өткізіп, қарастырылған шағымдар бойынша есеп жариялады.

Елдегі адам құқықтары жөніндегі бақылаушылар, омбудсмен мекемесі мен Адам құқықтары жөніндегі комиссия адам құқықтарын бұзуды тоқтатуға немесе кінәлі адамдарды жазалауға қабілетсіз екенін көрсетті. Комиссия мен омбудсмен статистика мен жекелеген істерді жариялау арқылы адам құқықтарын жетілдірді және дауы аз әлеуметтік мәселелерді, бюрократияның төменгі деңгейлі элементтеріне қатысты мәселелерді шешумен айналысты, алайда олар адам құқықтарының бұзылуына әкеліп соқтырған негізгі құрылымдық мәселелерді шешуден қашқақтады.

6-бөлім. Дискриминация, әлеуметтік қатыгездік және адам саудасы  
Әйелдер

Зорлау және тұрмыстық зорлық-зомбылық: 2019 жылдың желтоқсанында Президент Қ. Тоқаев заңнамаға түзетулер енгізді, ол бойынша жыныстық зорлық-зомбылық пен зорлау үшін жазаны сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыруға, ал кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты

жасалған жағдайда өмір бойына бас бостандығынан айыруға шешім қабылданды. Полицияның және соттың зорлық-зомбылық туралы, әсіресе зайыбын зорлау туралы хабарламаларға бей-жай қарағандығы жөнінде мәлімдемелер болған.

27 тамызда Алматы сотында зорлау ісі бойынша сот процесі өтті, онда бұрынғы прокурор мен жергілікті банктің бұрынғы менеджеріне 2019 жылғы қарашада адам зорлады деген айып тағылды. Жәбірленуші полицияға алғаш рет шағымданған кезде, олар шағымды тіркеуден бас тартты. Адвокаттың табандылығының арқасында шағым кейінірек ресми түрде тіркелді. Полицияның қарсылығы, кідірістер, өтініш берушінің ісін тоқтату әрекеттері және басқа да кедергілер тергеуді кешіктірді. Жәбірленуші шағымды қайтарып алуға мәжбүрлеген зорлаушылардың туыстарының қысымымен және қорқытуымен бетпе-бет келді. Жәбірленушінің адвокаты бұл іске қоғамның назарын аударуға және Президент пен парламенттегілерге үндеу жариялауға тырысты. Тергеуді аяқтап, сотқа беру тоғыз айға созылды. Іс жыл соңына дейін жалғасты.

Құқық қорғаушылардың айтуынша, жыл сайын зорлау туралы 2000-ға жуық шағым тіркеледі, бірақ олардың 1 пайыздан азы сотқа жетеді.

Заңнама тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әр түрін анықтайды, мысалы, физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық, сонымен қатар жергілікті және ұлттық үкіметтердің және ҮЕҰ отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсетудегі жауапкершілігін белгілейді. Заң сондай-ақ соттың тыйым салу механизмін бекітеді және зорлық-зомбылық жасағандарды тәулік бойы әкімшілік қамауға алынуын қамтамасыз етеді. Заңда тұрмыстық зорлық, әйелді ұрып-соғу, басқа да зорлық-зомбылық әрекеттерге ең ауыр жаз ретінде 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Заң сондай-ақ қылмыс жасаған адамның тұратын басқа жері болған жағдайда, құқық бұзушының жәбірленушімен бірге тұруына тыйым салуға мүмкіндік береді, отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына тұрғылықты жеріне қарамастан тиісті күтім алуға мүмкіндік береді, егер айыппұл төлеу құрбандарға, сондай-ақ кінәлілерге қиындық тудырса, қаржылай айыппұлдарды әкімшілік қамауға алмастырады.

ҮЕҰ-дың есебі бойынша, күніне орта есеппен 12 әйел тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды, жылына ерлі-зайыптылардың зорлық-зомбылығы нәтижесінде 400-ден астам әйел көз жұмады. Ұлттық экономика министрлігі өткізген зерттеуге сәйкес қоғамдық стигмаға байланысты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер бұл жайлы ешкімге айтпаған. Полиция қызметкерлері отбасылық дауларға тек зайыбының өміріне қауіп төнген кезде араласты. Полиция көп жағдайда екі жақты татуласуға шақырады. Сондай-ақ, ҮЕҰ айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін тағайындалған жаза жұмсақ, атап айтқанда, әкімшілік құқық бұзушылық орын алғаны үшін 15 тәулікке бас бостандығынан айыру тіпті сотталған қылмыскерлерге де еш үрей туғызбайды.

2019 жылдың тамыз айында Алматы қалалық соты Бауыржан Ашығалиевті оның әйелі, танымал әнші Ксения Ашығалиеваға шабуыл жасады деген

айыппен екі айға бас бостандығынан айырып, сотқа дейінгі қамауға алды. Ашығалиеваның айтуынша, күйеуі оны жеті жыл бойы үнемі ұрып-соғып келген, бірақ бұған дейін полицияға арызданса да, күйеуінің мінез-құлқы өзгерген емес, оны жазалаған да емес. 2019 жылдың шілдесінде ол Ашығалиеваны көшеден ұрлап алып, ғимараттың жертөлесіне байлап, аяусыз ұрып тастады. Ашығалиева полиция, сондай-ақ «Немолчи» (Үнсіз қалма) қозғалысынан көмек сұрап, басындағы жағдайды жария етуге және үйдегі зорлық-зомбылық туралы мәлімдемелерге қарсы стигматизацияны азайту үшін өз жарақаттарының фотосуреттерін интернетте бөлісуді сұрады. 13 наурызда Алматы соты Ашығалиевті ақтады. Оның әйелі соттың бұл шешіміне шағым түсірді, бірақ маусым айында Алматы қалалық соты оның апелляциясын қабылдамай, бірінші сатыдағы соттың шешімін өз күшінде қалдырды.

Үкімет әр облыста тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерге көмек беру орталықтарын ашқан. ҮЕҰ Дағдарыс орталықтары одағының мәліметі бойынша, ел бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болған әйелдер мен балаларға сенімді қызмет көрсететін 31 дағдарыс орталығы бар, оның 10 үкімет тарапынан қаржыландырылады.

Құқық қорғаушылар COVID-19 пандемиясы кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өршуін атап өтті, оны бірнеше себептермен түсіндірді. Елде қатаң карантин енгізілген кезде, отбасылар үйлеріне қамалып, эмоцияларды шығаруға мүмкіндік болмағандықтан кейбірі эмоционалды мәселелерді бастан кешіре бастады. Белсенділердің айтуынша, көптеген адамдар өз ашуларын тізгіндей алмады. COVID-19 індетінен қорқу эмоционалды жағымсыз атмосфераны күшейтті. Ал алкоголь ішу көбінесе ауырлататын фактор болды. Шабуылдаушылар көбінесе жәбірленушілерден телефондарын тартып алып, сыртқы әлеммен байланысқа шығармады. Карантиннің салдарынан зардап шеккендер шабуылдаушылардан қашып, туыстарын не басқа жерді паналау үшін үйлерінен кете алмады.

Белсенділер үкіметті барлық осал топтағы адамдарды – әйелдерді, ерлерді, балаларды, қарттар мен мүгедектерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғай алмағаны үшін сынға алды. COVID-19 карантиніне байланысты кейбір дағдарыс орталықтары жабылды, медициналық көмек шектеулі болды, ал құқық қорғау органдары мен соттар негізінен карантинге байланысты тапсырмаларға баса мән берді. Жәбірленушілердің зорлық-зомбылық туралы хабарлауға батылы жеткен кезде, белсенділер полицияның құлықсыз әрекет еткенін, кейде шабуылдаушыларға шектеу бұйрықтарын шығармағанын, жәбірленушіні шағым беруден айнытуға тырысқанын, агрессорларды жазасыз қалдырғанын хабарлады.

Өзге де зиянды дәстүрлі амалдар: Заң тыйым салғанымен, кейбір шалғай жерлерде некеге мәжбүрлеп отырғызу үшін әйелдерді және қыздарды ұрлау тәжірибесі жалғасын табуда. Заң бойынша адам ұрлағаны үшін сегіз жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Ұрланған адамды ерікті түрде босатқан ұрлаушы қылмыстық жауапкершіліктен босатылады; бұл заңға сәйкес, қалыңдықты ұрлаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Құқық қорғау органдары көбіне

жәбірленушілерге мәселені өз бетімен шешуге кеңес береді. Азаматтық қоғам ұйымдарының пікірінше, полицияға шағым беру бюрократиялық процеске айналып, жәбірленуші мен оның отбасы қорлық көруі мүмкін.

2019 жылдың желтоқсан айында Түркістандағы автобус аялдамасында 20 жастағы қыз ұрланған болатын. Үш ер адам оны ұстап алып, күшпен көлікке отырғызды. Ұрлаушылар оны басқа қалаға, яғни Кентауға алып кетіп, бейтаныс біреуге үйленуге мәжбүрледі. Қыз екі күн бойы өз еркінен тыс сол жақта болды. Ал әлгі адамға күйеуге шығудан бас тартқан кезде, физикалық шабуылға тап болып, зорланды. Қыз қашып шығып, үйіне оралды, сөйтіп полицияға арыз жазды. Арыз түскеннен кейін қыз бен оның ата-анасы жергілікті халық пен әлгі ұрлаушының отбасысы тарапынан қысымға тап болды. Осы көрген қысым мен қорлықтың нәтижесінде қыз бен оның анасы өзін-өзі өлтіруге әрекет жасады. Тергеу қаңтарда аяқталды және екі адам сотталып, 7 және 8 жылға бас бостандығынан айырылды.

Жыныстық қолсұғушылық: Жыныстық қолсұғушылық әлі де шешімін таппаған мәселе болып табылады. Әйелдерді жыныстық қолсұғушылықтан қорғайтын заң жоқ, тек жәбірленушінің физикалық дәрменсіздігінен күш қолдану немесе оны жыныстық зорлық-зомбылық пайдалану жағдайында қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Заң жәбірленушіні қорғағаны жайлы, кез келген қылмыстық іс туралы хабарламалар болған жоқ. Масқара болудан және жұмыстан айрылудан қорыққан жәбірленуші әйелдердің ешқайсысы полицияға шағымданбайды.

Халықты бақылауда мәжбүрлеу: билік органдары тарапынан мәжбүрлі түсік тастау, мәжбүрлі зарарсыздандыру туралы есеп болмады.

Дискриминация: Конституция мен заң ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Заң жыныстық белгі бойынша кемсітуге тыйым салады. Ерлер мен әйелдер арасындағы айтарлықтай жалақы айырмашылығы елеулі мәселе болып қала берді. Бақылаушылардың пікірінше, ауылдық жерлердегі әйелдер қалалық аудандардағы әйелдерге қарағанда кемсітушілікке көбірек ұшырайды және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, білім алу мен жұмысқа орналасудың шектеулі мүмкіндіктеріне, ақпаратқа қолжетімділіктің төмен деңгейіне, сондай-ақ жер және басқа да мүліктік құқықтарына қатысты дискриминацияға жиі ұшырайды.

#### Балалар

Тууды тіркеу: Азаматтық дүниеге келген елдің аумағына және ата-анасының азаматтығына байланысты туындайды. Үкімет барлық туылған нәрестелерді ата-аналарынан, басқа да мүдделі адамдардан не медициналық мекемеден құжаттарды алғаннан кейін тіркейді. Құжатсыз аналарға балаларының туу туралы куәліктері берілмейді.

Білім алу: Конституцияға сәйкес орта мектепте білім алу міндетті болып табылады. Үкімет мемлекеттік мектептерде жалпыға бірдей тегін орта білім беруді қамтамасыз етеді. Кейбір балалар мектепке бармады. Білім беру органдары мектептердің 55 пайызы арнайы жабдықтармен жабдықталғанын, ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беретін



қызметкерлермен жасақталғанын хабарлады. Тәуелсіз бақылаушылар мұндай мектептердің саны іс жүзінде аздеп мәлімдеді. Мектепке дейінгі мекемелерге баратын мүгедек балалардың саны бойынша статистика жоқ. 7 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалардың жиырма пайызы қарапайым мектептерге барған. Олардың көпшілігі арнайы түзету сабақтарына қатысты немесе үйде оқиды. Кейбір ата-аналар мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке жіберуден бас тартты және оларға білім алудың қажеті жоқ деп санады. Енді бір ата-аналар балаларын қайда жіберу керектігін білмеді. Кейбір мигрант отбасылардың балалары, әсіресе заңсыз мигранттар мен азаматтығы жоқ адамдар білім ала алмады, өйткені олар мектепке бара алмады.

Балалар зорлық-зомбылығы: Құқық қорғаушылар балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіруді, Балалар омбудсменінің өкілеттіктерін неғұрлым нақты анықтауды және дене жазаларына заңнамалық тыйым салуды қосуды талап етті.

Балаларға зорлық-зомбылық көрсету-күрделі мәселе. ЮНИСЕФ сауалнамаларына сәйкес, ересектердің 75 пайызы ата-аналардың балаларға қатысты дене жазасын қолдануын қолдайды. Сауалнамаға сәйкес, оқу орындарындағы балалардың 40 пайызы және орта мектептерге баратын балалардың 18 пайызы ересектер тарапынан физикалық зорлық-зомбылық көргенін айтты. Балалар отбасыларда, мектептерде (әсіресе құқық бұзушы балаларға арналған арнайы мектептерде) және интернаттарда зорлық-зомбылыққа, ар-намыстарын қорлайтын іс-әрекеттерге тап болды.

Полиция жыл сайын 1000-ға жуық адам ата-ана құқығынан айырылатынын хабарлады. Жылдың алғашқы бес айында 300-ден астам ата-ана ата-ана құқығынан айырылды, ал 2000-нан астам ата-ана ата-ана міндеттерін орындамағаны үшін әкімшілік айыппұлмен жазаланды.

Ерте және мәжбүрлі неке: Некеге тұрудың ең төменгі жас шамасы 18, ал жүктілік немесе өзара келісім жағдайында, сонымен қатар ата-аналары мен заңды қамқоршыларының келісімі болған жағдайда 16-ға дейін төмендетілуі мүмкін. БҰҰ-ның Ел халқы саласындағы қорының пікірінше, жыл сайын 3000-ға жуық ерте және мәжбүрлі некелер орын алады. Көптеген ерлі-зайыптылар алдымен мешіттерде некелерін қиып, содан кейін қалыңдық кәмелет жасқа келгенде ресми түрде тіркеледі. Үкімет бұл мәселені шешу үшін ешқандай шара қолданған жоқ.

Балаларды жыныстық қатынаста пайдалану: Заңда келісімді жыныстық қатынастың ең төменгі жас мөлшері көрсетілмеген, бірақ 18 жасқа толмаған ұлдарды және қыздарды жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлейтін адамдар үшін сегіз жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. ЮНИСЕФ балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық, балалар жезөкшелігі, балалар порнографиясы, балалар саудасы, қалыңдықты ұрлау және қыздардың мәжбүрлі некелері туралы мәліметтер әлі де аз екенін және бұл құқық бұзушылықтардың ауқымын бағалауды қиындататынын мәлімдеді.

Заң балалар порнографиясын өндіру мен таратуды қылмыс қатарына кіргізіп, кәмелетке толмағандарға порнографиялық материалдарды сатуға

қатысты әкімшілік айыппұлдар тағайындайды. Республикада балалар порнографиясына қатысты әкімшілік айыппұлдар сақталған. Кәмелет жасқа толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталғандарға балалар мекемелерінде жұмыс жасауға өмір бойы тыйым салынады.

Жыныстық зорлық-зомбылық пен зорлау маңызды мәселе болып қала береді. Полиция қолындағы статистикасы жылдың алғашқы сегіз айында балаларды зорлау санының 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49 пайызға өскенін көрсетті.

24 шілде күні Қарағанды маңындағы Сәтбаев қаласында ата-анасымен бірге туыстарына барған 5 жасар қыз жоғалып кетті. Полиция мен еріктілер айналаны шолып, қызды 58 жастағы ер адамның пәтерінде диванның астына байланған жерінен тапты. Ол ауруханаға жеткізіліп, ал ер адамды полиция қамауға алды. Ашулы топ жиналып педофилді өздері жазаламақшы болды. Бір ақпараттар бойынша, адамдар полицияға сенбегендіктен жиналды, өйткені олар зорлаушы жазасыз қалады деп есептеді. (Ескерту: құқық қорғаушылардың айтуынша, балаларға қарсы қылмыс жасаған адамдардың 39 пайызы сотталған.) Жиналғандар пәтерге басып кіруге тырысып, полициядан ер адамды беруді талап етті. Полицияның, жергілікті шенеуніктер мен жергілікті имамдардың халықты тыныштандыруға шақыруы ешқандай нәтиже бермеді. Жиналғандар ғимараттың және жергілікті полиция бөлімшесінің терезелері мен есіктерін сындырып, полиция көліктерін сындырып, өртеп жіберді. Билік арнайы жасақты шақырған соң ғана жиналған халық тарқайды. Келесі күні Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев күдіктіге баланы ұрлап, зорлады деген айып тағылғанын хабарлады. Билік күдіктінің 6 қазанда тергеу изоляторында өлі күйінде табылғанын хабарлады.

Босқын балалар: Адам құқықтарын бақылаушылар байқағандай, ірі қалаларда қараусыз қалған балалар саны өте жоғары болды. Босқын балалар құқық бұзушы балалар орталықтарына немесе қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығына жіберілді. Кейбіреулері отбасыларына қайтарылды. Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2019 жылғы есебіне сәйкес елде құқық бұзушы балаларға арналған 15 бейімдеу орталығы (БО) және қиын жағдайда тап болған балаларға арналған 17 қолдау орталығы (ҚО) жұмыс істеді. 4000-нан астам бала БО-да, ал 2000-нан астам бала ҚО-да ұсталды.

Арнайы мекемедегі балалар: Үкіметтік дереккөздерге сәйкес, мемлекеттік мекемелерде, мысалы, балалар үйлерінде, интернаттарда, сондай-ақ делинквентті балаларды қамау орындарында балаларға қатысты орын алған зорлық-зомбылық оқиғалары «сирек емес». ҮЕҰ айтуынша, жетімдер үйіндегі немесе жабық мекемелердегі балалардың жартысы мұғалімдер немесе басқа балалар тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырады. Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің деректері бойынша, жетімдер үйінде тұратын жетім балалар саны 2017 жылы 6223-тен 2018 жылы 4606-ға дейін азайды. Үкімет жетімдер үйін жабу, балаларды патронаттық отбасыларға жіберу сияқты отбасылық күтімнің басқа да түрлерін жүзеге асыруды жалғастырды. Белсенділер

бұл саясатты балаларды деинституционализациялаудың нақты жоспар мен жетік дайындалған қызметкерлердің болмауына, инфрақұрылым мен құралдардың тиімсіз болуына орай сынға алды. Олар билік отбасылармен жұмыс істеудің, балаларды балалар мекемелеріне орналастырудың алдын алудың орнына жетімдер үйлерін жабуға мән берген деп мәлімдеді. Сондай-ақ, олар баланы отбасынан тартып алып, мекемеге орналастыру туралы маңызды шешімдер әлеуметтік қызметкерлердің емес, полицияның хабарламаларына негізделгенін айтты.

2-29 сәуір аралығында «Аягөз» мамандандырылған әлеуметтік қызметтер бойынша балалар орталығында, яғни психикалық ауытқулары бар балаларға арналған мекемеде төрт бала қайтыс болды. Мекеме басшылығы мен жергілікті билік балалардың өлімін жасыруға тырысты, бірақ 14 мамырда ақпарат БАҚ-қа тарап, көпшілікке аян болды. Үкімет бұл өлімді тергеу үшін арнайы топ құрды. Топ тергеу барысында көптеген бұзушылықтарды анықтады. Баяндамада бұл өлім медициналық қызметкерлердің балалардың денсаулығына селсоқ қарауына және уақтылы ауруханаға жатқызылмауына байланысты болды делінген. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин істі мұқият тергеуді тапсырды, сондай-ақ аталмыш мекемеге қатысты заң бұзушылықтарды атап өтті. Полиция қылмыстық іс қозғады.

Балаларды халықаралық ұрлау: Мемлекет 1980 жылғы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық аспектілері туралы конвенциясын қабылдаған. <https://travel.state.gov/content/travel/en/International-Parental-Child-Abduction/for-providers/legal-reports-and-data/reported-cases.html>. құжатқа сілтеме бойынша, АҚШ Мемлекеттік департаментінің балаларды ұрлау жөніндегі жылдық есебін қараңыз.

#### Антисемитизм

Еврей қауымдастығының жетекшілерінің есептеуінше, мемлекетте шамамен 10 000 еврей тұрады. Олардың айтуынша, үкімет немесе қоғам тарапынан антисемитизм оқиғалары тіркелмеген.

#### Адам саудасы

АҚШ Мемлекеттік департаментінің *Адам саудасы туралы* есебін <https://www.state.gov/trafficking-in-persons-report/> құжатқа сілтеме бойынша қараңыз.

#### Мүмкіндігі шектеулі адамдар

Заң физикалық, сенсорлық, интеллектуалдық және ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жұмыспен қамту, білім беру, қолжетімді медициналық көмекпен және басқа да мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етуде кемсітушілік жасауға (дискриминациялауға) тыйым салады, алайда айтарлықтай кемсітулер әлі де бар. Адам құқықтарын қорғаушылар мемлекет заңнамасындағы жетіспеушіліктерге алаңдады. Заң кемсітушілік не екеніне нақты анықтама бермейді, бұл мүгедектердің құқықтарын, әсіресе жанама кемсітушілік жағдайларында қорғауды мүмкін емес етеді. Үкімет мүмкіндіктері шектеулі адамдарға кедергі келтіретін кейбір тосқауылдарды жою, соның ішінде ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдады.

ҮЕҰ мәлімдеуінше, мүмкіндіктері шектеулі адамдар туралы заңның іске асуы жетіспеді. Олар сондай-ақ жәй ғана декларация күйінде қалған мемлекеттік бағдарламалардың тиімсіздігін атап өтті. Оларды жүзеге асыру сыбайлас жемқорлық пен кәсібиліктің болмауына байланысты мүмкін емес болды.

Жұмыспен қамту әлі де шешімін таппаған мәселе болды. *Akron.kz.* хабарлауынша, мүмкіндігі шектеулі еңбекке қабілетті жастағы адамдардың төрттен бір бөлігі жұмыс істейді. Белсенділер жұмыс берушілердің мүгедектерді жұмысқа алуға аса зауқы жоғын атап өтті.

Заң компаниялардан жұмыс орындарының 3 пайызын мүмкіндіктері шектеулі адамдарға бөлуді талап етеді және Президенттің 2050 жылға дейінгі Стратегиясының бір бөлігі ретінде үкімет экономикалық мүмкіндіктерді күшейту үшін жоғарғы деңгейдегі шаралар қабылдады. Соған қарамастан мүгедектері шектеулі адамдар қоғамға кірігу және жұмысқа тұруда көп қиындықтарға тап болды деген мәлімдемелер болды.

Даун синдромы бар кейбір балалар жеке қаржыландырылатын мамандандырылған білім беру орталықтарына баруға мүмкіндік алды, бірақ бұл орталықтардың қабылдау мүмкіндігі шектеулі болды, нәтижесінде күту уақыты 1,5 жылға дейін баратындай тура келді.

Адам құқықтарын бақылаушылар мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты кемсітушіліктің бірнеше түрлерін атап өтті: дәрігерлер арбаға танулы әйелдерді бала тумауға шақырды; сондай-ақ қамау орындарындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдарды емдеу жағдайы әлі де елеулі мәселе болып қала берді.

COVID-19 кезіндегі карантин мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатты әсер етті. Көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар қашықтан жұмыс істеу мүмкін емес секторларында жұмысынан айрылды. Сонымен қатар, қоғамдық көлік жүрмегендіктен карантин кезінде көптеген адамдар жұмысқа бара алмады, ал такси қызметтері жұмыс істемеді. Осындай қиындықтарға мүмкіндігі шектеулі оқушылар мен студенттер де тап болды. Үйлерінде компьютерлері болмаса, онлайн сабақтарға қатыса алмады. Карантиндік оқшаулау кезіндегі тағы бір мәселе медициналық мекемелердің жабылуы болды, сондықтан мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, ересектерге де, балаларға да медициналық көмек қол жетімді болмады.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін оқшаулау кезінде ақпаратқа онлайн қолжетімділіктің болмауы аса маңызды мәселе болды. Байланыс орталықтарымен телефон арқылы байланысу мүмкін болмады, өйткені қызмет көрсету кеңселерінің көбі жабық болды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың көпшілігі төмен табысқа ие болған соң интернетке кіру үшін ақы төлей алмайды. Сонымен қатар, көптеген ауылдық жерлерде интернет жоқ. Тағы бір мәселе, веб-сайттар мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыларға, мысалы, зағиптарға арналмаған. Құқық қорғаушылардың хабарлауынша, мүмкіндігі шектеулі адамдар көбінесе үкіметтің көмегінсіз (азық-түлік себеттері, ақша) қалып жатты, өйткені немқұрайлы шенеуніктер оларды көмек алушылар тізіміне енгізуге ұмытып кеткен.

Үкімет мүмкіндігі шектеулі адамдардың дауыс беру құқығын заңды түрде шектемеді және сайлау учаскелеріне бара алмайтындар үшін үйде дауыс беруді ұйымдастырды. 2018 жылы сайлау заңына ерекше қажеттіліктері бар адамдардың сайлау учаскелеріне кедергісіз кіруін көздейтін түзетулер енгізілді. Сайлауды бақылау жөніндегі «Еркіндік қанаты» қоғамдық ұйымы ОСК-мен осы талаптарды іске асыру бойынша жағымды ынтымақтастық туралы хабарлады. ҮЕҰ жыл ішінде алдыңғы сайлаумен салыстырғанда сайлау учаскелері көбірек қолжетімді болғанын атап өтті.

Психиатриялық стационарлардағы науқастардың құқықтарына қатысты ешқандай ережелер жоқ. Адам құқықтарын бақылаушылардың пікірінше, бұл көп тараған пациенттердің құқықтарын бұзуға әкеліп соқты. ҮЕҰ пациенттердің жағдайының нашарлығы және оңаша қалу мүмкіндігі мүлдем болмауы жайлы хабарлады. Психикалық ақыл-есімінде бұзушылық бар азаматтар олардың келісімінсіз немесе соттың қарауынсыз мемлекеттік мекемелерге жіберілуі мүмкін, ал 18 жасқа толмаған жасөспірімдер өз отбасыларының рұқсатымен жіберілді.

ҰАМ есебіне сәйкес, ауруханалардың көпшілігі кең ауқымды жөндеуді қажет етті. Сонымен қатар қызметкерлердің жетіспеушілігі, санитариялық-гигиеналық жағдайлардың нашарлығы, азық-түлік өнімдерінің тапшылығы, халықтың көптігі, жарық пен ауаның жетіспеушілігі сияқты мәселелер байқалды.

ҰАМ мүшелері науқастардың жағдайы мен мүмкін болған азаптау белгілерді тексеру үшін психиатриялық ауруханаларға бара алады.

Ұлттық / Нәсілдік / Этникалық азшылықтар өкілдері

Елдегі тілдерге қатысты ресми саясат үштілділік деп аталады. Қазақ тілі ресми мемлекеттік тілі, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға сәтті сіңу тілі болып саналады. Заң Президенттікке үміткерлерден қазақ тілінде еркін сөйлеуді талап етеді. Заң тілге байланысты кемсітушілікке жол бермейді, бірақ мемлекеттік қызметке тұру үшін қазақ тілі бойынша емтихан тапсыруды талап етеді.

Конституция мен заң нәсіліне немесе этникалық тегіне байланысты кемсітушілікке тыйым салады. Алайда этникалық азшылықтар әртүрлі салаларда қиындықтарға тап болады. Мамыр айында Үкімет Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құрамында ұлтаралық қатынастарды дамыту комитетін құрды. Жаңа комитет ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жауап береді, ал Министрлік жанындағы Этносаяси зерттеулер институты талдау мен зерттеулер жүргізеді және мемлекеттік саясат мәселелері бойынша сараптамалық кәсіби ұсыныстар жасайды.

Ұлттық үкіметтің жоғары деңгейлерінде Министрлер кабинетінің 23 мүшесінің үшеуі қазақ емес. Этникалық азшылықтар басқа мемлекеттік органдарда да аз кездеседі. Адам құқықтары жөніндегі бақылаушылар этникалық азшылықтардың елдің әлеуметтік және саяси тетіктеріне кірмегенін және олардың рөлі қысқарып жатқанын атап өтті. Олар сондай-ақ, Үкімет азшылықтарға қоғамдық өмірге тең қатысуды, Мемлекеттік қызметке тең

қолжетімділікті, бизнес үшін тең мүмкіндіктерді және ең бастысы заң алдында тең қарауды қамтамасыз етуі керек, бірақ оны орындамағанын атап өтті. Сондай-ақ, бақылаушылар халықтың едәуір бөлігін елдің әлеуметтік-саяси өрісінен шығару (маргинализация) әлеуметтік шиеленіске әкелуі мүмкін екенін атап өтті.

8 ақпанда Қордай ауданының Масаншы, Сортөбе, Бұлар батыр және Ауқатты ауылдарында тәртіпсіздіктер орын алды. Оған тәртіпсіздіктерге дейін бір күн бұрын орын алған екі оқиға себеп болды: жол-көлік оқиғасы кезінде дүнген тектес еркектердің қарт адамды ұрып-соққаны және жергілікті дүнгендер мен этникалық қазақ полицейлері арасындағы төбелес. Оқиғалар туралы ақпарат қоғамдастықта және әлеуметтік желілерде таратылды, нәтижесінде үйлерді тонау мен қиратуға әкеліп соққан тәртіпсіздіктер басталды. Мындаған дүнгендер көрші Қырғыз Республикасына қашты.

Билік Қордай ауданында төтенше жағдай жариялады, полиция арнайы күштерін жұмылдырып, төрт ауылдың айналасында полиция бекеттерін орнатты. Билік 120-дан астам қылмыстық іс қозғады, олардың 11-і кісі өлтірді деген айыппен болды. Прокурорлар 11 адам қаза тауып, ондаған тәртіпсіздікке қатысушылар қамауға алынғанын хабарлады. 192 адам зардап шекті, оның ішінде 19 полиция қызметкерлері болды, 168 үй мен 122 автокөлік зақымданды. Ауыл әкімі, оның орынбасары, бірқатар басқа да жоғары лауазымды шенеуніктер мен полиция қызметкерлері жұмыстан босатылды. 1 наурызда Президент Қ. Тоқаев өңірге барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Ол аталмыш тәртіпсіздіктер заңсыз экономикалық қызметті бақылау үшін күрескен екі ұйымдасқан қылмыстық топ арасындағы қақтығыстың нәтижесі екенін айтты.

24 сәуірде Қордай жергілікті соты ақпан айындағы тәртіпсіздіктердің екі қатысушысына үкім шығарды. Ерман Юнху 2,5 жылға бас бостандығынан айрылып, алты айға түзету жұмыстарына жіберілді. Оның ұлы Марат Юнху 2,5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Бақылаушылар билікті зорлық-зомбылық бірінші кезекте дүнгендерге қарсы бағытталғанын мойындамағаны үшін сынға алды, өйткені қираған мүліктің көп бөлігі соларға тиесілі болды, сондай-ақ қаза болғандар ішінде бір этникалық қазақ, қалған оны этникалық дүнген еді. 14 мамырда Қазақстанның дүнген қауымдастығы БҰҰ-ға және басқа да Халықаралық ұйымдарды билік тарапынан болған қудалауды тоқтатуға, дүнген құқықтарының бұзылуын тоқтатуға және зорлық-зомбылық пен қиянат жасағаны үшін кінәлілерді жауапқа тартуға шақырды. Қауымдастық сонымен бірге 8 ақпандағы оқиғаға тәуелсіз тергеу жүргізуге, тәртіпсіздіктер кезінде келтірілген залалды өтеуге және БАҚ пен әлеуметтік желілерде дүнгендерге қарсы, оларды қорлайтын және жек көруге шақыратын сөздер таратқандарды жазалауға шақырды.

Мамыр айында прокуратура 29 қылмыстық істі тергеп жатқанын айтты, оның ішінде 59 күдікті кісі өлтіру, тәртіпсіздік, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өміріне қастандық жасау, ұрлық және тонау сияқты айыппен қамауға алынғанын мәлімдеді.

Тамыз айында БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті Қордай оқиғасы туралы ақпаратты қарап, үкіметтен 30 қазанға дейін жауап беруді сұрады; «осы оқиғаларға тиімді, бейтарап және ашық тергеу жүргізуді»; дүнген азшылығына қорғанысты қамтамасыз етуді; медициналық және психологиялық қолдауды қоса алғанда, келтірілген залалды өтеуді қамтамасыз етуді; және Қордай ауданына тәуелсіз бақылаушылардың кіруіне кепілдік беруді талап етті. Жыл соңына дейін үкіметтен ешқандай жария жауап болған жоқ.

Жыныстық бағдар мен гендерлік сәйкестік негізіндегі зорлық-зомбылық, қылмыстық іске айналдыру және басқа да құқық бұзушылықтар

Конституцияға сәйкес кез келген адамның шыққан тегіне; кәсіптік, әлеуметтік немесе мүліктік жағдайына; жынысына; нәсіліне; азаматтығы; тіл; дін немесе наным; тұрғылықты жері; немесе кез келген басқа жағдайлар бойынша ешқандай кемсітушілік көрсетуге (дискриминациялауға) жол берілмейді. Елде бір жыныстағылардың келіскен жыныстық қатынастары үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылмайды.

Жыныс ауыстыру туралы құжаттар бар болса да, заң трансгендер адамға жынысына сай келетін жеке куәлік бермес бұрын психиатриялық және физикалық талаптарды (мысалы, жынысын ауыстыру операциясын жасау) орындауды талап етеді. Көптеген адамдар жылдар бойы сәйкес келмейтін құжаттармен өмір сүргенін, жұмыс ,тұрғын үй және денсаулық сақтау қамтуымен байланысты қиындықтары жайлы баяндады. Белсенділер шілде айында қабылданған елдің денсаулық сақтау туралы жаңа заңына алаңдаушылық білдірді. Заң жынысын өзгерту құқығы берілетін жас деп 21 жасты белгілейді (ескерту: БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі 18 жаста беруге кеңес береді). Сондай-ақ, заң бойынша, жынысты өзгертуге мінез-құлық ауытқулары болған жағдайда рұқсат етілмейді, бұл аталмыш қадамға тиым салынған адамдардың санаттарын кеңейтті.

ЛГБТИ-ға қарсы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін қозғалған сот істер саны аз болған. ЛГБТИ-ға қарсы зорлық-зомбылық туралы мәлімделген, бірақ жыныстық бағдар мен гендерлік сәйкестік негізінде болған кемсітушілік пен зорлық-зомбылық туралы мемлекеттік статистика болмады . ЛГБТИ қауымдастығындағы ҮЕҰ-ның 2017 жылғы сауалнамасына сәйкес, респонденттердің 48 пайызы жыныстық бағдарына қатысты зорлық-зомбылық пен жек көрушілікке ұшырады, ал 56 пайызы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамды білетінін айтты. Кең таралған қинау түрлеріне тіл тигізу, зорлық-зомбылық, жеке өмірге араласу және ұрып-соғу кірді.

ҮЕҰ ЛГБТИ қауымдастығының мүшелері құқық қорғау органдарына зорлық-зомбылық жөнінде сирек шағымданғанын хабарлады, себебі олар дұшпандық көзқарастан, күлкіге қалудан және зорлық-зомбылықтан қорықты. Олар өздерін зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық комиссар сияқты тетіктерді пайдалануға құлықсыз болды, өйткені олааталмыш тетіктер жеке тұлға мәліметтерін, әсіресе, жұмыс орнына байланысты ақпаратты сақтап қорғайтындарына сенбеген.

2019 жылдың қыркүйегінде Нұр-Сұлтан полициясы сол жылдың шілде айында 21 жасар гейді зорлағаны, ұрып-соққаны және бопсалағаны үшін сот отырысына дейін екі ер адамның қамауда отырғанын хабарлады. Медициналық сараптама ер адам пәтерде зәбір көрген соң ауыр жарақат алғанын көрсетті. 2019 жылдың желтоқсанында сот әр зорлаушыны алты жылға бас бостандығынан айырды.

Белсенділер БАҚ-на ЛГБТИ-ді ұрып-соғу, бопсалау және қысым көрсету сирек жағдай емесін, бұл әдетте жарияланбайтынын айтты. Құқық қорғаушылар COVID-19 пандемиясы ЛГБТИ қауымдастықтарына теріс әсер еткенін хабарлады. Үйден шыға алмаған соң олар наразы болған отбасы мүшелері тарапынан күйзеліс пен қатыгездікке тап болған. Трансгендерлер полиция патрульдерінің қауіпсіздік тексерістері кезінде тиісті құжаттарының болмауына байланысты зәбір көрді. Жұмыс берушілер бірінші кезекте трансгендерлерді жұмыстан босатты, өйткені олар көбінесе ресми келісімшарттарсыз жұмыс істеді және мұқтаждарды қолдау мақсатымен Үкімет ұсынған бағдарламаларға қатысуға құқығы жоқ болды. Трансгендер адамдар оқшаулау кезінде көптеген адамдар сияқты қажетті медициналық көмек алуда қиындықтарға тап болды, өйткені медициналық мекемелердің жұмысы шектеулі немесе жабық болды. Олар көбіне қажетті дәрі-дәрмектерді ала алмады, өйткені жақын жердегі шағын дәріханаларда дәрі-дәрмек жоқ немесе бағасы қол жетімсіз болды.

2019 жылдың шілдесінде Алматы облысының Жауғашты мекенінде жазасын өтеп жатқан трансгендер әйел Виктория Беркходжаева билікке ҰҚК қызметкері оны үш рет зорлағанын хабарлады. Беркходжаева болған оқиға туралы Бас прокуратура мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне хабарлады. Алматы облысының полициясы тергеуді бастады. 2019 жылдың қазан айында бұқаралық ақпарат құралдары сот медициналық сараптама нәтижелері негізінде ҰҚК офицері күдікті Сани Әбдіқашты қамауға алғанын хабарлады. 18 ақпанда Алматы облысының аудандық сотында сот отырысы басталды. Қазан айында Алматы қаласының Іле аудандық соты Әбдіқашты зорлағаны үшін кінәлі деп танып, оны бес жарым жылға бас бостандығынан айырды.

АИТВ (адам иммун тапшылығының вирусы) және ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы) әлеуметтік стигмалары

Заң АИТВ және ЖИТС-мен ауыратын адамдарға қатысты кемсітушілікке тыйым салады, алайда қалыптасқан ұғым өзгермеді және ақпарат, қызметтер, ем және күтімнің қолжетімділігіне әсерін тигізген әлеуметтік кемсітушілікке әкелді. ЖИТС Ұлттық Орталығы барлық азаматтарға тегін диагноз қоюды және емдеуді қамтамасыз етеді.

7-бөлім. Еңбек құқықтары

а. Бірлестік еркіндігі және ұжымдық мәміле жасау құқығы

Заң жұмысшыларға кәсіподақ құру құқығын береді, бірақ жұмысшылардың бірлесу құқығын шектейді. Заң жұмысшылардың бірлесу еркіндігін шектейді, яғни еңбек бірлестіктерінен жоғары деңгейдегі бірлестіктермен байланыс орнатуын талап етіп, тәуелсіз кәсіподақтардың



құрылуына елеулі кедергілер жасайды. 4 мамырда Үкімет Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттарына, атап айтқанда, Бірлестіктер бостандығы туралы конвенцияға сай болу үшін еңбек заңнамасына, оның ішінде кәсіподақтар туралы заңға түзетулер енгізді. Түзетулер төменгі деңгейдегі кәсіподақтардың салалық, аумақтық және ұлттық секілді жоғары деңгейдегі кәсіподақтарға қосылуы туралы талапты алып тастады. Түзетулер мүшелікке қойылатын талаптарды азайтып, тіркеу талаптарын да жеңілдетті.

Үкімет ұйымдасқан еңбекке елеулі ықпал етті және тәуелсіз кәсіподақтарға қарағанда мемлекетке тәуелді кәсіподақтарға қолдау көрсетті. Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы (ҚРКФ) мемлекет демеушілік еткен кеңес дәуіріндегі еңбек ұйымдарының мұрагері мен құрамына кәсіподақ мүшелерінің шамамен 90 пайызы кіретін ең ірі ұлттық кәсіподақ қауымдастығы болып табылады. 2018 жылы Халықаралық кәсіподақтар бірлестігі еркіндіктің болмауына орай ҚРКФ мүшелігін тоқтатты.

2019 жылдың шілдесінде Шымкент соты мұнай химиясы қызметкерлері тәуелсіз кәсіподағының жетекшісі Ерлан Балтабайды кәсіподақ жарналарын ысырап еткені үшін жеті жылға бас бостандығынан айырды. Құқық қорғаушылар Балтабайдың ісі мен Лариса Харьковскаяның 2017 жылғы тергеуі мен сотталуы арасындағы ұқсастықтарды атап өтіп, Балтабайды да тәуелсіз кәсіподақ қызметінің белсендісі болғаны үшін жазаланды деп мәлімдеді. Балтабай Президенттен кешірім сұрап, кінәсін мойындап, келтірілген залалды өтеуге уәде берді және Президент Тоқаев оны 2019 жылдың тамызында кешірді.

2019 жылдың қыркүйегінде Балтабай Адам құқықтары жөніндегі бюронның сайтында ашық хат жариялап, онда аталмыш іс бойынша өзінің кінәсіз екенін қайталап, кешірімді тек ҰҚК-нің талабы бойынша сұрағанын мәлімдеді. Балтабай келтірілген залалды өтемеді және билік оны 2019 жылдың қазан айында түрмеге қайта жапты. 20 наурызда ол босатылды, бірақ келесі жеті жыл ішінде оған кез келген қоғамдық қызметке, соның ішінде кәсіподаққа мүше болуға тыйым салынды.

Заң жұмысшылардың ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын қамтамасыз етеді. Заң қызметкерлерді кәсіподаққа қарсы кемсітушіліктен қорғайды, ал сот кәсіподақ қызметі үшін жұмыстан шығарылған қызметкерді қайта жұмысқа алуын міндеттей алады. Осы ережелерді бұзғаны үшін айыппұл салынып, 75 күнге дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылды, бірақ бұл заңбұзушылықтың алдын-алуға көмектескен жоқ. Жазалар басқа заңдарда қарастырылған азаматтық құқықтардан бас тартуға байланысты жазалармен сәйкес келді. ҚРКФ мәліметтері бойынша, қаңтар айындағы жағдай бойынша ірі және орта кәсіпорындардың 98 пайызында ұжымдық шарттар болған. Жалпы, барлық жұмыс істейтін кәсіпорындардың 41,2 пайызында ұжымдық шарттар болды.

1 наурыздағы жағдай бойынша елдің үш ұлттық деңгейдегі кәсіподақтары – екі миллион мүшесі бар ҚР КФ, 300 000 мүшесі бар «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар қауымдастығы және 800 000 мүшесі бар Қазақстан Еңбек конфедерациясының (ҚЕК) – үш миллионнан астам мүшесі немесе жұмыс

күшінің 40 пайызы болды. Бұл үш кәсіподақ 24 салалық кәсіподақтан, 17 аймақтық кәсіподақтан және 18000-нан астам жергілікті кәсіподақтан тұрады. 57 000-нан астам мүшесі бар тағы бір «Ынтымақ» кәсіподағы 2018 жылы шағын және орта бизнестің мүдделерін білдіру үшін құрылды. Заң негізінен ереуілге шығу құқығын қарастырады, бірақ ереуілдердің орын алу ықтималдығын азайтатын күрделі шектеулер қояды. Мысалы, ереуілге шығу құқығы тек дау-дамай бітім комиссиясына қарауға жіберілген соң ғана беріледі. Кәсіподақ мүшелерінің айтуынша, Заңға сәйкес ереуілді бастау үшін қырық күннен астам уақыт кетуі мүмкін. Сондай-ақ, ереуілдер заңсыз болып табылатын бірқатар жағдайлар бар. Жалпы заңды шектеулер кейбір мамандықтардың қызметкерлеріне ереуілге шығуға тыйым салады. Әскери қызметкерлер мен қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметкерлер, шұғыл медициналық көмек бригадалары, өрт және құтқару қызметкерлері, сондай-ақ «қауіпті» өндіріс орындарында жұмыс істейтін адамдарға ереуілге шығуға тыйым салынған. Заңға сәйкес, мұндай ереуілдер заңсыз болып табылады.

Темір жол, көлік және коммуникациялар, азаматтық авиация, денсаулық сақтау және коммуналдық шаруашылық салаларында жұмыс істейтін қызметкерлер минималды қызмет көрсетілген жағдайда ғана ереуілге шыға алады, алайда олар басқа адамдарға зиянын тигізбеуге тиіс. Көптеген заңдық шектеулер басқа салалардағы қызметкерлердің ереуілге шығу құқықтарын шектейді. Әдетте еңбек дауын міндетті арбитраждық барысы арқылы шешу мүмкін болмаса, қызметкерлер ереуілге шығады. Ереуілге қатысты шешімдер кәсіпорын қызметкерлерінің кем дегенде жартысы қатысқан жиналыста қабылдануы тиіс. Ереуілге шығу жөніндегі жазбаша хабарлама жұмыс берушіге кем дегенде бес күн бұрын жіберілуге тиіс.

Ресми өкілдері ұйғарылған заңсыз бірлесу әрекеттеріне қарсы зорлық-зомбылық жасады деп күдіктенуде. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысына қатысы бар деген күдікпен қамауға алынғаннан кейін, ақпан айында расталмаған себептерден Еңбек және азаматтық құқық белсендісі Дулат Ағаділ қайтыс болған. Полиция оны соққыға жыққан деп айыпталды.

Сот ереуілді заңсыз деп жариялағаннан кейін жұмыс берушілер ереуілге шыққан жұмысшыларды жұмыстан шығара алады. 2014 жылғы заң сондай-ақ үкіметке ереуілдері заңсыз деп танылған еңбек ұйымдастырушыларын қудалауға мүмкіндік береді, яғни сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысқаны үшін жұмысшыларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға және үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға болады. Сол жылы заңға енгізілген түзетулер бойынша ереуілге үгіттегені үшін берілетін жаза жеңілдетілді. Егер ереуілге шақыру басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерінің айтарлықтай бұзылуына әкелмесе, онда олар кішігірім қылмыс ретінде саналады, ал жаза айыппұлмен немесе қоғамдық жұмыстармен шектеледі.

Заң жұмысшылардың жұмыс берушілерге шағымдану құқығын шектейді. Мысалы, белгілі бір бапқа сәйкес, жұмыс берушілер жұмысқа қатысты кез келген іс-әрекетті жұмысшы өкілдерімен келісуге тиіс. Егер бірнеше ресми өкілдер болса, ұсынылған актіні талқылау үшін бірыңғай орган құруға бес күн беріледі. Егер топ келісімге келе алмаса, жұмыс беруші актіні жұмысшылардың

келісімінсіз қабылдай алады. Түзетулер бойынша, еңбек шарты бойынша өтемақы төлемін төлеген жағдайда жұмыс берушіге қызметкерді жұмыстан шығаруға мүмкіндік беретін алдыңғы ереже жойылды. Тағы бір бапта жұмыс беруші жұмысшыны жұмыстан шығара алатын 25 себеп көрсетілген. Басқа бір ереже жұмыс берушіні Еңбекті қорғау жөніндегі кеңестің қаулысына 15 күн ішінде жауап беруге міндеттейді.

Кәсіподақтар мен олардың жұмыс берушілері арасындағы келіспеушіліктер үкімет өкілдерінен, кәсіподақтардан және жұмыс берушілер қауымдастығынан тұратын үш жақты комиссияға ұсынылуы мүмкін. Үшжақты комиссияларға мемлекетке қатысы бар және мемлекетке тәуелсіз кәсіподақтар қатысады. Үшжақты комиссия еңбек қатынастарының көптеген мәселелерін реттейтін жылдық келісімдерді әзірлеуге және қол қоюға жауапты. 28 мамырда ҚРКФ, Аманат және ҚЕК 2021-23 жылдарға арналған бас келісімді әзірлеу үшін жұмыс тобын құрды. Олар Үкімет пен жұмыс берушілерге ең төменгі жалақыны көтеруді, күнкөріс минимумын өзгертуді, тұтыну тауарларының ең төменгі себетін орнатуды және басқа да әлеуметтік мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуді ұсынды.

Шетелдік жұмысшылар кәсіподақтарға қосылу құқығына ие, бірақ заң шетелдік кәсіподақтардың жұмыс істеуіне және кәсіподақтарды шетелдік азаматтардың, үкіметтердің және халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына тыйым салады. Заңсыз мигранттар мен елде тұратын өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар заңнан босатылған жоқ. 8,8 миллион экономикалық белсенді азаматтардың шамамен екі миллионы наурыз айында өзін-өзі жұмыспен қамтыды.

Міндетті немесе мәжбүрлі еңбекке тыйым салу

Сот үкімі, төтенше немесе соғыс жағдайларын есептемегенде, заң міндетті немесе мәжбүрлі еңбектің барлық түрлеріне тыйым салады. Осы орайдағы жазалау адам ұрлау сияқты басқа да ауыр қылмыстар үшін берілетін жазалауға сәйкес келді.

Қылмыстық кодексте адам саудасымен айналысатындарға, еңбек етуге күштейтін және адам саудасына көмектесетіндерге, мәжбүрлі еңбекке тарту үшін алаяқтық және жалған мәліметтер беріп жұмысқа алатын адамдарға, паспорттар мен жол жүру құжаттарын тәркілеумен айналысатын жұмыс берушілерге не еңбек агенттеріне жаза қарастырылған. Еңбек немесе жыныстық пайдалану үшін адам саудасымен айналысатындар қылмыстың алдын алуға жеткілікті жазамен жазаланады. Еңбек немесе жыныстық пайдалану мақсатында адам ұрлағаны және бас бостандығынан заңсыз айырғаны үшін қылмыстың алдын алуға жеткілікті жаза бекітілген.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзу фактілерін анықтауға, соның ішінде шетелдік жұмыс күшін пайдалануды тексеруге жауапты. Ішкі істер министрлігі мәжбүрлі еңбек және жыныстық қанаушылықтан зардап шеккен адамдарды анықтауға және қылмыстық іс қозғауға жауапты. Үкімет ел ішіндегі жыныстық қанау құрбандарын анықтауда заңдарды тиімді қолданғанмен, шетелдік және ел ішіндегі жұмыс күші саудасы құрбандарын анықтауда заңдарды тиімді қолдана

алмады. Шетелдік құрбандарды анықтау статистикасы төмен болып қалды; 2019 жылы үш шетелдік құрбан анықталды – екеуі еркінен тыс қайыр сұраумен айналысты, ал біреуі еңбек қанауының құрбаны болды. Полиция мәжбүрлі еңбек құрбандарын іздеу үшін ведомствоаралық операцияларды жүргізді. Алайда, мәжбүрлі еңбек құрбандарын табу көрсеткіші төмендеді, 2018 жылмен салыстырғанда екі есе төмендеді. 2019 жылы анықталған 40 жәбірленушінің 35-і жыныстық қанаудың, үшеуі – еңбек қанауының және екеуі-мәжбүрлі қайыршылықтың құрбаны болды. 2019 жылы полиция адам саудасы туралы 102 қылмыстық істі тергеді, ал сот адам саудасымен айналысқан сегіз адамды жыныстық қанаушылық үшін айыптады.

Еңбек мигранттарының көбі міндетті немесе мәжбүрлі еңбек қаупіне ұшырады. ПМ-нің 2019 жылғы дерегіне сәйкес, елде шамамен 1,6 млн мигрант болған. Олардың көпшілігі Өзбекстаннан және кейбір бөлігі Тәжікстан мен Қырғызстаннан келді. Еңбек мигранттары ең алдымен ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында жұмысқа орналасты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек мигранттарымен байланысты мәселелерді шешуге жауап береді. 2017 жылы үкімет *2017-2021 жылдарға арналған жаңа көші-қон саясатының* тұжырымдамасын және оны іске асыру жоспарын қабылдады. Бұл өзгерістер Орталық Азияның басқа елдерінен біліктілігі төмен еңбек мигранттарының келуінің артуы және білім деңгейінің төмендігі салдарынан экономиканың кейбір секторларында жоғары білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі сияқты ішкі және сыртқы заманауи мәселелерді қарастырды.

Сонымен қатар АҚШ Мемлекеттік департаментінің *Адам саудасы туралы есебін* <https://www.state.gov/trafficking-in-persons-report/> сайтынан қараңыз.

с. Балалар еңбегіне тыйым салу және жұмысқа алудың ең төменгі жас мөлшері

Жалпы жұмысқа алудың ең төменгі жас мөлшері 16 жасты құрайды. Алайда ата-аналарының рұқсатымен, 14-16 жас аралығындағы балалар денсаулығы мен білім алуына кедергі келтірмейтін жеңіл жұмыстарды орындай алады. Заң кәмелетке толмағандарға қауіпті жұмыстар жасауға тыйым салады және 18 жасқа толмаған қызметкерлер үшін жұмыс күнінің ұзақтығын шектейді.

Заң балаларға қатысты барлық нашар еңбек түрлеріне тыйым салады; дегенмен, балаларды балалар еңбегінің ең нашар түрлерінен қорғауда құқықтық тұрғыдан олқылықтар болды. Бала еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу заң бойынша қылмыстық жазаны қарастырады. Қауіпті жұмысқа тартылғандардың жасы заңмен белгіленген ең төменгі жасқа сай келмеген жағдайда, кәмелетке толмағандарды порнографиялық шоуларға тарту немесе кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдар жасау, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу, кәмелетке толмағанды қанау мақсатында ұрлау немесе заңсыз бас бостандығынан айыру, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды сату адам ұрлау сияқты ауыр қылмыстарға тағайындалатын жазалармен сәйкес келетін жазалар қолданады. Ішкі істер министрлігі қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеуге және қылмыстық

полиция қызметкерлеріне балалар еңбегінің ең ауыр түрлерін тергеуді оқытуға жауапты.

Заңды бұзғаны үшін тағайындалатын қылмыстық емес жазаларға жазбаша түрде ескерту, белгілі бір қызмет түрлері үшін алынған лицензияларды қайтару, тоқтата тұру немесе мүлдем тоқтату, әкімшілік айыппұлдар немесе айыппұлдар салу, сондай-ақ әкімшілік қамауға (кәмелет жасқа толмағандарды тек сот үкімімен 15 тәулікке дейін қамау) алу жатады. Әкімшілік кодекс бойынша, кәмелетке толмаған баланы еңбек келісімінсіз жұмысқа орналастырған жағдайда жұмыс берушінің лицензиясы тоқтатылып, айыппұл салынады. Жалақы уақытылы немесе дұрыс төленбеген жағдайда, демалыс бермеген жағдайда, жұмыс уақытын заңсыз ұзартқан жағдайда және жұмыс орнында дискриминация орын алған жағдайда айыппұл тағайындалады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Балалар еңбегі туралы заңнаманың сақталуына және айыппұлдармен жазаланатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды бақылауға жауапты.

Үкімет балалар еңбегі туралы заңдар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз етудің институционалдық тетіктерін жасады, бірақ Үкімет бұл заңның орындалуын әрдайым тиімді түрде қамтамасыз ете бермейді. Шағым беру механизмі анонимді адамдарға еңбек заңнамасының бұзылуы туралы хабарлауға мүмкіндік бермейді және 2019 жылы үкіметтің жедел желісіне балалар еңбегі жайлы бірде-бір хабарлама келген емес.

Балаларға жұмыс істеуге рұқсат етілген ең төменгі жасқа жетпеген балалардың ауыл шаруашылығында, соның ішінде көкөністер өндірісі, арамшөптер мен құрттарды жинау; құрылыста; базарлар мен көшелерде, соның ішінде заттарды тасымалдау және сату; үй жұмысында; жанармай құю бекеттерінде, көлік жуу және автобус жолсеріктері ретінде; немесе мейрамханаларда даяшылар болып жұмыс істегені тіркелді. Жоғарыда аталған салаларда мәжбүрлі еңбектің құрбаны болған балалар туралы хабарламалар, сондай-ақ балаларды еңбекке пайдалану мақсатында құлдық, қарыз немесе адам саудасы арқылы жұмысқа мәжбүрлегені немесе итермелегені туралы дәлелдер түскен жоқ. Қазан айында бұқаралық ақпарат құралдары елде мақта жинайтын комбайндардың келгенін хабарлады және әдетте көрші Өзбекстаннан жеткізілетін жұмыс қолдарының жетіспейтіндігін мәлімдеді. Осыған байланысты фермерлер балалар мен жасөспірімдерді мақта алқаптарында жұмыс істеуге жалдауға мәжбүр болды. Оңтүстік Түркістанның Мақтаарал және Жетісай аудандарының алқаптарында оқушылардың жұмыс істегені анықталды. Жергілікті фермерлерге әдетте Өзбекстаннан келген мигранттар көмектеседі, бірақ екі елде COVID-19 індетінің таралуын тоқтату үшін сапарға шығуға шектеу қойылды, нәтижесінде жұмыс күші азайды. Еңбектің бұл түрі жергілікті заңнама бойынша қауіпті деп танылды және балалар еңбегінің ең нашар санатына жатқызылды. Мұндай жағдайлардың көпшілігі отбасылық фермаларда немесе отбасылық бизнесте орын алады.

Балаларды қауіпті іс-әрекетте пайдаланудың 10 жағдайы тіркелді, оның ішінде кәмелетке толмағандарды жыныстық пайдалану мақсатында сатудың бір жағдайы, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеудің

бес жағдайы, кәмелетке толмағандарды порнографиялық қызметке тартудың екі жағдайы және 18 жасқа толмаған балаларға рұқсат етілмеген жұмыстарға тартуға байланысты еңбек заңнамасын бұзудың екі жағдайы тіркелді. Соңғы жағдайда екі ұл (13 және 15 жас) даяшы болып жұмыс істеген дәмханада түнде ұйықтап жатқанда көміртегі тотығымен уланып қайтыс болды.

*Балалар еңбегінің ең ауыр түрлері* туралы Еңбек бөлімінің есебін [www.dol.gov/agencies/ilab/resources/reports/child-labor/findings](http://www.dol.gov/agencies/ilab/resources/reports/child-labor/findings) сайтынан және Еңбек бөлімінің *Балалар еңбегі немесе мәжбүрлі еңбек арқылы өндірілген тауарлардың тізімі* [www.dol.gov/agencies/ilab/reports/child-labor/list-of-goods](http://www.dol.gov/agencies/ilab/reports/child-labor/list-of-goods) сайтынан қараңыз.

Жұмыспен қамту және кәсіпке қатысты дискриминация

Заң бойынша трансгендерлерге құқық қорғау органдарында жұмыс істеуге немесе армияда қызмет етуге тыйым салынады. Заңдар мен нормативтік актілер жынысы, жасы, мүгедектігі, нәсілі, ұлты, тілі, тұрғылықты жері, діні, саяси көзқарасы, руы немесе сатысы, қоғамдық бірлестіктері не мүлігі, әлеуметтік не ресми лауазымы бойынша жұмысқа және кәсібіне қатысты кемсітуге тыйым салады. Заң мүгедектікке, жыныстық бағдарға, гендерлік сәйкестікке, АҚТҚ-позитивті мәртебесіне немесе басқа да жұқпалы ауруларға негізделген дискриминацияларға арнайы тыйым салмайды. Заң тізімде көрсетілген нақты жағдайлар мен сырқаттары бар адамдарға құқық қорғау органдарында жұмыс істеуге немесе армияда қызмет етуге тыйым салады. Үкімет заңдар мен нормативтік актілерді тиімді қолданады. Дискриминация – айыппұл салынатын әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады. Кейбір жағдайларда жүктілікке, мүгедектікке немесе азшылыққа байланысты еңбек келісімшарттарын заңсыз тоқтату қылмыстық құқық бұзушылық болып саналады және заңмен жазаланады, мысалы, бұған сайлауға араласу сияқты азаматтық құқықтардың бұзылуы жатады.

Алайда мүгедектер, трансгендерлер, жетім балалар және бұрынғы сотталғандарды жұмыспен қамту және жұмысқа тұрғызу барысында дискриминация орын тапты. Трансгендерлер жұмыс орындарында дискриминацияға ұшырап, болмысы үшін жұмыстарынан қуылды. ҮЕҰ мәліметі бойынша, үкімет қанша жағдай жасаса да, мүгедектерге жұмысқа орналасу қиынға соқты. Заң әйелдерге және ерлерге тең еңбек үшін бірдей еңбекақыны талап етпейді. ҮЕҰ айтуынша, бірде бір үкіметтік емес орган дискриминацияға қарсы заңнаманы жүзеге асыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алмағанын және гендерлік кемсітушіліктің заңнамадағы анықтамасы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтінін мәлімдеді.

Заң әйелдерге ауыр жүктерді көтеруді немесе жылжытуды талап ететін зиянды жағдайларда жұмыс істеуге тыйым салады. 6 тамызда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова әйелдерге тыйым салынған зиянды және қауіпті кәсіптердің тізімін алып тастап, ерлер мен әйелдердің тең еңбек құқықтарын көздейтін заңға өзгерістер енгізуді ұсынды. Ол еңбек жағдайлары қауіпсіз саналмаған жағдайда, атом энергетикасында, мұнай-газ, металлургия және тау-кен өнеркәсібінде немесе мұнай-химия өнеркәсібінде өтініш беруші әйелді жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы ережені алып тастауды сұрады.

Жауап ретінде және БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитетінің ұсыныстарына сәйкес үкімет барлық жұмыс орындарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпті өндірістердің тізімін жоюға міндеттенді.

2019 жылдың маусым айында Chevron компаниясына қарасты Тенгиз мұнай кен орнында жергілікті және шетелдік жұмысшылар арасында төбелес болып, нәтижесінде 45 адам жарақат алды. Жанжалдың басты себебі – біліктіліктері бірдей жергілікті және шетелдік жұмысшылар арасындағы жалақы айырмашылығына шағымданған жергілікті жұмысшылардың наразылығы болды. Осы оқиғадан кейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі шетелдік жұмысшыларды жалдайтын компанияларды тексеруді бастады. Министрлік мынадай заң бұзушылықтар туралы хабарлады: 1) шетелдік жұмысшыларға жергілікті жұмысшыларға қарағанда 30-50 пайызға көп жалақы төленген; 2) жалақы жергілікті жұмысшыларға жергілікті валютада, ал шетелдіктерге АҚШ долларында төленген; 3) кейбір шетелдік жұмысшылар жұмысқа рұқсат қағазында көрсетілген лауазымнан басқа лауазымдарды атқарды. Бұл заң бұзушылықтар айыппұлдармен, жұмысқа рұқсаттың жойылуымен немесе компанияның шетелдік жұмыс күшін еліне қайтарумен жазаланады. Ақпан айында бұқаралық ақпарат құралдары Қытаймен шекаралас аймақтың басшысы жергілікті халықтың COVID-19 індетін жұқтыруға қауіпін жою үшін ондаған Қытай жұмысшыларын депортациялауды талап ететінін айтқан.

2019 жылдың желтоқсанында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Бас прокуратура шетелдіктерді жұмысқа жұмылдырған 95 компанияда 930 заң бұзушылықты анықтады. Тексеріс нәтижесінде анықталған ең көп кездесетін бұзушылықтарға шетелдік қызметкерлердің жұмысқа рұқсат қағазында көрсетілмеген жұмысты орындауы, сондай-ақ шетелдік қызметкерлердің білімі мен алатын лауазымы арасындағы сәйкессіздіктер жатады. Ақпан айында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов жергілікті және шетелдік қызметкерлерді теңдей өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз етпейтін компанияларды қолданбақшы әкімшілік шаралармен қорқытты. Министрлік жыл сайын 250-ден астам адам жұмыс істейтін кәсіпорындарды, оның ішінде 30-дан астам шетелдік жұмыскерді тексеруге ниетті. Мамыр айында Еңбек туралы Заңның 1-бабына еш кемсітусіз теңдей еңбекақы, теңдей еңбек жағдайы мен өмір сүру жағдайларын қарастыратын түзетулер енгізілді.

## **Адвокаттық қызметті зерттеу үшін ұсынылатын нормативтік актілер мен арнайы әдебиеттер.**

### **Нормативтік құқықтық актілер**

#### **Негізгілері:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Қазақстан, 1998ж. 96 б. (Қазақстан Республикасының 1998 ж. 7 қазанындағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» заңына сәйкес).
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. – Астана: Ақорда, 24 тамыз 2009 жыл. №858
3. 2001 ж. 30 қаңтар «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының кодексі.
4. 1999 ж. 13 шілде Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі.
5. 2009 ж. 10 желтоқсан №101-IV Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі.
6. 1997 ж. 5 желтоқсан «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
7. 2001 ж. 25 қыркүйек «Адвокаттық не нотариалдық қызметпен айналысу құқығынан үміткер тұлғаларды аттестациялауды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы.
8. 1999 ж. 26 тамыз «Адвокаттар көрсеткен заң көмегін төлеу ережелері, және қорғау мен өкілдікке байланысты шығындарды республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы (2001 ж. 24 желтоқсанындағы өзгертулер және толықтырулармен).
9. Пакт ООН «Основные положения о роли адвокатов» // Международный адвокат. 1992 г. №4.
10. Постановление Конституционного Совета Республики Казахстан от 2 июля 1999 г. №12/2 «О соответствии пункта 3 статьи 20 Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности» Конституции Республики Казахстан».
11. Адвокаттар алқасының Жарғысы.
12. Адвокаттардың кәсіби әдебінің Ережелері.
13. Положение о народном суде Киргизской Автономной Соц. Республике. Утверж. Декретом ЦИК 8.04.1921.
14. Сборник законодателя и нормативных актов, регулирующих деятельность адвокатов. – Алматы, 1981.
15. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30-тамызда республикалық референдумда қабылданған (1998ж. 7-қазандағы №284-1 ҚР Заңымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар).



16. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 16 желтоқсан 1991 жылғы Конституциялық Заңы//ҚР Жоғарғы Кеңесінің Хабаршысы 1991. №51

17. Государственная программа правовой реформы в РК (основные направления). Собрание актов президента РК и правительства РК №9. 1994.

18. ҚР ҚІЖК 13.12.1997ж. (06.11.2001 жылы№ 251-11 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.)

19. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13-шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексі (2000ж. 29-наурыздағы №42-ІІ; 2000ж. 5 шілдедегі №75-ІІ; 2001ж. 2-наурыздағы №162-ІІ; 2001ж. 11 шілдедегі №238-ІІ; 2001ж. 6-қарашадағы №276-ІІ; 2001ж. 24-желтоқсандағы №276-ІІ ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар).

20. Қазақстан Республикасының 16 шілде 1997 жылғы Қылмыстық кодексі//Ведомости Парламента РК 1997 №15-16

21. Қазақстан Республикасының 30 қаңтар 2001 жылғы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі.№155-11// Ведомости Парламента РК 2001.№5-6.

22. Қазақстан Республикасының 2001ж. 12-мауысымдағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі).

23. ҚР Президентінің лицензиялау туралы Заңы. 17 сәуір 1995 жыл.

24. Қазақстан Республикасының 05 желтоқсан 1997 жылғы «Адвокаттық қызмет туралы»Заңы,(11 шілде2001 ж № 235-11 ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

25. Общий кодекс правил для адвокатов. Европейского сообщество. “Адвокат” 1995. №10.

26. Сборник законодателя и нормативных актов регулирующих деятельность адвокатов. Алма-Ата. 1981ж.

27. “Адвокаттық қызметпен және нотариаттық қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібі туралы Ереже”ҚР Үкіметінің 27 ақпан 2002 № 33 бұйрығымен бекітілген.

28. Правила профессиональной этики адвокатов, принятое решением Алматинской городской коллегии адвокатов от 20 августа 2005года

29. Қазақстан Республикасының 1999ж. 13-шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы» Заңы (200ж. 5-мамырдағы №47-ІІ ҚР Заңымен енгізілген өзгірістер).

30. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлығы. 1995ж. 21-желтоқсанда қабылданған (1997ж. 2-шілдедегі №266-І, 1999ж. 7-сәуірдегі №374-І, 1999ж. 23-шілдедегі №454-І, 2000ж. 29-наурыздағы №24-ІІ, 2000ж. 5-мамырдағы №48-ІІ ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар).

### **Қосымша**

1. Указ Президента Республики Казахстан № 858 «Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 года до 2020 год» от 24.08.2009 года // Казахстанская правда. 04.09.2009.

2. 2005 ж. 25 желтоқсан «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебелері туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңы.

3. 2001 ж. 15 қаңтар «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

4. 2000ж. 5 шілде «Қылмыстық іс жүргізуге қатысу тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

5. 1999 ж. 30 наурыз «Қылмыс жасағандарына күдікті және айыпталатындарды қамап ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

6. 1995 ж. 17 сәуір «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

7. Общий кодекс правил для адвокатов Европейского сообщества // Адвокат. 1995 г. №Ю.

8. Постановление Пленума Верховного Суда Республики Казахстан №7 от 9 июля 1999 г. «О практике применения законодательства по возмещению вреда, причиненного незаконными действиями органов, ведущих уголовный процесс».

9. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты концепциясы (2002ж. 20 қыркүйек №949 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысымен мақұлданылған)

10. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам / Комментарий к УПК Казахской ССР. Алматы, 1995. с.327-425.

### **Ұсыналатын оқулықтар және арнайы ғылыми әдебиеттер:**

#### **А) Негізгі:**

1. Булгакбаев А. Советская адвокатура. – Алматы, 1982.

2. Стецовский Ю.И. Советская адвокатура: Учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1989.

3. Черкасова Н.В. Образование и развитие в России адвокатуры. М. 1986.

4. Черкасова Н.В. Формирование и развитие адвокатуры в России в 60-80 годы 19 века. М., 1987

5. Хаскин Ю. Российское адвокаты и советское государство. Происхождение и развитие советской адвокатуры (1917-1939). - М., 1993.

6. Адвокатура в странах СНГ. Материалы съезда адвокатов, состоявшегося в Минске 19 апреля 1994 г. // Адвокат. – 1995. - №8,9.

7. Гаврилов С.Н. Адвокат в уголовном процессе. – М., 1996.

8. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. Костанай. 1998 г.

9. Барщевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России: Научно-практическое пособие. – М., 2000.

10. Лубшев Ю.Ф. Адвокатура в России: Учебник. – М.: ООО «Профобразование», 2001. - 832 с.

11. Адвокатская деятельность: Учебно-практическое пособие / Под общ. ред. к.ю.н. В.Н. Буробина. – М.: Изд-во МНЭ-Пу, 2001. – 536 с.
12. Смирнова Е.М. Адвокатура: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2002 г. – 267 с.
13. Чашин А.Н. Адвокатура в России: Учебник. – М.: Дело и Сервис, 2008. – 432 с.
14. Рогов И.И. Адвокатура сегодня и завтра // Мысль, 1992 №11.
15. Халиков К. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары. Оқу құралы. - Алматы, “Санат”, 1995.- 176 бет.
16. Жалыбин С.М. Правовое положение адвоката в уголовном судопроизводстве. – Алматы, 1998.
17. Жалыбин С.М. Правовое положение адвоката в уголовном судопроизводстве. – Алматы, 1998;
18. Адвокатура туралы нормативтік құқықтық актілердің Жинағы. Алматы, 1999 жыл.
19. Тыныбеков С.Т. Организация и деятельность адвокатуры (вопросы и ответы). – Алматы: Данекер. 2000;
20. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие / Под. общ. ред. проф. С.С. Сартаева. – Алматы: Дәнекер, 2000.
21. Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И. Тактика адвокатской защиты по уголовным делам: Учебное пособие Алматы: Өркениет, 2000 – 228 с.
22. Қайыржанов Е.І., Жәмиев Р. Қылмыстық істер бойынша адвокаттың қорғау тәсілдері // Заң. – 2001. - №1.
23. Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Учебное пособие // Под ред. Сулейменовой Г.Ж. – Алматы: Алеем, 2002;
24. Балабиев Қ., Үтенов Ж. Қазақстан Республикасының адвокатураның Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2003.
25. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі: Оқу құралы. – Алматы: Дәнекер, 2003. – 168 б.
26. Тыныбеков С.Т. "Қазақстан Республикасының адвокатураның және адвокаттық қызметі". - Алматы: Данекер, 2004. 246 с.
27. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Учебник. – Алматы: Данекер. 2004;
28. Алауханов Е.О., Садыков А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегінің көрсетуі. Монография. – Алматы: ТОП, 2009;
29. Алауханов Е.О., Садыков А.Ж. Право подозреваемого (обвиняемого) и подсудимого на профессиональную юридическую защиту. Монография. – Алматы: ТОП. 2009;

## **Б) Диссертациялар**

1. Шагимуратов А.Я. Использование адвокатами средств защиты в стадии предварительного следствия: Автореф. дисс канд.юрид.наук. – Ташкент, 1989;
2. Жамиева Р.М. Тактика профессиональной защиты по уголовным делам: Дисс. ... канд.юрид.наук. – Алматы, 1999.
3. Жалыбин С.М. Теоретические и методологические проблемы обеспечения прав человека при уголовном преследовании. Дисс. на соиск. д.ю.н. – Алматы. 2003;
4. Тугел А.К. Участие адвоката-защитника в процессуальном доказывании по уголовным делам: Дисс. ... канд.юрид.наук: 12.00.09. – Алматы, 2008. – 25 с.;
5. Сериев Б.А. Еңбек заңдарының бұзылуына байланысты қылмыстық іс жүргізуге жәбірленушінің өкілі ретінде адвокаттың қатысуы: Заң ғыл.канд. ... дисс.: 12.00.09. – Алматы, 2008. – 24 б.;

## **В) Қосымша:**

1. Адвокатура в СССР. – М., 1979.
2. Адвокатура и современность. – М., 1987.
3. Рогов И.И. Адвокатура сегодня и завтра // Мысль. - 1992. - №11.
4. Бернам У., Решетникова И.В., Прошляков А.Д. Судебная адвокатура. – Екатеринбург, 1995.
5. Адвокат в уголовном процессе / Под ред. проф. П.А. Лупинской. –М.: Новый юрист, 1997.
6. Адвокатура в Российской Федерации. – М.: СГУ, 1998.
7. Адам Құқықтары туралы Жалпы Декларация (1948ж. 10 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А Қарары).
8. Адвокаттар ролі туралы негізгі ереже (Нью-Йоркте 1990 жылғы тамызда қылмысты ескерту жөніндегі БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған).
9. Еуропалық қоғамдастық адвокаттарына арналған тәртіптердің жалпы кодексі / “Адвокат. 1995 ж. №10.
10. 1993ж. 22 қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы 12 мемлекетінің басшылары қол қойған, 1994ж. 10 желтоқсанда күшіне енген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция, бұған 1997ж. 28 наурызда Конвенцияға қатысушы мемлекеттер қол қойған Хаттамамен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. - Ростов-на-Дону, 1996.
11. История государства и права Казахской ССР. Алма-Ата 1982.
12. Калмаков Н. Очерки и воспоминания // Русская старина 1886. №12.
13. Положение он народном суде Киргизской Автономной Соц. Республике. Утверж. Декретом ЦИК 8.04.1921.
14. Сборник законодателя и нормативных актов регулирующих деятельность адвокатов. Алма-Ата. 1981ж.
15. Сухарев.А.Я. Кадровые вопросы деятельности адвокатуры. Социалистическая законность-1987, №10

16. Учреждение судебных установлений, утверждение Указом Правительствующего сената от 20 ноября 1864 г. – Российское Законодательство. Суд. Реф. М., 1991.

17. Фукс С. Обычное право казахов в 18 первом половине 19 вв. – Алма-Ата. 1981.

### **Г) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары**

1. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы.

2. «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделдігін қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсанындағы №6 нормативтік қаулысы.

3. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңнаманы соттардың қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының 1996 жылғы 25 шілдедегі №7 нормативтік қаулысы.

4. «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы №15 нормативтік қаулысы.

5. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы.

6. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсанындағы №26 нормативтік қаулысы.

7. «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы №1 нормативтік қаулысы.

8. «Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтару туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсанындағы №19 нормативтік қаулысы.

9. «Сот үкімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 15 тамыздағы №19 нормативтік қаулысы.

10. «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заңнаманың нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсанындағы №11 нормативтік қаулысы.

11. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Пленумының 2000ж. 30-маусымдағы №9 «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңдарының кейбір нормаларын қолдануы туралы» қаулысы.

12. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының 2000ж. 30-қазандағы №15 «Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңдарының кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2000 жылғы 30 маусымдағы №9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысы.

13. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бюллетені. №3, 2002, -38 бет.
14. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бюллетені. №8, 2001. - 20 бет.